

ТИА және ҚОҒАМ

алманах



ТІЛ және ҚОҒАМ

алманах

№1 (55) 2022

Бас редактор

Ә. Қаба

Жауапты редактор

Қ. Есентаев

*ҚР Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2002 жылғы 27 мамырда
№2993 – ж куәлігі
берілген.*

Құрылтайшы:

*Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті*

Редакциялық алқаның төрағасы

Әділбек Қаба

*Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы*

Редакциялық алқа

Оразкүл Асанғазы

Мемлекет және қоғам қайраткері

Сайлау Батыршаұлы

*«Мемлекеттік тіл» республикалық қозғалысы
Нұр-Сұлтан қаласы филиалының төрағасы*

Мұрат Бактиярұлы

*Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенатының депутаты*

Дихан Қамзабекұлы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА
академигі*

Анар Салқынбай

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің профессоры, филология
ғылымдарының докторы*

АЛҒЫСӨЗ

ҰЛТ ҰЛЫЛАРЫН ҰЛЫҚТАЙДЫ

Әділбек ҚАБА,

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы*

Биыл көрнекті түркітанушы, қазақ тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, ұлт ұстазы, Ахмет Байтұрсынұлының туылғанына 150 жыл толып отыр. Мемлекет Басшысының Жарлығына сәйкес жалпыреспубликалық жоспар жасалды. Елордада ақпан айында мерейтойдың ашылу салтанаты өтті.

Ұлы тұлғаның мерейтойы ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 41-ші сессиясы барысында қабылданған шешімімен дүниежүзі бойынша атап өтіледі.

Тіл саясаты комитетінің «Тіл және қоғам» альманахы мен «Терминологиялық хабаршы» басылымдарында рухани көсем Ахмет Байтұрсынұлы туралы тіл білімі саласының белгілі ғалымдарының мақалалар топтамасы жарық көріп отыр.

Басылым беттерінен, әдеттегідей, тіл оқыту, үйретудің әлемдік озық ғылыми жетістіктері туралы жарияланымдармен де таныса аласыздар.

Ахаңның қилы заманда жазып қалдырған еңбектері, асыл сөздері әр қазақтың жүрегіне жол тауып, білім нәрімен сусындатып, мұраттарына бас-тар соны із болары сөзсіз. Альманахтың осы нөмірінен бастап «Ахметтану» айдары арқылы Ахаңның мұрасын жан-жақты танытуға, насихаттауға бағытталған мақалалар топтамасын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

РЕФОРМАТОР

Әділбек ҚАБА,

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Тіл саясаты комитетінің төрағасы

Халқына сіңірген зор еңбегі, өнегелі өмірі ғасырдан ғасырға жетіп, есімі жарқырап, еңбегі жаңғырып, ерекше құрметпен аталатын орасан тарихи тұлғалар болады. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқы, жалпы түркі жұрты, қала берді ғаламдық қауымдастық үшін осындай тұлға.

Биыл Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспар бекітілді. Астанамызда ақпан айында ұлт ұстазы мерейтойы жылының ашылу салтанаты өтті.

Ұлы тұлғаның 150 жылдық мерейтойы Қазақстанда ғана емес, ЮНЕСКО аясында жалпы әлемдік кеңістікте атап өтіледі.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихи **тұлғасы «тұңғыш», «алғашқы», «негізін салушы»** деген ұғымдармен сипатталады. Тұңғыш төл әліпби, алғашқы оқулықтар, ұлттық ғылымның негізін салушы және тағы да қаншама өміршең бастамалар ұлт ұстазының есімімен тікелей байланысты.

Төл тарихымызды, тіпті жалпы әлемдік тарихты барласақ, шын мәніндегі ірі әмбебап тұлғалар аса көп емес екен. Олар – өз халқының даму бағытын тың арнаға бұрып, өркениеттің жаңа сатысына көтерген реформатор тұлғалар.

Азаттықтың аңсарын, тәуелсіздіктің бағасын және қазіргі жаһандану дәуірінде ұлт болып сақталудың маңызын ұғынған сайын Ахмет Байтұрсынұлының бодандықтан бостандыққа ұмтылған жанкешті күресі, туған халқын білім мен мәдениеттің өріне шақырған асыл мұрасы жадымызда жаңғырып, аяулы есімін ерекше ілтипатпен құрмет тұтамыз.

Саяси көсемі Әлихан Бөкейхан, рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болған Алаш қозғалысы ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде сан ғасырлық тарихымыздың ең жарқын беттерін жазды. Ұлт-азаттық қозғалыстың ең басты тарихи мәні – халықтың санасына еркіндік идеяларын ұялатып, өзінің табиғи мәртебесі мен құқы үшін күрескенде ғана дербес халық ретінде өмір сүре алатындығын, сөйтіп өзгелермен терезесі тең ұлт болатынын сіңіруі мен сендіруінде еді. Ең маңыздысы, Алаш көсемдері азаттық күресі барысында жалпы ұлттық бірлікке жетудің қажеттілігін айрықша ұғынды. Ұлттық ынтымақ пен күрес дәуірінің ұранына айналған Міржақып Дулатұлының



«*Оян, қазақ!*», Ахмет Байтұрсынұлының «*Маса*», Ғұмар Қараштың «*Бала тұлпар*» жинақтарындағы және тағы да басқа шығармалардағы азаттық идеялары данышпан Абайдың гуманистік мұраттарымен сабақтасып ұлттық бетбұрыс жасады. Ақаңның өзі ашып, бас редакторлық еткен «*Қазақ*» газеті ұлтымызды оятып, халқымызды тұтастырып, азаттыққа деген аңсарын күшейтті. Бүкіл қазақ жеріне таралған шын мәніндегі ұлттық басылым халықтың өз құқығын білуіне, саяси-қоғамдық қатынастар мен өзгерістердің сырын ұғынуына, ұлттық намыс пен абыройдың артуына тарихи зор үлес қосты. Әлихан Бөкейхан: «*Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана*» деп айтқанындай, жалпы Алаш қозғалысының ең негізгі тарихи маңызы ел мен жерді біріктірумен тікелей байланысты.

Қазақ қоғамында ұлттық бірлік хандық дәуірдегі жыраулардан бастап, Алаш кезеңіне дейін әдебиетіміздің алтын арқауы болғаны белгілі. Данышпан Абайдың: «*Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос*» деген әйгілі қанатты сөзі ұлттық бірігудің квинтэссенциясы іспетті. Жалпы, халыққа оның аумағы, тілі, мәдениеті қалай бағалы болса, ұлттық ынтымағы да сондай қымбат.

Күні кеше ғана 30 жылдығын баршамыз атап өткен Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы сол Алаш арыстарының саяси күресінің мақсатына жеткенін көрсетсе, мәдени күрес әлі күнге дейін жалғасып келеді, толастамақ емес. Әсіресе, қазіргідей жаһандану дәуірінде мұндай мәдени күрестің маңызы тіпті айрықша. Тәуелсіздіктің өзін халықтың мәдени өресімен тікелей сабақтастырған Ахмет Байтұрсынұлы: «*Азаттық, асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі – оқу мен әдебиетте*», дейді. Бұл – әлі күнге дейін өзінің өзектілігін сақтаған аталы сөздер. Біз үшін Алаш көсемінің осы ойлары «заманауи білімді игеру», «дамыған технологияларды білу» деген ұғымдармен бірдей. Жан-жақты мәдениет иесі болатын халық та, адам да өзгелермен тең болмақ. Бірақ мәдениет өздігінен келе салмайды. Ақаңның айтуынша: «*Адам әділеттілікке мәдениеттің теңесуі арқылы ғана жете алады. Мәдениет теңдігі сатып та, сыйлыққа да алынбайды, әрекеттермен жиналады*». Жалпы, Алаш зиялылары бізді осыған үндейді. Бүгінгі қазақ баласы да адамзаттың ақылымен, еңбегімен жасалған мәдениет пен білімді терең игеруі керек. Сонда ғана біз жаһанданудың қарқынына төтеп беріп, ұлттық болмысымызды сақтаймыз.

Халқының азаттығына, білімі мен мәдениетіне бар ғұмырын арнаған Ахмет Байтұрсынұлы тек ұлттық шеңберде қалған емес. Оның мол мұрасын зерделеп оқып отырғанда Шығыс пен Батыстың, көне мен жаңаның айтулы

өкілдерінің есімдері мен шығармаларына мейлінше қанық болғанына көзіміз жетеді. Сондықтан да ол: «Қазіргі мәдениет белгілі бір ұлттың немесе нәсілдің туындысы емес, барлық адамзаттың еңбегімен, қабілетімен келген нәтиже», деп жалпыадамзаттық мәдени қазынаның ортақ екенін, одан қазақтың да суындауы қажеттігін атап өткен. Бұл сөз Алаш дәуірі үшін қаншалықты жаңа ой, тың идея болса, қазіргі біздер үшін де өнегелі өсиет.

Туған халқының саяси және мәдени теңдігі үшін күрескен Алаш қайраткерлері, ең алдымен, өз дәуірлерінің өзекті ділгір мәселелерін шешуге тырысты. Олар тарих пен тағдыр ұсынған күрмеуі қиын күрделі сауалдардың жауабын іздеп, күн тәртібіне дәуірлік ірі мәселелерді қойды. Оларды дәуірдің үдерісінен тауып, шешудің заманауи амалдарымен жауап қатты. Дәл осылайша келу Алаш зиялыларының жоғары санаткерлік деңгейін танытып, олардың консервативті емес, прогрессивті тұлғалар екенін айғақтайды.

Әлихан Бөкейханның, Ғұмар Қараштың, Мұхаметжан Тынышпайұлының, Халел Досмұхамедұлының, Міржақып Дулатұлының, Мұстафа Шоқайдың және тағы да басқа Алаш қайраткерлерінің еңбектерімен танысу барысында олардың сол кездегі тарихи, әрі мәдени үдерістерді қаншалықты терең танығанына таңғаласыз, әрі қазақтың баласы ретінде шын сүйсінесіз. Ақаңның: *«Тіршілік ғамалы – заманның заңын, тұрмыстың сарынын тану ғылымы, адамның іздеген, көздеген мақсаттарын білу, мақсаттарына жетуге жүретін жолдарымен танысу»* деген жолдарын оқи отырып, ойының тереңдігі мен өміршеңдігіне, жаңаша тұжырымдарына бас иесіз.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан төл танымы тұтастай тілде сақталатынын білеміз. Бұл күнде айтылып жүрген үйреншікті жай сөз емес. Оның терең философиялық және тарихи мәні бар. Халықтың мемлекеті, тіпті өзіне тиесілі аумағы да болмауы мүмкін, бірақ тілсіз халық болмайды.

Осы аксиоманың өзі әрбір халық үшін тілдің аса өміршең маңызын айғақтаса керек. Бұл ретте: ***«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі»***, дейді Ақаң.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлт қайраткері, ірі оқымысты ойшыл ретінде халық пен тілдің ажырамас тұтастығын барынша ұғынды. Сөйтіп ол ұстаздығымен, саяси күрескерлігімен, ғалымдығымен бірге тілдің тағдыры туралы да үнемі айтумен болды. Бүгінгі күндері қанатты сөздерге айналған ойлары халық пен тілдің тағдырын тұтастырған осындай терең толғаныстардан туғаны ақиқат. Оның ұғымында тіл – қатынас құралы ғана емес, ең бастысы ол – таным мен тәрбие құралы. Себебі тіл арқылы баланың ұлттық танымы қалыптасады, содан барып ол елшіл, отаншыл азамат болып өсіп, халқына қызмет етеді. Ақаң бұл мәселені



іс жүзінде өзі көрсетіп, нақты дәлелдеді. Ол – оқу құралдарын жазумен бірге оқытудың да ұлттық мазмұнын ұсынған тұңғыш әдіскер ғалым. «*Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап*» деген қанатты сөзі тәуелсіздіктің жаңа ұрпағын тәрбиелеп жатқан бізге де жоралы үлгі, өнегелі қағида.

Ақаңның замандастарынан бастап бүгінге дейін оны бәріміз «Тіл білімінің атасы» дейтініміз, түптеп келгенде оның тіл реформаторы болғандығында. Бір өзі тұтас ғылыми-зерттеу институтының жүгін арқалап, ұлттық әліпби түзіп, тіліміздің емле ережелерін жасауы, тіл білімінің фонетикадан бастап, стилистикаға дейін тарауларын зерттеуі, терминологиялық жүйе қалыптастыруы ұлттық тарихымызда ғана емес, әлемдік ғылымның тарихындағы феномендік құбылыс. Оған әдістеме, педагогика және әдебиеттану саласындағы еңбектерін қоссаңыз, оның ғылыми ойының соншалықты кеңдігін көресіз. Зерттеушілік мол мұрасымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы шәкірт тәрбиелеп, ғылыми орта қалыптастырып, ұлттық ғылыми дәстүр мен мектептің негізін қалаған кемеңгер ғалым.

Ғылыми-зерттеушілік дарыны, ғылыми әдіснамасы мен принциптері Ахмет Байтұрсынұлын сол кездің өзінде халықаралық кеңістікке танытты. Ғалымдық зор тұлғасы, әсіресе Бүкілодақтық бірінші түркологиялық съезде көрінді. Ресей, Германия, Мажарстан, Түркия, Иран және түркі халықтары ғалымдары қатысқан съезде әліпби және терминология бойынша баяндама жасаған Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми қағидаттары мен тұжырымдары жиналған ғалымдар тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Қазіргі кезеңде де түркі дүниесінің ғалымдары Ақаңның ғылыми еңбектерін аса жоғары бағалап, оның өзектілігі жөнінде жиі айтады. Өйткені ол – өз зерттеулерінде түркі тілдерінің ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерделеп, ғылыми-теориялық қорытынды жасаған ірі оқымысты. Ғалымның мол, сан салалы мұрасын насихаттау, шет тілдеріне аудару бүгінгі біздің қасиетті борышымыз деп білемін.

Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі ретінде Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік білігі мен қабілеті 1917-1920 жылдардағы төңкерістік кезеңде айрықша байқалды. Бұл кезең Алаш қайраткерлеріне үлкен тарихи міндет жүктеді. Бұл миссияның мәні – аласапыран заманда ұлттық автономия құру және территориямызды межелеу болатын. Осы тарихи мақсатты орындауда Ахмет Байтұрсынұлы ерекше қайраткерлік танытты.

Кеңес үкіметі басшыларымен бірнеше рет кездесіп, соның нәтижесінде Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Уәлитхан Танашев сияқты саяси серіктерімен бірге Қазақстан шекарасын нақты белгілеуді жүзеге асырды. Алаш қайраткерлерінің қажырлы еңбегі арқасында 1920 жылғы 26 тамызда

Қазақ Автономды Социалистік Кеңестік Республикасы құрылды. Бұл – Ресей Федерациясы ішіндегі автономия болғанымен, өзінің шекарасы, астанасы, басқарушы органы бар мемлекеттік құрылым еді. Яғни қазақ мемлекеттілігінің ресми заңды негізі қаланды. Автономияның негізінде 1936 жылы 5 желтоқсанда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы жарияланды. Одақтас мәртебесіндегі Қазақстан сияқты республикалар ғана тәуелсіздікке ие болғанын баршамыз жақсы білеміз. Осы саяси оқиғаларды сараласақ, онда біздің тәуелсіздігіміздің түпкі негізінде Ахмет Байтұрсынұлы сияқты Алаш қайраткерлерінің тарихи еңбегі зор болғанына көз жеткіземіз.

Сан салалы мол мұра қалдырған, халқының азаттығы үшін алысқан, тұтас ұлттың ұстазы болған тұлғаның осыншама жан-жақты дарыны мен күрескерлік қайратының алтын арқауы, қайнар көзі не деген сауалға жауап іздесек, оған Ахмет Байтұрсынұлының тұлғалық болмысының түп негізі – айрықша адамсүйгіштігінде, яғни зор гуманизмінде дер едік. Асылы, тарих қатпарларынан бізге игі істері мен асыл сөздері жеткен ұлы тұлғалардың барлығына ортақ негізгі қасиет адам баласына, халқына деген шуақты мейірім мен риясыз махаббат деп түйіндер болсақ, дәл осындай ірі гуманист тұлға Алаштың Ахметі болды.

Әр ұлттың тарихындағы осындай гуманистік жаңғыру кезеңін әлемдік тарихта «Ренессанс» деп атайтыны белгілі. Алаш дәуірінің гуманизмі қазақ қоғамына өркениеттік мазмұндағы жаңалықтар әкелді. Ұлттық білім мен ғылымның, баспасөздің, жаңа жазба әдебиеттің қалыптасуы, саяси партиялардың өмірге келуі және тағы да басқа тың бастамалар қазақ қоғамы үшін нағыз Ренессанс болды деуге толық негіз бар. Осындай ұлттық Ренессанстың мазмұнына бойлар болсақ, онда оның ең көрнекті көшбасшы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы екеніне толық көз жеткіземіз.

Ұлыларымызды ұлықтау, олардың халық пен тарих алдындағы еңбектерін бағалау – біздің елдігіміздің, азаматтығымыздың белгісі.

Есімдеріне тағзым ету, еңбектерін насихаттау арқылы елдігіміз күшеймек. Ең бастысы, еліміздің болашағы жастарымызға өнеге көрсетіп, отаншылдық сезімімізді асқақтатып, мәдениетімізді арттырып, өркениет биігіне көтерілеміз.



ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Жандос СМАҒҰЛ,

*Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді. Ақаң қалам тартқан саяси-әлеуметтік мәселелерді айтпағанда, филологиялық ғылым-білімдер жүйесіндегі кез келген соны ізденіс ғалым шығармашылығы мен ғылыми мұрасына соқпай өтпейді. Себебі А.Байтұрсынұлы – ұстаз, ақын, фольклортанушы, әдебиетші, тілші, ұлттық әдеби теориялық ой-пікірдің негізін қалаушы. Академик Р.Нұрғали айтқандай, кеңестік дәуірде: «А.Байтұрсынов қазақ әдебиеттануы ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат» болып келді.

Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің ғасырлар бойғы ғылыми бағыттағы ізденістерінің нәтижесі ретінде кемеңгер тұлға А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» дүниеге келді де, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туғандығын дәлелдеп берді. Ол әдебиеттану ғылымының туып-даму жолындағы келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз және басшы болуға тиіс еді. Амал не, екі-үш жылдан кейін А.Байтұрсынұлының қазақ зиялыларына төнген алғашқы саяси зұлматтың құрбандығына айналуынан бастап, ұзақ жылдар бойы еңбекті ғылыми айналымнан шығарып тастадық. Әйтсе де әдебиет теориясынан кейінде жазылған еңбектерге негіз болумен қатар, танымдық ізденістерде табан тірер басты қайнар көз болып қала берді.

Біз бүгінде «Әдебиет танытқыштың» түркі тілдес халықтар ішінде кездеспеген құбылыс екенін мақтана айтуға тиістіміз. «Әдебиет танытқыш» - жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген және әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың аса зор еңбегінің жемісі. Тұңғыш ғылыми зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек екені айтылуда.



А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» түркі тілдес халықтар ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы соны серпін, айрықша жаңалық болды. Алайда тақыр жерге ештеңе өспейді. Қандай да болсын ғылым саласы бірден пайда бола қалмайды, ол туып, қалыптасу жолдарын бастан өткеруге тиісті. Ендеше «Әдебиет танытқышқа» барар жолда А. Байтұрсынұлы өзіне дейінгі бүкіл түркілік және ұлттық әдеби теориялық ізденістерге көз салмауы мүмкін емес. Сондықтан тым әріден қозғамасақ та ғылымға араласқан кезіндегі ұлттық әдебиеттанудағы алғашқы әдеби теориялық ізденістер мен Ақаңның осы саладағы алғашқы қадамдары жағдаяттарына көз салған абзал.

1923 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде «Қазақша пән сөздер» деген баямандаманы Елдес Омаров жасады. Баяндамашы бұл мәселе бойынша Ахаңмен ақылдаспады, пікір алыспады десек, қатты қателесеріміз анық. Өзі «Әліпби тақырыбы» атты мақала жасайтын болғандықтан, бұл туралы сөйлеуді Е.Омаровқа үлкен сеніммен тапсырған. Баяндамадағы: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай енгізуге болмайды. Жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді.. Сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, хат танийтын бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Олай болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып бұқара оқығандардан қалыспай жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатын болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» деген пікірде Ахаңның ғұламалық ұстанымдары жатыр. Шынында да осы білімпаздардың бас қосуында соңғы күні төрағалық жасаған қырғыз оқығандарының өкілі И.Арбайұлы айтқандай: «Бұл съездің маңызы зор, қызыметі айрықша. Съезд негізгі мәселелерді шешті, елдің болашағына жөн сілтеді».

А.Байтұрсынұлы пән сөздері туралы осы қағидаттар мен өзіндік ұстанымы съезден кейінгі жазған барлық еңбектерінде толық көрініс тапты. 1920 жылдар бас кезінен қазақ әдебиетінің әр салаларына батыл араласып пікір айта бастаған сыншылдық және әдеби мұра туралы ғылыми-зерттеушілік жұмыстары сапалық та, сандық та жағынан көркейе бастаған қазақ әдебиеттануы әдебиеттің теориялық мәселелерін ғылыми сөз етуді күн тәртібіне шұғыл қойды.

Бұл салада ерекше маңызы бар, жалпы өнер туралы, әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926) атты оқу құралы



болды. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді. Сонымен қатар, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні соңғы уақытқа дейін дұрыс бағаланбай келді. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы ғылыми зерттеу екені туралы нақты бағасы берілді. Ғалым Р.Нұрғалиев: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» десе, тілші-ғалым Р.Сыздықова: «Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі – әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы. Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады», – деп жазады.

Біздің ойымызша, «Әдебиет танытқыш» ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым, түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен дәлелдеуінде ғана жатқан жоқ. Тұңғыш ғылыми зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек екені айтылуда. «Әдебиет танытқыш» – жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасын анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген, әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдерге қазақша мағына тапқан жан-қиярлық еңбегінің жемісі.

Автор осындай іргелі еңбекті жазу барысында қандай ғылыми әдебиеттерді пайдаланғаны туралы мәлімет те бермейді, сілтеме де жасамайды. Ол туралы әр түрлі болжамдар бар. Біздің ойымызша, ғалымның жаңашылдық бастамаларына негіз және тірек болған дерек көздер, «Әдебиет танытқыштың» қосымшасы ретінде шығуға тиісті болған «Нұсқалықта» көрсетілген болуы бек мүмкін. Алайда Ахаңның «Мәдениет тарихы» еңбегімен қатар «Қазақ тілінің теориясы» қолжазбасы сияқты бұл «Нұсқалық» та табылмай отыр. Бұл ретте А.Байтұрсынұлы әдебиеттану мен тілтануда пән сөздерін (терминдер) жасауда баға жетпес данышпандықтың үлгісін көрсетті. Ұлттық әдебиеттану қазір кеңінен қолданып жүрген негізгі пән сөздерін, категориялар мен ұғымдарды өте дәл және ойға қонымды жасап шыққаны таңқаларлық қабілеттілік.

Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша осы

кестедегідей терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кемеңгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан.

Тұжырымдай айтар болсақ, «жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің – әліпбиі» бола алған «А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен табысы болды. Ол ұлттық әдеби-теориялық танымда қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын, эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан зерттеу дәрежесінде танылды. Ғалым Т.Кәкішев айтқандай: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған қондырғы-фундамент».

Бүгінгі таңдағы қазақ әдебиеттану ғылымы Ахаңның «Әдебиет танытқышында» негізделген ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір арнасының тарихи және ғылыми заңды жалғасы болып табылды.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ РЕНЕССАНСЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Ербол ТІЛЕШОВ,

*Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығының бас директоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Қазақтың мұнын жеткізетін, әлеуметтік жайын, қоғамдық қарым-қатынастарын көрсететін бірден-бір халықтық мінбер сөз өнері болғандықтан, олардың баршасы әдебиеттен көрініс тауып жатты. Сондықтан да Қазақ Ренессансы өзінің толық мазмұнын осы сөз өнерінен тапты. Дегенмен Ренессанс сияқты аса ірі құбылыстың бір ғана сөз өнерінен байқалуы аздық ететін еді. Осы құбылыстың барлық негізгі сипаттарын көрсетуі үшін ол басқа салаларды да қамтымақ. XX ғасыр басында қазақ ойы өрісінің кеңеюі, жазба әдебиет жанрларының қалыптасуы, ғылымның тууы, театр өнерінің дүниеге келуі, ең бастысы, осыларды қалыптастыратын қазақ зиялы қауымының шоғырлануы ренессанстық белгілер болатын.

Әрбір халық өзінің тарихында даму үдерісіне және деңгейіне орай Жаңғыру дәуірін өткізеді. Әлемдік тарихнамада ол «Ренессанс» атауымен белгілі. Ренессанс әсіресе, өркениетті елдердің тарихында толығырақ зерттелген. Осыларды зерделейтін болсақ, онда Ренессанс құбылысының үш түрлі типін аңғарамыз. Біріншісі – VIII ғасырдан XIII ғасырға дейін жалғасқан Ислам дінінің адамгершілік қағидаларына негізделген және ғылымның көптеген салалары ерекше дамыған «Исламның алтын дәуірі» немесе «Мұсылман Ренессансы» деп аталатын Еуропаға тікелей ықпал еткен Жаңғыру дәуірі. Екіншісі – антропоцентризмге негізделген XIV ғасырдан XVI ғасырдың ортасына дейін созылған Батыс Еуропадағы Ренессанс. Үшіншісі – отарланған халықтардағы алдымен ұлттың жағдайына, содан кейін адамның хәліне гуманистік көзқарас танытқан ренессанстық құбылыс. Әлемдік тарихтағы қалыптасқан осындай даму ерекшеліктерін ескеріп, біз Қазақ Ренессансын осы құбылыстың үшінші типіне енгіземіз. Сол себепті де біздің ұлттық Ренессансымыз туралы айтқанда, оны XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысымен тікелей байланыстырып, оны саяси-қоғамдық және мәдени үдерістері контекстінде қараймыз. Бұл Ұлттық Ренессансты ұғыну мен оған баға берудің ең басты алғышарты десе болғандай.

Мұсылман Ренессансы дәуірінде араб әлемінде білім беру, ғылым, әдебиет, өнер, мәдениет айрықша дамыды. Бағдат, Каир, Дамаск, Бұхара, Газна, Самарқанд, Хорезм, Исфahan, Нишапур, Балх, Кордова, Тебриз сияқты қалалар әлемнің ірі білім мен мәдениет ошақтарына айналды. Әлемдегі ең алғашқы университет те мұсылман елінде ашылды. Ол 859 жылы мароккалық ханшайым Фатима аль-Фихри Фесе қаласында ашқан алғашқы университет. Ал оның алдында IX ғасырдың 20 жылдары Бағдатта «Бейт аль-Хикма» атты Ислам академиясының негізі қаланды. Халиф әл-Мамұн ашқан бұл «Даналық үйіне» ғалымдардың айтуынша, Орта Азиядан, Ираннан көптеген оқымыстылар келіп жұмыс істеген. Білім мен ғылымның ренессанстық дәуірде шамшырағы болған бұл қалаларға Еуропаның, Азияның, Африканың көптеген елдерінен оқымыстылар жиналды. Солардың бірі қазақ даласынан келген әл-Фараби. Энциклопедиялық білімі, ғылыми еңбектері оны Исламның Алтын Дәуірінің көрнекті тұлғасы етеді.

Жалпы Мұсылман Ренессансы Батыс Еуропадағы Ренессанстың тууына, қалыптасуына айрықша ықпал жасады. Бұл жөнінде американ ғалымы Г.Тернер: *«Мұсылман суретшілері және ғалымдары, жұмысшылары мен князьдары бірегей мәдениетті жасады, ол барлық құрлықтарға тікелей және жанама әсер етті»* деп баға берді [1].

Еуропадағы Ренессанс тұсында адамзат баласының халықаралық қатынастары ерекше дамыды. Бұл ұлы географиялық ашылулардың дәуірі болды. 1492 жылы Христофор Колумбтың Американы, 1498 жылы Васко да Гаманың Үндістанға баруы, 1522 жылы Фернан Магелланның бүкіл жер шарын аралап шыққан атақты экспедициясы секілді мысалдардың өзі-ақ ренессанстық дәуірдің адамзатқа не бергенін жақсы түсіндіре алады деп ойлаймыз. Оларға қоса, Ренессанс өкілдері қатарында Данте, Галилей, Коперник, Бруно, Монтень, Роттердамский, Макиавели, Кампанелла, Шекспир, Сервантес, Микеланджело, Леонардо да Винчи сияқты адамзаттың ақыл-ойына, жалпы танымына аса зор үлес қосқан тұлғаларды атасак, бұл дәуірдің өркениет тарихындағы маңызы аңғарылатын болады.

Мұсылман Ренессансында, одан кейінгі Батыс Ренессансында алдыңғы қатарға адам, адамның адамгершілігі, моралі, ойы, әрекеті, сезімі шықса, қазақ сияқты отарланған халықтың жаңғыруында ұлт пен адам тығыз сабақтастықта көрінді. Бұл отарланған Азия, Еуропа, Америка халықтарының барлығына да тән ерекшелік. Мысалы, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы Үндістандағы Бенгал Ренессансын айтуға болады. Оның басты тұлғасы Р.Тагор болды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдағы



Болгариядағы осындай жаңғыру «Болгар Ұлттық Ренессансы» деп аталды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге боларлық. Жалпы мұндай халықтардағы Ренессанс дәуірі ұлт-азаттық қозғалыспен бірге жүретінін аңғару қиын емес.

XX ғасыр басында қалыптасқан Ояну дәуірін «Қазақ ұлттық Ренессансы» деген дұрыс. Себебі ілгеріде жазғанымыздай қазақ Ренессансында алдыңғы қатарға тұтас ұлт шықты. Адам сол тұтас ұлттың ауқымында қарастырылды.

Алаш қозғалысы өзіне дейінгі барлық қозғалыстардан басты айырмасы, қажет болса, тіпті артықшылығы – оның интеллектуалдық-мәдени қозғалыс болуында. Әлбетте бұл Алаш қозғалысы саяси бағыттағы күрес дегенімізбен, оның негізінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында заманауи білім алған қазақ зиялылары тұрды. Олардың ішінде гуманитарлық білім алғандардың үлесі үлкен болды. Егер қозғалыс жетекшісі Әлихан Бөкейханды саяси көсем дер болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы рухани көсемі болды. Қазақ ұлттық Ренессансының антропоцентристік, адамгершіл мұраттарын Абай тұлғасы және оның шығармашылығы дайындағаны белгілі.

Қазақ ұлттық Ренессансы өзінің тарихи миссиясына тән, біздің ойымызша, бірнеше ренессанстық тұлғаларды тудырды. Ренессанстық тұлға дегеніміз кім және қандай сипаттарымен ерекшеленеді деген сауалды қояр болсақ, онда былай деп жауап беретін едік. «Ренессанстық тұлға» дегеніміз адамның, халықтың адамгершіл болмысын бейнелеген және оны кеңінен насихаттаған, гуманистік идеяларды шығармашылығы мен күресінің арқауына айналдырған ұлттың тарихы мен мәдениетіне, өнеріне, білімі мен ғылымына үлкен бетбұрыс жасаған тұлға.

Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік, шығармашылық тұтас өмірбаяны оны аса ірі ренессанстық тұлға етеді. Егер Ақаңның Алаш қозғалысы тұсындағы зор қайраткерлігін, ұлттық мектепті қалыптастырудағы ұстаздығын, ғылымның негізін салушы болғандығын, дәуір ұранына айналған көркем шығармалар мен публицистикалық еңбектер жазғандығын жіктейтін болсақ, онда оның жан-жақты тұлғалық қасиеттері Ренессанстың ең негізгі бағыттарын анықтағанын аңғарар едік. Ақанды «Ұлт ұстазы» деуіміздің астарында оның осындай дәуірлік көшбасшы болғанына лайықты бағамыз жатыр. *«Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, та-*

рих ұмытпайтын істер болатын» деген Мұхтар Әуезовтің бағасы оның ренессанстық тұлғасын танытады деп ойлаймыз [2, 69]. Жалпы Әуезовтің осы мақаласында Алаш қозғалысына байланысты еш нәрсе айтылмаған. Кеңестік кезеңдегі заманның райы Мұқаңа оны айтудан сақтандырған.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихи тұлғасын қалыптастырған алғышарттар оның ренессанстық тұлға болуына тікелей қатысты. Біздің ойымызша, ондай алғышарттар қатарында мыналарды атауға болады. *Біріншіден*, ол бала кезінен отаршылдықтың зардабын көріп өскен адам екенін «Анама хат» өлеңінен және зерттеулердегі өмірбаяндық деректерден жақсы білеміз. *Екіншіден*, Ақаңның ат жалын тартып азамат болып қалыптаса бастаған кезеңінде ұлт оқығандары шоғырланып, отаршылдыққа қарсы күресті бастады. 1905 жылғы Ресейдегі төңкеріс, бостандық идеялары, қазақ жеріндегі алғашқы құзырхаттар, саяси басқосулар және осылардың нақ ортасында Ахмет Байтұрсынұлының болуы оған белсенді қатысуы оны қайраткерлік жолға түсірді. Мысалы, «Қарқаралы құзырхаты», «Қарқаралы шеруі». Осы кезеңде оның Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, М.Дулатов сияқты ұлтының тағдыры үшін күрес бастаған тұлғалармен адами, рухани және саяси серіктігі ортақ мүдде үшін қайраткерлік тұлғасын қалыптастыра бастады. Бұл мәдени, ағартушылық күреске ұласып, 1913 жылы «Қазақ» газеті бетінде саяси-қоғамдық күреске, 1917 жылдың көктемінен бастап саяси күреске ұласты. Нәтижесінде аталған Алаш көсемдерінің және тағы да басқа қайраткерлердің күресі арқасында саяси мазмұндағы облыстық, уездік қазақ сиездерін, I, II жалпықазақ сиездерін өткізуге, «Алаш» ұлттық партиясының бағдарлама-сын жариялауға, партияның Семейден бастап бірнеше өңірде комитеттерінің ашылуына, Алашорда үкіметінің құрылуына, Алаш автономиясына алып келді. *Үшіншіден*, Ренессанстың басты белгілерінен саналатын білім мен ғылымның қазақ даласына кеңінен таралуына, қалыптасуына Ақаң тікелей атсалысқанын баршамыз білеміз. Оның ана тілінде білім беруді насихаттауы және тікелей соның мазмұнын жасауы, тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме сияқты ұлттық ғылымның негізін қалауы, сондай-ақ ғылыми мектеп қалыптастыруы нағыз ұлттық Жаңғыру болды. *Төртіншіден*, «Қырық мысал», «Маса» поэзиялық жинақтары арқылы гуманистік идеяларды, атап айтқанда тұтас халық пен жеке адамның болмысы мен бейнесін адамгершіл мұраттар негізінде көрсетті. Бұл ретте Абайдың ұлы гуманизмін Ахмет Байтұрсынұлына ықпал еткен идеялық-көркемдік фактор екенін атауға тиіспіз. *Бесіншіден*, ол халықтың мәдени деңгейі артып, басқа халықтармен мәдениет жағынан теңескенде ғана рухани бостандық пен саяси азаттық



болатындығын еңбектерінде жиі қайталап жазды. Бұл да Ренессанстың үлкен ерекшеліктерінің бірі.

Әрі қаламгер қайраткер тұлғалардың өмірлік мұраты олардың жазғандарынан айқын көрініс табатыны сияқты, Ақаңның да азаматтық болмысы оның шығармаларында баяндалды дейміз. Қайраткер ақын:

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.*

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім... [3, 105]

дейді әйгілі өлеңі «Адамдық диқаншысында». Жалпы осы өлеңнің атауы сияқты оның мазмұны да Ақаңның ренессанстық тұлға ретіндегі автопортреті. Сондай-ақ: *«Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі», «Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы», «Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер» [4, 220].* деген және тағы да басқа қаншама сөздері оның зор адамгершіл тұлғасын аңғартады. Егер Ақаң ұлтын соншалықты сүймесе және ондай перзенттік махаббат телегей білім, зор жігер және қажырлы қайратқа сүйенбесе, дүрбелең кезеңде туған елі мен халқы үшін өмірін қатерлі тәуекелге тікпес еді. Ұлт мұраты үшін әлдеқайда күшті, зорлықшыл үкіметке қарсы күреске шыққандардың барлығы да үлкен тәуекелшіл тұлғалар. Осы тәуекелдің арқасында Ақаң сияқты реформатор тұлғалар халқының даму бағытын тың арнаға бұрып, жаңаша тарих жасағандар. Бұл әлем тарихындағы барлық Ренессанстарға тән құбылыс.

XX ғасыр басындағы Қазақ ұлттық Ренессансының гуманизмі отаршыл Ресей империясының антигуманизміне деген қарсы реакция. Бұл жөнінде Ақаңның саяси және рухани серігі М.Дулатов: *«Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз көрінгеннен соққы жегеніміз еді»* деп жазған еді [5].

Отаршылдық антигуманизмнің бастапқы кезеңінде қазақ сан рет көтеріліске шығып, халықтық абыройы мен намысын қарудың күшімен қайтармақ болғанын да тарихтан жақсы білеміз. Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы және тағы да қаншама жүздеген көтерілістер жеңіліс тапты. Алаш зиялылары осындай оқиғалардан қорытынды шығарып, XX ғасыр басында саяси және мәдени күресті таңдады. Бұл сол кездегі тарихи мүмкіндіктер шегіндегі ең дұрыс таңдау болатын.

Тарихи деректерден Алаш қозғалысына тыйым салынған уақыттан

соң тағы да туған халқының амандығы мен тағдыры үшін Ахмет Байтұрсынұлының төңкерістік комитет құрамына енгенін білеміз. Осы кезде ол кешегі империалистік мазмұндағы сияқты тағы да антигуманизмді көрді. Ол қазақ сияқты халықтарға әлі де шекесінен қарайтын, сонымен бірге таптық платформадағы антигуманизм еді. Билікке жаңадан келген большевиктердің осындай антигуманизмі Ақаңның «Төңкеріс және қырғыздар», «Ленинге хат», «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» еңбектерінде жан-жақты баяндалды. Айталық, орыс тілінде жазылған «Төңкеріс және қырғыздар» мақаласында қазақтың жағдайын баяндай келе: *«Олар бірінші төңкерісті қаншалықты шаттықпен қарсы алса, екінші төңкерісті соншалықты үреймен қарсы алды... Бірінші төңкерістің дұрыс түсіндіріліп, қуанышпен қарсы алынуы қырғыздарды патша үкіметінің езгісі мен зорлығынан құтқарса, екіншіден, олардың мәңгілік арманы – өзін-өзін басқаруға деген үмітін күшейтті... Қазан төңкерісі өзінің сыртқы әрекеттері арқылы оларға қорқыныш билетті»* деп жазды [6]. Большевиктік антигуманизмді айыптау, оның жоғарыда аталған еңбектерінде тікелей жалғасын тапты. Мысалы «Ленинге хатында»: *«...жергілікті коммунист жолдастар қазақтарды ешнәрсе түсінбейді деп ойлайды, құйтырқы саясатқа салып, еңбекші қазақ халқына олардың тұрмысын кеңестер негізінде құруына туысқандық көмек көрсетуді ұсынбай, қайта оларға әр түрлі құлықпен өз үстемдігін танытып отыр»* [7,23] десе, «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» мақаласында: *«Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни, халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес»* [4,182] деп ұлт зиялыларының объективті болмысын дәл көрсетеді.

Қазақ ұлттық Ренессансын қалыптастырған тұлғалардың көпшілігі әмбебап тұлғалар еді. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханнан бастап келесі жас буын өкілдері Мағжан Жұмабаев, Қошқе Кемеңгерұлы, Мұхтар Әуезовке дейін ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, әсіресе, мәдени күресте туған халқы үшін тарихи үлкен дәуірлік жұмыстар атқарғанын баршамыз жақсы білеміз.

Сол кезеңде жарық көрген әйел теңдігіне байланысты өлең, поэма, әңгіме, повесть, роман жанрларының пайда болуы да қазақ қоғамындағы гуманистік идеяның өрістеуімен тікелей байланысты екенін айтуға тиіспіз.



XX ғасыр басындағы Алаш әдебиетінің өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі де әдебиеттен үлкен айырмашылықтарының бірі – ондағы көркемдік әдістердің, соған орай әдеби ағымдар мен бағыттардың алуандығы. Мұндай әдеби құбылыс қазақ ойының өмір шындығын бейнелеудегі алуан көркемдік және идеялық тәжірибелерін аңғартса керек. Адамды, қоғамды әр қырынан ғана емес, әртүрлі көркемдік әдістер арқылы бейнелеу ұлттық сөз өнердің өскенін көрсетеді. Осы кезеңде туып қалыптасқан сентиментализм, символизм, натурализм һәм дәуірдің ең басты көркемдік әдістері болған романтизм мен реализм және олардың ішкі ағымдары әдебиет өкілдерінің өмірді әртүрлі ракурста, әртүрлі көркемдік шешімдер арқылы танығанын паш етеді.

Ұлттық Ренессанс тұсында алғашқы ұлттық әліпби, жазудың орфографиялық нормалары, жаңа әдеби, публицистикалық жанрлар қалыптасты. Сөз өнерінің өскендігін байқататын әдеби сын пайда болды. Қазақ баспасөзі, қазақ театрының негізі де осы кезеңде қаланды. Алғашқы тарихи мақалалар жазылды. Кеңес дәуірінде жарық көрген тарихи кітаптардың авторлары да Алаш қозғалысына қатысқан Мұхаметжан Тынышбаевтың, Санжар Асфендияров сияқты қайраткерлер болды. Сол сияқты математика, медицина, физика, геометрия, география, биология, химия тағы да қаншама ғылым салалары Алаш зиялыларының ойы мен еңбегінің жемісі екені бүгіндері бағалануда.

Ұлттық ғылымның туып қалыптасуы сол халық үшін қашанда аса ерекше құбылыс. Ол халықтың есейгенін, ақыл-ойының жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін айқын көрсететін мысал. Білімі мен ғылымы бар халық әлемдегі заттар мен құбылыстардың сырлары мен құпияларын тани бастайды, оның өмірі мейлінше жеңілдеп білімінің арқасында жаңа кәсіптер мен мамандықтарды игереді. Оны өміріне жарата бастайды. Бұл үлкен жетістік. Жүздеген жылдар бойы таза аграрлық ұлт болып келген қазақтың халықтық санасы ұлттық Ренессанс кезеңінде әжептеуір өсті. Алаш қозғалысын қалыптастырған зиялылар Мәскеу, Петербор, Ыстамбұл, Каир, Варшава, Қазан тағы да басқа ондаған қалалардың жоғары оқу орындарында білім алды. Олар тарихымызда осындай жоғары білім алған ең алғашқы кәсіби мамандар еді. Лайықты білім алу, сол білімді халықтың қажетіне жұмсау сияқты саналы әрекет Алаш зиялыларының барлығына тән азаматтық, қайраткерлік кредо іспетті болды.

Ренессанстық белгі ретінде қазақ баласының жалпы әлемдік кеңістікті тануы да осы кезеңнен басталады. Әлбетте, қазіргідей Қазақстан Республикасы сияқты әлемдік қауымдастықтың теңқұқылы субъектісі, яғни дер-

бес мемлекет болмағаннан кейін Алаш зиялылары мұндай ғаламдық кеңістікке мемлекеттің атынан емес, қазақ халқының атынан шықты. Бұл үдеріс ең алдымен қалыптаса бастаған жазба әдебиетінен көрінді. Атап айтқанда, публицистикалық мақалаларда, ғылыми еңбектерде, ал әдебиетте аудармалар арқылы аңғарылады. Халқының азаттығы үшін күреске шыққан Алаш азаматтарының Ресейдің көптеген қалаларында, сонымен бірге Варшавада, Стамбулда, Мысырда оқуы Ғабдолғазиз Мұсағалиев сияқты азаматтардың Үндістан, Пакистан, Индонезия, Жапония сияқты елдерді аралауы қазақтың әлемді тануына кеңінен жол аша бастады. Ұлт-азаттық көтеріліс қайраткерлері Жапония, Германия, Америка тағы да басқа мемлекеттер жөнінде танымдық еңбектер жазды. Олардың мақсаты өнерге, білімге, кәсіпке бет қойған жұрттарды қазаққа үлгі ету еді. Көркем әдебиетке келсек, Алаш көсемдері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлынан бастап барлығы дерлік аудармамен шұғылданды. Осы кезеңде Будда, В.Шекспир, В.Гюго, Мопсан, А.Дюма, Р.Тагор, Дж.Лондон және тағы да басқа шетел классиктері қазақ тіліне аударылды. Алаш зиялыларының публицистикалық, танымдық, ғылыми еңбектерімен танысу барысында олардың дүниежүзінің тарихынан мол мағлұматы болғанын және сол дәуірдегі саяси, қоғамдық, мәдени оқиғалардан жақсы хабардар екенін анық аңғаруға боларлық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Золотой век Ислама // <https://ru.wikiquote.org/wiki/>
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: «Ел шежіре» – 2013
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 5 т.– Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.
5. Дулатов М.Бес томдық шығармалар жинағы.
6. Байтұрсынов А. Революция и киргизы. Жизнь национальностей. №3, 1919
7. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 6 т. – Алматы: «Ел шежіре» – 2013



ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

Шапағат ЖАЛМАХАНОВ,

*Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің
профессоры, филология ғылымдарының докторы*

Биыл 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтетін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бірегей дарынды шәкірті және әріптесі Телжан Шонанұлы. Ол – 44 жыл ғұмырында 1923 жылдан 1939 жылға дейін географияға, тарихқа, әдебиетке, тілге және әдістемеге қатысты жалпы көлемі 4 мың беттей 38 кітап жариялап, 1921-1933 жылдар аралығында ғылымның жоғарыдағы салаларына және дінге, саясатқа арналған 72 мақала жазған лингвист, әдебиетші, тарихшы ғалым, қоғам қайраткері. Кітаптарының жиырма тоғызы қазақ тілі туралы болса, ал тарих, география, геометрия, педагогика, әдістеме, әдебиеттану, көркем әдебиетке бір-бірден кітаптар арналған. Қазақ тіліне қатысты кітаптардың жиырма бірі балаларға арналған әліппе мен оқулық, 6 кітап орыстарға, орыс мектептерінің әліппесі мен оқу құралы және хрестоматия, 2 кітап ересектерді сауаттандыруға, орыс мектептерінің әліппесі мен оқу құралы және хрестоматия, 2 кітап ересектерді сауаттандыруға арналған әліппе, ал 1935 жылы С.Жиенбаев, Ғ.Бегалыұлымен бірге жазған «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» әдістемеге арналған. Т.Шонанұлы жоғарыдағы кітаптарын кейбіреуін А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбаев, А.Галяховская деген кісілермен бірігіп жазыпты. 1926 жылы А.Байтұрсынұлымен бірігіп 412 беттік мектеп оқушыларына арналған «Оқу құралы» (хрестоматия түрінде) баспадан жарық көрген.

Т.Шонанұлының тіл білімі, оның әдістемесі мен оқулықтарын академик Ш.Ш.Сарыбаев 4 топқа бөліп қарастырады: 1) әліппе оқулықтары: «Жаңалық» (1928), «Сауаттан» (1929), «Колхоз ауылы» (1930 жылы М.Жолдыбаевпен бірге), 2) бастауыш сыныптарға арналған тіл дамыту оқулықтары: «Жаңа арна» (1927 жылы М.Жолдыбаевпен бірге), «Тіл дамыту» (1930), «Қазақ тілі (грамматика мен емле)» (1934), 3) ересектерге арналған қазақ тілі оқулықтары: «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» (1926), 4) орыстарға арналған қазақ тілі оқулықтары: «Орыстар үшін қазақша әліппе» (1931), «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933), «Учебник казахского языка для взрослых» (1934) [1:7].

Педагог-ғалым мектепте ана тілін оқыту жүйесін жетілдіру мақсатында А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» және т.б. әдістемелік еңбектерінің жалғасы ретінде «Жаңалыққа жетекші», «Диagramдар, графиктер қандай болады?» атты кітаптарымен қатар «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Дауыстап оқытудың әдісі» сияқты мақалалар жазды. 1935 жылы көрнекті әдістемешілер Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаевтармен бірлесіп «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» деген көлемді еңбекті бастырып шығарды.

Ғалым сол кездің өзекті мәселелерінің бірі емлеге де көп көңіл бөлді. Шетел тілдерінен енген сөздердің жазылуын, жазылуы дүдәмалды сөздерді бір ізге келтіруге ат салысты. Сонымен қатар араб жазуынан латын жазуына көшу науқаны тұсында арабшыларға қосылмай, латыншыларды жақтап, жаңа емлеге көшуді ұйымдастырушылардың бірі болды. Қазақстанның орталық жаңа әліпби комитетінің мүшесі ретінде де жаңа алфавиттің Бүкілодақтық комитетінің ІУ пленумында Қазақстанда жаңа әліпбиді қабылдау жағдайы туралы хабарлама жасады. Осы пленумда Т.Шонанұлы профессорлар Қ.Жұбанов, С.Аспандияровтармен бірге академик А.Н.Самойловичтің баяндамасы бойынша қабылданатын қарарларды дайындау комиссиясының құрамына сайланды. О.Жандосовпен бірігіп барша латын комитеттері мен латыншылар ұйымдарына арнап ашық хат жариялады. Ғалым сондай-ақ өз кезінде туыс түркі халықтарының жазу емлесінде болып жатқан өзгерістерден де хабардар болып, жұртшылықты құлағдар етіп отырған («Татар жаңа емлесі», «Ұйғыр емле конференциясының қорытындысы», «Орта Азияда латын әліппесі», «Түрікте жаңа әліппе» және т.б.).

Т.Шонанұлының лингвистикалық мұрасын қолда бар деректер негізінде ой көзі, зерде зейінін салып көрсек. Әзірге архив деректерінен шолу-талқылауға ұсынарымыз бірнеше әліппе, грамматикалық оқулықтары мен кейбір мақалалары ғана болмақ. Мәселен, «Жаңалық» аталынып 1-басқыш мектептеріне арналған әліппесі. Бұл әліппе Қызылордада латын әрпімен 1928, 1929 жылы (2 рет), 1930, 1931 жылдары бірнеше рет қайта басылған. Алғашқы басылымында оқулық бөлімдерге, тарауларға, сабақтарға бөлінбеген. Онда әріптерді, дыбыстарды, олардың буын, буындарының сөз құрайтындығын, цифрларды, сандарды түрлі иллюстрациялық безендірулермен (геометриялық фигура, оюлар, сызықтар, суреттер) түсіндіреді. Әліппеде әріптер мен цифрларды игеру мақсатында күн, ай аттары, сөздерді дұрыс жазу, құрастыра білу дағдыларын жетілдіру мақсатында денсаулық сақтау, дұрыс жүріп-тұру тәртібі жөніндегі ережелер, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер



берілген. Әліппесінің 3, 4 – басылымдарында өзгеріс жоқ деуге болады. Басқа басылымдарының басты өзгешелігі – әңгімелер мен суреттердің көптеп берілуі, сондықтан да кейінгі басылымдар 72 беттен 85 бетке жеткен.

Келесі бір оқулықтары сауатсыз немесе шала сауатты ересектерге арналған. Олар: 1926 жылы 207 бет болып жарық көрген оқу құралы және 1930 жылы Қызылордадан 100 мың дана болып шыққан «Сауаттан» деп аталатын әліппесі. Әліппесі 48 бет. Оны шартты түрде 2 бөлімге бөлуге болады. Алғашқы он бетінде әріптердің үлкен, кіші, жазбаша, баспа түрлерімен таныстырса, екінші бөлімінде тіл дамыту мақсатында әңгіме, кеңес өлең, мақал-мәтелдер беріледі. Бұл бөлім «Ауыл шаруашылығын дамытамыз», «Өнерлі кәсіпті өркендетеміз», «Ауыл шаруашылығының кооперациясы», «Кеңес өкіметін бекітеміз», «Қызыл әскер – еңбекшілер қорғаны» деген 5 тақырыпқа бөлінген. Сәкеннің «Жұмысшы», Илиястың «Зауытта» деген өлеңдері келтіріліп, «Қосылып мәшине алыңдар», «Ақшанды қалтаңа сақтама, кассаға сал», «Сүтті сиырдың белгісі» деген ұран кеңестер де берілген.

Т.Шонанұлы «Тіл дамыту» деген атпен 4 кітап шығарған. Алғашқысы 1930 жылы, екіншісі 1931 жылы Қызылордадан, үшіншісі де 1931 жылы, бірақ Алматыдан, төртіншісі 1939 жылы тағы да Қызылордадан жарық көрген. Енді қолымыз жеткен екінші және үшінші «Тіл дамыту» оқулықтарының мән-мазмұнын баяндап, бағамдап көрелік.

Тіл дамытудың 1, 2 – кітаптары 1 – басқыш қазақ мектептеріне арналған. Оқулық «Сөйлем», «Сөз тұлғасы», «Жалғаулы, жалғаусыз сөздер», «Іс қағаздары» деп аталған 4 бөлімнен тұрады. «Сөйлем» бөлімі «Мақала. Азатты жол. Жоспар», «Сөйлем мүшелерінің орындары», «Буын, дыбыс, әріп», «Бас әріп. Әріп және сипырмен тіркелген сөйлемдер», «Дыбыстар» деген 7 сабақтан құралған.

«Мақала. Азатты жол. Жоспар» деген сабақта бұл ұғымдарға анықтама берілмейді, бірақ «Жол аузында» деген әңгіменің соңында 1) мақалада неше азатты жол (бас жағы шегініп жазылатын) бар, қандай кезде азатты жолдан басталатынына зейін салыңдар, 2) мақалада неше бөлім бар екенін анықтап, суретін салыңдар, суреттерге ат қойыңдар, 3) қай кезде азатты жол жазылатынының ережесін жазыңдар, азатты жол қандай әріппен басталатынын ұмытпаңдар, 4) мақаладағы ойды қысқартып жазыңдар, бұл мақаланың жоспары болып шығады деген тапсырмалар береді де, «Барған серуендерің, істеген жұмыстарыңның жоспарын жасап, мақала жазыңдар» деген тапсырма береді. 2 – сабақтағы жаттығуларды жай, сұраулы, лепті (бұйрық,

тыңдау) сөйлемдерді айырып, соңында қандай тыныстық белгілер қойылады. Сөйлемдер арасына қандай қос нүкте немесе кіші тыныштық белгілер қойылады. Сөйлемдер арасында қандай қос нүкте немесе кіші тыныстық (үтір – Ш.Ш.) келетінін байқандар деген секілді пысықтау тапсырмаларын береді. Сабақты «Сөзбен айтылған ойды сөйлем» дейміз деген анықтамамен қорытады.

«Сөйлем мүшелері» деген 3 – сабақта «Сөйлем ішіндегі бас сөзді бастауыш дейміз. ...ой бастауыш туралы айтылады. Бастауыштың сырын сипаттайтын, жайын, қимылын, күйін баяндайтын сөз баяндауыш аталады» [2] деген анықтамалар береді. Бұдан соң қай сөздің бастауышпен, қандай сөздің баяндауышпен байланысатыны жаттығулар арқылы түсіндіріліп, тұрлаулы мүшелерге: «Сөйлемдегі сөздер 2 жікке айырылады: бірі бастауышпен байланысты. Сондықтан бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің бас мүшелері, басқа сөздер *жанама мүшелері* деп аталады» [2:12-13] деген қорытынды жасайды. *Анықтауышқа* нәрсенің сынын, сырын, сипатын анықтап, қандай? қай? неше? нешінші? кімнің? не етуші? не еткен? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер. *Толықтауыш* – нәрсенің қимылын, жайын, толықтайды. Толықтауыш көбіне баяндауышқа байланысып келеді. Кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? не қылуға? кім? не? деген сұрақтарға жауап береді және сұрауларға үшін, туралы, мен демеулері қосылуы мүмкін дейді [2:14]. Баяндауышты пысықтап, мезгілін, себебін айтып тұратын, нәрсенің қимылын, күйін, жайын толықтайтын, неліктен? қашан? деген сұрауларға жауап беретін сөздер пысықтауыш [2:15] деген анықтамалар берілген. Баяндауыштың астын бір, толықтауышты екі, анықтауышты үш, пысықтауышты төрт сызындар, ал бастауыштың астын сызбандар деген де нұсқаулар бар. 4 – сабақта сөйлем мүшелерінің орны жөнінде бастауыш сөйлем басында, баяндауыш сөйлем соңында, толықтауыш баяндауыштың нақ алдында, анықтауыштың анықталушы сөздің, яғни толықтауыштың алдында, пысықтауыш толықтауыштың алдында тұратындығын «Колхоз қаладан ауылға жаңа трактор алып келді» деген мысалмен дәлелдейді. Тұрлаулы мүшелерді *бас мүшелер*, тұрлаусыз мүшелерді *түсіндіруші мүшелер* деп те атайды. 5 – сабақта буындарды: 1) дауыссыздың артында дауысты, 2) дауыстының артында дауыссыз, 3) ортасы дауысты, екі жағы дауыссыз, 4) дауыстының артынан екі дауыссыз, 5) дауыстының алдынан бір, артынан екі дауыссыз келген, 6) жалғыз дауысты дыбыстан ғана тұрған буын деп алтыға жіктеп, оларды 2 топқа біріктіреді. Олар: 1) дауысты дыбысқа тынған буын – *ашық буын*, 2) дауыссыз дыбысқа тынған буын – *бітеу буын*. Сабақ соңында *дыбысты* көруге, естуге, айтуға, ұстауға



бола ма? Әріп пен дыбыстың арасындағы айырмашылық не деген пысықтау, бекіту сұрақтар береді. 6 – сабақта бас әріппен жазылатын сөздерге қатысты жаттығулар, пысықтау, бекіту сұрақтары берілген. *Соңғы сабақта* дыбыстар сөз болады. Дыбыстарды «еркін айтылатындарды – дауыссыз дыбыстар» [2:23], дауыстыларды естілуіне қарай жуан және жіңішке, дауыстылардың араласып келе бермейтіндігі, мұндай заңдылықтың үндестік заңы екендігін ескертіп, жаттығу жұмыстарын береді. Үндестік заңына бағынбайтын шет сөздер, «қазақша жалғыз – нікі (дікі, тікі) деген жалғау ылғи жіңішке болады» деп ескертеді. «Үндестік заңына бағынбаған сөздер естілуінше жазылды» [2:30] дейді. Дауыссыздарды созуға көнбейтін болса, қатаң (п, т, с, қ, к), созуға көнсе, ұяң (б, д, ч, ғ, г, з, р, м, н, ң, х, й, у) деп бөледі.

Оқулықтың «Сөз тұлғасы» деп аталатын II бөлімі «Түбір. Жалғау», «Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жалғаулар», «Түбір қайталауы. Қос сөздер» деген тақырыптар 3 сабақтан тұрады. «Қазақ сөздерінің аяғы өзгереді. Аяғы өзгермейтін сөздер өте аз үшін, тейін, тым, өте, тіпті, сияқты. Сөздің өзгермейтін бөлімін *түбір* дейді. Өзгергенде түбірге жалғанатын бөлімін *жалғау* дейді. Ассимиляция заңдылығына назар аудара келіп, «түбірдің аяғы қатаң дыбыс болса, жалғауы да ұяң дыбыстан басталады» деген ережелерді жаттығулардан, тапсырмадан кейін беріп отырады. Соңында «Түбір соңындағы ж, с, з айтқанда өзгерсе де жазғанда түбірге жазылады» деген ескерту беріледі.

9 – сабақта «Жаңа сөз тудырып, бұрынғы сөздің мәнісін өзгертетін жалғауды, *жұрнақ* делік. Сөздің мәні өзгертпей, тек сыртқы тұлғасын өзгертетін жалғауды *жалғау* деп қоялық» деген [2,35] анықтамаларға жаттығу жұмыстарын береді.

Сабақтың соңында бірнеше пысықтау-бақылау сұрақтарын береді. Олардың кейбірі оқушыларды практикалық тұрғыда ғана емес, теориялық тұжырымдар жасауға жетелейді. Мәселен, «Жалғау мен жұрнақтың қайсысы түбірге тете жалғанады?», «Қазақ сөзінің алдында ішнәрсе жалғана ма?», «Қазақ сөзінің түбірі өзгере ме?», «Қазақ сөзін жалғаулы тіл десек бола ма?», «Дауысты дыбыстың не деген мықты заңы бар ма?», «Жұрнақ сөзге мағына берсе, оны енді түбір болды деуге келе ме?» 10 – сабақта «*Жалтылаушы қос сөздер* арасы сызықшамен жазылады. Олардың дыбыстары өзгертілмей жазылады». «*Кіріккен сөздер* бірге жазылады. Кіріккен сөздердегі н дыбысы б, п алдынан м-ға айналады, қ, қ, г, ғ алдынан қ-ға айналады» деген ережелер берілген. Бұл жерде ескерер бір жайт – қос сөздердің күшейткіш буын арқылы жасалған түріндегі фонетикалық өзгерімдердің әлі де келелі мәселе екендігі ... Кітаптың

III бөлімі «Септеу жалғаулар», «Тіркеу жалғаулы сөздер», «Етістіктің есімге, есімнің етістікке айналуы», «Жалғаусыз сөздер - демеулер» деген 4 тақырыптық сабақтан тұрады. Алғашқы сабақта көмектес септіктен басқа септіктердің сұрақтары мен қосымшалары, қосымшалардың сингармонизм, ассимиляция заңдарына бағынып жалғанатындығы, *септеу жалғаулар* есімдерге ғана жалғанатыны сөз болады. 2 – сабақ «Жіктеу жалғаулы сөздер» деп аталады. Айтушының өзі 1 – жақ (мен, біз), сөйлескен екінші адам 2 – жақ (сен, біз), сөзге өзі араласпаған адам 3 – жақ деп түсіндіріледі. *Жақтау жалғаулары* жіктеу деп аталады. Жіктеу жалғауы қосылатын сөздер етістік делінеді. Сөз тудырушы жалғаулар етістікке қосылып есім, есімдерге қосылып етістік шығарады деген қорытынды жасайды. 3 – сабақ демеулерге арналып, демеулер жалғаудың да, жұрнақтың да қатарына қосылмайды. Олар жанындағы сөзден бөлек жазылады. *Көрі* демеулігі ғана жанындағы сөздің ықпалына қарай дыбысы өзгеріп жазылатындығын [2,49] ескертеді. Кітаптың IV бөлімінде іс қағаздарының анықтама, куәлік, өтініш, хат, баяндама жоспары, аманат хат, айдаушы қағаз деген үлгілерінің жазылуын көрсетеді. Тіл дамытудың III бөлімі 1931 жылы Алматыда жарық көрген [3]. Еңбек «Сөйлеу ырғағы», «Дыбыс жүйесі», «Сөз түрлері», «Сөз жүйесі», «Жанадан сөз туғызу», «Сөйлем», «Сөйлем құрылысы» деген 7 тараудан тұрады. 1 – тарау «Сөйлеу мен сөйлем», «Шұқшылма сөз», «Одағай сөз», «Қыстырма сөз», «Тыныс белгілері», «Дауыс ырғағы», «Тіл ширату және кітаппен пайдалану», «Сөйлеуге төселу және кітаппен пайдалану» деген 9 тақырыптан тұрады. «Сөйлеу мен сөйлем» тақырыбына неше бөлім (абзац – Ш.Ж.) бар, әр бөлімінде неше сөйлем барын байқандар деген тапсырмадан соң сөйлеу мен сөйлемге анықтама береді. *Сөйлеу* (абзац – Ш.Ш.) дегеніміз – бір-бірімен байланысы болып барып біткен сөз тізбегі. *Сөйлеуде* бір сөйлем де, көп сөйлем де болады. Сөйлемде бір сөз де болады. Сөйлемді дауыс ырғағына қарай сұраулы, леп және хабарлаушы деп жіктейді. 2 – тақырып *шұқшылма сөзге*, яғни *қаратпа сөзге* арналған. Біреуге төндіре тіреп айтқан сөзді шұқшылма сөз дейміз. Шұқшылма сөз болатын зат есім. Шұқшылма жанында бірнеше *үйір сөз* болуы мүмкін. Қаратпа сөздің сөйлемнің алдында, ортасында, соңында келетіндігі, оның тыныс белгілері баяндалады. *Одағайға* арналған 3 – тақырыпта одағайға адамның ойын емес, сезімін көрсететін сөз деп анықтама береді де, шұқшылма сөз бен одағай сөйлем мүшесі болмайтындығын ескертеді. *Қыстырма сөзге* арналған 4 – тақырыпты қыстырма сөздің сөйлемдегі сөздермен байланыспайтындығын, онда айтушының айтатын ойына қалай қарайтынын көрсетеді, ол белгілі бір ойды көздеп жіберу үшін



ұстанатындығын, қыстырма сөзді айтқанда, дауыс бәсеңдейді деген сипаттарын санамалап, жаттығу-пысықтау жұмыстарын береді. Қыстырма сөздің кіші тыныс, сызықша немесе *қоршаумен* (жақшамен) ерекшеленетініне мысалдар келтіріледі. 5 – тақырыпта «Біреудің айтқан сөзі бұлжытпай ұсталса, оны *төл сөйлем* дейді. Төл сөйлемді иесінің даусына салып айтады» деген анықтамалар берілсе, төл сөз бен төлеу сөзінің тыныс белгілері қазіргі орфографиялық ережелердегідей. 6 – тақырып *бір түрлі мүшелер* (бірыңғай мүшелер – Ш.Ж.) мен *жалпылауыш сөздің* арасындағы тыныс белгілер, көп нокаттың (көп нүктенің) қойылысы жайлы. Бұл тақырыптық құнды жері – тыныс белгілеріне байланысты, олардың айтылу интонациясын ерекше ескергендігі, яғни тыныс белгілерінің логикалық та категория екендігін байқату. Мәселен, «жалпылауыш сөздер екпінді айтылады да, саналған сөздер бәсең дауыспен үзіп-үзіп айтылады», немесе көп нүктеге байланысты «сөйлем кілт үзілген жерде дауыс көтеріңкі болады». Демек бұл тақырыпта Т.Шонанұлы оқушылар үшін, жалпы тілдің сөйлену әуені нормасының сақталуы үшін пунктуация мен орфоэпияның бірлікте болуы қажет екенін ерекшелеп отыр. 7 – тақырыпта көп буынды сөзді айтқанда бір буындағы дауыстың күшеюін *екпін* дейді. Оған Біз бостандық үшін күрестік! Біз бостандық үшін күрестік! деген мысалдар келтіріп, екпіннің буын екпіні, сөз екпіні болатынын баяндаған. 8 – тақырыпта автор қазіргі оқулықтарымызда жетіспей жатқан сөйлеу мәдениеті, дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқу нормасының әліппесін қарапайым тілмен түсінікті етіп баяндайды. Оған өлеңдерден, жиналыста сөйленген сөздерден мысалдар келтіріп, жаттығу жұмыстарын береді. «Сөйлеу түсінікті болу үшін дауыстың ырғағына келтіріп айту керек. *Дауыс ырғағы* деп керек жерінде дауысты күшейтуді, жайлап айтуды, тоқтатуды айтады. Сөйлемдегі ең керекті емес қыстырма сөздерді шапшандатып, дауысты бәсеңдетіп айтады. Былайғы сөздерді жай дауыспен бір сарында айтады. Ұлы тынысқа (нүктеге – Ш.Ж.) ұзақ тоқтайды да, оның алдындағы сөзін күштірек айтады. 2 нокатқа (қос нүктеге – Ш.Ж.) көбірек тоқтап, дауысты бір нәрсені күткен сияқты үзеді, бірақ алдындағы сөзін онша жай да, онша күшті де айтпайды. Көп нокатқа кілт кідіріп, ұзақ тоқтайды. Сызықшаға дауысты көтеріңкіреп, кіші тыныстағы сияқты сәл ғана дауысты көтеріңкіреп, кіші тынысқа сәл ғана тоқтайды. Лептеу мен сұрау белгілері бар сөйлемде соңғы сөз емес, мәнілі күйінде тұрған сөз күшті айтылады» [3,21]. 9 – тақырыпта тіл сабағының негізгі мақсаты баланың өз ойын дұрыс, нақты, жүйелі түрде жеткізуге үйрету болғандықтан, сөйлеп төселу, кітапты пайдалануға да жаттығулар мен тапсырмалар беріп, пысықтау-бақылау жұмыстар жүргізудің

жөнін сілтейді. II тарау қазақ тілінің дыбыс жүйесі турасында автор 1931 жылы Қызылордадан шыққан «Тіл дамытудың» 2 - кітабында да сөз болған. Бұл еңбекте дауысты дыбыстың жуан, жіңішкеге жіктелетіні, дауыссыздардың буын құрай алмайтындығы қайталанса да дауыстылар 9 (а, о, ө, ы, ү, ұ, е, і, ә), дауыссыздар 20 (б, ш, ж, д, г, ғ, й, һ, к, у, ц, н, ң, п, р, с, т, з, қ, л) екендігі нақты санамаланады. «І-нің жуан сыңары жоқ» [3,27], а-ның жіңішке сыңары е болып беріледі. «Қ, ғ ылғи жуан кезде, к, г ылғи жіңішке кезде келеді» [3:28] дейді. Дауыссыз дыбыстар айтылғанда шудан басқа дауыста естілмесе, ұяң, тек шу естілсе, қатаң дауыссыздар, р, л, н, м, ң айтылғанда шу өте аз, дауыс өте күштірек болғаннан оларды үнді ұяң дейді. Ал й, у, - жарты дауысты ұяңның бір қатаң сыңары бар. Сыңарсыз үнді мен шала дауысты ұяңдар. Қазақ сөзінде еріндік дауыстардың алғашқы буында келетінін, сөз соңында б, д, г, ғ, и дыбыстары келмейтінін ескертеді. III тараудағы «Сөз түрлері», «Жалғаулы және жалғаусыз сөздер», «Сөз тұлғасының жігі», «Қайталама сөздер – қос сөздер», «Кіріккен сөздер» деген 4 тақырыпқа бөлініп баяндалған. 1-тақырыптың 2-кітапта қосымша жаңалықтары баршылық. Мұндағы жалғаулы (мағыналы), жалғаусыз (демеу) сөздер деп отырғаны – тіліміздің қазіргі негізгі және көмекші сөздері. Тек қана көмекші сөздерге (жалғаусыз сөздерге) одағай, шылаудың басқа түрлері, еліктеуіш сөздерді қоспаған. Мағыналы (негізгі) сөздерге сөйлем ішінде тұрса да, жеке айтылса да өз алдына мағынасы бар, демеулерге өз мағынасы жоқ, басқа сөздің мағынасын толықтыратын сөздер деген анықтамалар береді. Демеулерге жалғау қосуға болмайды, мағыналы сөзден бөлек жазылады дейді. Олардың қазақ тілінде аз екендігін айта келіп -ақ, -ай, -ау, -ма? ше? қой (ғой, құрлы, (ғұрлы), мен, да, үшін, берді, көрді, шейін, сайын, деген мысалдар келтіреді [3,42]. 2-тақырыпта сөз тұлғасының жігін 1) сөздің түпкі мағынасын көрсететін *түбір*, 2) түпкі мағынасын көрсете алмайтын жалғау деп ажыратады. Жалғау қойылған сөзді *тұлғалы сөз*, жалғау қосуға келмейтін сөзді *тұлғасыз сөз* дейді. Кейбір жалғаулар түпкі сөздің мәнісін өзгертіп жаңадан сөз туғызады, олар – сөз туғызушы жалғау немесе жұрнақ. Түпкі сөздің мәнісін өзгерте алмайтындар, тек сөз араларын байланыстыратындары ғана болады, олар - сөз *түрлеуші жалғау* не қысқаша айтқанда, *жалғау*. Жұрнақ бір сөзде біреу ғана болады. Алдымен жұрнақтар, содан соң барып жалғаулар қосылады. 3 – тақырыптағы ерекше бір жаңалық – қос сөздердің жасалуы мен мағынасының бірлігін ашып бергендігі. Мәселен 1) *ойды күшейту үшін*, көбінесе сөз түбірлері қайталанып қосарланады (қатар-қатар), 2) *ойды жалпылау үшін* қос сөздер көбіне 2 түрлі түбірден құралады (бала-шаға, төсек-орын), 3)



нәрсенің сынын күшейту үшін түбірдің алдыңғы буынын қайталайды (ерні жып-жыбыр, өзі жұп-жұмыр) [3,42]. 4 – тақырыпта кіріккен сөздер ғана сөз болады. Бұл құбылыстың себебін екі немесе одан да көп сөздің «қатар ұсталып жүргендігінен» деп түсіндіріледі. Кіріккен сөздердің 2 түрі бар 1) «мәнісі де, екпіні де, дыбыс заңдары да бірлеседі» (биыл, сүйтсе де, бүгін), 2) «дыбыстары тегіс үндестік заңына көні болмаса да мәнісі мен екпіні біріккен» [3,47] сөздер. IV бөлім. «Сөз жүйесі» деп аталады. «Есімдер», «Көптік, жекелік жалғаулар», «Жай және тәуелді түрлер», «Тәуелді түрдің септеулері», «Ортақ және оңаша тәуелдеулер», «Есімдіктердің септік жалғаулары», «Етістіктер – жіктеулі сөздер», «Етістіктің жіктеулері», «Етістіктің мәнісін дәлелдейтін жұрнақтар» деген 9 тақырыптың басын біріктірген. Аталған бөлімде есімдерді жалқы есім, жалпы есімге бөліп, оларды мәнісіне қарай зат есім, сын есім, сан есім, есімдікке жіктейді. Есімдердің сөз өзгертуші жалғаулары – септік, көптік жалғаулар. Есімдерде көптік жалғаулар. Есімдерде көптік, жекелік айырбастар бар. Сын есімде тек сыны (тас көпір, ағаш үй), сыр сыны (жуан, жіңішке) болады. «Сыр сыны мен кейбір зат есімдердің, көбіне адамның қалыбын я мезгілді көрсететін сөздер 3 шырай: 1) жай шырай, 2) талғаулы шырай (-ырық, -ірік), 3) таңдаулы шырай (ең, тым, өте, аса). Бұдан кейін жай және тәуелді септеу, ортақ және тәуелді септеу, ортақ және оңаша тәуелдік, ортақ тәуелдіктің септелуі, етістіктің жіктелулері, ашық, бұйрық, шартты райлар сөз болады, соңғы тақырыбында «етістіктің мәнісін дәлелдейтін жұрнақтар», яғни туынды етістік (Шонановта – туынды түбір) жасайтын жұрнақтарға мысал келтіріп, беретін грамматикалық мағыналарын баяндайды. V бөлім – «Жаңадан сөз туғызу» бөлімінде сөз болған есімдіктерден туған етістіктер, етістіктен туған есімше, етістіктен туған жай есімше, етістіктен туған жай есімдер, есімнен туған есімдер, көсемше, тіл дамытып, кітаппен пайдалану тақырыптарында ерекше айтар жаңалық шамалы. VI, VII бөлімдер сөйлемнің сөйлем мүшелері, сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері деген 2 мәселесіне арналған. Бөлімде сөйлем мүшелері жеке-жеке, көп бастауышты сөйлем, көп баяндауышты сөйлем, бірнеше бірыңғай тұрлаусыз мүшелі сөйлем, жай және құрмалас сөйлемдер, құрмаластың қиысулы құрмалас деген түрі және сөйлемдегі сөздердің орны деген тақырыптар талданады. Мұндағы автордың қиысулы құрмалас деп отырғаны – «құрылысы жағынан да, мағына жағынан да бірбірінен айыруға келмейтін болып қосылған сөйлемдер» [3,83]. Мысалдары: 1. Табандап күрескенде ғана төрешілікті құртуға болады. 2. Коммунарларға қарап төңкерісшіл батылдыққа үйренемін.

1934, 1936 жылдары Қызылорда қаласында 3, 4-класстарға арналған 95 бет болып басылған «Қазақ тілі. Грамматика мен емле» оқулығын Телжан Шонанұлының осыған дейінгі оқулықтарының теориялық жағынан болсын, практикалық жағынан болсын жиынтығы деуге болады. Оқулықтағы грамматикалық ұғымдарға қосымша өзгерістер жоққа тән.

Т.Шонанұлы орыс мектептері, орыстар үшін 5 әліппе және оқу құралдарын (1923, 1925, 1927, 1931, 1935 жылдар) жазған. Олар: 1) Қазақ тілінің оқу құралы (орыс мектептері үшін), Алматы, 1923, 88 бет), 2) Орыстар үшін қазақ әліппесі (Орынбор, 1925, 99 бет), 3) Самоучитель киргизского языка для русских (Словрь и краткая грамматика) (Қызылорда, 1927, 99 бет), 4) Орыстар үшін қазақ әліппесі (Алматы, 1931, 88 бет), 5) Қазақ тілінің оқу құралы (орыс мектептері үшін) (Алматы, 1933, 97 бет). Осы еңбектердің қолымыз жеткен соңғы екеуіне шолу жасап көрелік. «Орыстар үшін қазақша әліппе» 1931 жылы Алматыда 88 бет болып жарық көрген. «Әліппеде» 70 сабақ және соңында қазақша-орысша сөздік берілген. 1-22 – сабақтарда дауысты дыбыстармен таныстырады. Алдымен орыс тілінде бар дыбыстармен, содан кейін барып қазақ тіліне ғана тән дыбыстарды үйретеді. 22-24 – сабақты қазақ әліппесінің тәртібімен, е-ден басқа дауыстыларды жуан-жіңішке болып жұптасатындығын, осыған байланысты қазақ сөзінде үндестік заңы (сингармонизмнің) сақталатындығын байқатады. Пысықтау-жаттығу жұмыстарын береді. 25, 26 – сабақтарда қазақ тіліндегі дауыссыздармен таныстырып, олардың қатаң (глухие), ұяң (звонкие) болып бөлінеді, кейбір қатаңдықтардың ұяң сыңарлары бар екендігін түсіндіреді. Сыңарсыз ұяң деп отырғаны қазіргі үнді дауыссыздар. 27-29 – сабақтарда қайда? қашан? деген сұрақтарға жауап бергізу мақсатында жаттығу, бекіту жұмыстарын жүргізеді. 30-31 – сабақтар қандай? 32-сабақ қанша? неше? нешеу?, 33, 34 – сабақтар кімнің? ненің?, 35 – сабақ «Атың кім?», 36 – сабақ кімнен?, 37-39 – сабақтар қандай?, 40, 41 – сабақтар қайда? неге? кімге? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерге арналып, жаттығу, бекіту сабақтары келтірілген. 42 – сабақ жоғарыдағы сұрақтарға жауап беру арқылы пысықтау сабағы болып шыққан. 43 – сабақта «Класс» деген лексикалық мәтін беріп, талдатады. 49-70 – сабақтарда алғашқы 42 сабақта өтілген тақырыптар бойынша жаттығулар, тапсырмалар үйде, класта орындау үшін берілген. Сабақтарда түрлі материалдар берілген.

Орыс мектептеріне арналған «Қазақ тілінің оқу құралы» 1933 жылы Алматыда 97 бет болып басылған. Еңбек 4 бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім 15 сабаққа бөлінген. Кіріспеде сабақтарды бастамас бұрын өткен материал-



дарды пысықтайтын жаттығулар берілген. 1-сабақ амандасу, 2-сабақ адаммен сөйлесу (обращение к человеку), екпінге, 3-сабақ қ, з, ө, г әріптерінің жазылуы, дыбыстардың айтылуы мен әңгіме-диалогқа, 4-сабақ ү, ң, һ әріптерінің жазылуы, дыбыстардың айтылуы мен сурет арқылы жаңа сөздер үйретуге, 5-сабақ қазақ әліппесі және қазақ тіліне тән дыбыстардың (ә, э, һ, ы, ң, ө, о, ұ, ү, у) дұрыс айтылуы тізбе-кестеде тапқыр да түсінікті етіп баяндалған. 6-9 – сабақтар Қазақстан қалаларына, класты суреттеуге және қатаң, ұяң дауыссыздардың дұрыс айтылуы, жазылуына, 12-15 – сабақтар і, ұ, ү, у әріптерінің дұрыс жазылуына арналып, қазақ тілінде б, д, з, г дыбыстарының сөз соңында келмейтіндігі ескертіледі. II бөлім «Оқу, жазу және сөйлеу» деп аталады. 43 сабақтан құралған. Бұл бөлім Т. Шонанұлының 1931 жылы жазған «Орыстар үшін қазақша әліппесінің» толықтырылған түрі десе де болады. III бөлімінде қазақ тіліндегі септеу мен жіктеудің үлгілері бұрынғыша, бірақ кесте түрінде беріліп түсіндірілген. IV бөлім – қазақша-орысша алфавиттік сөздік.

Т. Шонанұлының мақалаларының шартты түрде қазақ тіліне (32 мақала), әдебиетіне (4 мақала), педагогика мен әдістемеге (13 мақала), саясатқа, дінге (2 мақала) арналған мақалалар деген тақырыптарға жіктеуге болады. Қазақ тіліне қатысты мақалаларының 20-сы латын әліппесін енгізу туралы, 1 мақала араб әліппесінің тарихы жайында (1926), ал 1929 жылдан кейінгі әліппеге арналған 4 мақаласы енді орыс графикасына көшу турасында. Өзге мақалалары орыстарға қазақ тілін үйрету (2 мақала), бір мақаласы тіл үйретудің бағдарламасы, қазақ тілінің жазу-сөйлеу заңдылықтары (2 мақала) туралы. Солардың ішінде қолда бар 3 мақаласының мазмұнымен танысып көрейік. 1923 жылы наурыз айында А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мүшел тойына арналып орысша жазылып, архивте қолжазба күйінде қалып қойған еңбегі – «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» атты мақаласы [4]. Ахмет қазақ мектептерін дүмше молдалардан және патша миссионерінен құтқарды, «тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің барлық заңдылығы бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тіліміздің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты» деген [4:125]. баға берді. «Тіл заңын бұзбау керек» атты мақаласы сөйлемдегі сөздердің орыс тәртібіне арналған. Анықтауышқа сөйлем ішіндегі бастауыш пен толықтауыштардың сын-сипатын көрсететін қосар мүше деген анықтама береді. Мәселен, Қысқа жіп күрмеуге келмейді. Мырқымбайдың асығы түгел» деген сөйлемдердегі, қысқа, Мырқымбайдың деген анықтауыштар жіп, асығы сөздерді анықтап тұр. Практикалық синтаксис стилистикасы тұрғысында «қазақша дұрыс сөйлейтін кісі қай күнде де, қай жерде де анықтауышты

анықталатын сөздің алдына алып сөйлейді» дейді. Мақалада сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі жайлы газет бетінде, іс қағаздарында «Күшікбайұлы Мырқымбай жолдас Үйшіктен Текеге жүріп кетті» деп жазудан сөйлем мазмұн-мағынасына (сөйлем семантикасына – Ш.Ж.) нұсқан келетіндігінің себебі, біріншіден, Үйшік, Текенің қала екенін білмейтін адам Күшікбайұлы Үйшік деген кісіден Теке деген кісіге жүріп кеткен екен деп түсінуі мүмкін, екіншіден, бұл «тілдің бадырайған заңын елең қылмай, орысша ойланбай еліктеу» деп сынға алады. «Шет сөздер емлесі жайында (емле съезіне ұсыныс ретінде)» атты мақаласында емлеге қатысты 31 ұсыныс тізбеленген. Мақала «Емле негізгі», «Шет сөздер дыбыстарын қазақ тілінде қалай өзгертіп жазу керек» деген 2 бөліктен тұрады. Алғашқы параграфтағы 4 ұсыныс шет ел сөздерін дұрыс жазудың теориялық негіздемесі сипатты. Олар 1) шет ел сөздерінің емлесін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек; 2) ол сөздердің түбірі мен қосымшаларын үйлестіру қажет; 3) ол үшін дыбыс негізіне сүйеніп (фонетикалық принцип), жаңа пішін меңзеу заңымен (морфология, аналогия) жазу керек. Пішін меңзеу заңы дегеніміз, мәселен, шет ел сөзі (социалистический) сын есім болса, біз де соның соңына жалғау тіркеуіміз кеерек. Мысалы, тас үй, қазақ малы деген тіркестердегі сын есімдерде жалғау бар ма? деген сауал қояды. Ал дыбыс негізіне сүйену дегеніміз тілімізге ертеректе еніп, тіліміздің заңына бағынып кеткен араб-парсы, орыс сөздерін негізге алайық деген ұсыныс жасайды; 4) тілдерде бір дыуыссыз дыбыс көршілеріне әсер етеді, яғни қатайтады, жұмсартады. Мұны еліктеу заңы (ассимиляция) дейміз. Орыс тілінде тартыншақ еліктеу (регрессивная ассимиляция: пробка-пропка, сбереги-збереги) болса, қазақ тілінде итіншек еліктеу (прогрессивная ассимиляция: ұрын, ұтқан, ағза, асқа) бар. Итіншек еліктеу бар тілімізде кейбір сөздерді (әліпбе – дұрысы әліппе) тартыншақ еліктеу заңымен жазып шатасып жүрміз дейді. Тілімізде еліктіруге қарсы іріту заңы (диссимиляция – Ш.ж.) бар. Іріту заңы дегеніміз – бірінғай айтуға қиын дыбыстар тіркес келеді де оңайлау үшін іріп, олардың әр жолдан шығуға тырысуы (қазақ тілінде ат+шы болғанымен, түрік тілінде ат+чы). Қазаққа ат айналар деп айтқыза алмайсың. Итіншек еліктіру мен іріту заңы дауыссыз дыбыста болса, дауысты дыбыстарды үндестік (сингармонизм) заңы бар. Бұл заңдылықтарды ұстанбасақ, шетел сөзіне қазақтың тілі келмейді. Оның себебі әр тілде әр дыбыстың жолы (артикуляционная база) болады деп түсіндіреді. Мақаланың 2 – бөлімінде шет ел сөздерін сөз басында, сөз соңында қалай өзгертіп жазу жөніндегі өз ұсыныстарындағы басты ерекшелік – шет ел сөзін ана тіліміздің айтылу ерекшелігіне негізделіп, яғни орфографияны орфоэпияға бағындару.



Жоғарыдағы оқу құралдары мен мақалаларындағы пәндік атауларды (лингвистикалық терминдерді) Т. Шонанұлына дейін қолданылған және өзінің енгізген терминдері деп бөлуге болады. Алғашқы топта тыныстық белгілер, абзацты сөйлеу, үтірді кіші тыныстық, тұрлаулы мүшелерді бас мүшелер, фонетикалық принципті дыбыс негізді деп атау, 6 септікті ғана сөз етті.

А. Байтұрсынұлынан шылауларды (Т. Шонанұлында демеулер), яғни өзгермейтін сөздер деп бөлу, Ы. Алтынсариннен келе жатқан дәстүрлі атаулар. Екінші кезекте Т. Шонанұлының өз тұжырымдары мен пайымдауларынан туындаған тілдік құбылыстар мен лингвистикалық терминдер де баршылық. Мәселен жана жолды азатты жол, абзацты бөлім, тұрлаусыз мүшелерді түсіндіруші немесе жандай шап мүшелер, буынның дыбыстық құрылымын б-ға жіктеуі, дауысты, дауыссыздардың еркін айтылу, айтылмау қасиеттерін байқауы, қос сөздер құрамының өзгешеліктерімен байланыстыруы, септеу, жіктеу, жақтау жалғаулары деп атауы, қаратпа сөзді шұқшылма сөз, жақшаны қоршау, төл сөзді кейде төл сөйлем, автор сөзін қыстырма сөйлем, тыныс белгілерінің интонациялық ерекшеліктерін нақтылап баяндауы, бірыңғай мүшелерді бір түрлі мүшелер, сөз екпінін сөз мәнілі, лептеу, сұрақ белгісі деп атау, артикуляциялық базаны дыбыстың жолы, 1929 жылғы мақаласының өзінен-ақ сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сөйлем семантикасына әсері, ассимиляцияны еліктіру заңы, оның тартыншақ заңы, итіншек заңы деген 2 түрін ажыратып, диссимиляцияны іріту заңы деп атауы, 1931 жылғы оқу құралында а-ның жіңішке сыңары е дегенді кейінгі еңбектерінде а-ның жіңішке сыңары ә деп түзетуі, қазіргі үнді дауыссыздарды үнді, ұян, қазақ тіліндегі кейбір дыбыстар буын таңдайтындықтан, сөз басында, соңында келмейтіндіктерін, негізгі және көмекші сөздерді лексикалық-семантикалық тұрғыда мағыналы, мағынасыз деп, ал морфологиялық тұрғыда жалғаулы, жалғаусыз деп бөлуі, кіріккен сөздің мағынасы (мәнісі), екпіні, дыбыс заңдары бірдей болса, біріккен сөздің дыбыстық заңдарында, өзгешелік бар екенін айқындаулары – қазақ лингвистикасы үшін ғылыми теориялық іргелі де келелі жаңалықтар.

Қорыта келгенде, Телжан Шонанұлы:

- 1) қазақтың гуманитарлық ғылымдарының бастауында тұрған тарихи тұлға;
- 2) латын және орыс әліппесіне негізделген, орыс мектебіне және ересектерді сауаттандыруға арналған әліппелер мен оқулықтардың алғашқы авторларының бірегейі;
- 3) орыс мектептері және орыстар үшін жазылған алғашқы қазақ тілі оқулығының авторы ғана емес, алғашқы әдістемешісі;
- 4) қазақ тілінің грамматикасына арналған еңбектері қазақ лингвистика-

сының қалыптасуына қосылған қомақты қазына. Шолу мақаланың мақсаты ғылыми мұрасының мазмұнымен таныс болғысы келген зерделі қауымға баяндау мақсатында ғана. Қосқан үлесін салыстырып, саралап салмақтау – Т.Шонанұлының лингвистикалық мұрасымен түгел танысып болып жасалар жұмыс;

5) қазақ тілінің жазушылар шығармашылығында, баспасөз бетінде және іс қағаздарда қолдануында заңдылықтары мен нормаларын сақтап, нағыз әдеби тіл болуы үшін еңбек еткен ғалым;

6) өмірі мен шығармашылығын қазақтың жері, ұлты, тілі, мемлекеттік құрылысы және тәуелсіздігі, яғни дербес Қазақ мемлекетін құруға арналған қайраткер. Шоқан Уәлихановтың «Ұлт болу үшін алдымен тәуелсіздік, содан соң білім керек» деген ұлы тезисін темірқазық етіп өткен күрескер;

7) оқу-ағартушылық, ғылыми-шығармашылық тұрғыда Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы секілді Алаштың алдаспандарымен қатар тұратын ардагер.

Осындай тұлғаның жазықсыздан жапа шегіп жазалануы – тарихи әділетсіздік болса, ал азамат ақталғанда одан қалған мұраны оқып-үйреніп, зердемізге тоқымау, сабақ алмау – одан да өткен әділетсіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сарыбаев Ш.Ш. Телжан Шонанұлы // «Ана тілі» газеті, 1991. – № 27, 4 шілде. – Б. 7.
2. Шонанұлы Т. Тіл дамыту. 2 – кітап. Білім кеңесі І басқыш қазақ мектебі үшін ұнатқан. – Қызылорда, 1931. – 54 б.
3. Шонанұлы Т. Тіл дамыту. III бөлім. I басқыш мектептер үшін оқу-әдіс секторы ұнатқан. – Алматы, 1931. – 41 б.
4. Шонанұлы Т. Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында (қолжазбаны қазақшаға аударып бастырған Б.Байғалиев) // «Жұлдыз» журналы. – 1992. – № 2. – Б. 123-128.
5. Шонанұлы Т. Тіл заңын бұзбау керек // Еңбекші қазақ. – 1926. – № 96.
6. Шонанұлы Т. Хрестоматия для малограмотных взрослых. – Қызылорда, 1926.
7. Шонанұлы Т., Жолдыбаев М. Жаңа арна. – Қызылорда, 1928. – 167 б.
8. Шонанұлы Т. Шет сөздер емлесі жайында // Еңбекші қазақ. – 1929. – № 96.
9. Шонанұлы Т. Шет сөздер емлесі жайында // Еңбекші қазақ. – 1929. – № 66-67.
10. Шонанұлы Т. Жаңалық (әліппе). 2 – басылым. – Қызылорда, 1929. – 72 б.
11. Шонанұлы Т. Жаңалық (әліппе). 2 – басылым. – Қызылорда, 1929. – 89 б.



12. Шонанұлы Т. Сауаттан. – Қызылорда, 1930. – 48 б.
 13. Шонанұлы Т. Жаңалық (әліппе). 2 – басылым. – Қызылорда, 1931. – 88 б.
 14. Шонанұлы Т. Орыстар үшін қазақша әліппе. – Алматы, 1931. – 88 б.
 15. Шонанұлы Т. Тіл дамыту. 2 – кітап. – Қызылорда, 1930. – 54 б.
 16. Шонанұлы Т. Қазақ тілінің оқу құралы. Орыс мектептеріне арналған. – Алматы, 1933. – 97 б.
 17. Шонанұлы Т. Қазақ тілі. Грамматика мен емле. 3-4 – кластарға арналған. – Алматы, 1933. – 97 б.
 18. Шонанұлы Т. Латын әліппесін жақтап сөйлеген сөзі // Әліппе айтысы (құрастырушы Ш.М. Мажитаева). – Қарағанды: ҚарМУ, 1990. – Б. 46-72.
 19. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995.
 20. Шонанов Т. А. Байтұрсынов // «Заман-Қазақстан» газеті. – 1996 жыл 26-шілде. – Б. 9.

1-қосымша

Т.Шонанұлы, А.Байтұрсынұлы және Қ. Жұбановтардың фонетикалық еңбектерін салыстыру кестесі

Шонанов Т.Тіл дамыту. III бөлім, 1931	Байтұрсынов А. Тіл – құрал, 1914	Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы, 1936
<p>29 дыбыс бар: а, о, е, и, ү, ы, е, і, ә, б, ш, ж, д, г, ғ, й, һ, к, л, м, н, ң, қ, р, с, т, з, у, п.</p> <p>Тіл дыбыстары айтылуына қарай:</p> <p>1) Дауысты 9: а, о, е, и, ү, ы, е, і, ә.</p> <p>2) Дауыссыздар 20: б,п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, к, қ, г, н, л, м, ң, у, й, һ.</p> <p>Дауысты дыбыстар:</p> <p>1) Жуан 4: а, о, и, ы.</p> <p>2) Жіңішке 5: ә, е, ү, і, е.</p>	<p>Тіл дыбыстары 24: а, б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, ң, л, м, н, о, ұ, и, у, е, ы.</p> <p>Тіл дыбыстары:</p> <p>1) Дауысты 6: а, о, ұ, ы, и, е.</p> <p>2) Дауыссыз 17: б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, н, л, м, ң.</p> <p>3) Жарты дауысты 2: у, й.</p> <p>Дауыссыз дыбыстар:</p> <p>1) Қатаң 10: б, п, т, д, ш, с, ғ, қ, к, г.</p> <p>2) Ұяң 7: ж, р, з, л, м, н, ң.</p> <p>3) Ымырасыз 3: м, н, ң.</p> <p>«Тіл – құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері). 1925.</p> <p>Дауыссыз дыбыстар:</p> <p>1) Жарты дауысты 4: у, и, р, л.</p> <p>2) Қатаң 7: б, п, т, с, ш, к, қ.</p>	<p>26 сапалы дыбыс бар: а, б, ш, д, е, г, ғ, й, к, л, м, н, ң, қ, р, п, с, т, ұ, у, ұу, үу, з, ый, о, ж.</p> <p>Дыбысталу түріне қарай:</p> <p>1) дауысты 7: а, е, о, у, ы, ұу, ый.</p> <p>2) Дауыссыздар 12: к, қ, ш, с, т, п, б, д, з, ж, г, ғ.</p> <p>3) Сонор дыбыстар 7: у, й, р, л, м, н, ң.</p> <p>Дауысты дыбыстар:</p> <p>1) Дыбысталу түріне қарай: а) толық дауыстылар: а/ә, о/ө, е. Б) келте дауыстылар: ы/і, ү/ү. В) қосынды дауыстылар: ұу, үу, ый.</p> <p>2) Жасалу түріне қарай: а) ерін дауыстылар:</p>



<p>Дауыссыз дыбыстар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қатан: б, п, т, с, ш, қ, к 2) Ұяң: б, д, з, ж, г, ғ, һ 3) Үнді-ұяңдар: р, л, м, н, ң 4) Жарты дауысты ұяң й, у 	<ol style="list-style-type: none"> 3) Ұяң 3: м, н, ң. 4) Ымыралы 2: з, ж. 5) Ымырасыз 3: д, г, ғ. <p>Тіл дыбыстары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Дауысты 5: а, о, у, ы, е, и. 2) Дауыссыз 19: б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, г, қ, к, ғ, н, л, м, ң, у, й <p>«Дыбыстарды жіктеу туралы» 1927.</p> <p>- дауыстылар: а, р, ң, л, м, е, о, ұ, у, ы, и</p> <p>II. дауыссыздар: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г</p> <p>Дауыстылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық дауыстылар: а, е, о, ұ, ы. 2) шала дауыстылар: р, ң, л, м, н, у, и. <p>Толық дауыстылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) аңғал түрлісі: а, е, ы 2) қымқырау түрлісі: о, ұ <p>Шала дауыстылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Ауыз шығысты: р, л, у, и 2) Мұрын шығысты: н, м, ң, <p>Дауыссыздар айтылуына қарай;</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қысан жолдылар: о, ш (ашықтары) п, т, к, к 2) босаң жолдылар: з, ж, (ашық), б, д (тұйық), ғ, г (тұйықтау) <p>Дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) өткелділер: а, р, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, и 2) өткелдсіздер: б, п, т, ж, з, с, ш, ғ, қ, к, г 	<p>о/ө, ұ/у. Б) езу дауыстылар: а/ө, ы/і.</p> <p>Дауыссыз дыбыстар: Үннің қатынасу шамасына қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Үнсіздер: қ, к, т, п, ш, с. 2) Үнділер: г, ғ, ж, з, д, б. <p>Созымды-созымсыздығына қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) үздіктілер: қ, к, т, д, ғ, г. 2) Үздіксіздер: п, ш, с, б, ж, з. <p>Жасалу түріне қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жабысыңқы: қ, п, ғ, г, б. 2) Жуысыңқы: т, с, д, з, ш, ж. <p>Жасалу орнына қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Көмей: қ, к, ғ, г, (сонор ң) 2) Ерін п, б (сонор м, у) 3) Тіс: т, ш, с, д, ж, з. 4) Тандай: (й, р, сонор) <p>Сонорлар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Тура жолды: у, й 2) Айналма жолдар: р, л, н, ң, м. А) Мұрын жолды айналма: м, н, ң. Б) ауыз жолды айналма: р, л.
--	--	--



<p>«Тіл дамыту. 2 кітап» 1931 ж.</p> <p>Буын түрлері: 1) Ашық буындар (дауысты дыбысқа тынған) а) Жалғыз дауысты (у) б) дауыссыздың артынан дауысты (қа)</p> <p>2) Бітеу буындар (дауыссыз дыбысқа тынған) а) дауысты артынан дауыссыз (ал) б) ортасы дауысты 2 жағы дауыссыз (бақ) в) дауыстының артынан 2 дауыссыз (ұлт) г) дауыстының алдынан 1, артынан 2 дауыссыз (кілт)</p> <p>«Тіл дамыту. III бөлім» 1931.</p> <p>1) Сингармонизм (үндестік заңы) – дауыстылардың үндесуі 2) Итіншек еліктіру (прогрессивная ассимиляция) я ілгерінді ықпал. 3) Тартыншақ еліктіру (регрессивная ассимиляция). 4) Іріту заңы (диссимиляция)</p>	<p>«Тіл құралы» (қазақ тілінің сарфы) 1914.</p> <p>Буын түрлері: 1) ашық буын – бас харфі не аяқ харфі дауысты буын. 2) Бітеу буын-бас харфі де, аяқ харфі де дауыссыз яки жарты дауысты буын. 3) Тұйық буын-буыншыдан басқа әріпке тірелсе.</p>	<p>Буын түрлері: Дыбыстың санына қарай: 1) 1 дыбысты 2) 2 дыбысты 3) 3 дыбысты 4) 4 дыбысты</p> <p>Дыбыстардың орнына қарай: 1) Жалаң буын (д) 2) Ашық буын (дз/ср+ды) 3) Жеңіл тұйық (ды+дз/ср) 4) Жеңіл бітеу (дз/ср+ды+дз/ср) 5) Ауыр тұйық буын (ды+ср+дз) 6) Ауыр бітеу (дз/ср+ср+дз)</p> <p>1) Буын үндестігі. 2) Дыбыстың үндесуі: а) Ұмтыла үндесу (прогрессивная ассимиляция) б) Тартына үндесу (регрессивная ассимиляция)</p>
---	--	---

**Т. Шонанұлы, А. Байтұрсынұлы және Қ. Жұбановтардың
морфологиялық еңбектерін салыстыру кестесі**

Шонанов Т. Тіл дамыту. ІІІ бөлім, 1931	Байтұрсынұлы А. Тіл құрал (қазақ тілінің сарфы), 1914	Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы, 1936
<p>Сөз түрлері:</p> <p>1) Жалғаулы және жалғаусыз сөздер –(мағыналы және демеу сөздер);</p> <p>2) Түбір және жалғау</p> <p>3) Қос сөздер-қайталама қос сөздер;</p> <p>4) Кіріккен сөздер.</p> <p>Жалғаулар:</p> <p>1) Жұрнақ (сөз тудырушы жалғау)</p> <p>2) Дәнекер-жалғау (Сөз түрлендіруші жалғау)</p> <p>Қос сөздер</p> <p>Мағынасына қарай:</p> <p>1) Жалпылағыш</p> <p>2) Жалғылағыш</p> <p>Жасалуына қарай.</p> <p>1) қайталама сөздер</p> <p>2) қосарлама сөздер</p>	<p>Сөз тұлғасына қарай:</p> <p>1) Түбір сөз</p> <p>2) Туынды сөз</p> <p>3) Қос сөз</p> <p>4) Қосалқы сөз</p> <p>5) Қосымшалар</p> <p>Қосымша түрлері:</p> <p>1) Тысқарғы жалғау-жалғау</p> <p>2) Ішкері жалғау-жұрнақ-жұрнақ</p> <p>Қос сөздер</p> <p>1) Жалпылағыш</p> <p>2) Жалқылағыш</p> <p>Сөз мағынасына қарай:</p> <p>I. Атауыш сөздер:</p>	<p>Сөз тұлғасына қарай:</p> <p>Қосымша түрлері:</p> <p>1) Жалғау (1 сөзі басқа 1 сөзбен қиындастыру үшін)</p> <p>2) Үстеу (түп мағынасы үстеме мағына қосады)</p> <p>Қосар сөз</p> <p>1) Теңдес қосар:</p> <p>а) мәнделес қосар</p> <p>б) қайшы мәнделес қосар</p> <p>в) Көрші мәнделес</p> <p>2) Сөздес қосар:</p> <p>а) үндес қосар</p> <p>б) өндес қосар</p> <p>3) Матаулы қосар</p> <p>4) Тіркеулі қосар</p> <p>5) Қосақты қосар</p> <p>Кіріккен сөздердің құрылысына қарай:</p> <p>1) Жалғасылу кіріккен</p> <p>2) Қиюлу кіріккен (қысқарған сөздер)</p> <p>Қосалқы сөз:</p> <p>1) Дәйек қосалқы (тым, әрең)</p> <p>2) Аяқ қосалқы «Қазақ тілінің програмы» (1936ж.)</p>



<p>I Есімдер: 1) Зат есім. 2) сын есім 3) сан есім 4) есімдік. II. Етістіктер. III. Демеу.</p> <p>Есімдердің түрлері: 1) Жалқы есім 2) Жалпы есім 3) Жай тұр 4) Тәуелді тұр</p> <p>Тәуелді түрдің 3 жағы бар: 1) I-жақ 2) II-жақ 3) III-жақ</p> <p>Тәуелдіктің 2 түрі бар: 1) Оңаша 2) Ортақ</p> <p>Есімдерде 2 айырыс бар: 1) Көптік 2) Жекелік</p> <p>Жалғау: 1) септік, 2) көптік. Септеулер: 1) Атау 2) Ілік 3) Барыс 4) Шығыс 5) Табыс 6) Жатыс</p>	<p>1) Зат есім, 2) сын есім, 3) сан есім, 4) есімдік, 5) етістік. II. Шылау сөздер 1) Үстеу, 2) Демеу, 3) Жалғаулық, 4) Одағай.</p> <p>Байтұрсынов А. Тіл құралы (қазақ тілінің сарфы). –Орынбор 1915</p> <p>Зат есім тегі бойынша: 1) деректі 2) дерексіз 3) жалқы есім 4) жалпы есім Зат есімде 2 қалып бар: 1) жай 2) тәуелді</p> <p>Тәуелді қалыпта 3 жақ бар: 1) I-жақ (мендік) 2) II-жақ (сендік) 3) III-жақ (бөгделік)</p> <p>Тәуелдік 2 түрлі: 1) оңаша тәуелдік 2) ортақ тәуелдік</p> <p>Зат есімде 2 айырыс бар: 1) жекелік 2) көптік Жалғау: 1) септік 2) көптік Септеулер: 1) Атау 2) Ілік 3) Табыс 4) Барыс 5) Жатыс 6) шығыс</p>	<p>«Қазақ тілінің програмы» (1936ж.) I. Түбір тап: 1) есім. 2) етістік. 3) есімдік. II. Шылау тап: 1) Сеп жалғауыштар, 2) Дәнекерлер 3) Үстеуіштер III. Одағайлар: 1) малшылық одағайлары 2) көңіл күйін хабарлайтын-дары 3) жеткіліксіздері.</p> <p>Есімдер: 1) Зат есім 2) Сан есім 3) Сын есім 4) Мезгіл есім</p> <p>Зат есімнің түрлері: 1) көптік 2) жеке 3) белгілі 4) белгісіз</p> <p>Тәуелдіктің 3 жағы: 1) I –жақ 2) II-жақ 3) III-жақ</p> <p>Тәуелде: 1) Ортақ 2) Оңаша Септеулер: 1) Атау 2) Ілік 3) Табыс 4) Барыс 5) Шығыс 6) Жатыс 7) Теңдес 8) Меңзес 9) Көмектес</p>
--	---	--

<p>Сын есім: 1) Тек сыны (тас көпір), 2) Сыр сыны</p> <p>Сыр сынында 3 шырай бар: 1) жай 2) талғаулы 3) таңдаулы</p> <p>«Қазақ тілі. Грамматика мен емле» 1934 ж.</p> <p>Сан есім: 1) санды көрсететін сан есім 2) ретті көрсететін сан есім</p> <p>«Тіл дамыту. III бөлім» (1931 ж.)</p> <p>Етістік: 1) болымды 2) болымсыз</p> <p>Есімше: 1) осы шақтың (оқушы) 2) өткен шақтық (-ған, -ген) 3) ұйғарынды (-итін, -етін)</p>	<p>Сын есім: 1) тек сыны (киіз қалпақ) 2) сыр сыны (аласа тұман) Сыр сынында 3 шырай бар: 1) жай 2) талғаулы 3) таңдаулы</p> <p>Сан есім: 1) Есептік 2) Реттік 3) Темілдік сан (жарты, ширек)</p> <p>Есептік: 1) жай 2) жадағай (-ау, -еу)</p> <p>Есімдік: 1) жіктеу (мен, сен, ол), 2) сілтеу 3) сұрау 4) жіктеу (бері, барша) 5) танықтық</p> <p>Етістік түрлері: 1) болымды 2) болымсыз 3) көсемше 4) есімше</p> <p>Есімше: 1) Осы шақтық (өлең айтушы) 2) өткен шақтық (-қан, -кен) 3) ұйғарынды (-атын, -етін, -итін)</p>	<p>Сын есімнің шырайлары: 1) Жай шырай; 2) Кесімді араластырмалы шырай; 3) Жалаң шағын шырай; 4) Салыстырмалы шағын шырай; 5) Таңдаулы шырай; а) дәйек қосылыңқы б) қосақты в) үстеулі б) Орташа шырай.</p> <p>Сан есім; 1) Есептік, 2) Реттік</p> <p>Есімдік: 1) жіктеу 2) сілтеу 3) анықтау 4) алалау (кейбіреу) 5) болымсыз 6) белгісіз 7) қимыл</p> <p>Етістік: 1) болымды 2) болымсыз 3) тұйықша 4) есімше 5) көсемше 6) жиекше 7) төтенше</p> <p>Есімше: а) Тел есімше: 1) өткен шақ, тел (-ған, -ген, -қан, -кен) 2) Келер шақ қоспа тел (-ғай, -қай, -дай, -кей) 3) келер шақ мақсат тел (-мақ, -мек, -бақ, -бек, пақ)</p>
--	--	--



<p>Көсемше: 1) үнемді (жаза бердім) 2) үнемсіз (жазып бердім)</p> <p>Етістіктің мәнісін дәлелдейтін жұрнақтар: 1) Сұрасаң да бермейді-істеген істің мақсатына қарсылық. 2) Ол тіркелді-ырықсыз істелген істі көрсетеді. 3) Мен онымен келісі алмаймын – бірігіп істеу-істемесе көрсетеді. 4) Сен тарандың -өзіне істеген істі көрсетеді. 5) Кітап ашқызды, алдырды – біреуге істетуді көрсетеді; 6) Ол жұлқылады-қайталап істеліп тұрғанды көрсетеді. 7) Газетті оқыңқыра – істі созыңқырауды көрсетеді. 8) Мұнда келші - өтінішті көрсетеді.</p> <p>Райлар: 1) ашық 2) бұйрық 3) шартты</p>	<p>Көсемше: 1) үнемді (-а,-е, -и) 2) үнемсіз (-п, -ып, -іп) 3) ниетті (-ғалы)</p> <p>Етістер: 1) сабақты етіс 2) салт етіс 3) ортақ етіс 4) өздік етіс 5) өзгелі етіс 6) беделді (-ытр, -тір, III жақ) 7) ырықсыз етіс 8) шығыс (-тырдым I жақ) 9) дүркінді (атқыла) 10) өсіңкі (-ыңқыра)</p> <p>Райлар: 1) тұйық 2) билік 3) ашық 4) шартты 5) ереуіл 6) реніш 7) қалау 8) сенімді 9) сенімсіз 10) мұң</p>	<p>4) болжалды келе шақ (-ар, -ер, -с) 5) дағдылы тел (-атын, -тін, -итін) 6) қарғыс тел (-ғыр) 6) Сүйеншек есімше: 1) Өткен шақ шектеуіш сүйеншек (-ғалы, -гелі) 2) келер шақ мақсат сүйеншек (-ғалы, -гелі: оқығалы келдім) 3) келер шақ шектеуіш шақ сүйеншек (-ғанша, -генше, -қанша) 4) себеп-соңшыл сүйеншек (-ғасын, -ған, соң) 5) өткен шақ орынсыз сүйеншек (-ғанша) 6) ереулі сүйеншек (-ғанмен)</p> <p>Көсемше: 1) Өткен шақ көсемше (-п, -ып, -іп) 2) Дағдылы көсемше (-а, -е, -й) 3) Шарт көсемше (-са, -се)</p> <p>Етістер: 1) салт етіс 2) сабақты етіс 3) өздік етіс 4) ырықсыз етіс 5) өзгелік етіс 6) ортақ етіс 7) есіңкі етіс (-іңкіре, -ыңқыра)</p>
--	---	--



<p>Етістіктеде 2 айырыс:</p> <p>1) көптік 2) жекелік</p> <p>3 жақ.</p> <p>1) I –жақ 2) II – жақ 3) III – жақ</p> <p>3 жақ</p> <p>1) осы шақ 2) өткен шақ 3) келер шақ</p> <p>Жалғау</p> <p>1) жіктік</p> <p>«Қазақ тілі. Грамматикасы мен емле.» (1934ж.)</p> <p>Келер шақ:</p> <p>1) кесімді 2) болжалды</p> <p>Морфологиялық құрылымы жағынан.</p> <p>1) дара етістіктер 2) қосар етістіктер</p>	<p>11) көніс 12) қайрау 13) азалы 14) теріс 15) болжал</p> <p>Райларда 2 айырыс:</p> <p>1) көптік 2) жекелік</p> <p>3 жақ.</p> <p>1) I –жақ (айтушы) 2) II – жақ (тыңдаушы) 3) III – жақ (бөгделік)</p> <p>3 шақ</p> <p>1) осы шақ 2) өткен шақ 3) келер шақ</p> <p>Морфологиялық құрылымы жағына:</p> <p>1) дара 2) қосар</p>	<p>3 шақ</p> <p>I. Өткен шақ:</p> <p>1) айғақ өңді өткен шақ 2) аулақ өңді өткен шақ 3) мойындау өңді өткен шақ 4) күмен өңді 5) айғақ баяғылық 6) аулақ баяғылық 8) опық баяғылық 9) арман баяғылық</p> <p>II. Келер шақ</p> <p>1) кесімді келер шақ 2) болжалды келер шақ 3) мақсатты келер шақ 4) тілекті келер шақ 5) сенімсіз төл шақ</p> <p>III. Осы шақ</p> <p>1) дағдылы осы шақ 2) дел осы шақ а) жалпы осы шақ б) кәдімгі осы шақ в) қазіргі осы шақ г) әзіргі осы шақ</p> <p>Морфологиялық құрылымы жағынан:</p> <p>1) дар етістік 2) қосымды етістік</p>
--	--	--

3-қосымша

Т.Шонанұлы, А.Байтұрсынұлы және Қ.Жұбановтардың синтаксистік еңбектерін салыстыру кестесі

<p style="text-align: center;">Шонанов Т.Тіл дамыту. 2-кітап, 1931; Тіл дамыту. III бөлім, 1931</p>	<p style="text-align: center;">Байтұрсыннов А. Тіл – құрал (сөйлем жүйесі мен түрлері), 1925</p>	<p style="text-align: center;">Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы, 1936</p>
<p>Сөйлем мүшелері: 1) Бас мүшелер (тұрлаулы) 2) Жандай шап мүшелер (тұрлаусыз)</p> <p>Бас мүшелер: 1) бастауыш 2) баяндауыш</p> <p>Жандай шап мүшелер (тұрлаусыз); 1) анықтауыш 2) толықтауыш 3) пысықтауыш</p> <p>Сөйлем дауыс ырғағына қарай: 1) лепті 2) сұраулы 3) хабарлаушы</p> <p>«Қазақ тілі. Грамматикасы мен емле» (1934 ж.) Сөйлем: 1) жалаң 2) жайылма</p> <p>«Тіл дамыту. III бөлім.» (1931 ж.) Сөйлем құрылысына қарай: 1) іргелес сөйлем 2) сыйысулы сөйлем</p>	<p>Сөйлем мүшелер: 1) тұрлаулы 2) тұрлаусыз</p> <p>Тұрлаулы мүшелер: 1) бас мүше (бастауыш) 2) баянлы мүше (баяндауыш)</p> <p>Тұрлаусыз мүшелер: 1) анықтауыш 2) толықтауыш 3) пысықтауыш</p> <p>Сөйлемнің айтылуынша айырылатын түрлері: 1) сұраулы 2) лепті 3) тілекті а) жай тілек б) бұйрық түрде в) өтініш түрде г) үгіт түрде 4) жай</p> <p>Сөйлемнің жалпы түрлері 1) болымды 2) болымсыз 3) толымды 4) толымсыз 5) жалаң 6) жайылма</p> <p>Құрылуына айырылатын түрлері: 1) Іргелес сөйлемдер: а) сыйысулы б) қиысулы</p>	<p>Сөйлем мүшелері: 1) негізгі мүшелер 2) айқындауыш</p> <p>Негізгі мүшелер: 1) бастауыш 2) баяндауыш</p> <p>Айқындауыш: 1) толықтауыш (жалғаулы) 2) анықтауыш (жалғаусыз) Сөйлем қандай сөзбен айтылатынына қарай: 1) хабар сазды 2) сұрау сазды 3) леп сазды</p> <p>Сөйлем түрлері 1) жалаң 2) жайылма «Қазақ тілінің програмы» (1936) 3) толық 4) алқы 5) иесіз Сөйлем: 1) жай сөйлем 2) құрмалас сөйлем Құрмалас сөйлем: 1) салалас сөйлем</p>



<p>3) қиысулы сөйлем</p> <p>«Қазақ тілі. Грамматикасы мен емле». (1934ж)</p> <p>1) Жай сөйлем</p> <p>2) Құрмалас сөйлем</p> <p>а) салалас құрмалас</p> <p>б) сабақтас құрмалас</p> <p>Сабақты құрмалас:</p> <p>а) анықтауыш бағыныңқы</p> <p>Жай сөйлем:</p> <p>1) көп бастауышты сөйлем</p> <p>2) көп баяндауышты сөйлем</p> <p>3) бірнеше бірыңғай тұрлаусыз мүшелі сөйлем</p> <p>1) Шұқшылма сөз</p> <p>2) Қыстырма сөз</p> <p>3) Одағай сөз</p> <p>4) Төз сөз</p>	<p>3) қыстырынды</p> <p>4) келтірінді:</p> <p>а) төл сөз</p> <p>б) төлеу сөз</p> <p>5) орамды немесе өрнекті сөйлем.</p> <p>Сыйысулы құрмалас:</p> <p>1) шұбалаң түрі</p> <p>2) ықшам түрі</p> <p>Қиысулы құрмалас:</p> <p>1) салалас</p> <p>2) сабақтас</p> <p>Бұратана сөздер:</p> <p>1) қыстырма сөз</p> <p>2) қаратпа сөз</p>	<p>2) сабақтас сөйлем</p> <p>Салалас сөйлем</p> <p>1) ыңғайлас салалас</p> <p>2) ереуіл салалас</p> <p>3) талғама салалас</p> <p>4) себеп-салдар салалас</p> <p>5) шарт жағдай салалас</p> <p>1) қыстырма сөз</p> <p>2) қаратпа сөз</p>
---	---	---



АХМЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Маралбек ЕРМҰХАМЕТ,

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
директорының орынбасары, PhD*

Бүгінде «ахметтану» тұлғатанудың орнықты саласы ретінде қалыптасты. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының тақырыптық аясы өте кең, мазмұны терең, ғылымның әр саласымен байланысып жатқандықтан, ғалым мұрасын зерттеушілерге де осындай жан-жақты білім қажет. Осыған байланысты «ахметтануды» болашақта қай бағытта, қалай дамыту мәселелері тұр.

Біздің ойымызша «ахметтану» мынадай төрт салада дамыту тиіс:

- 1) Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметі;
- 2) Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы;
- 3) Ахмет Байтұрсынұлының жеке тұлғасы;
- 4) Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мектебі.

Бірінші, Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолында бізге белгісіз оқиғалар көп. Ғалым өмірінің әр кезеңі, тұлғалық өсу жолы елеулі тарихи оқиғалармен байланысып жатады. Ғылыми мұрасы өмір жолымен, адами болмысымен, ой-мақсатымен берік байланысқа құрылған. Сондықтан ғалым өмірінің әр кезеңін қазақ қоғамының тарихи, саяси, мәдени ахуалы шеңберінде қарау – тыңғылықты танымға әкеледі.

Екінші, ғалым мұрасын түгендеу. Бұл отандық және шетелдік мұрағаттардан ғалым еңбектерін жинаудан бөлек, бүркеншік есімдерін анықтау және оның әлеуметтік астары мен тарихын тануға тәуелді. Осындай толыққанды деректер мен дәйектер негізінде толық шығармалар жинағын құрастырғанда ғана, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми танымы мен ел үшін сіңірген еңбегінің мәнін жете түсінуге мүмкіндік туады.

Үшінші, Ахмет Байтұрсынұлының бүгінге дейін зерттелмей келе жатқан айрықша бір қыры – «Ахмет тұлғасы». Даңқты іс те, дарынды шығарма да, даңышпан ойдан бұрын, адами келбеттен туады. Адами келбет – ақиқат ақылдың қалыбы. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси, ғылыми қызметінің түп-тамырында ғалымның адами келбеті, ұлтқа жанашырлық сезімі жатыр. Тақырыпқа осы қырынан үңілгенде «ахметтану ғылымының» жүйесін тауып, тамырына бойлауға болады. Ахмет тұлғасын танудың өзі *адами тұлғасы және тілдік тұлғасы* болып екі бағытқа бөлінеді.

Ахмет Байтұрсынұлының тілдік тұлғасы ғалымның тіл қолдану шебер-

лігін тануға бағытталады. Аса жоғары адами болмысты тірек еткен өрелі ой шебер тілден шыңдалып жеткен шығарма боп туады. Міне, Ахмет ғылымының тумысы осы.

Төртінші – «Ахмет Байтұрсынұлының мектебі. Оның өзі, біздің ойымызша, *ғылыми мектебі және лингвистикалық мектебі* болып екі бағытқа бөлінеді. Қазіргі таңда ғалымның қазақ зиялыларының аса дарынды шоғырын тәрбиелегені сөз жүзінде ғана жалпылама айтылып, қалай, қай бағытта, қай мақсатпен тәрбиелегеніне нақты жауап берілмей келеді. «Ахмет Байтұрсынұлының мектебі» деген не? Ол қашан және қалай қалыптасты? Өкілдері кім және қазақ руханиятының қандай мәселелерін шешті? деген сұраулар болашақ ахметтанушылардың тың ізденіс аландарына айналады.

Ахмет Байтұрсынұлының ең бір бел шешіп айналысқан саласы – тіл. Өйткені Байтұрсынұлы философиясы және бүгінгі ғылым бір ауыздан мақұлдаған ақиқат бойынша ұлттың өмір сүруінің ең басты шарты – тіл. Сондықтан ғалымның ең кемел танымы тіл тұғырында тұжырымдалады. Қазақ тіл білімінің Ахмет ашқан жаңалықтарын лингвистиканың бүгінгі жеткен биігі тұрғысынан көптеген салалар мен бағыттарға жіктеледі. Бұлардың әрбіріне жеке-жеке бір немесе бірнеше кітап арнауға болады.

Ендігі кезекте Ахмет Байтұрсынұлының бүгінге дейін белгісіз еңбектері өмір жолының қай кезеңдерін қамтитынына қысқаша назар аударайық.

1895-1903 жылдары аралығы 10 жыл ғалым мұраларынсыз бос жатыр. Бұл – Ахмет Байтұрсынұлының ғалым, қайраткер болып қалыптасу жолын көрсететін аса маңызды шығармашылық кезең.

1929-1937 жылдар – ғалымның әбден толысып, қазақ қоғамы оянып, нағыз ғылыми еңбектерге ден қойған кезең. Осы кезеңде ғалымның әлемдік деңгейдегі ғылыми еңбектерінің болуы әбден мүмкін.

Бүгінгі таңда біз Ахметтану бөлімі аясында бұрын-соңды жарық көрмеген көптеген мақалалары мен 10-ға жуық еңбектерінің дерегін анықтап отырмыз. Бұл мұралар мен біз тілге тиек еткен мәселелер болашақ «ахметтанудың» жаңа көкжиегін көрсетеді.

«Ахметтану» ғылымы бізге не береді?

- 1) Қазақ ғылымын дұрыс ұйымдастырудың тетіктерін көрсетеді;
- 2) Қазақ ғылыми ойының деңгейін көтереді;
- 3) Қазақ тілтанымының ғылыми деңгейі мен мәртебесін көтереді;
- 4) Ұлттық адам болудың, ұлтқа, Отанға қызмет етудің моральдық өлшемдерін көрсетеді;
- 5) Ұмыт болған ұлттық жадымыз бен рухымызды қайта жаңғыртады.



Данышпан Абай тұлға тәрбиелеу тақырыбын өз шығармаларына өзек етіп, «толық адам» тұжырымын ұсынды. Сол тұжырымнан туған Абайдың толық адамы – Ахмет Байтұрсынұлы. Мұны ахметтанудың болашақ нәтижелері дәлелдейтін болады.

Осы орайда, бүгінгі сәтті пайдалана отырып, Ахмет бейнесін көркем туындыларға арқау ететін Ахметтану болашағын мынадай бірнеше мәселелерге назар аудартқым келеді.

1) Абай өз образын өлеңі арқылы сомдаған тұлға. Сол сияқты Ахмет Байтұрсынұлы да – өз образын ғылыми еңбектері арқылы сомдаған тұлға. Ғалымның мінез-құлқы, адами болмысы, дүниеге көзқарасы, жан дүниесінің құндылықтары өз еңбектерінен анық көрінеді. Бұл ғалым еңбектерін түгел, жүйелі түрде оқығанда және жіті зерттегенде танылады.

2) Болашақ көркем туындыда Байтұрсынұлы Ахметтің тіліне айрықша жауапкершілік танытылуы керек. Абай, Әлихан, Байтұрсынұлы Ахметтер өзге тарихи кейіпкерлерден бірегей тіл шеберлері ретінде ерекшеленеді. Сондықтан да аталған тұлғалардың келбетін ашу оқиғалардың көркем тізбегінен тұратын қатардағы фильмдер мен телехикая кейіпкерлерінен қиын. Ғалымның тілдік тұлғасы дәл берілмесе, мінезі де анық танылмайды. Мінезі дұрыс ашылмаса, оның болмысын дәл таныту мүмкін болмайды.

Ахмет тілі – әбден қалыптасқан, аса шебер грамматикалық құрылым мен лексикалық дәлдікке құрылған өзіндік қолтаңбасы анық тіл. Байтұрсынұлы Ахмет тілінде: *өзгерілді, ойлауымша, асылын, басқалық, қолайлау, қуаттайды, байласулы, мәнісі, көшпекші, тұрмақшы, тағайынданады*, т.б. лексикалық және сөзжасамдық бірліктер, *асылын білу, олай болғанда, ойланарға керек, кемшілік келгенде, іс істеуге керек, білерге керек, мұнан көрінеді, білуге керек, солай болған соң, деуге орын жоқ* т.б. ой тығынын ағытып, атойлап тұратын синтаксистік бірліктер бар. Сөйлем құрау, пайымдау жүйесі де өзіндік тың тәсілдерге, ерекше үлгіге толы.

Ахмет Байтұрсынұлы – әмбебап ғалым, дей тұрғанмен, ең әуелі, ол – тіл маманы. Ғалымның тұтас өміріндегі қоғамдық-саяси, ғылыми қызметі тікелей тілге байланысты. Мұрасының 70 пайызы тіл болған соң, көркем туынды үлкенді-кішілі олқылықтардан ада болуы үшін тілтанушылардың көмегі ауадай қажет. Тілдің тарихи сипатын дұрыс бере алмау – қазіргі қазақ кино өнеріндегі ортақ олқылық. Сондықтан болашақта әрбір тарихи телехикаяларда тіл мамандарының болуы туындының шынайылығын арттырады.

3) Ахмет образын арқау еткен болашақ көркем туындыларда ғалым өмірі үшін айрықша маңызды сәттер мен оқиғалар толық болуы керек. Атап

айтқанда, Ахмет пен Міржақыпқа «Оян қазақ» идеясын беріп, «масадай ызындатқан», ұлт ұранды тұтас алаш зиялыларының рухани тірегіне айналған Абай мен Ахметтің рухани сабақтастығы және ұлт тілінде әліппе жазып, газет шығарып, баспа ісін түзеткен, сол арқылы тұтас ноғай (татар) жұртын өнер-білімге жетелеп, түркі жұртында өнеге көрсеткен Исмаил Мұстафаұлы Гаспаралымен рухани үндестігі, осылар – Ахмет тұлғасын ашудың ең ұтымды тұстары. Ахмет Байтұрсынұлы – кектен туған тұлға емес, тек пен тума талант, ұлы жүректен туған тұлға. Оны күллі қазақтың ардақтысына айналдырған данышпан Абайдың санасына құйған рухани сәулесі болатын. Абай өлеңдерінің қолжазбасы 1902-1903 жылдары Ахмет пен Міржақыптың қолына тиген соң, екі тұлғаның да өмірі мен ой-мақсаты күрт өзгерген. Содан кейін бірі «Маса», «Қырық мысал», екіншісі «Оян Қазақты» жазды.

4) Ахметтануда ХХ ғасыр басындағы қазақтың тұтас тарихы еш аласыз мөлдіреп тұрған «Қазақ» газетінің орны ерекше. Газеттің тарихи маңызы Ахмет Байтұрсынұлы емлесінің «Қазақ» емлесі, яғни «Қазақ» газетінің емлесі деп атауынан да көрсетеді. Ал Байтұрсынұлы әліппесі «Байтұрсынов алфавиті» аталған. «Қазақ» газеті бетінде жарық көрген ең көп мақала да Ахмет Байтұрсынұлына тиесілі екенін біз тек осы Газет арқылы білеміз (Ө.Бөкейхан – 70, А.Байтұрсынұлы – анық 24, белгісіз 100-ден аса).

«Қазақ» газетін шығарған 1913-1918 ж. А.Байтұрсынұлы екі рет абақтыға қамалады. Оның бірінде (№80) 1500 сом, екіншісінде (№91) 50 сом айыппұл төледі.

5) Ахмет Байтұрсынұлының көлемді еңбектерінен бастап, әр мақаласының жазылу тарихы, себебі бар. Ол қазақ қоғамының өте өзекті мәселелерін сөз етуге арналады. Көркем туындыда да ғалым еңбектерінің әр басылымының хронологиясы дұрыс берілуі керек. Кезегін күтпей көркем туындыға асығыс енетін эпизодтар мен деректер Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми жасампаздығының тарихи сабақтастығы мен желісін бұзады. Былайғы жұрт А.Байтұрсынұлының кім екенін, оның не жасағанын шамалап болса да біледі, бірақ осы таңғажайыптарды қандай жағдайда, қалай жасағанын терең біле бермейді. Біздіңше болашақта халыққа керегі осы.

6) Ахмет Байтұрсынұлының келбетін, тұлғасын дәл көрсететін нәрсе – ғалымның тілі, мінезі, тарихи оқиғалардың дұрыс, шынайылы берілуі. Ахмет – өте күрделі, телегей-теңіз тұлға. Ахметті тану оңай шаруа болмаған соң, ол туралы тарихи телехикая түсіру де оңай жұмыс емес. Бұл ретті А.Байтұрсынұлының шығармалар жинағы толық шықпаған, мұрағат құжаттары толық ашылмаған кезеңдерде жазылған зерттеу еңбектері көркем туын-



ды деректерінің ескілігі мен жаңсақтығын арттырады. Болашақ ахметтануда жана әдебиеттердің үлесі артық болуға тиіс.

Байтұрсынұлы Ахмет – әсіре көркемдеуді, әсерлі оқиғаларды ойдан қиюластыруды қажет етпейтін кейіпкер. Ғазиз тұлғаның өмірі адалдыққа, ақиқатқа, даңқ пен құрметке және ауыр күндерге толы. Ғалымның бүкіл өмірін айна қатесіз бере білудің өзі – оның келбетін дәл ашатын ең дұрыс жол.

8) Ахмет Байтұрсынұлына «Ақаң» деген ат Алты Алашқа танылып, ел құрметіне бөленгеннен кейін ғана берілген. Сондықтан осы аттың тарихи кезеңіне, қолданудағы гендерлік және жас ерекшелігіне сәйкестілігіне назар аудару керек. Бұл – қазақ сөз этикасының маңызды өлшемі.

Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен аяқтар болсам: *«Адамның өзінде кемелділік болмаған соң, ісінде де кемелділік болмайды»*. Демек, кемшіліксіз дүние жоқ, «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясы қазақ көрермендеріне берері мол туынды деп бағалаймын. Ұлт тарихындағы ардақты есімдер туралы атқарылған игі істер көп болсын.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТІЛ БІЛІМІ

Анар САЛҚЫНБАЙ,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Әлемдік тіл ғылымының ғылым ретінде қалыптасып дамуы талай жүз жылдықтарды қамтиды. Оның әрбір кезеңінде тіл білімінің әр алуан мәселелері шешілді, тіл теориясының әр қилы сұрақтары әртүрлі тілдердің деректері бойынша шешімін тапты. Әлемдік тіл білімінің негізгі теориялық қисындарын табу мен танудың тұжырымды жауаптары атақты Әл-Фараби зерттеулерінде философиялық тұрғыдан талданды. Әлемге белгілі ұлы ғалым, екінші ұстазы трактаттарында тіл білімінің басты қағидалары мен тіл философиясына қатысты ғылыми ірі тұжырымдар жасалды. «Ғылымның шығу тегі туралы» еңбегінде барлық жаратылыстану ғылымдарының бастауы Тілден деген кемел ойдың айтылуы бүгінгі ғылыми таным үшін маңызды.

М.Қашқари «Лұғатында» түркі тілдерінің жүйесі салыстырмалы-тарихи бағытта алғаш рет зерделеніп, морфологиялық құрамы мен лексикологиялық дамуы туралы тұңғыш рет ғылыми анықтама берілді.

Рас, еуропалық ғылыми ой XIX ғасырда биікке самғаған тұста далалық ғылым әлі оянбаған қалпында мүлгіп жатты. Әлемдік ғылым тілдерді салыстыра, салғастыра зерттеп, типологиясын анықтап, диахрониялық және синхрониялық жағынан әртүрлі деңгейлерді тереңнен шолып жатқанда да қазақ тілі әлі зерттеу нысанына да айналмағаны, зерттелсе де, өзге тілдердің жетегінде болып, өз заңдылығы терең айқындалмағанын білеміз.

XX ғасыр басында Қазақ Даласында «Алаш» ұранының дауысы ұлы даланы шын мәнісінде жаңғыртты. Бұл дауыс мың жылдық тарихы бар далалық өркениеттің ізін анықтап, танытып, танып, сол арқылы оянуға шақырды. Оярудың басты жолы - білім жолы, ғылым жолы, мәдениет жолы екені ұсынылды. «Дүниедағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршік тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады. Мәселен, қытай һәм йапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей, аяғына жалғау қосып өзгеріледі, - деп [1. 7], қазақ тілінің әлем тілдеріндегі орнын анықтаған Ақымет



Байтұрсынұлы қазақ тілінің қолданыстағы әдеби тіл екенін барынша ғылыми негіздеп, тұңғыш рет қазақ тілін – зерттеу нысаны ретінде ұсынды. Яғни А.Байтұрсынұлы зерттеулері арқылы қазақ тілінің тілдік деректері жалғамалы түрік тілдерінің бірі ретінде ғылыми айналысқа түсті. Бұлай деуіміздің мәні тереңде. Аузыекі сөйлеу тілі барынша дамыған деп танығанымызбен, Ақымет Байтұрсынұлы зерттеулеріне дейін, қазақ тілінің ғылыми жүйесі, грамматикалық құрылымының негізі, қалыптасқан басты заңдылықтары мен қағидалары ашылмағаны, өзіндік ерекшелігі мен белгілері сараланбағаны анық еді. Ақымет еңбектері негізінде әлем қазақ тілінің басты дыбыстық ерекшелігімен, грамматикалық құрылымындағы заңдылықтарымен, морфологиялық құрамымен, лексикалық басты құндылықтарымен, орфографиялық сипатымен танысты десек артық болмас. Қазақ тілінің басты грамматикалық ерекшеліктерін жазу үшін ғылыми стилде таныту үшін ғылыми метатіл керек еді. Ал қазақ тілінде мұндай метатіл жасалмағаны былай тұрсын, нақты ғылыми деректерді танытатын терім сөз де болмағаны рас еді. Қазақтың жалпақ сөзінен пән сөздерін саралап алып, оның ғылыми негізін, уәжін таңдап, талдап, саралап алу да - Ақымет зерттеулеріне тән. Ең бастысы, үш нәрсені ерекше бөліп көрсетеміз:

1) Ақымет зерттеуі арқылы қазақ тілі – тіл ғылымының зерттеу нысанына айналды;

2) Ақымет зерттеулерінің нәтижесінде қазақ тілі білімінің ғылыми метатілі жасалды;

3) ұлттық діл мен дүниетанымға негізделген ұлттық терім сөз (пән сөздер) жүйесі жасалды.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – дейді А.Байтұрсынұлы. Яғни, біріншіден, тіл – адамның адамдық белгісі; екіншіден сол белгінің ішіндегі зоры; үшіншіден, жұмсайтын қаруының бірі. Қарапайым сөзбен өрнектелген бұл ғылыми ақиқатты біз В. фон Гумбольдт идеяларымен байланыстырар едік. Бәрімізге белгілісі, Гумбольдт ілімі тіл ғылымына үзілмейтін энергия әкелді (2.97). Жалпы тіл білімі мен тіл философиясының негізін қалаушы В. фон Гумбольдттың философиялық, лингвистикалық зерттеулері негізінде түзілген ғылыми көзқарастары мен тіл зерттеу тәсілдерінің жиынтығы – АДАМ идеясы екені белгілі. Гумбольдт теориялық әдіснамалық негізіне тілді зерттеудің антропологиялық ұстанымы алынған. Осыған сәйкес тілді зерттеу адамның ой-санасымен, ойлау қабілетімен, мәдениетімен және рухани өмірімен тығыз байланысты болуы қажет деп есептеуі арқылы еуропалық лингвистика ғылымын алға оздырды. Ал

Ақымет Байтұрсынұлы «Тіл-Құралда» «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - дейді. Далалық дүниетанымда тіл туралы ой оздырған тағылымды ойлар мол. Алайда Ақымет әлемдік ойға ат ізін бұрып, адам баласының басты белгісі – тіл және оның ең зоры екенін алға тартады. Ақыметтік ілімнің антропологиялық ұстанымы терең. Екіншіден, тіл – жұмсайтын қару. Қару болғанда да қарым-қатынас құралы. Ғалым оқулықтарының «Тіл – құрал» аталуының да маңызын осыдан деп түсінеміз. Адам баласының қоғамда өмір сүруінің басты кілті де, сыры да – тілде. Бұл ілім Гердердің тіл табиғаты мен шығу тегінің, тіл мен ойдың, ой мен «халық рухының» байланысы туралы идеяларына, сонымен қатар Шлегелейдің тілдердің типологиялық (морфологиялық) жүйесі теориясына жақын келеді деуге толық негіз бар. Ақымет те *«Осы дүниедағы адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы: жазумен сөйлесу – ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман»*, – деп жазады. Адамды адам ететін күш – тіл. Адам өзінің тілдік қабілетін оята отырып, басқалармен тілдік қарым-қатынас жасау барысында, әр кезде өз күшімен өз тілін жасайды. Тіл – өлі жеміс емес, тудырушы процесс, өзі де туынды. Гумбольдтың пікірінше, тіл – адам рухының қызметі, адам жанының тереңінен шығып, оның бүкіл болмысына тарай-тын халықтық қуат. Тіл – аяқталған іс не зат емес, ол – қызмет. Тілде рухани өмірдің нәтижелері ғана емес, өмірдің өзі көрініс табады. Ал Ақымет үшін «сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу», «жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу» маңызды. «Қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне бірі қиындасып, жалғасатындай дағдысын білу» маңызды. Бұл қазақ ұлтының сөйлеу тілінің шешен де көсем болуына деген кірпияз көзқарасы да. Тілдің шынайы анықтамасы тек генетикалық анықтама болуы мүмкін. Тіл – адамның бүкіл іс-әрекетінің негізі болатын адам рухының ең басты қызметі. Тілді халық дүниетанымының айнасына балаған Ақымет Байтұрсынұлы «халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәм халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады», – деп жазады.

Ал тілдің дүниеге келуі, Гумбольдтың пікірінше, ұғым мен дыбыстың тұтастығынан шығатын, дыбысты ойдың тірі көрінісіне айналдыратын жиынтық үдеріске байланысты болады. Синтездің өзі екі логикалық жүйелі бай-



ланысы бар кезеңнен тұрады: 1) тұлғаланбаған дыбыс пен ойды бөліп қарастыру, айтылатын дыбыс пен тілдік ұғымды қалыптастыру; 2) осы екеуін тұтас бірлікке айналдыру. Тілдік жасалу және туындау ұғымдарымен тығыз байланысты тағы бір ұғым бар, ол – тілдік тұлға туралы ұғым. Гумбольдтың ойынша, тілдік тұлға – рухани бірліктегі жеке тіл бөліктерінің жиынтығы. Кез келген тілдің тұлғасы – сол тілде сөйлеуші адамдардың рухани қасиеттерімен байланыста болатын қайталанбайтын жаратылыс. Гумбольдт «ішкі» және «сыртқы» тілдік тұлғаны бөліп қарастырды. «Ішкі тілдік тұлғаның» туындауы түбегейлі қағидаттарға байланысты болғандықтан, тіл құрылымының бүкіл ерекшеліктерін айқындайды, ал сыртқы тұлға – (дыбыс, грамматика) ішкі тұлғаның көрінісі. Гумбольдтық осы ой ұшқыны Ақыметте қазақ тілі деректері арқылы нақтыланып, жаңаша өріледі. Өзі жаңадан жазып отырған «Тіл құралдың» бастапқыда қазақы танымға таң болып көрінетінін, біраз жатырқау да болатынын, «үйткені бұл қазақта бұрын болмаған зат екенін» тап баса тани келе, ең бірінші – сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыруды аса маңызды санайды. Бұл аталған үш мәселе әлемдік тіл теориясындағы аса күрделі де оқшау ғылыми мәселелер. Бұл – тілдің ішкі бірлігі арқылы тұтаса, сабақтаса да салаласа танылатын тұтастық. Бұл – тіл танудағы үлкен ғылыми ойды шоғырландырған, күрделі ілім қалыптастыратын теориялар еді.

Ғажабы сол, Ақымет Гумбольдтің «ішкі» және «сыртқы» деген қағидасын да өзіндік жүйемен қолдана білген. Мәні – ортақ, идеясы – бір, қолданысы – ерекше. Қазақ сөзіне жалғанатын қосымшалардың беретін ішкі мағынасына қарай «бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағынасын өзгертпейді, екіншісі сөздің тұлғасын да, мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деп аталады. Яки, екі ғалымның да айтпағы сыртқы тұлға – дыбыс, грамматикалық мағына, ішкі тұлға – сөздің ішкі мағынасы, сөздің ішкі болмысындағы мән. «Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлегенде, жазғанда сөздерді бір-біріне қиындастырып тізу үшін қажет, ішкергісі бір мағыналы сөзден екінші мағыналы сөз шығарып, сөзден сөз туғызып, көбейтіп, тілді байыту үшін қажет» [1.17].

Тілдің қажеттілігі, Гумбольдтың пікірінше, мынада: 1) «сырт» әлемді ой-санаға қондыру; 2) адамдар бірін-бірі түсіну үшін делдалдық қызмет атқару, олардың ойы мен сезімін жеткізу; 3) адамның ішкі қуатын дамытатын құрал болу, оның ойлау қабілетін, сезім қуатын ынталандырып, дүниетанымын арттыру. Гумбольдт тілді ой тудыратын құрал деп білген. Ойлау қабілеті тілге тәуелді ғана болмай, нақты тілдің ықпалында да болады, дейді ойшыл [2].

Ал ойлау туралы Ақыметтің тұжырымдары терең де мәнді. *«Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда я нәрсеге тиісінше ойлайды, я көңілінің түйісінше ойлайды»*. Яки, табиғаттағы болмысқа қатысты, немесе абстрактылы түрдегі көңілдің түйісінше ойлау. *«Нәрсе түрлі ыспатты болады, – деп жалғастырады ойын далалық ғұлама ғалым, – ол ыспаттардың біреулері бойына біткен ыспат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған ыспаттары болады. ...Сол сияқты бір нәрсе туралы сөйлегенде я тиіс жағынан, я түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде, я тиіс жағынан алып, түйісін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін айтамыз, я түйіс жағынан алып, сүйетін, сүймейтінімізді сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз»*. Байқап отырғанымыздай, *«**тиісінше**», «**түйісінше**», «**тиіс**», «**түйіс**»* тұлғалары тек сөйлеу тіліндегі мағыналық ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге метатілдік айырымды да сақтап, ғылыми тілді әрі мәнерлеп, әрі шегендеп тұр.

Тіл – ұлттық ой-сананың өзіндік құралы. Оның түсінуінше, тіл – әлемнің тікелей айнасы ғана емес, сонымен қатар адамның тіл арқылы әлемді түсінуі. Ақыметтің еңбегін неге *«Тіл-құрал»* деп атағанын Гумбольдт еңбектерін зерделеу барысында терең түсіне бастағандаймыз. Ия, тіл – адам баласының ішкі қуатын дамытатын құрал. Тіл – ойлау қабілетін дамытатын құрал, тіл – сезім қуатын ынталандыратын құрал, тіл – дүниетанымды арттыратын құрал.

Әртүрлі тілдерде түрлі дүниетанымдар көрініс табады. Оларда бір заттың әртүрлі атауы ғана кездеспей, керісінше, сол заттың түрлі көрінісі таңбаланады. Сөз – заттың ғана таңбасы емес, сол заттың әсерінен адамның ішкі дүниесінде пайда болған сезімдердің де бейнелі таңбасы. Тілдің жасалу нәтижесінде сол заттың түсінігі де пайда болады. Жеке заттарды атау барысында кез келген тіл шын мәніндегі шығармашылық-пен айналысады. Сол тілде сөйлейтін халық үшін әлемнің бейнесін жасап береді.

Гумбольдтқа сүйенер болсақ, әрбір тіл өз халқы үшін белгілі шеңберді құрады, адам бұл шеңберден шығып кетсе, басқа бір шеңберге тап болады. Дүниетаным жүйесі ретінде тіл адамның жүріс-тұрысын да реттейді: адамның заттарға деген көзқарасы тілге тәуелді болады. Осы ғылыми ой Ақыметте былайша жалғасып жатады: *«Ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ногайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады»*.



Себебі ол қазақша жазып дағдыланбағандық. ...Сондай кемшілік болмас үшін, һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс». Байқап отырғанымыздай, қазақ ғалымы Гумбольдт ойын ары қарай шиырлата дамытып, өз елінің шындығы негізінде ой өрбітіп, тілді оқыту мен адамның дүниетанымының арасындағы жақын байланысты, сабақтастықты тереңнен барлайды.

Гумбольдт бағдарламасының теориялық-әдіснамалық негіздерінің ерекшеліктері мен Ақымет идеяларының бір-бірімен астасып жақын келуінің басты шарты – тілдің адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі екендігімен астасып, жапсарласып жатыр деп түсінеміз.

Қос ғалым зерттеулерінің ішкі тұтастығы мынадай идеяларынан анық аңғарылады:

- адам мен тілді зерттеудегі табиғи және әрекеттік қағидаттардың жиынтығы (бірлігі) – тіл, ол – рухтың организмі және рухтың әрекеті;
- тілге деген жүйелі тұтастық көзқарас;
- тіл сипатындағы құрылыстық-статикалық көзқарастан гөрі, динамикалық процессуальдық генетикалық көзқарастың маңызды болуы;
- тілдің жалпы дамуынан гөрі, сөйлеуге көбірек көңіл бөлуі;
- әлемдегі нақты тілдерді бағалаумен қатар, тілді жалпы адамзаттық мұра ретінде қарастыруы;
- тілдің тек өзін ғана зерттемей, оны адамның басқа да рухани әрекеттерімен, ең бастысы, өнермен байланыстыруы.

Соңғы тұжырым Ақымет еңбектерінде де мол ұшырасады. Ғалым өзге тілден енген сөздердің, әсіресе орыс тілінен енген сөздердің тіліміздің ішкі айтылу табиғатына, айтылу сазына кері әсер ететінін, ана тіліміздегі сөзіміз шұбарланып, әуені бұзылатынын айтып, сондықтан басқа тілдің сөзін өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігімен айту керектігін ескерткен. Көп ой тұжырымдап, нақты тілдік деректерді зерделеген ғалым үшін «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп тұжырым жасау оңай болмағаны анық. Сондықтан да Ақымет әліпбиін қайта қарастырып, кейінгі нұсқасында «**х, һ, ф**» дыбыстарын енгізбеген.

«Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге ыспат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігінің әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» - деп жазады Ақымет [1. 643].

Әлемдік тіл білімінің қалыптасқан дәстүрі мен жолы бар десек, сол жолды да, жүйені де жасаушы ғалымдар негізінен жеке бір тілді зерттеуші ғалымдар екені айдан анық. Ұлы Далада ауызекі дамып, жатталып жатқан тілді қаттап, жазуын өз заңдылығына сәйкестендіре реформалап, метатілін жасап, терминдерін негіздеп, әлемдік ойға көшпелі ой қосқан, түркі тілдерінің фоносингармологиялық жүйесін тұңғыш негіздеген Ақымет Байтұрсынұлының еңбегін әлемдік тіл біліміне қосқан үлес деп бағалаймыз.

Әлемдік тіл білімінде түркі сингармонизмі көп қызығушылық туғызған тақырып. Ғалым Әлімхан Жүнісбек былай дейді: «... қазақ (түркі) тілінде бар көптеген құбылыстар үнді-еуропа тілдерінде жоқ. Ендеше, ол құбылыстар туралы үнді-еуропа тіл білімінде дерек те жоқ. Біз болсақ, бар дүние, үнді-еуропа тіл білімімен шектеліп қалғандай тілімізде бар бірегей құбылыстарды аңғармай келдік». Яғни, біз талдағалы отырған терминнің бірінші компоненті «үндестік» болса, оның түбірі үн – әуез, әуен, саз деген мағынада жұмсалады. Ал үндес-әуендес, мазмұндас, сарындас. Бұл жерде автордың айтпақ ойы – қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі бір-бірімен үндес, сарындас. Осы сөздерге терминдік реңк беру мақсатында не болмаса жалпылама атау беру мақсатында ғалым -тік қосымшасы арқылы абстракциялық мағына үстейді. Сонда үндестік – бір-бірімен сай келушілік, үйлесімділік. Ал лингвистикадағы терминдік мағынасы – сөз ішіндегі дауыстылардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып әуендесіп айтылуы. Бұл терминнің екінші компоненті заң сөзі жалпыхалыққа таныс сөз. Бірақ екінің бірі бұл сөздің түп-төркінін біле бермейді» [3].

Түркі тілдеріндегі сингармонизм табиғатын тануда зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары мен пікірлері екі бағытта қарастырылады:

- сингармонизмді дауыстылардың үндесуі деп қарастырушы ғалымдар: И.А.Бодуэн де Куртенэ, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, А.Байтұрсынұлы, Е.Д. Поливанов, Т.Шонанов т.с.с.

- сингармонизмді сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндесуі деп түсіндіретін ғалымдар: Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, К.К.Юдахин.

Орал-Алтай тілдерін зерттеуші ғалымдардың көбі сингармонизм теориясын талдауда Н.А. Баскаков тұжырымдамасына сүйенген: «*строгая симметрия в противопоставлении гласных фонем позволяет установить для типичной структуры вокализма тюркских языков наличие одной фонотемы*» деп жазған [4]. Мұндағы ғалымның «фонотема» деп отырғаны сөз акцентіндегі просодикалық белгі. Орыс тіліндегі ғылыми зерттеулерде түркі тілдеріндегі сөздердің морфологиялық құрылымының ерекшелігі



фонологиямен байланысты болатыны туралы алғаш ғылыми пікір айтқан ғалым О.Бетлинг деп есептеледі [10. 63] Дж. Лайонз сингармонизмді түбір мен аффикстің фонологиялық жағынан біртекті болып келуінен деп жазады [11. 130].

Қ.Кемеңгерұлы сингармонизмді дыбыстардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып үндесуі деп таныған. Бірақ қазақ тіліндегі әріп санын көрсетуде сингармофонемалардың сингармопозициялық түрлерін бір таңбамен берген. Бұл жағынан, ғалым А.Байтұрсынұлының «жеке фонемаға – жеке әріп» принципін ұстанғанын көреміз. Сондықтан Қ.Кемеңгерұлы дауысты дыбысты – 5, дауыссыз дыбысты – 17, оның ішінде жартылай дауысты дыбысты – 4 әріппен белгілейді де, сөздің жіңішкелігін білдіру үшін дәйекше қолданылатынын айтады.

А.М. Сухотин мен К.К. Юдахин «Байтұрсынов емлесі» туралы мынадай пікір білдіреді: «Дауысты дыбыстардың жұптасуына дауыссыз дыбыстар арқылы беруді арнайы ұяңдану белгісімен толықтырудың ұқсас әдісін біз «қырғыздар» қабылдаған қазақтың «Байтұрсынов» емлесінен байқаймыз. Бұл емленің ерекшелігі сол, қазақ тілінің 9 дауысты дыбысы 5 таңбамен графикалық түрде беріліп, қырғыздың 8 дауысты дыбысына бар-жоғы 4 таңба қажет болған. Дауысты дыбыстардың белгілерінің мұндай азаю мүмкіндігіне арнайы емле тәсілі арқылы қол жеткізілді, бұл q-қ әріптерімен буын немесе сөз «қатаң», ал k-g немесе белгімен – «ұяң» деп айтылады. Бұл емледегі кейбір сәйкессіздік жазуда бір ретпен әртүрлі көрсетілген» [5. С.157-162.].

А.Байтұрсынұлы туралы М.Жүсіпұлы «Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы» атты монографиясында А.Байтұрсыновтың сингармофонемалық алфавиті мен сингармофонемалық орфографиясының негізгі принциптері, ұғымдары, нормалық категориялары туралы мынадай тұжырым айтады:

- араб графикасының негізін (тегін) сақтауы;
- сингармофонема – сингармодыбыстар қоры;
- әріп – бір таңбаның төрт түрлі өзгерілген қоры;
- қазақ тілі сөйлесімі процесінің сингармониялық қасиеттерін көрсету үшін, орфографияның сингармофонемалық принципін және арнайы таңба – «дәйекшіні» пайдалануы;
- қазақ тілі орфографиясының негізгі принципі – сингармониялық принцип [6. 216].

Қазіргі таңда қолданылып жүрген қазақ жазуында осы аталған бес ере-

женің екеуі сақталғандығын айтады: а) сингармофонема – сингармоды-быстар қоры; ә) негізгі орфографиялық принцип – сингармофонемалық принцип дей отырып, сингармониялық жұп әріптерге тоқталады: **а-ә, о-е, ы-і, ұ-ү...** М.Жүсіпұлы былай дейді: *«Қазақ сана-сезіміндегі қазақ тілі дыбыстарының психологиялық бейнелерін анықтап, сол арқылы қазақ тілі сингармофонемаларының санын және қасиеттерін анықтауда А.Байтұрсынұлының ой-өрісі, талғамы өзгеріске ұшырамады, яғни бір логикалық арнада, бір ғылыми-теориялық және практикалық бағытта болды»*. Десек те, Ақыметтің ғылыми пікірлері мен тұжырымдары қатып қалған догма болмағанын, оның үнемі ізденісте, сондықтан ғылыми ойларының дамуда, тіл заңдылығына негізделе отырып жетілгенін кейінгі жас ғалымдар зерттеп, нақты дәлелдермен дәлелдеп отырғанын да ескереміз. Бұл тұрғыдан жас ғалым Әділет Ахметовтің ойлы мақалаларын ерекше атап өтер едік.

«А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 2 жарты дауысты бар деп ескерген кезде, қай елдің әліпбиіне сүйенді деген сауалға келер болсақ, жарты дауысты **ъ (у)** һәм **ь (й)** Англияда да бар екендігін ескере отырып, оларға өз алдына басқа хәріфтер алынбайды, себебі дауысты дыбыстардың соңынан келетін **ъ (у)** һәм **ь (й)** жарты дауысты болады, қағидалары бар деген Бөкейхановтың пікірімен санаса келе, сол қағиданы біздің тілімізге кіргізуге болады дейді. Жарты дауысты **ъ (у)** һәм **ь (й)** үшін хәріф белгілеп, арнамайтындығын да ескертіп өтеді, - деп жазады Н.Сайбекова зерттеуінде [7].

Орыс тіл білімінде әлемдік тіл білімі туралы ғылыми зерттеулер жазған В.М. Алпатов «Русский язык и мировая лингвистика» атты мақаласында әлемдік тіл білімі деген ұғым орыс тіл ғылымында еуропалық негізде қалыптасқанын атап көрсетеді. Жеке тілдің ерекшелігі мен тарихи даму сипатын зерделеген ежелгі грек, ежелгі латын тілдерін зерттеу, олардың типологиясы мен ұқсастығын, жақындығын, ерекшелігін зерттеудің негіз болғанын тілге тиек етеді [8].

Қазақ тіл білімі мен өзге де кеңестік кезеңде дамыған жеке тіл ғылымдары үшін әлемдік тіл білімі ретінде, негізінен, орыс тіліндегі зерттеулер алынғаны да жасырын емес. Орыс тіліндегі зерттеулер әлемдік ғылым ретінде ғана емес, көп жағдайда үлгі ретінде де орындалды. Алайда жеке тілдік дерек пен заңдылықтарға, ерекшеліктерге негізделетін тіл ғылымынан калька ғылым жасауға болмайтыны белгілі жайт. Бұл ретте де Ақымет Байтұрсынұлының зерттеулерінің орны мен үлесі еңселі бола түседі, ғылыми жағынан артықтығы көзге айқын көрінеді.



Жеке тілдің ішкі табиғи болмысын анықтау арқылы жалпы тілдік заңдылықтар мен тілдік даму ерекшеліктері сараланады. Осы ретте жеке тілді терең зерттеуші ғалымдар да өз тілін зерделеу арқылы әлемдік тіл білімінен өзіндік орын алуы керек деп есептейміз. Ақымет жасаған тіл ғылымы қағидалары берісі түркі, арысы жалпы тіл білімі теорияларын тереңдете, байыта түседі.

XX ғасырдағы Қазақ тілі өз дамуын құрылымдық тіл білімі негізінде бастаған еді. Мұның өзі тілдің ішкі жүйесі мен құрылымын саралаудан шыққан ғылыми бағыт. Тілдің әрбір ішкі қабаты өзіндік құрылымдық жағынан иерархиялық тұрғыдан бір-бірімен сабақтасып, байланысқан бірліктерден құралады. Біз бұл иерархиялық байланыстан түркі тілдерінің ішкі гармониялық заңдылығын байқаймыз. Тілдік құрылымдағы ішкі гармониялық заңдылық ішкі байланысты ғана емес, сонымен бірге тілдік жүйе мен құрылымды да танытады.

Тілдің құрылымдық тұрғыдағы түсінігін Ф.де Соссюр «Язык – система взаимосвязанных и взаимообусловленных элементов» [13] десе, А.А. Реформатский тілдің құрылымы «механикалық тәртіпке бағынатын құрылым емес» деп жазған [9. 519]. Бұл бір қарағанда күрделі болып көрінуі де ықтимал, алайда бұл тілдік құрылымның қарапайым заңдылығы да. Ақымет «бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болады. Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады. Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады. Бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады» дегенде осы иерархиялық құрылымды қарапайым ғана мысалдар арқылы анықтаған еді [1.19-21].

Қорытындылай келгенде, А.Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін зерттеу барысында әлемдік тіл біліміне мынадай үлес қосты деп санаймыз:

- А.Байтұрсынұлы зерттеулері нәтижесінде қазақ тілі өзіндік ішкі заңдылықтарға негізделген ұлт тілі ретінде алғаш зерттеу нысанына айналды;
- әлемдік грамматология теориясына қазақ тілінің жазу жүйесін реформалауы нәтижесінде ғылыми үлес қосылды;
- әлемдік фонетикаға үндестік заңы туралы жаңа қағида ұсынылды;
- сөз бірлігінің буындық құрамы мен буынның қызметі туралы қисын;
- қазақ сөзінің морфологиялық құрылымын лебіндегі сегменттік бірлік ретінде тұтастықта қарауы; Бұл Гумбольдтың үндіеуропа тілдеріндегі флексияның сөзбен және сөйлеммен байланыстыра екі жақты рөлін анықтауымен сабақтас.
- сөздің тұтастығы, сөз мағынасының тұтастығы туралы теориясы;
- Ақымет зерттеуіндегі және оқу әдіснамасындағы мәтін теориясы;

- тіл мен әуенді егіз ұштастыра зерделеуі;
- қазақ грамматикалық құрылымын бірінші рет кешенді талдап, метатілі мен терім сөзін жасауы және қалыптастыруы.
- тіл тазалығы мен тіл экологиясы туралы ғылыми ой қалыптастыруы;
- сөзді өнер ретінде бағалауы;
- сөйлеу мен ойлау арасындағы байланысты анықтаудағы пайымдауы;
- сөздің ішкі жүйесін когнитивті бағытта саралауы: қара сөз бен дарынды сөз жүйесін анықтауы.

Бұл аталған бөлімдердің қай-қайсысы да әлемдік деңгейдегі тіл білімін зерттеген ғалымдар еңбектерімен салыстырылып зерделеніп, сараланып зерттелуі тиіс. Сонда ғана Ақымет асуы биіктеп, Ақыметтің ғылымдағы жолы ұзай түсері даусыз.

Дамыған өркениеттің көрсеткіші тек технологиялық жетістіктер ғана емес, рухани, мәдени саладағы ерекшеліктер; демек, әлемдік деңгейге ұмтылу үшін, әлемдік сахнада танылу үшін, мәдениеттің барлық элементтеріне тең назар аударылуы тиіс. Ал мәдениет элементтері деп белгілі бір ұлттың рәміздерін, мерекелерін, нормаларын, салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтары мен ұлттық тілін атайтынын ескерсек, басқа факторлардың ішінде ұлттық тілдің де толық зерттеліп, заңдылықтары мен орфоэпиялық, орфографикалық нормаларының жан-жақты қарастырылуына жеткілікті назар аударылу керектігі сөзсіз екенін түсінеміз. Қазақ тіл білімінде дәл осы іспен айналысқан, қазақ лингвистикасының зерттелуінің қазіргі деңгейіне жеткізуге маңызды үлес қосқан – ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы, - Алматы, 2017. 751 б.
2. Гумбольдт В.: Избранные труды по языкознанию. Вильгельм фон Гумбольдт. М.: Прогресс, 2000.- 400 с.
3. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке - Алма-Ата: Наука, 1980.
4. Баскаков Н.А. К истории изучения туркменского языка / Акад. наук Туркм. ССР. Ин-т языка и литературы им. Махтумкули. - Ашхабад: Туркменистан, 1965. - 36 с.
5. Сухотин А.М., Юдахин К.К. О сокращении некоторых букв в ряде тюркских алфавитов//Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. -М., 1970.

6. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. -Алматы: Ғылым, 1998.
7. Сайбекова Н.А. Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізділігі. // «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. -Алматы. 2017.
8. Алпатов В.М. «Русский язык и мировая лингвистика» <https://www.ejournals.eu/Language-and-Method/2015/2015/art/6662/>
9. Реформатский А.А. Язык, структура, и фонология. Из истории отечественной фонологии. Очерк, М., Наука, 1970. с.
10. Черкасский М.А. Тюркский вокализм и сингармонизм. М., 1965,63
11. Lyons P. Structural Semantics. An Analysis of Part of the Vocabulary of Plato. Oxford: Basil Blackwell, 1972. 237 p.
12. Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. -М.: Прогресс; 1977.

АХАҢНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі*

Қазақ өркениетінің ең қарқынды дамыған, гүлденген тұсы – өткен ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылының үлесіне тиеді. Бұл кезең «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» делініп те жүр. Бұлай делінуінің басты себебі – Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ғылымының көшбасшысы болуы. Осыған орай кезінде оған Елдес Омаров «первый светоч науки» деп баға берген. Сондай-ақ, Ахаң өз халқының «ұлтының ар-намысы бола білген» (С.Сейфуллин), «қазақ жұртының көсемі» (М.Әуезов) де. Режиссер Т.Ахметовтің «Ахмет Байтұрсынов» телефильмінде сөйлеген сөзінде академик З.Қабдолов: «Ахаң туралы М.Әуезовтен артық айту қиын. Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының көшбасшысы. Шоқан, Ыбырай, Абайдан кейін Ахметті қоямыз. Бұл – төрт бұрышымыздың түгелденгенінің белгісіндей», – деген-ді.

Белгілі ғалым Р.Сыздықованың: «Ахмет Байтұрсынұлы мен оның замандас-пікірлестері жайындағы қазіргі жүргізіліп жатқан ізденіс-зерттеулерімізді жинақы бір атаумен «ахметтану» деп айтар едім. Ахметтану – тек бір ғана қайраткерді танып-білу мақсатын көздемей, тұтас бір кезеңге қатысты мәселелерге баратын таным тармағы болуға тиіс», – деуі құптарлық. Демек, Ахаң туралы сөз қозғау – қазақтың біртуар зиялылары, ерен тұлғалары Ғұмар Қараш, Телжан Шонанұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошке Кемеңгерұлы және т.б. туралы іргелі де кең тынысты зерттеулерге ден қоюда. Ахметтану ілімінің әр қырына зер салғандар қатарында белгілі ғалымдар (Р.Сыздықова, Н.Оралбаева, Ә.Жүнісбеков, З.Қабдолов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, К.Хұсайынов, М.Жүсіпов, Б.Хасанов, Б.Әбілқасымов, Ф.Оразбаева және т.б.) жемісті еңбек етті.

Ахаңның 50 жылдық мерейтойына орай замандас ізбасарлары ретінде М.Әуезов «Ахаңның елу жылдық тойы (юбилей)» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан, № 270), М.Дулатов «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» (биографиялық очерк), І.Омаров «Ученая деятельность А.Б.Байтұрсунова»,



Т.Шонанов «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы» сияқты материалдарын жариялаған.

Содан бері 99 жыл өтті. Биыл Ұлт Ұстазының туғанына 150 жыл.

Біздің мақсат – жыл сайын Ахаң атын атаусыз қалдырмау.

Өз тұсында Ахаңның 130 жылдығына орай қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі де тегін емес. 1995 жылы (29 маусым) осы жолдардың авторы тарапынан профессор Н.Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен тұңғыш рет «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғалса, осы жылдың қазан айынан бастап университетімізде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі бірлестігі жұмыс жасап келеді. 1995 жылдан бастап студенттерге «Ахметтану» арнайы курсы жүргізіліп келсе, 1998 жылы университет баспаханасынан «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» монографиясы (8,0 баспа табақ) жарық көрді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табуда. «Ахмет Байтұрсынұлы және әдістеме ғылымы» монографиясы (10,0 баспа табақ) баспа жос-парына енгізілді. Кафедра жанынан жылма-жыл «Ахметтану тәлімі» конференциясын (қыркүйек айында) өткізу ұйғарылып, диплом жұмыстары қорғалуда.

Уақыт көші ілгері озған сайын қазақ феномені Ахмет Байтұрсынұлының аяулы есімі әлемдік мән-мағына ала түсуде. Оған айғақ – әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдер мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындардағы қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек сияқты өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі ой-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары.

I. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелері туралы. Ахмет Байтұрсынұлы халықтың санасына бірден әсер етуді, ақыл-ойын өзгертуді, көзін ашуды сауаттандырудан бастамақшы болды. Ол қоғамдық қызметін ағартушылық жұмыспен қатар жүргізу қажеттігін түсінді. Жұртшылықтың сана-сезімін ояту үшін, дұрыс бағыт алуы үшін жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін ұқты. Бұл туралы ғалым Р.Сыздықова былай деп жазады: «Қысқасы, А.Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз» боп тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегейі өзі еді. Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігінде ең

қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынұлы осыны жақсы білді, дұрыс таныды» [1; 2].

А.Байтұрсынұлы 1905 жылы Қарқаралыда қызмет атқарып жүрген кезінде бір топ қазақ зиялылары бірлесіп, патша үкіметінің жоғары басқару орнына петиция жолдағаны белгілі. Онда өзге мәселелермен бірге қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін нақты талап еткен. 1913-1918 жылдар аралығында 8000 дана таралыммен жарық көрген «Қазақ» газетінің бас редакторы бола жүріп те А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулық шығару, сауат ашу, оқыту мәселелерін бір сәт естен шығармаған. 1913 жылы ақпанның 2-сінде шыққан газеттің тұңғыш нөмірінде-ақ «оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету» негізгі көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыттарының бастыларының бірі екендігін айтқан.

Ал 1917 жылы желтоқсанның 5-13-і аралығында ІІ жалпы Қазақ съезі өткені тарихтан мәлім. Зерттеуші Б.Қойшыбаев осы съездің 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрғанын, А.Байтұрсынұлының халық кеңесі құрамына ұсынылмағанын, оның оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланғанын жазады («Көзқарас эволюциясы», Қазақ әдебиеті, 1989, 27 қаңтар). Яғни, бұған дейін де сауат аштыру, оқыту бағытындағы әліппе, тіл құралдарын жарыққа шығарып үлгерген А.Байтұрсынұлының осы орайдағы халыққа ауадай қажетті ісін жалғастыруы орынды көзделген. Ал А.Байтұрсынұлы секілді ғұламаның қазақ жұртшылығы үшін жасаған өзге қызметтеріне қоса әйгілі оқулықтар жазуына да түрткі болған негіз – оның жан сала айналысқан жұмысы – ағарту ісі. А.Байтұрсынұлы туған халқын оқуға тек жалаң шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы, жан-жақты сөз етті. Бұл орайдағы жазбаларының өзі үлкен бір тізбек құрайды. Ал бұның өзі А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтарын құрастырып, жазуының баспалдағы, соған барар жолдағы сүрлеуі іспетті.

А.Байтұрсынұлы білім көзінің алғашқы сатысы бастауыш мектепке баса назар аударады. «Қазақ» газетінің бетіндегі «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласында автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керектігін мәселе етіп қойып, сол тұстағы қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы қиын екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі (мектеп режимі) жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтудан бастаған («Бастауыш мектеп», «Қазақ» газеті, 9 мамыр, №16). А.Байтұрсынұлы бірде «қазақта



балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы – кітап» деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне атсалысуға болатындығын айтады. 1913 жылы «Қазақ» газетінің бетіндегі «Оқыту жайынан» атты мақаласында да осы ойын нақтылайды. Онда: «Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ, онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз», – деп түйеді [3].

Қазақша оқулықтар да бірден жазыла салмағаны белгілі. Сол кезеңде қазақтың көзі ашық зиялылары, ағартушылары осы орайда пікірталас жүргізіп, ой бөлісіп отырған. Соның бірі ағартушы әрі ақын Таһир Жомартбаевтың жоғарыдағы мақаладағы «Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар даяр ма? Даяр болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы? Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Яки қазаққа лайықтап, ыңғайлаймыз ба?» деген сауалдары. А.Байтұрсынұлы бұған жауап ретінде ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейтіндігін бірден айтады. Бірақ тап сол тұста қазақ мұғалімдерінің қолына ұстата салар оқулық та жоқ болатын. Амалдың жоқтығынан А.Байтұрсынұлы: «Сондықтан қазақта оқу құралы, кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық, кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың программаларын алмасқа болмайды. Программасын қазаққа ыңғайлаумен, қазақша құралдар сай болмаған соң, программа бір жаққа, оқу екінші жаққа – екеуі екі жаққа кетеді. Программада керек деген нәрселердің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі программасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен аларға тиіс», – дейді [2; 4; 5; 6].

«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрттың ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. «Көш жүре түзелер» деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге

жұрт азаматы қам қылмаса», – деген ағартушы оқуға керек құралдар, ол құралдардың ішінде ең керектісі әрі қымбаты оқу кітаптарын шығаруды әріден ойлайды. «Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды», не болмаса, «Дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды, мұғалімдер де, қандай жақсы болғанмен, құралсыз балаларды оқыта алмайды» деген тұжырымға келеді. Осы саладағы А.Байтұрсынұлының зор еңбегін ғалым Р.Сыздықованың сөзімен түйіндесек былайша өрілер еді: «А.Байтұрсынұлы – қазақ арасында мектеп ісін (жалпы ағартушылықты) жолға қоюға күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу-ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жазу, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда А.Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым-ағартушы болып көрінеді» [2; 7; 8; 9; 10].

Өткен ғасырдың 10-жылдарынан бастап қазақ қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын әліппе құралдарын жасау қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың (М.Нұрбаев, М.Малдыбаев, З.Ерғалиев т.б.) қазақша әліппелері жарық көрді, бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппесі 40 беттік көлемде «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынбор қаласында М.Ш.Кәрімов, Ш.Құсайыновтар баспасында жарық көрді. Осы ретте ағартушы ғалымдарымыздың бірі Т.Шонанұлы: «Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес. Дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «Әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді», – деп жазды. Тұңғыш оқулық авторының өзі де қазақша әліппенің 1-кітабы деп көрсеткен. Оқу құралы сол кездегі ең алдыңғы оқыту әдістерінің бірі усул сотие жолымен тәртіп етілген. Оқу құралының титул бетіне алты тармақ өлең жолын келтірген («Балалар! Бұл – жол басы даналыққа. Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та! Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп. Соларды көре тұра қалалық па? Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық. Жүріңдер іздеп тауып алалық та!)). Соңына «А.Б.» деп көрсеткен. Қарап отырсақ,



бұл өлең жолдары атақты Ыбырайдың күллі алаш еліне белгілі «Кел, балалар, оқылық!» атты әйгілі шумағымен үндес, тақырыбы бір – оқуға, өшпес жарық, кетпес байлық – даналыққа бастар жолға түсуге шақырады. Титулдың екінші жағына: «Бұл алифбадағы қай харіф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз. Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатұғын харіптер алифбаға жалғас 2-кітаптан оқылады», – деген жолдармен сілтеме берген.

А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу ағарту жұмысында біршама ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылады. Негізінен А.Байтұрсынұлы әліппелері Орынбор, Семей, Ташкент, Қызылорда қалаларында басылып шықты. Соның ішінде Орынборда – 9, Семейде – 2, Ташкентте – 1 (2), Қызылордада – 5 (6) реттен басылды.

Оқу құралының тұңғыш басылымы 1912 жылы 40 бет, екінші басылымы 1914 жылы 96 бет, үшіншісі 1916 жылы 98 бет, төртіншісі 1922 жылы 95 бет, бесіншісі 1922 жылы 70 бет, алтыншысы 1923 жылы 72 бет, жетіншісі 1925 жылы 72 бет көлемінде жарық көрген. Алғашқы бесеуінің титул беттерінде «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба», «Бірінші кітап» не «Бірінші жылдық кітап» деп көрсетілсе, соңғы екі басылымда «Қазақша әліп-би» делінген. Оқулық бетінің санына қарап көзіміз жетіп отырғандай әліппелердің көлемі де әрқилы. Алғашқыда көлем мөлшері толықтырылып ұлғая түскен де, 1922 жылдан бастап қырланып ықшамдалған.

Ал 1913 жылы Орынбор қаласында басылған 52 беттік «Оқу құралын» «қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп еткен». Бұл еңбекті «Алифбаға жалғас кітап» деп көрсетеді. Яғни, әдіскер оқытудың, сауаттанудың бұл қырына да көз жүгіртіп, бойлап қараған. Сондай-ақ бұл тұста қара танымаушылар сапында тек бүлдіршін жасындағылар ғана емес, ересектер де бар екені белгілі. Ал олардың сауат ашу жолы да ерекше болары сөзсіз. Ендеше, А.Байтұрсынұлы да бұл үрдісті анық танып, ара жігін ажырата білген. 1921 жылы Семейде (30 беттік), Орынборда (90 беттік) басылған «Оқу құралы» – осы бағыттағы алғашқы ұмтылыстан туған қадам. Біріншісінің титул бетінде «Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліп-би. Бірінші кітап. Үлкендер үшін». Екіншісінде «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-би. Бірінші кітап» деген жазу бар. Сауатсыздардың басым көпшілігі ересектер екеніне көзі анық жеткеннен

кейін, А.Байтұрсынұлы бұл орайдағы әліппеге қайта оралып назар салған, өңдеп толықтырғанға ұқсайды. Нәтижесінде 1924 жылы Орынбор қаласында 144 бет, 1926 жылы Семей қаласында 83 бет көлемінде «Сауат ашқыш» атты әліппе оқулығы басылды. Екеуінде де «Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап» делінген. Семейдегі нұсқасы «Губиздаттың баспаханасы» (Семейдің губернелік баспасы) арқылы 7400 таралыммен жарық көрді.

А.Байтұрсынұлы әрбір әліппесін шығару үстінде оны үнемі үздіксіз жетілдіру, толықтыру жұмыстарымен айналысты. Оның «Оқу құралы» тек сауат ашып қоймайды, сондай-ақ шәкірттер үшін танымдық материалдар да қосымша ұсынылып отырылған. 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» екінші басылымында автордың өзі құрастырған, шәкіртін алуан толғанысқа түсіретін 24 шағын әңгіме беріліп, оқулық «Балалық күй» өлеңімен аяқталған.

Бұл оқу құралдарына өз тұсында әр түрлі бағалар да берілген. Мәселен, әдіскер ғалым Т.Шонанұлы: «... Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. ...Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. ...Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі европалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі», – деп жоғары бағалады.

А.Байтұрсынұлы үнемі ізденістің нәтижесінде 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады. Бұл жаңа құрал осы күнгідей түрлі суреттермен берілген оқулық еді. Кітап «Әліп-би» деген атпен 1926 жылы Қызылорда қаласынан 116 бет көлемде басылып шығады. Осы жолы «Жаңа мектеп» журналы бетінде жазған рецензиясында Т.Шонанұлы А.Байтұрсынұлы «Әліп-биін» «үлкен олжа» ретінде бағалайды: «Бұл әліп-биі оқу құралдығы жағынан бір қымбат болса, ішкі маңызымен екі есе қымбат. Жаңа әліп-би Ахаңның бұрынғы әліп-билеріне тіпті ұқсамайды. Ахаң бұрынғы әліп-билері кезінде «әліп-екі үсін әннен», «Абжет әуестен», ескі молдалар оқыту әдісінен, ескі «қытай» жазуынан құтылдырса, бұл әліппе бізді бұл күнгі педагогиканың соңғы сөзімен таныстырып отыр, жазу әдісі жағынан да, мазмұн жағынан да педагогиканың үстіміздегі мақсаты мен бағытына үйлесіп шығып отыр», – деп жазады. Сондай-ақ, әліппе кітабының сапалы шығуы жөнінде де өз пікірін білдіреді. Бұл орайда рецензия авторы: «Кітапта 126 сүгірет бар. Мұнан басқа диаграм және басқа түрлі сызықтар бар. Сүгіреттер жақсы, басылуы әдемі, әріптері ірі, сырты қолайлы», – дейді [2]. Ал 1927 жылы тап осы көлемде



«Әліп-бидің» екінші басылымын Қызылорда – Ташкент баспалары бірігіп шығарды. Ақырында 1928 жылы Қызылорда қаласында оқулықтың үшінші басылымы 20000 таралыммен жарыққа шықты.

Тұңғыш қазақ кеңес библиографы Міржақып Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» еңбегінде А.Байтұрсынұлының оқулықтарына көрнекті орын берілген. Осы көрсеткіште 1926 жылы жарық көрген «Әліп-би» оқулығына Қазақстан мемлекеттік білім кеңесі былайша жоғары баға берген: «Бұрынғы Әліпби қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Мынау жаңа Әліпби бұрынғылардан қай ретте болса да аса артық. Бұл Әліпбидің мазмұны, қазақ жағдайына қарай мемлекеттік білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына қолайлы тәртіппен құралған. Бұл Әліпби оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл Әліпби аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Сыртқы көрінісіне қарағанда тұтас сөздер әдісімен жазылған сықылды, бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. Мазмұн жағынан, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық. Бұл Әліпби бұрынғысына жүдә ұқсамайды. Көңілдегідей болып шыққан» [3]. Осы іспетті пікірді әдіскер ғалым Т.Шонанұлы да былай білдіреді: «Бұл жөнінде ана тілі методикасының (методика – тарих жүзінде адам баласының үйрету тәжірибелерінің шығарған қорытындылары мен заңдарының жинағы) беті америка әдісіне қарай маңдайын аударған соң, Ахаң жаңа Әліпбиін дыбыс әдісімен де, америка әдісімен де оқытуға жарамды қылып шығарған. Бұл америка әдісімен оқыта алған тұтас сөз жүйесін қолдансын, әлі келмесе қалың мұғалім бұрынғы дыбыс әдісін қолдансын деген болар. Жаңа Әліпбидің бұл бір ұнамды жері» [3].

А.Байтұрсынұлы өзі де бұл «Жаңа Әліпбиді» шығарудағы талпынысын 1925 жылы қазанның 21-інде: «Бұл әліп-би кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындастыру шарасын табу түрде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа программа (Гувс программасына) болуы көзделді», – деп жазды [2].

II. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл құралдарының» басылым көруі жайлы.

А.Байтұрсынұлының «Тіл құралдары» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатынан туған. «Тіл құралдарын» ұсынудағы алға қойған мақсаты жөнінде А.Байтұрсынұлы оқулыққа жазған «Сөз басында» жеткілікті баяндаған. Онда адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі ретінде тілді жоғары бағалай отырып: «Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғанынан жеңіл болмас еді», – дейді. Ендеше, жазу заманында, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден де артық дәрежеге жеткен заманда «сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек» деген түйінге келеді. Ал бұл күрделі түйінді шешетін бір-ақ нәрсе, ол – «Тіл-құралдары» [1; 2; 3]. Осы іспетті ойлардан келіп А.Байтұрсынұлы: «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін үйрету керек. Бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін балаларға оқытуға осы «Тіл-құрал» деген кітапшаларды шығардық», – дейді.

Жалпы А.Байтұрсынұлының бастауыш мектепте балаларға арналған тіл таныту ісі дыбыс жүйесі мен түрлері, сөз жүйесі мен түрлері, сөйлем жүйесі мен түрлері сынды үш сатыға бөлінеді. Оқулық авторы бірінші тіл танытқыш кітаптың 1925 жылғы басылымында «Тіл-құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алынып үйретіледі. Қандай қай жылда үйретілетіні бастауыш мектеп програмдарында көрсетілген», – деген пікір де келтіреді. Әрине, бұл қазақ тілін белгілі бір бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін аңғартса керек.

Қалай болғанның өзінде де А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралдары» – қазақ қауымы үшін бұрын-соңды болмаған соны дүние, тың құбылыс еді. Оқулық авторының өзі де: «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху,



сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана, онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа», – дегені бар.

А.Байтұрсынұлының тілдің дыбыс жүйесі мен түрлеріне (фонетика) арналған «Тіл-құрал» атты оқулығының I бөлімі 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көреді. Кітаптың титул парағында «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) «бірінші жылдық» деп көрсетілген. Бұл жерде біз оқулық «дыбыс жүйесі мен түрлеріне арналған» дегенді шартты түрде алып отырмыз, себебі еңбек тек фонетикаға ғана арналмаған. Оны автор сөзімен былайша баяндауға болар еді: «Тіл-құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар, үйткені «Тіл-құралдардағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шалашарпы үйретуден, аз да болса анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе бірінші жыл оқылатын «Тіл-құралы» тіл білімінің негізі болғандықтан, нық үйретілуге керек» [4]. Байқап отырғанымыздай, мұнда А.Байтұрсынұлы өзінің әдістемелік тұжырымын да айта кеткен.

III. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы. А.Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен бірге, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған. Бұл бағытта мол жазбаларының бірер санын «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» (қай жылы жазылғаны белгісіз), «Тіл жұмсар» секілді әдістемелік нұсқаулары мен «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Баулу мектеп», «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы-жалпылау», «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақалалары құрайды.

Бұлардың ішіндегі автордың «Әліппе астары», «Нұсқаушы» деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. А.Байтұрсынұлы мұраларын жинаушылардың айтуына қарағанда, бұл еңбектер Мәскеу, Санкт-Петербург, Уфа қалаларының кітапханаларынан да кездеспеген. Еліміздегі Ұлттық кітапхана мен Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінен де ұшырата алмадық. Дегенмен аталған әдістемелік дүниелер қолымызға түспегенмен, деректерге сүйене

келіп, бұл еңбектердің қандай бағытта өрілгенін аңғаруға болады. Мәселен, әйгілі жазушы Мұхтар Омарханұлы А.Байтұрсынұлы жұмыстан босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазып жүргенін айта келіп: «Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл-құрал», «Оқу құралдарынан» басқа, соңғы жылдарда «Әліппе астарын» һәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан), – деп хабарлайды. Бұл 1923 жыл болса, ал 1924 жылы «Әліппе астары» еңбегі Орынбор қаласынан 24 беттік көлемде басылып шығады. Нұсқаудың алғашқы бетінде «Оқу құралы» деген қазақша әліп-би бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы деп көрсетілген. Әдіскер ғалым Мағжан Жұмабайұлы да А.Байтұрсынұлы әліппесінің дыбыстық әдіспен құрылғанын сілтей келе: «Бұл алифба бойынша қалай хат танудың жолы А.Байтұрсыновтың «Баяншы» һәм «Әлифба астары» деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын» («Бастауыш мектепте ана тілі», Ташкент, 1923), – деп жазды. Ал ахметтанудың негізін салушы ғалым Р.Сәтіғалиқызы (Сыздықова): «Оқу құралын» пайдаланудың, жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбегінде көрсетеді («Ахмет Байтұрсынов», А., 1990), – деген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті архивінде сақталған 1929 жылы мамырдың 5-інде А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазып берген «Газет және журналдарда жарияланған басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген құжатта «Әліппе астары әліппеге методикалық нұсқау» деп көрсетілген [1;2].

А.Байтұрсынұлының «Баяншы» әдіс-темелік нұсқауы 1920 жылы Қазан қаласының алтыншы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет. Таралымы 8600 дана. Кіндік қазақ өзгеріс комитетінің оқу бөлімі бастырған. Еңбектің титул бетінде «Қазақ мұғалімдері үшін» деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: «Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төменгі «Қазақ дыбыс-тары һәм олардың жазылу белгілері» деген һәм «Дыбыспен жаттығу» деген екі сөзді оқып әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық емес. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған» – деп те көрсетеді. Бұл еңбек ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған А.Байтұрсынұлының: «Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін (бұл жерде әліппені оқытуды айтып отыр деп білеміз). Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын», – деуі де дәлел [2].



«Тіл жұмсар» әдістемелік нұсқауы екі кітаптан тұрады. Алғашқысы 1928 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақстан баспасынан жарық көрді. Көлемі – 46 бет. Әдістемелік титул парағында «Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-ші кітап. Білім ордасы 1-ші басқыш мектепте ұстауды ұйғарған» деп жазылған. 90 беттік көлемдегі «Тіл жұмсардың» екінші кітабы 1929 жылы (бірінші бетінде 1928) тағы да Қызылорда қаласында басылады. Еңбектің «Дәйектеме» деп аталған бөлігінде А.Байтұрсынұлы – жетекші құралдың ерекшелігіне жан-жақты сипаттама береді. «Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен (тәжірибе арқылы білім алу) үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім – «Тіл құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін, түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын-ұсағынша, ірісін-ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсарту арқылы барып үлкен құралды танытады», – деп бастайды. Одан әрі әдіскер нұсқау бөлімдерінде қамтылған мәселелерді, оларды меңгертудегі алға қойған түпкі мақсатты айқындайды.

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы: «Бұл бөлімде бақылау мен мәнісін білу жағынан тура тұтыну тәжірибе жағы басым болып отырады. Және бір ескертін нәрсе 1-ші бөлімде берілген тілтану білімі «Әліп-бидегі» әңгімелермен байланысқан. Оны сол ретте басқа кітаптардағы әңгімелермен байластыруға болады. Мұнда тек байланыс-тыру жолы, жөні осы ретше болу тиістілігіне үлгі үшін байлас-тырып көрсетілген», – дейді. «Тіл жұмсардың» екінші бөлімінде бірінші бөлімдегілердің көбі қайта келетіндігін, бірақ олар пысықтау ретінде емес, бұрынғы бөлімдерді тереңдетіп, аудандарын кеңейтіп білдіру ретінде ұсынылатынын ескертеді. Енгізілген жаңа жұмыс түрлері ретінде мыналарды атайды: 1) сөйлемдердің түрлерін тану; 2) сөздердің, дыбыстардың негізгі түрлерін тану; 3) орын талғайтын дыбыстармен танысу; 4) сыбайлас дыбыстардың бір-біріне ететін әсерлерімен танысу; 5) дауыс екпінін тануды атайды. А.Байтұрсынұлы бұл бөлімде істеу жүзінде байқаумен алған білім жұмсау жүзінде іске асып, бақылау мен жұмсау екеуі теңбе-тең бірдей жүріп отыратынын айтады. Әдіскер дәйектемеде «Тіл жұмсардың» берер пайдасы хақында да түйінді пікірін білдіреді. Аяғында айтып өтетінім, емле үйретуге «Тіл жұмсардың» екі бөліміндегі қолданыстық нәрсе (материал) жеткілікті. Соның бәрін балалар дұрыстап, түгел қолданып өтсе,

емленің 90% шамасы білуге дыбыс жүйелі. Оны білу үшін буынды жақсы тану, дұрыс буындай білу, сөздің буындарын біліп отырып жазуға әдеттену және керек. «Әліп-би» мен 1-ші «Тіл жұмсар» көлеміндегі нәрсе де, мезгіл де, білім де жеткілікті. Онан арғысын 2-ші «Тіл жұмсармен» толықтырып, үшеуінің көлеміндегі нәрседен емленің 90% білімін толық алуға болады. Онан әрі қалған 10% білімін 3-ші «Тіл жұмсар» беруге тиіс. Сөйтіп, бақылау мен жұмсау тәжірибе жолымен «Тіл жұмсардың» үш бөлімінің беретін білімін алғанда, балалардың сауаты емле жағынан толық жеткілікті болмақ», – дегені оған айғақ. А.Байтұрсынұлы дәйектемесі 1928 жылы наурыздың алтысында Қызылорда қаласында жазылған. Берілген үзіктен және бір байқайтын мәліметіміз, А.Байтұрсынұлы «Тіл жұмсар» әдістемелік нұсқауының үшінші кітабын да шығаруға жоспарлағаны. Қынжылатыны, ол еңбектің жарық көріп үлгермеуі. Сонымен «Тіл жұмсар» – ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс тұтыну жолдарын үйрететін әдістемелік құрал. Ғалым Р.Сәтіғалиқызы бұл еңбектің ерекшелігін дәл байқап, «қолданбалы грамматика» деп бағалады. Нұсқау «Тіл құрал» оқулығындағы грамматикалық ұғымдарға және «Әліпбидегі» мәтіндерге сүйенген.

Демек, А.Байтұрсынұлының әдіскер ретіндегі жазған ғылыми әдістемелік еңбектерінің дүниеге келуі, олардың баспасөз бетінде жариялануының бір парағы осындай. Ал осынау әдістемелік нұсқау, көмекші құралдарының, мақалаларының құрылымы, көтерген мәселесі қандайлық деңгейде екендігі – өз алдына кең көлемді әңгіме.

Қорыта айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың дарабоз, бірегей тұлғасы. Демек, тұлғаны терең тануымыз керек. Ал, қазақ ғалымдарына сүйенсе айтсақ, тұлғаны тану дегеніміз – алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор, халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету. Десек те, Ахаңның сом тұлғасы, атқарған қыруар ісі, халқына сіңірген еңбегі дәл осындай кең көлемді контексте, белгілі бір жүйеде әлі жете танылмай келеді. Жинақтай айтар болсақ, бұл ретте, біріншіден, таразылау нысаны болар замандастарының Ахмет Байтұрсынұлына берген бағалары десек, екіншіден, Ахаң мұрасының бүгінгі таңдағы зерттелу жайы, үшіншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі таңдағы талдаулармен үндестігі, сабақтастығы.

Ал бұтарлай үңіле түссек, ахметтану баспалдақтары сапына алғашқы кезекте төмендегі мәселелерді аша, анықтай түсуді қосар едік:

1. А.Байтұрсынұлының қоғам қайраткерлік қызметіне қатысты кезеңін



қосымша деректермен толықтыра түсу қажеттілігі айқын сезіледі. Әсіресе, Аханның қазақ мемлекеттілігін қамтамасыз етуде өлшеусіз еңбек сіңіргендігін кейінгі ұрпаққа таныту. Мәселен, қазақ автономиясын құру, бөлшектеліп кеткен қазақ жерін түгендеу, аштарға көмек ұйымдастыру, халық ағарту саласын жүйеге келтіру, қазақ мектептерін оқу құралдарымен қамтамасыз ету, тіл саясаты мен қазақ тілінің мәртебесіне ден қою, т.б.

2. Ғалымның 150 жылдық мерейтойы тұсында оны тіл маманы ретінде әр қырынан жан-жақты тани түсу де парыз болмақ. Осы тұрғыдан келгенде Ахаң мұрасы әлеуметтік лингвистика ғылымы саласынан арнайы зерделеуді қажет етеді. Бұл – Аханның тілді қарым-қатынас құралы ретінде орнына, тіл саясатына, тілдің әлеуметтік қызметіне (жазуды жетілдіру, қазақ тілін дамыту, ұлтты дамыту, терминдерді жаңарту, кірме сөздерге қатысты көзқарас, дұрыс емле түзу мәселесі т.б.), қазақ тілінің таза сақталуына, тілдердің байланысына, тіл болашағын болжауға қатысты ой-түйіндерінің астарына үңілу деген сөз.

3. Академик З.Қабдолов Аханның әйгілі «Әдебиет танытқышын» (1926) біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің «Поэтикасымен» теңдес сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу ретінде бағалайды. Сөзсіз, бұлардың «бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы әліпбилері». Осы түйіндерге жапсарлас айтар болсақ, Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге аса жауапкершілікпен қарау мәселесі күн тәртібінде. Яғни, Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау, талғау, талдау нәтижесінде екшеу, елеу, іріктеу, сұрыптаудың қажеттілігі.

4. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің маңызды бір саласы – қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты зерттеулерінің ғалымдар тарапынан аз ескерілетіндігі. Ендеше, А.Байтұрсынұлының өз заманындағы әлемдік дәрежедегі ірі әдістемеші ғалымдардың еңбектерімен жетік таныс болғандығын, әлемдік деңгейдегі әдістеме теорияларымен қаруланып қана қоймай, оған сын көзімен қарап, пайдалысын әліппе, оқулық жазғанда қолдана білгендігін ескеру қажет. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының әдістемелік негізін талдап беру, оның қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолдану орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер ететіндігін білу. А.Байтұрсынұлының әдістемелік терең білімі, мұғалімдік тәжірибесі, оны қорыта білу қабілеті оқулықтарының әдістемелік негізде жазылуын ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның әдістемелік ғылыми еңбектер жазуына негіз болғандығын тану.

Қысқасы, ғылымның дамуына орай ахметтану сатыларын соза беруге болар. Біздің тарапымыздан айтылғандары бірер бастылары ғана.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреже. алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. -30 б.
2. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Монография. Орал: БҚМУ, 1998. - 132 б.
3. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №9-10, 1997. – 56-60-б.б.
4. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынов – әдістемеші// Жалын. – 1993. - №3. – 52-54 б.б.
5. Қыдыршаев А.С. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. - №10-11-12. – 28-34-б.б.
6. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 7-8. – 11-15-б.б.
7. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдіскерлігі// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 2. – 3-7-б.б.
8. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы// Ұлағат. – 1995. - №3. -47-53-б.б.
9. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. - №9-10-56-62-б.б.
10. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы туралы// Поиск. – 1998. - №2.-4-8-б.б.



ҚАРҚАРАЛЫ КЕЗЕҢІ

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік

Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры

Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлын бүкіл қазақ біледі. Ал енді осындай тұлғаның Қарқаралы кезеңі туралы деректер аз. Бар болғаны: «1905-1908 жылдары Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқытушысы әрі меңгерушісі. 1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалған. 1910 жылы 9 наурызда Орынборға жер аударылған». Әрі қарай, «Қазақ» газетін шығарған деп жалғасады.

Ал біздің ойымызша, бұл әрі дәл, анық деректер емес. Осы жолдардың авторы тура елу жыл бұрын, Әлекендер, Ақаңдар бастатқан Алаш көсемдері ақталмай тұрған кезде Омбыдағы, Алматыдағы архивтерден тапқан деректеріміз Ақаңның Қарқаралыда қызмет атқарған кезінде саяси қайраткер ретінде қалыптасып, көзге түскенін көрсетеді. Дәлірек айтқанда, бірінші «Орыс революциясы» деп аталған кез, Ресейдің шет аймақтарындағы бұратана саналған ұлттардың оянып, өздерінің азаматтық құқықтарын іздей бастаған шағы еді ғой. Соның ең бір атаулы, айшықты көрінісі – Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, қол қойылып, Қарқаралыдан Петербургке жолданған петициялар» болатын. Бұлар туралы Қазақстан тарихында бірталай ақпарат берілді, оған тоқталмаймыз. «1905 жылы жазылған Қарқаралы петициялары дүниеге «Алаш қозғалысының саяси күрес жолындағы тілашар ретінде» келгенін көрсетті дейміз. Әрине, одан бұрын қазақтар орыс отаршылығына қарсы күрескен жоқ деген ұғым тумасын. Айтпағымыз, осы петицияларда тұтас ұлт тағдыры мен келешегінің мәселелері саяси сауатты, мақсатты бағдарлама ретінде, аты аталып, түсі түстелген құжат ретінде, ақы иесінің тікелей өзіне, яғни: біріншісі – Ресей патшасына, екіншісі – Ресейдің атқарушы Үкіметіне, үшіншісі – Ішкі істер министріне, саяси, экономикалық, әлеуметтік проблемаларды жеке-жеке атап көрсетіп, солардың шешілуін талап етуінде болатын. Бұл құжаттардың сол кездің өзінде-ақ Ресейдің бүкіл аймақтарына тарайтын баспасөзінде жарық көріп, қазақ деген ұлт бар екендігі, оның жағдайы туралы хабар таралуы Алаш көсемдерінің аса көрнекті жеңісі еді.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында, аталарымыздың ерлігі деп, тарихи саяси құжат деп өзіміз бағалап отырған петицияларды Ресейдің үкіметі

қалай бағалап еді? Бұл құжат Ресей тағын шайқалтып, 17 қазан Манифесін тудырған зор толқынға себеп болған дүмпулердің бірі ретінде бағаланды. Сондықтан да оны жазғандар, жазуды ұйымдастырғандар, таратуға, жариялауға қатысқандар «мемлекеттік қылмыстылар» деп танылды. Міне, «Қарқаралы петициясы» деп айтып қана өте шығатын емес, бұл құжаттың самодержавиені сескендірген қуаты осындай болғаны әлі күнге толық бағасын алмай келеді-ау!

Архив құжаттарын қарап отырсаңыз, бұл оқиғаның салдарынан туған үрейлі пікірлер, қатынас қағаздар, бұйрықтар мен жарлықтар «Ресей императорының өміріне тікелей қарулы қастандық жасалғандай» әсер қалдырады.

«Қарқаралыдағы 50 адамдық әскери команданы күшейтіп, қаруландыруға» қосымша қаржы сұралады. «Құжатқа қол қойғандардың ең болмаса бес-алтауын қамау» туралы айтылады. «Петицияны Омбыға кім әкетті? Онда Бөкейханов күтіп отыр, хатты оған жеткізбеу керек!» деп байбалам салынады.

Ал петицияны жазушылардың бірі – Жақып Ақбаевқа тағылған айыптың ауырлығын айтпай-ақ қояйын. Ол сот үкімімен 1906 жылғы тамызда ақталса да, 1909 жылы жылы 19 наурызда генерал-губернатордың пәрменімен Семей облысының, оның ішінде Қарқаралы уезінің шегінен аластатылып, Жетісу облысының Қапал уезіне жер аударылды. Тіпті, «Шешемнің ауырып жатқаны туралы хабар алып отырмын, Қарқаралыға барып қайтуға рұқсат беріңіз» деген өтінішіне: «Жоқ, жіберуге болмайды. Қарқаралыда оның жақтастары аман қалып отыр, солардың ішіндегі ең көрнектісі Ахмет Байтұрсынов – орыс-қазақ училищесінің бұрынғы меңгерушісі» деп бұрыштама қойылған. «Ақбаевтың Қарқаралыда бір күн болуының өзі қауіпті!» деп жазылған.

Ахмет Байтұрсыновқа тағылған айыптың негізгісі де – осы мәселе. 1909 жылғы 1 шілдеде Ахаң Қарқаралы түрмесіне қамалады. Архив деректерінде көрсетілгендей: «Байтұрсыновтың Қарқаралы түрмесінде жатуы жергілікті халықтың жаппай наразылығын туғызып, уездегі өкімет билігіне қауіп төндіруі мүмкін» деп жедел түрде Семейге жеткізу жөнінде бұйрық беріледі. А.Байтұрсыновтың қылмысы былайша санамалап көрсетілген: 1) Қарқаралы оязы халқының арасында үкімет билігіне қарсы үгіт жүргізеді, 2) Семей облысы шегінен қуылған Ж.Ақбаевты қайтару туралы жиындар ұйымдастырған, 3) Мектепте орыс балалары аз, 4) Губернатор биыл келгенде: «Оқушылардың кемінде тең жартысы орыс балалары болсын» деген, Байтұрсынов мұны орындаған жоқ», 5) 1905 жылы Бөкейханов пен Ақбаевқа қосылып, импера-



тордың атына петиция ұйымдастырған, б) Орыс-жапон соғысы кезінде патриотизм танытқан жоқ.

Әлекең Ақаңды босатуға күш салып, мемлекеттік думаның депутаты, партиялас жақсы танысы кадет Н.Скалозубовтың көмегіне жүгінеді. Скалозубов 1909 жылғы 17 қарашада Ішкі істер министрінің орынбасары П.Г.Курловқа хат жазады: «Семей және Өскемен түрмелерінде қазақтың көрнекті интеллигендері бірнеше ай бойы сотсыз жатыр. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов – Крыловтың мысалдарын қазақшаға аударған ақын. Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебін басқарған. Семей губернаторы оған ұлы мәртебелі императорға қазақ халқының атынан петиция жазды деп кінә тағады».

Петербургте шығатын «Современное слово» газетінің 19 қарашадағы санында басылған «Қазақтың халық ақыны түрмеде отыр» деген мақаланың авторы осы Н.Скалозубов екен. 1910 жылғы 4 ақпанда Ресей ішкі істер министрінің орынбасары П.Курлов: «Ж.Ақбаевты және оған қоса А.Байтұрсыновты, Ә.Бөкейхановты, Ыбырай Ақбаевты, Хасен Ақаевты, Бодаубек Райымбековті, Сүлейменовті, Бәйтеневті Қыр өлкесінен тыс, Жетісу және Торғай облыстарының аумағына екі жылға жер аударуға, мерзімі 1910 жылғы 10 қаңтардан» деп қаулы шығарады.

Ахаңның Қарқаралыдағы ағартушылық қызметі туралы да айтуға болады. А.Байтұрсын – «Мектеп мұғалімі һәм жетекшісі» деген қызмет шын мәнінде бүкіл уездегі мектептердің, ағарту мекемелерінің жұмысын үйлестіру, әдістемелік, ұйымдастыру қызметін атқару. Қазіргіше айтқанда, уездік оқу бөлімінің басшысы. Архив құжаттарында, мысалы, «Ахмет Байтұрсыновпен қандай байланысың бар?» деген сұраққа: «Байтұрсынов қу, Едірей, Темірші... болыстарына мектеп жұмысымен келіп тұрды, мұғалімдердің сабақтарын тексерді. Мектептің құрал-жабдықтарына көмектесті, саяси мәселе жөнінде сөз қозғамайтын» деген жауаптар жазылған. Ақаңның үйін тінткенде Ресейде шығатын оппозициялық газеттер табылған.

Қорыта келгенде, Ақаңның ұлы ұстаз, Алаш көсемі ретіндегі күрескерлік өмірбаянында Қарқаралы кезеңі елеулі орын алғанын айтуымыз керек. Қарқаралының іргесіндегі Ақтерек (Бидайық) мектебінде Ақаңның алдынан оқыған қазақ азаматтары туралы да деректер аз емес.

Сонау 1905-1911 жылдары халқының азаттығы үшін күресін Қарқаралыдан бастаған ұлт ұстазына Қарқаралы өңірінде лайықты белгі қойылып, облыстағы мектептерге есімін беру туралы бұрын да мәселе көтерген едік.

ЕРКІНДІК ФӘЛСАФАСЫ: АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Тұрдықұл ШАҢБАЙ,

*«Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік
тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық
қорық-музейінің» директоры*

Еркіндік фәлсафасы дегенде, оны тек еркіндік ұғымының аясында қарастырып, дефиниция жасап байлап қоюға болмайды. Оны «Еркіндік-Шығармашылық-Тұлға» – феномендерінің бірлестігінде қарастырған абзал.

Хакім Абай мен Алаш алыптары дүниетанымындағы терең байланысты жүйелі зерттеу қазақ фәлсафасының аса өзекті мәселесі. Қазақ фәлсафасының дүниетанымдық мәселелердің ішіндегі өзгеше басымдыққа ие болатын метабағыт, ол – еркіндік фәлсафасы.

Дүниетанымдық ғылымда еркіндік ұғымы бізге көбінесе философия арқылы жақын таныс. Басқасын айтпағанда, алдымен еске түсетіні Н.А. Бердяевтің «Еркіндік философиясы». М.Хайдеггер, Ж.-П.Сартр, А.Камю, Э.Фром, т.б. философтар еркіндік мәселесіне әр қырынан келді. Философияда еркіндік ұғымы көп талқыға түсті де, негізінен екі бағыт айқын көрініс тапты: «Еркіндік Жаратушыдан», немесе «Жаратушыдан тыс еркіндік», т.с.с. Бұл танымдардың айналасында полемика көп.

Ал, қазақ фәлсафасында да үлкен мәселенің бірі, осы еркіндік ұғымы, еркіндік мәселесі. Хакім Абай еркіндік фәлсафасына терең таныммен барған, шығармаларында еркіндік сөз-ұғымын қолданбағанымен, оның мәнін ашатын, сол еркіндік ұғымына анықтық беретін, қазақ танымында бар – ерік, ырық ұғымдарын қолданған. Осы екі ұғымның мәні қазақша-орысша сөздікте қалай аударылып берілген екен, соған назар аударайық: а) Ерік (еркі) – воля; свобода действия. ә) Ырық (ырқы) – воля, власть [1, 962-б.]. Бұдан байқағанымыз – бұл ұғымдардың мағыналық аясының кеңдігі, әрі ерік-ырық сөз-ұғымдарының мәнінде еркіндікке ұмтылыстың жігерлі күш-қуаты толық танылғаны.

Хакім Абай еркіндік мәселесін көтергенде, әрқашан, Елдік деңгейде сөйлейді. Мысалы, ақынның «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» [1,56-б.] деген өлеңіндегі Қыран ұғымына назар аударсақ, астарлы мағынада Қыран – символ-метафора. Қыран құсты баптап салса алмайтыны жоқ. Ол – рас. Бірақ, қияға шыққан Қыранға ештеңе алдырмай, бір жағынан қарқылдаған қарға, екінші жағынан шықылықтаған күйкентай жүрсе «адымын» аштырмай,



ол да еркін самғай алмайды. Өйткені еркіндік жоқ. Ақынның осы өлеңінің сентенция-түйіні мынадай терең оймен тастай болып шегеленген: «Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ, Қайран ел осынымен жүр далақтап». Хакім Абай мәселені басқа деңгейге көтеріп әкеткен. Өлеңдегі ойдың субстанциясы осы. Бұл жердегі «қайран ел» ұғымы елден алыста, сыртта жүрген адамның сағынышын білдіріп тұрған жоқ, еркіндіктен айырылған елдің қадірінің кетуі көрініс тапқан. Өмірде тыянақ жоқ. Басқа сая болатын, жанға олжа болатын дәнеме жоқ. Бәрінен айырылған. Хакім Абайдың бодандыққа деген «протесі» өте тереңде жатыр. Еттен өтіп, сүйекке жеткен.

Әбдірахманның өліміне шығарған «Талаптың мініп тұлпарын» [1,233-б.] деген өлеңінде «Ел ішіне сау келсең, Тағылым айтпас Ер ме едің? Жол көрсетіп сонда өлсең, Арманым бар дер ме едім?», – дейді. Елге жол көрсетіп өлу?! Не деген биік талап. Онда, «Арманым бар дер ме едім» дейді, хакім Абай. Хакім Абайда да арман бар. Ол арман елге жол көрсететін – Ер тұлға.

Хакім Абайдың арманы қазақ даласына сілкініс әкелді. Хакім Абай жұртына жол көрсетті. Қазақтың санасын оятты. Хакім Абай қазақ санасында қандай ұғымды оятты. Ол қасиетті ұғым – Алаш ұғымы болатын. Осы ұлттық кодты хакім Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» [1,52-б.] өлеңінде сыншылдықпен өткір берген: «Алашқа іші жау боп, сырты күлмек» дейді. Алашқа іші жау болу – бұзылу. Алаш ұғымы елдік мағынада қолданылып тұр. Өлеңнің түйін бөлімінде, болашаққа сауал тастаған: «Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек?».

XX ғасырдың басында хакім Абайдың арманын ту етіп ұстаған, Абайдың жолын қуған Алаштың асыл ұлдары еркіндік жолына түсті. Алаш алыптарының барлығы Абайға құрметпен қарады. Алаш алыптары әкелген еркіндік танымы еуразия кеңістігінде феномендік құбылыс болды. Алаш алыптарыныңдағы еркіндік сананың генезисі – Хакім Абайдың еркіндік танымы болды. Хакім Абайдың жалпыадамзаттық танымын Алаш алыптары биіктетіп әкетті. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айта алған хакім Абайдың жолын, Алаш алыптары еркіндік жолындағы күрестерінде «компас» ретінде қабылдады.

Әлихан Бөкейхан және еркіндік фәлсафасы. Әлихан Бөкейхан қазақтың еркіндік фәлсафасын ерекше биікке көтеріп, қазақтың еркіндік санасын әлемге танытқан бірегей тұлға. Оның еркіндік фәлсафасы қазақ саяси фәлсафасын қалыптастыруда айқын көрініс тапты. Әлихан Бөкейхан фәлсафаға құрметпен қарап, оны білімнің ең қиыны екенін айтқан.

Әлихан Бөкейхан фәлсафасының негізі – елге, жұртқа қызмет ету, адамзат баласына еркіндік рухының дәнін себу, яғни, энциклопедиялық масштабтағы дүниетаным. Әлихан Бөкейхан фәлсафасының субстанциясы қазақ халқының еркіндігі. Әлихан Бөкейханның еркіндік рухының фәлсафасы субстанциялық дүниетанымында анық көрініс тапқан: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!». Бұдан нені байқаймыз, тұлғаның шаһиттік өмірге (ұстараның жүзі) саналы баруы, өмірінің мәні – халқына жол көрсету. Елге, жұртқа ғұмырын арнау шешіміне жігер еркіндігі бар тұлға ғана бара алады. Фәлсафада жігер еркіндігі – тұлғаның өз hareketін өзі айқындауы, өзінің hareket ету жолындағы еркіндігі мен мүмкіндігін өмір фәлсафасына айналдыруы. «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді» – бұл не? Бұл фәлсафалық танымда – рефлексия, тұлғаның өткенді саралап, көкжиектің көркем болуын мақсаттауы. Мақсат, елдік дәстүрді жалғастыру: «Тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын». Әлихан Бөкейхан елге, жұртқа қызмет етудің үздік үлгісін рефлексиялық жолмен тарихи сананы жаңғырта еске түсіреді.

Осы ізденіс жолында Әлихан Бөкейхан – мінез фәлсафасына ерекше ден қояды. Әлихан Бөкейхан – «Қазақ» газетінде Досмайыл ақсақал хатына қаратып жазған «Ашық хат» атты мақаласында фәлсафалық ой толғаған. Онда Әлихан Бөкейхан «Адам баласы қылып жүрген іс ой-ақыл болып басталады, адамды бала тапқан қатындай қинап, сөз болып сөйлетеді, я жазылады, ақыл-сөз сонан соң барып іске айналады. Не жұмыс қылсақ осы үш: ақыл, сөз, іс – сырат көпірінен өтпей жұмысқа айналмайды» [6] – дейді. Әлихан Бөкейханның фәлсафалық танымы өте терең: «ақыл – сөз – іс» үштік танымның бірлігін шығару «қыл көпірден» өткенмен тең екенін айтады. Осындай фәлсафалық үштік таныммен басталған еңбегінің түйін сәтінде өзгеше терең ұғым мінезге тоқталады: «Балқан соғысында екі жүз мыңнан аса адам өлді, бұл соғыс білімсіздіктен емес. Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген мінез айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграм, телефон, айроплан шығарды, жақсы мінезге тоқтаған адам аз, білім-біліммен, мінез – мінезбен. Көп оқыса, зейінді болса, білімді болмақ, мінезі жақсы бола ма, жаман бола ма, мұны құдай білер. Неше түрлі залалды қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білетіндерден көріп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді, білімнен жақсы мінез шықса, бұл қалай?» [6]. Әлихан Бөкейхан – мінез мәселесіне адамдық (адамшылық) қасиет тұрғысынан келіп, оған жауап іздеген. Өз мақаласындағы негізгі мақсат Досмайыл ақсақалдың сөзіне жауап беру болғандықтан Әлихан



Бөкейхан өзі қойған терең сауалдың жауабын ашық қалдырған. Мақаланың түйін сөзінде Әлихан Бөкейхан былай дейді: «Бүгін Досмайыл ақсақалдан сөз айыруға қысқартып жаза салдым, құдай бұйырса, тағы неше бұл сөзге айналармын». Әлихан Бөкейханның «бұл сөзге неше айналармын» деуі мәселенің тереңдігін көрсетіп отыр. Автор мақаласында «Адам баласын өзіңдей жақсы көр, сүй деген мінез айтылғалы екі мың жыл болған» дей келе, сол мінезді білім де түзей алмауы неліктен деп ізденіске түскен.

Осындай қиын кезеңде «Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген ұстанымдағы Әлихан Бөкейхан өз мақсатын іске асыру харекетіне жүйелі түрде кіріскен. Алып империяға мінезбен, біліммен қайрат көрсеткен. Әлихан Бөкейханның «Қарқаралы петициясын» ұйымдастыруы, «Қазақтар», «Қазақ тарихы» т.б. жүздеген іргелі еңбектерінің жарық көруі қазақ даласына саяси күштің келгенін, оның пассионарлық қуатты басшысы барлығын Еуразия кеңістігіне танытты.

«Бөліп ал да билей бер» саясатының бет пердесін ашып, ел болып бірігудің жолдарын әр еңбегінде халқының жүрегіне еге білді: «Мұнан бұрын «Қазаққа» жазылған еді: «Учредительное собрание» құдайдан соңғы күшті, мұның ісін бұзатын үкімет жоқ, – деп. Бұл барша Россия мемлекетінің негізгі заңын басқарады, – деп. Мұнда барша қазақтың да ісі қаралады, – деп. Біздің алаштың баласы «Уредительное собрание»-ге партия жасамай, барша алаштың шешенін, білгішін, таза пікірлесін сайлағаны алаштың пайдасы болады. Осы ақыл жұрт пайдасы-ау деп біз, Жалпықазақ сиезінің бюросы қазақ жұртынан депутат болатын жігіттердің атын атамақ болдық. Бұл жігіттер Жалпықазақ сиезіне салынады. Сиез ұнатқан жігіттерді тәмам қазақ бөліп алып сайлайды. Енді депутат сайлауға облыс, ояз, болыс, туған жер арасы жоқ» [10]. Әлихан Бөкейхан әрбір сәтті тамыршыдай дәл тани білді, алаштық таным, алаштық сана арқылы әр алаштықтың рухын оятты: «Қара жарыста озғанды жұрт қалап бәйгеге қосар. Біздің іздегеніміз – Алаштың аты бәйгеден келгені. Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар. Бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына үлкен жүк. Бізді бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт жолына түсті.

Ұлы Даланы мыңдаған жылдар мекендеген түркілердің ұрпағын ұйытатын ұран – Алаш ұраны екенін де жақсы білді. Сондықтан оны саяси фәлсафаның туы ретінде халқына ұсынды: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр.

Жалпықазақ сиезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси болуын қостайтындар, сайлауда кандидат списогін «Алаш» партиясының списогін деп жүргізулері керек» [12]. Әлихан Бөкейхан екі оттың арасынан (ақтар мен қызылдардың) халқын аман алып шығу үшін небір саяси амал-тәсілдер қолданды. Адаспас үшін, кімнің кім екенін дер кезінде атап, халқына жеткізіп отырды: «Ленин жолдастарымен неміс жалдаған болып шықты, өзі қолға түспей Германияға қашып кетсе керек. Бірнеше жолдасы абақтыға алынды, сотқа берілді» [13]. Кейіннен «идеалға айналмақ» тұлғаның кім екенін көрегендікпен халқына жеткізу ел болашағының ойлағандықтан, ақиқаттың негізін, субстанциясын тануға, сондай-ақ, болашақ өмірдің айнасын талдап көрсетуінде жатыр.

Әлихан Бөкейхан көсемсөз фәлсафасының негізін қалады. Көсемсөз фәлсафасы медиялық құралдың ажырамас бөлігі, негізі ретінде өз арнасында фәлсафалық танымның мәдениеті мен методологиясын қалыптастырады. Көсемсөз фәлсафасының негізін қалаған Әлихан Бөкейхан бұл саланың халық өміріндегі мәнін терең түсініп, өзі де тікелей араласқан: «Өзінің ғұмырында Әлихан төңкеріске дейін 4 газет, оның үшеуі орыс тілінде: «Иртышь», «Омичь» және «Голось степи» газеттеріне өзі редактор болса, қазақ тілінде тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналын шығарып, 1925 жылдан бері шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға мұрындық болды. «Жаңа мектеп» журналының кейін «Қазақстан мектебі», ал «Әйел теңдігі» журналының «Қазақстан әйелдері» басылымына айналғанын ерекше айта кеткен маңызды» [14]. Сондай-ақ, мақала авторы Әлихан Бөкейханның мерзімді басылымда жарық көрген еңбектерінің географиясы Еуразия кеңістігін қамтитынын, тіпті, француздардың ықпалды «Фигаро» газетінде жарық көріп тұрғаны туралы мәліметтердерді де келтіріп өткен» [14].

Әлихан Бөкейхан қазақ фәлсафасының негізгі құндылық-арнасы жерландшафт фәлсафасының негізін қалады. Ландшафтық ойтаным әр этностың өсіп-өнген жерімен (туған жер, туған ел) тығыз байланысты. Ландшафтық ойтаным жоғалса этностың жан тамыры үзіледі. Әлихан Бөкейхан фәлсафасындағы ландшафтық ойтаным – субстанциялық тереңдігімен, ремиценциялық санасымен, пассионарлық ұмтылысымен ерекшеленеді. Адам мен жер – мың тамырмен байланысқан феномендік құбылыс. Ана-Жер-Ана деген ұғым бар, бұл бекер емес. Оған Асан Қайғының «Жер-Ұйықты» іздеуін қосыңыз. Жер тіршіліктің тірегі. Қазақ жері қазақтың болашағы екенін



терең түсінген Әлихан Бөкейхан оған алдымен қазақтардың өзінің құрметпен қарауын талап етті. Фәлсафада – жер фәлсафасы, ол – үрей фәлсафасы деген де түсінік бар. Ол да бекер емес. Жерден айырылған халықтың күні қараң. Соны терең түсінген Әлихан Бөкейхан жер фәлсафасына өзгеше жауапкершілікпен келіп, халқына түсіндірген: «Жер туралы көрген зорлық көп. Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі ғұмыр мәселесінің ең зоры. Жер ісін «ала қашты, тартып алды, тиіп кетті» қылмай, ақылмен, сабырмен атқарған оң» [15]. Осы қысқа сілтемеде қанша фәлсафалық ой жатыр: зорлық көп, дірілдемесе болмайды, ғұмыр мәселесі, ақылмен, сабырмен атқарған оң. Фәлсафалық терең байламдар. Әлихан Бөкейхан жер мәселесіне аса жауапкершілікпен келу қажеттігін айтып отыр. «Байбаламның» қауіптілігін де ескерткен. Бүгін де қазақ жерін байбаламсыз мінезбен, біліммен көздің қарашығындай сақтау керек. Ол ең алдымен билік басындағылардың басты міндеті. Әлихан Бөкейхан өз кезінде қазақ жерін мың желеумен ресей империясы «тырнақ батырып» алып жатқанда, үндемей қалу өліммен тең екенін халыққа ескертіп, оған қарсы күресудің жүз тарап жолын үйреткен, өзі бел шешіп жер үшін күрескен: «*Мұжыққа жер алғанда «артық» деп алып отыр. Қазақ жұрты бұған дауласу керек*» [16]; «*Қазақ жерін мұжыққа алғанда қазаққа көп кемшілік келтіреді, бұрын жерді қазақтан жері жоқ мұжыққа береміз деп алушы еді. Енді қазақтан алған жерді Еуропада өз жері көп дворян-помещиктерге беріп жатыр*» [16, сонда]; «*Казахамъ нужно землеустройство при участіи самихъ казаховъ и ихъ земства*» [17];

Ғылым фәлсафасы ХХ ғасырдың екінші жартысында өз орнын фәлсафада нық алса, «ғылым фәлсафасы» ұғымының ғылыми айналымға енгеніне ғасырлар өткен. Әлихан Бөкейхан оны анық білді. Жоғарғы оқу орны болса ғылым болатынын және ол қоғамның негізгі басым бағыттарын алға шығаратынын терең білді: «*Край нуждается въ открытіи высшаго сельскохозяйственнаго и ветеринарнаго института, такъ какъ земледеліе и скотоводство составляютъ краеугольный камень его экономическаго благосостоянія; отсутствіе же ученыхъ и практиковъ-спеціалистовъ по этимъ отраслямъ отзывается весьма неблагоприятно какъ на ихъ теперешнемъ состояніи, такъ и на ихъ дальнейшемъ развитіи*» [18].

Әлихан Бөкейхан қоғамның дамуының негізгі тірегі білім, әрі ғылымның алғышарты да білім екенін анық танып, осы салада өзі бел шешіп еңбек етті, әрі үлкен насихат жүргізді. Әлемдік білім фәлсафасының дәстүріне сай Алаштың білім фәлсафасы институционалды тұтастықта дамыды. Ұлы дала

төсінде мектептер, басқа да білім ошақтарын ашу, оқулықтар жазу, газет-журналдар ашу, білім мен тәрбиеге қатысты танымдық-әдістемелік мақалалар жазу, түрлі бірлестіктерде білім мәселелерін, білім теориясы мен концепциясын талқылау, т.б. көптеген мәселелерді қарастыра келіп, соның нәтижесінде ұстаздық фәлсафаның жаңа бағыттарын көрсету, теориялық білімнің іргелі құндылықтарын ашу, Алаштың білім фәлсафасының метаконцепциясы болды. Әлихан Бөкейхан білім мәселесін сол қоғамның басты құндылығы ретінде қарастырды: *«Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жастырқап, жаңалық пікірімізге түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай – өтер. Олар өтіп кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті: жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріп бәрінен жоғары қойылатын жұмыс»* [19]. Әлихан Бөкейхан жастарға үміт артты, өз халқының қабылетіне ерекше сенді, генетикалық дарындылығына күмән келтірмеді: *«Қыр халқы... өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақыл-санасы болған соң...»* [20].

Әлихан Бөкейхан білім саласында болып жатқан әр жаңалықты қағыс жібермей, содан қазақ халқының сусындағанын қалаған. Петербор қаласында өтпекші мұғалімдер сиезінен қазақ мұғалімдері қалмауы керек деп халыққа қаратып сөз айтқан, оның мәнін түсіндіріп берген: *«Алдымызда осы қыс Петерборда мұғалімдердің бас қосуы – сиезі болады. Бұл сиездің басында неше білгіш ғылымды профессорлар болады. Оқуды жақсылап оқытатын Жапон, Америка, Норвегия сияқты жұрттардың қалай бала оқытып отырған үлгісін жиылған мұғалімдерге көрсетеді. Біздің қазақ мұғалімі бұл сиезге бармаса болмайды. Халық болып көп аз демей қазына жиып, талапкер қазақ баласын оқытатын мұғалімдерді Петербор сиезіне жіберу үлкен мақсат. Мұғалімдерді Петербор сиезіне жіберетін ақша қазақтан табылмаса, міне жұрттан қалғанның белгісі. Қиналып тапқан ақылды, толғатып сөзге аудардым. Енді бұл сөзді іс қылмақ, оқушы жұртым, қазақ өз мойныңда!»* [21].

Тарих философиясының ақиқаттығын Әлихан Бөкейхан осылай ашып көрсеткен. Тарихтың этнос өмірінде, оның адамзат тарихында алатын орнын айқындаудағы ролі туралы айтқан пікірі де бүгінде өзектілігін жойған жоқ: *«...біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ. Бұл күн Азия картасының төрттен біріне ие болып тұрған қанша миллион қазақтың тарихы көмескі қалыпта тұрған жайы бар»* [23].



Әлихан Бөкейхан тарих ғылымына, тарих философиясына жүйелі түрде барған. Елден тыс ғылыми ортада оның тарихи танымы ерекше белгілі болған.

Әлихан Бөкейхан өзінің іргелі «Қазақ тарихы» мақаласында мәдениет фәлсафасына да методологиялық жол ашқан: *«Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзінің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы»* [23]. Тағы бірде Әлихан Бөкейхан былай дейді: *«Оқымай мәдениет жоқ. Мәдениетсіз ел қандай көп болсын, күшті болсын, ұлтшыл болсын, ұлттығын сақтап табанды ел болып тұра алмайды»* [24]. Мәдениеттің этнос өмірінде алатын орнын анық ашып берген, мәдениетін сақтамаған, қадірлемеген халықтың *«ел болып тұра алмайтынын»* анықтап айтқан.

Әлихан Бөкейхан фәлсафасының өзекті саласы – тіл философиясы. Тіл – ой мен білімнің кілті.

Сондықтан Әлихан Бөкейхан фәлсафасы қазақ үшін мәңгілік.

Ахмет Байтұрсынұлы және Еркіндік фәлсафасы. Абайды терең таныған Алаш алыптарының бірі, ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол: *«Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан басқа бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»* [30,216] деп ашып айтқан. Сондай-ақ, хакім Абай поэзиясындағы еркіндік фәлсафасына ерекше құрметпен қарап, терең таныған да бірегей ғалым Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы болды. Қазақ халқы ұлт ұстазы деп бағалаған Ахмет Байтұрсынұлы саналы ғұмырын қазақ халқының еркіндігіне арнаған. Ахмет Байтұрсынұлы еркіндік фәлсафасына жүйелі түрде келген.

«Маса» жинағы. 1911 жылы жарық көрген. Еркіндік мәселесін көтерген «Жұбату» өлеңі тұңғыш рет 1922 жылғы екінші рет Қазанда басылған «Маса» жинағына енген.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы даналықпен еркіндікке қатысты мәселені қазақтың бала жұбату өлеңінің мәнеріне салып жазған өлеңінің мәні өзгеше. Бесіктен бастаған, халықтың терең дәстүрін тамырынан таныған. Сондықтан, қазақтың бала жұбату өлеңін келтіре отырып, оны өзінше дамытады. Алдымен қазақтың бала жұбату өлеңінен бір шумақ береді: *«Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем, Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін. Байқұтанның құйрығын, Жіпке тағып берейін»* [30, 73-74]

Ахмет Байтұрсынұлы осы бала жұбатуды өзінше дамытып, фәлсафалық тұрғыдан еркіндік мәселесін көтеріп кеткен. Осы өлеңде еркін ұғымын үш рет, еркі ұғымын екі рет қолданған: «*Қайран еркін, Замандарың, Тарлыққа жоқ, Амалдарың. Еркін дала, Еркің қайда? Еркіңдегі, Көркің қайда? Нулы, нулы, Жерің қайда? Сулы, сулы, Көлің қайда? Еркін көшкен, Елің қайда? Ел қорғаны, Ерің қайда?*» [30, 73-74].

Осы өлеңдегі сауалдар фәлсафалық мағынаға ие. Осындағы «Еркін дала, Еркің қайда? Еркіңдегі, Көркің қайда?» назар аударайық. Еркін дала еркінен айырылған соң, сол еркіндікте бар көркінен де айырылған. Халықты оятудың қуатты тәсілі. Реминиценция тәсілімен «әлдилеп» отырып оятады. Бала емессің, бұл қауіпті әлдиге көнбе дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы осылай қойылған көп сауалға, өлеңнің екінші қайыр-масында жауап береді, еркіндіктен кімнің айырғанын атап көрсетеді: «Нулы жерден, Күшті айырды, Сулы көлден, Сұсты айырды. Малың алдау, Талауда тұр. Жаның арбау, Қамауда тұр».

Қазақтың бала жұбату өлеңінің мақсаты баланы әлдилеп ұйықтату. Мына жерде соған қарама-қарсы «ұйқыдан ояту» мәселесі көтерілген. Барлық мүмкіндікті сарқа пайдаланған: «Әлди-әлди! – Мен де деймін. Сірә, «әлдиге», Сенбе деймін». Еркіндікке ұтылыстың алдындағы буырқаныс. Бодандыққа түскен елдің болмысын таратып айтып келеді де : «Малың алдау, Талауда тұр. Жаның арбау, Қамауда тұр» дейді. Жаның қамауда тұрса, Сен кімсің? Сонда нең қалды? Ештеңең қалмаған. «Кұр сүлдерсің». Еркіндігің жоқ. Жаның қамауда болған соң, малың да талауға түскен. Ахмет Байтұрсынұлы «мал» ұғымын кең мағынада алған. Ол жерің, байлығың, берекең деген сөз. Соның бәрі талауға түскен. Сондықтан империяның «әлдиіне» ұйықтаудың нәтижесі құрдымға кету болмақ. Еркіндік жолына түскен Ахаңның өз тағдыры ғана емес, ол өскен әулетке де оңай болмады. Империялық жүйе баудай түсірді. Ер мінезді, елдік рухты әкесі, ағалары ел қамын жегені үшін абақты, итжеккеннің бәрін көрді. Жасымады.

Ахаңның көркем шығармаларының басым көбінде елдік, еркіндік рухы бар. Мәселен, «Аққу, шортан һәм Шаян» мысалына назар аударайық. Мысалдың сюжеті түсінікті. Дегенмен мысал жанрында «сентенция» деген ұғым бар. Контекстен тыс пікір, авторлық тұжырым деген сөз. Көп халыққа ортақ мысал сюжетіне Ахмет Байтұрсынұлы мынадай сентенция, түйін берген:

*Жігіттер, мұнан гибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.*



*Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас [30,23].*

XX ғасыр басында елді бірлікке шақырып отыр. Егер біріңнің бірің тілінді алмасаң «ісің оңбас» дейді. Еркіндік фәлсафасына қадам болатын бірлікке шақыру танымында хакім Абайды шығармаларымен үндестіктікті көреміз: Хакім Абай «Алыстан сермеп» деп басталатын «Сегіз аяқ» өлеңінде:

Біріңді қазақ, бірің дос

Көрмесең, істің бәрі бос, – анықтап айтпап па еді. Қазақтың бас ақыны, ғұлама-ойшыл, хакім Абайдың осы өлеңі танымы терең, көп тарапты шығарма. Осы бітімі бөлек шығармада елдік мәселесі алтын арқау болып терең көтерілген: «Ойданар елдің сиқы жоқ», немесе, «Сөзімді ұғар елім жоқ» осы ішкі толқыныс мынандай түйін жасауға апарды: «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым – тап шыным!».

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы хакім Абайды терең таныған, өзі саналы ғұмырында білім арқылы елінің, жұртының еркіндік жолына түсуіне аянбай еңбек еткен. Ахмет Байтұрсынұлының білім фәлсафасы арнайы қарастыратын алып тақырып.

Міржақып Дулатұлы және еркіндік фәлсафасы. Тәуелсіз Қазақ Елінің туындағы бейнеленген Қыран құсты көргенде менің санама бірден Алаш алыптарының айбынды қайраткері Міржақып Дулатұлы түседі.

Алаштың көрнекті қайраткері, тұңғыш тіл білімінің аспиранты Қошмұхамбет Кемеңгерұлы XX ғасырдың басында Жақаңның дара тұлғасын дәл танып, анық та биік бағасын берген болатын: «*Оян, қазақ!*»-ты ел қазақтары Құрандай жаттаған. *Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан «Оян, қазақ!» болатын» [32, «Еңбекші қазақ», 1.12.26].*

Қошке Кемеңгерұлы Ел қазағының да тұтас бейнесін де Жақаң бейнесімен бірлікте ашып көрсеткен. Ол кезде ел қазақтарының Жақаңның тұлғасын тануы асқақ болған. Бойдағы рух жоғалмаған. Санадағы сенім жоғалмаған. Сондықтан басқадай жаттамаған. Құрандай жаттаған. Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлы тереңнен қозғап «алты Алаш» ұғымын қолданып тұр. Жай ғана қолданбаған, назар аударайық: «Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан «Оян, қазақ!» болатын». Сол өзі өмір сүріп жатқан Елдің атын Алты Алаш деп анық атап тұр. Бұл, бабалардың үні бар, елді тұтастандыратын, елді ұйытатын үлкен сөз. Елін, жерін шүбәсіз сүйген, алмас қылыштай, шәһиттік

ерлік жолымен күресе еркіндікке қол созған Жақаңның биік бейнесі болаттай беріктігімен көрінген сөз.

Нағыз пассионар тұлға Міржақып Дулатұлы хакім Абайды қалай терең танып бағалаған: *«Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы ауқымды еді. Адамшылық ой-қиялы өте таза, елін-жерін сүйген кісі еді»* [33, 212] – дейді.

«Оян, қазақ!» жинағы 1909 жылы Уфа қаласында, 1911 жылы Орынборда жарық көрді.

1909 жыл – қазақ этносының дүниетанымында тұтас бір дәуірдің салмағын көтерген ерекше жыл ретінде тарихқа енді. Уақыт озған сайын осы жылдың қадыры арта берері хақ. Бір жылда Хакім Абайдың, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының, қазақ даласының қыраны Міржақып Дулатұлының шығармалары қатар жарық көрді. Қазақ Даласында еркіндік самалы есті. Сол самал санаға қуат берді.

Міржақып Дулатұлының рухты «Оян, қазағы!» мына жолдармаен ашылды:

*«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты»* [34,3].

Бұл жолдарда өтініш жоқ, талап бар. Өз харакетіне сенімді тұлғаның, қайраткердің сөзі. Пасионарлық қуатпен келген тұлғаның жұртына сауалы көп:

*«Қазағым, жерің қайда ата мекен,
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен?»* [34,30].

Ен жайлаған «Ата мекен» қайда, ата мекен болатыны оны «Қазақ қазақ» болғалы жайлаған, енді сыпыра айырыла бастаған. Неге? Алаштың алып қыраны осы сауалдарға жауап іздеген. Бұл Алаш рухты Жақаңның «Қазақ жерлері» өлеңінен, ал, «Алашқа» атты өлеңінде оның өмірлік мақсаты толық ашылған:

*Көк майса бетегелі жерің қайда?
Күмістей толқындаған көлің қайда?
Ың-жың боп жерқайысқан төрт түлікпен
Жөңкіліп, көшіп қонған елің қайда?
Көтерген ақ киізге ханың қайда?
Қизаш қас, бидай өңді ханым қайда?*



*Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?
Ақ орда би түсетін үйің қайда?
Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,
Толықсып жүрген кеше күнің қайда? [33,106].*

Мағжан Жұмабаев және еркіндік фәлсафасы. 2018 жылы Алаштың көрнекті қайраткері, атақты ақын, қазақ әдебиетінің классигі, түркі дүниесінің ірі тұлғасы Мағжанның 125 жылдық мерекесіне арнап «Біздің Мағжан» атты безендірілген мерейтойлық жинақты төрт тілде (қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде) дайындап шығардым [35,100]. Мағжанның есімін, шығармашылығын және қайраткерлігін халықаралық деңгейде насихаттауға тамшыдай болса да себебі тиіп жатса арманның орындалғаны.

Алаштың классик ақыны Мағжан Жұмабаев еркіндік фәлсафасына толық танып, тереңдікпен келген. Сондықтан хакім Абай дәстүрімен ерік ұғымын өз шығармасында қолданады. Мағжан шағын «Тіршіліктің көркі – ерік» деген өлең жазған. Алдымен осы шағын өлеңді толық келтірейік:

*Тіршіліктің көркі – ерік,
Адамдыққа ол серік.
Бір кірген соң қақпанға,
Қалар бұрынғы еркелік!
Ойламай барып ұрынып,
Өкінген аз ба ертелік?! [36, 23].*

Мағжан «тіршіліктің көркі – ерік» дейді. Бұл біз айтып отырған еркіндік фәлсафаның бас ұғымы. Ерік – бүгінгі танымдағы еркіндік фәлсафаның бас ұғымы болатын себебі, ол осы тіршіліктің көркі екен. Ерік жоқ жерде тіршіліктің көркі бозарып, берекесі қашады. Бодандық қамыты қажытады. Тіршілік өз көркінен айрылады. Еріктің басты қасиеті адамдыққа серік болуында. Ерік жоқ жерде адамдыққа да құрт түсіп, ол бұзыла бастайды. Бұл аса қауыпты құбылыс. Ерік жоқ жерде еркелік те жоқ. Тәуелдісің. Ойшыл ақын Мағжан еріктен айырылу ойланбаудан дейді. Сана болмысының мәселесі шығып тұр. Ойланбаудан барып, басқа қамыт киілгенде, еріктің орнын өкініш басатынын айтқан. Хакім Абаймен рухани терең үндестік Мағжанда еркіндік фәлсафасы мәселесінде анық көрініс тапқан.

Мағжан Жұмабаев «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазған:



*Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хақім ата, тыныш бол, қадірің артар [36,16].*

Мағжан айтады, «жұртың ояу болған сайын, қадірің артар» дейді. Ояу болу еркіндікпен келетін феномен. Алаштың ойшыл ақыны Мағжан «Орал тауы» деген өлеңінде де ерік ұғымын қолданған.

*Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын гып көшіп-қонып жүріп еді...
Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді [36,41].*

Осы өлең жолдарында тәуелсіз елдің бейнесі салтанат құрған. Орал тауының иесі кім екені айтылып келіп, ол елдің «Отырса, көшсе, қонса – ерік еді», – дейді.

Өнерде теңдесі жоқ асқақ ақын Мағжан фәлсафасының көкжиегі өзгеше көркем еді. Мағжан – Күн болатын: «Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын». Көпке Күн болып нұрын шашқан ақынның асқақ үнін адамзат баласы естіп, нұланды. Бірақ, Мағжан үні «шіркеулілердің» бетін қарыды.

Күннің нұрынан шошығандар «қара тақтаны» ойлап тапты. Сырттан таңылған дүниетанымның жетегінде кеткендер Мағжандай тұлғаға жатбауырлықтың қатыгездігін көрсетті.

Жетпіс жылдан соң қара түнекті қақ жарып Күн-Ақын шуағын әлемге шашып жарқырай шықты. Мағжан сфинкс құстай түлеп ұшып, тәуелсіз Қазақ Елінің туында қанатын кең жая биікке самғады. Мағжан – Мәңгілік. Мәңгілікке қол созған Тәуелсіз Қазақ Елінің аспанында Мағжан идеясы қыран болып қалықтады.

Мағжан поэзиясының мәні – терең, көкжиегі – көркем. «Мен кім?» өлеңінде Мағжан «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді, Надан адам өлім жоғын білмейді» деген. «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңінде ақын «Өлім күйі – тәтті күй, Балқиды жаным бұл күйге. Мені де, өлім, әлдиле, Әлдиле, өлім, әлдиле!..» дейді. Мағжандағы өлім мәңгіліктің метафорасы. Сондықтан өлім туралы жазған ақын мен өлмеймін, менікі де өлмейді дейді. Ойшыл-ақын Мағжанның өнертанымында эмпирикалықтан онтологиясы, басқаша айтқанда фәлсафалық ойшылдығы басым. Мағжан поэзиясындағы ойшылдықтың мәні өмір мен өлім, болмыс пен тағдыр, еркіндік пен тәуелсіздік туралы терең танымнан көрінеді.

Мағжанның Алтай ұғымды түркі фәлсафасы. Түркі санасында, түркі фәлса-



фасында Алтай субстанциялық ұғым. «Алтай түркі ұлыстарының Афинасы» деп атақты түркітанушы Л.Н.Гумилев бекер айтпаған. Хан Алтайдың рухын Мағжандай асқақтатқан ақын кемде-кем. Мәселен, «Қазақ тілі» өлеңінде:

«Қыран құстың қос қанаты қырқылды,

Күндей күшті, күркіреген ел тынды.

Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,

Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды!». Мағжан фәлсафалық рефлексия арқылы сананы сілкіндіруге ұмтылған. Ұстазы, алаштың алыбы Міржақып Дулатұлының идеясын тереңдеткен. Мағжан «От» өлеңінде «Әлпіге барғам, Алтайдан» десе, «Тез барам» өлеңінде «Қыранымын сары сайран даланың, қос қанатым – алтын Алтай, Оралым» деген. Тағы да осы өлеңде «Дұғада бол, Алтын Алтай – қарт анам, Алып ата, қуды жолың ер балаң, Ақ шашынды, көкірегінді иіскеуге, Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам». «Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам» дегенде Мағжан нені айтып отыр? Бүкіл Еуразия кеңістігіне шашылып кеткен тұтас түркі баласы сананды оят, атақоныс алтын Алтайда ата-бабаң салтанат құрған, соның басында бірік дегенді айтып отыр. Ақынның сәулетпенен тез барам деуі асқақ идеяның көрінісі.

Мағжанның Алаш фәлсафасы. Мағжан Хан Алтай мен Алаш Елі ұғымдарын бөлмеген. Қазақтың классик ақыны Мағжанның «Қорқыт» поэмасы былай басталады: «Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен, Алтайға бетегедей алтын біткен. Бейіштей Алтын Алтай етегінде, Ертеде Алаш елі мекен еткен». ХХ ғасыр басында қазақтың алып тобы осы идеяны субстанция деп танып, оған «Алашорда» деп ат қойды. Ойшыл-ақын Мағжан «Алаш елі» ұғымын «Батыр Баян» поэмасында асқақ жырлайды: «Арқамдай жер жүзінде жер бола ма? Айбынды алашымдай ел бола ма?». Шындығында, Алаш фәлсафасы – феномендік құбылыс, этнотұтастық таным барлығының көрінісі. Қазақ халқының біртұтас ұюына ғаламат ықпал еткен, еркіндік рухына ту байлаған Алаш фәлсафасының ашылмаған мәселелері көп. Сол мәселенән бірегейі ақын Мағжан айтқан «Алаш елі» ұғымы. Оның тамыры тереңде жатыр, бастауы – Хан Алтайда!

Хан Алтайды Мағжандай асқақтатқан ақын жоқ. Менің ұсынысым бар. Хан Алтайдың бір биігіне Мағжанның атын берсек, нұр үстіне нұр болар еді. Ал, бере алмасақ, елдігімізге сын. Бірақ, бір нәрсені ескеруіміз керек, егер біз Мағжанның есімін бере алмасақ, ертең алаш рухты жастар береді. Асқақ рухты ақын Мағжан айтқан ғой: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты – Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін!». Мен де сенемін, Мағжан аға! Мағжан сенген, сол үшін күрескен еркіндіктің қадірін білген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Казахско-русский словарь: около 50 000 слов./ Под ред. чл.-корр. НАН РК Р.Г.Сыздыковой, проф. К.Ш.Хусаина. – Алматы: Дайк-Пресс. 2008. -962 с.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар.- 1995. – 336 бет.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер - 1995. – 380 бет.
4. Историческія судьбы киргизскаго края и культурныя его успехи.//Букейхановъ, А.Н. и др. Россія. Полное географическое описаніе нашего отечества. Киргизскій край, томъ 18, 156-175 стр. 1903 г. СПб.
5. Историческія судьбы киргизскаго края и культурныя его успехи.//Букейхановъ, А.Н. и др. Россія. Полное географическое описаніе нашего отечества. Киргизскій край, томъ 18, 156-175 стр. 1903 г. СПб.
6. Қыр баласы. «Қазақ», 1913 ж., №2. Орынбор.
7. Ғарифолла Есім. Бес Сауал.// «Шәкәрім» энциклопедиясы. 2008.
8. Ә.Б. «Семипалатинскій листокъ», №264,13.12.1905г. Семипалатинскъ.
9. Букейхановъ, А.Н. Омскъ, 2-го сентября.// «Иртышь», №36, 02.09.1906 г. Омскъ.
10. Қыр баласы.Қазақ депутаттары.// «Қазақ» газеті, №235, 1917 жыл. Орынбор қаласы.
11. Алиханъ Букейхановъ. Дзянь-Дзюны казахской степи.//20 февраля 1906 года. Павлодаръ. Тюрма.
12. «Алаш» партиясы.// «Қазақ», қыркүйек, 1917 жыл. Орынбор қаласы.
13. Қыр баласы. Мемлекет халі. Саяси шолу.// «Қазақ» газеті, №237, 20шілде, 1917 жыл. Орынбор қаласы.



АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ АНА ТІЛІНІҢ ТАҒДЫРЫ

Айдана МАХАМБЕТ,

Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы

«Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ директорының орынбасары, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Қазақ тарихындағы «Алаш қозғалысы» – қазақ елінің саяси-қоғамдық және рухани-мәдени өрлеуіне айрықша ықпал еткен үлкен тарихи оқиға. Алаш кезеңі қалыптастырған зиялы қауым өкілдерінің қазақ тілі жөніндегі, тіл мәртебесін айқындау бағытындағы күрескерлік қызметтері тағылымды мұра болуымен құнды. Ұлт зиялыларының тіл мәселесі төңірегіндегі еңбектерінің маңыздылығы олардың елдік істе қайраткерліктерін көрсетсе керек. Ана тілінің мәртебесін көтеру, оны сақтап қалу жолындағы алаш ардақтыларының жанкештілік еңбектерін бүгінгі ұрпақ ұмытпауға тиіс.

«Алаш зиялыларының тіл мәселесі төңірегіндегі ізденістерін бірнеше бағытта қарастыруға болады. Біріншіден, олар қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалап, сан ғасырлық тарихын түбін қопара зерттеп, оның қалыптасуына сара жол салды; екіншіден, тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін, ұлт өркендеуіндегі орнын айқындап, қазақ руханиятындағы маңызына алғаш баға берді; үшіншіден, қазақ тілді баспасөзді қалыптастыра отырып, әдеби тілдің публицистикалық жанрын тудырды; төртіншіден, ғылыми еңбектері, оқу құралдары арқылы ғылыми стиль, ғылыми-көпшілік стиль компоненттері орныға бастады; бесіншіден, көркем аудармамен бірге ғылыми, публицистикалық, саяси-әлеуметтік еңбектерді аударып отырып, олар жалпы қазақ аудармасының негізін жасады; алтыншыдан, Алаш қозғалысы тұсында ресми құжаттар стилі қалыптастырылды» [1,3].

Қазақ тіл білімінің өзекті проблемалары, арнаулы салалары А.Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов, Телжан Шонанұлы, Елдес Омарұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгерұлы, Құдайберген Жұбанұлы, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермековтің оқу құралдары мен мақалаларында түбегейлі дәйектелді. Олардың қазақ тіл білімі тарихындағы орнын 1924 жылы Орынборда өткен тұңғыш сиез айқындап берді. Осы тарихи маңызы жоғары алқалы жиында сөз сөйлеген А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Н.Төреқұлұлының баяндамалары, Т.Шонанұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлының сөйлеген сөздері, білдірген пікірлері тілтану ғылымы мәселелерін шешуде алаштық азаматтардың өзіндік қайталанбас

рөлін аңғартқанына тарих дәлел. Бұл жиында басты назар әліпби, емле тақырыптарына аударылғанымен, тіліміздің болашағына қатысты ойлардың туындауына әкелді. Қазақ тілінің ұлттық мәртебесін көтеру басты назарда тұрды.

Қазақ тілінің әліпбиін жасап, емлесін түзумен бірге Алаш зиялылары тіл тазалығы, тіл мәдениеті жолында күрескерлік танытты. М.Дулатұлының «Қазақ тілінің мұңы», Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», Н.Төрөқұлұлының «Ауропа сөздері» деп аталатын еңбектерінде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл табиғатының сақталуы, т.с.с мәселелер айтылып, ғылыми еңбектердің тууына ықпал етті.

XX ғасырда ұлт тәуелсіздігі жолында күрескен Алаш арыстары ұлттың саяси ұйысуындағы, рухани-мәдени өрлеуіндегі тілдің айшықты рөлін байыптады. Демек, біз бұдан тілді дамыту, қолданыс аясын кеңейту деген мәселелер күні бүгін пайда бола қоймағанын аңғарамыз. Алаш қозғалысының үні болған «Қазақ» газетінің ең алғашқы сандарының бірінде А.Байтұрсынұлы *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл»*, – деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да тіл екенін алғаш аңғартты. Өз ана тілінде сөйлеу, тілін білу ұлттық іргелі мәселе екенін Алаш зиялылары бізге мұра етті.

Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастыра отырып, әсіресе, кейінгі ұрпақ тәрбиесіне алаңдаушылықпен қарады. «Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуы тиіс» деген Байтұрсынұлы сөзі ұлт тағдырына қатысты аса сақтықтан туған ғибратты ой, ұрпаққа аманат болатын. Енді ғана етегін жинап, барын түгелей бастаған тұста мәдениетті деген жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап жүріп, сөз сарасын өзге сөзбен қойырtpақтап, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, тіпті мүлдем айырылып қалмау үшін ұлт ұстазы әр қазақ ана тілінің бағбаны, сақшысы болуға тиіс екендігін ескертті. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керектігін бір ғана әйгілі «Әдебиеттанушы» арқылы іске асырды.

Алаш қозғалысының белсенді қатысушыларының бірі, көрнекті ақын, педагог-ғалым М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» деп аталатын іргелі ең-



бегіндегі «Тіл», «Тілдің адам өміріндегі һәм ұлт өміріндегі орны»» деген мақалаларында бірқатар өрісті ойларды қозғайды. Ақынның «Қазақ тілі» деген өлеңі де идея тереңдігімен айрықша орынға ие болды. «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлт тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» деуі тіл мәселесіне салғырт қарамау керек деген ойдан туындағанын аңдаймыз. Ал «*Мектеп қай тілде болу керек?*» деген ойлы сауалмен көптің назарын аудартқан Қошке Кеменгерұлы өз мақаласында ұлт мектептері, ұлт мәдениеті деген мәселені көтерді. Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалатындығын ескертті. «*Тілші қайдан шығады?*» деген сауалға да: «*Тілші елді жан-тәнімен сүйген кісі болу керек. Елді сүймесе, өз ісіне қатынасы жоқ қиянаттардан тартыншақ болады. Елді сүйген тілші елдің ел болуын арман қылады*» дей келе тілші сөзінің қазақтың өз тілімен жазылуын, ел тілімен жазылуын және емлемен жазылуын шегелеп айтқан.

Әліпби мәселесіне қатысты қазір ескерілмей жатқан көп мәселенің басын да осы ел оқығандарының тұжырымынан бір түйін шығармасқа болмас. Мәселен, Х.Досмұхамедұлының «*Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деуге болады*» деген сөзі - жаңа әліпби түзуде қаперге алынатын басты қағидаттардың бірегейі.

Ал М.Дулатұлы «*Қазақ тілінің сарфы*» деген мақаласында А.Байтұрсынұлының «*Тіл – құрал*» еңбегіне талдау жасай келе, «тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз» деген кемел ойын білдіреді.

Қазақ тілінің, оның ішінде халық тілінің, әдеби тілдің, тіл қолданысының мәселелері М.Әуезовтің ғылыми мұрасынан да ерекше орын алады. «*Ана тілі әдебиетін сүйіңдер!*» деп мықты азаматтық ұстанымды басшылыққа алған ол: «*Кімде кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды*» деп бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеген [1, 332-б]. Ұғына білген адамға ойлы сөздер...

XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол Алаш идеясы деп жауап беруге болады.

Ия, бүгінде қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы іске асты. Ол сол ұлы істі жалғаушы ұлт зиялыларының үлесіндегі жауапты іс болды деп білеміз.

Тіл – ұлттың жаны. Тексіздік тілсіздіктен басталады. Тіл – елшінің қаруы, ойдың шындығы. Ұлттың, тұлғаның, таланттың, әр пенденің рухынан қасиетті және мәңгілік ештеңе жоқ. Дүниенің тұтқасы да сол – рух [2,13]. Ал рух еркіндігінің көрінісі – рухани мәдениетінен, өнерінен, әдебиетінен, оның тілінен байқалмақ. Ұлттық даму бағытын мұрат еткен ел оқығандарының тіл тағдырын сөз еткен ой-пікірлері бүгінде бір арнаға тоғысты. Әр қазақ ана тілінің мәртебесін көтеруде, ұлт тілінің тағдырына қатысты мәселеде көшбасшылық танытуы тиіс деген қағидамнан мен де айнымаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Алаштың» тілдік мұрасы: мақалалар жинағы. С.Шүкірұлы, Е.Тілешов. Алматы, 2009. – 364 бет.
2. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры.Зерттеу. Астана, «Күлтегін» баспасы, 2002. – 528 бет.



ТІЛ ТАҒДЫРЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУМЕН ҒАНА ШЕШІЛЕ МЕ? (тіл жанашырларының назарына)

Сайлау БАЙБОСЫН,
Қоғам қайраткері

Біздер Қазақстанның солтүстік өңірінде туып-өсіп, тіл трагедиясының небір қасіретін бастан өткерген, әлі де өткеріп келе жатқан буынның өкіліміз. Сол себептен сонау тоқсаныншы жылдардан бері тілге қатысты жасалып жатқан түрлі іс-шаралардың, көтеріліп жатқан мәселелердің, айтылған ой-пікірлердің барлығын шама келгенше қадағалап отырамыз. Бірақ қанша шуласақ та, өткен отыз жылдың ішінде тілімізге қатысты түк те өзгермегені бәрімізге аян. *(Ескертемін, менің бұл жазғандарым Қазақстанның солтүстік аймақтарына ғана қатысты).*

Жалпыға белгілі, «**Қазақ тілі – мемлекеттік тіл**» деген тек заңнамалық құжатта ғана жазылған сөз. Ал Қазақстанда шын мәніндегі мемлекеттік тіл – орыс тілі. Егер Ақ ордадан бастап, ауылдық әкімдіктерге дейінгі іс қағаздары орыс тілінде жүргізілсе, жиналыс-басқосулар, әкімдіктің лездемелері орыс тілінде өтсе, күнделікті қатынас тілі орыс тілі болса, оны мемлекеттік тіл дегенде не дейміз?!

Қазір солтүстік аймақтарда биліктің астуынан жем жеп, «қазақ тілінің жағдайы жақсы» деп жазып жүрген үлкенді-кішілі әріптестеріміз жоқ емес. Естеріңізде болсын, бұл жақта қазақ тілінің жағдайы жақсы деген адам қазақ тілінің жақтаушысы емес, нағыз дұшпаны.

Қарап отырсақ, сонау тоқсаныншы жылдардан бері қарай, күні бүгінге дейін тіл мәселесін талай адамдар көтеріп келе жатыр. Бір ғажабы осы адамдардың барлығын халық «**ұлт жанашырлары**», «**тіл жанашырлары**», «**қоғам қайраткерлері**» деп таниды. Бірақ осыншама «**жанашыры**» бар тілдің жағдайы бір түзелеймей-ақ қойды. Сосын еріксіз ойлайсың, тіл тағдыры деген бүгінде саяси ұпай жинаудың құралына айналып кеткен жоқ па деп...

Бүгінде тіл жанашырлары көтеріп жүрген мәселенің бірі – Тіл туралы Заң қабылдау. Өткен жылы жазда Алматыда өткен бір басқосуда жазушы Смағұл Елубай да «**тіл туралы дербес заң қабылдау керек**» депті. Бұл жайлы жазушы Дулат Исабеков ағамыз да, басқалар да айтып жүр. Бірақ бұл жаңалық емес, «заң қабылдау» деген отыз жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселе. Әрине, заң қабылдауға ешкім қарсы емес, қабылдансын. Арнайы заң керек!

Бірақ... бірақ бүгінде заң қабылдайық деп ұсыныс жасап жүрген адамдар қазақ тілінің шын ахуалынан бейхабар-ау деп ойлаймын. Неге дейсіз ғой?

Біздер осы солтүстік өңірде тұрғасын, қазақ тіліне қатысты кедергілермен күн сайын, сағат сайын бетпе-бет кездесеміз. Ол қиындық – қазақ тілінің қолданыста болмауы. Бұл өңірлерде қай жерге барсаң да: қоғамдық орындар, мемлекеттік мекемелер, емханалар, білім ошақтары, кәсіпорындар, қызмет көрсету орындары т.б. барлығында тіл орысша. Және орысша сөйлейтін басқа халық емес, өзіміздің қазақ ұлтының өкілдері. Сондықтан бұндай жерде жерде заңның жұмыс істеп кетпейтіні айтпаса да белгілі.

Мысалы үшін айтайын, дәл қазір күн сайын бір заң шығарып, оны Керекудің, Өскеменнің, Қызылжардың, Көкшетаудың, Қостанайдың, Астананың, Қарағандының көшесіне іліп қойсаңыз да, ол заң бәрібір жұмыс істемейді. Неге дейсіз ғой? Себебі қоғамда ол заңға жұмыс істететін мүмкіншілік жоқ. Қазақ тілінде сөйлеуге деген мәжбүрлік жоқ. Сұраныс жоқ. Мәжбүрлік, сұраныс болмаған жерде, тіл туралы он рет заң қабылдасаң да, ол жұмыс істемейді.

Егер заң қабылданса, ол заң жұмыс істеу үшін кім жауапты болады? Әрине, мемлекеттік атқарушы ұйымдар, әкімдіктер т.б. Бірақ әкімдіктерге қазақ тілінің керегі шамалы. Оларға орыс тілі қолайлы. Сосын олар тіл туралы заңды қолдай ма?

Мынаған қараңыз, сонау ХІХ ғасырда қазақ жерін күшпен иемденіп алған патша шенеуніктері мен казактардың жергілікті халыққа жасамаған қиянаты жоқ. Мәшһүр Жүсіп жазады: *«Көз көрім жерде бір қазақ өтіп бара жаста, орыс мылтығын ала салып, әлгі сорлыны атып тастап, жайбарақат әрі қарай шәйін ішіп отыра береді»* – деп.

Бірақ бір таңқаларлығы, осы басқыншылардың көбі қазақша сөйлей білген. Әрине, қазақтарды сыйлағандықтан емес. Олардың қазақша үйрену себебі, дала қазақтары өз тілінен басқа тіл білмеген. Сөйлессең қазақша сөйлес, сөйлеспесең қой дейді. Сөйтіп жаңағы патша шенеуніктері, әскерилер т.б. амалсыздан қазақша үйренуге мәжбүр болған. Осы мәжбүрлікті біздер қазір жасай алмай отырмыз.

Байқап жүреміз, қазақ тілінің проблемасын көтеріп жүрген адамдардың көбі оңтүстік өңірдің тумалары. Мысалы, Мұхтар Шаханов, Дос Көшім, Қазыбек Иса т.б. немес Мұхтар Тайжан секілді орыстілді азаматтар. Тіл мәселесін зерделеймін деген адам әуелі солтүстік өңірлерге келіп, тым болмаса бірер жыл тұруы керек. Сонда ғана ол адам бұл жақта құр заңмен түк те шешілмейтінін түсінер еді. Ал енді Алматыда, болмаса астанада кабинет-



те отырып, қазақ тілінің проблемасын шешем деу, ол басы ауырған адамның аяғын емдеумен бірдей.

«Жарайды, заң қабылдағанмен одан көмек жоқ екен, сонда не істеу керек, ақылды болсаң соны айтшы» – дейсіздер ғой. Ендеше осы жөнінде өз ойымызды білдіріп көрейік. Әрине, бұның бәрі басқадан ақылымыз асқандықтан емес, бала жасымыздан тіл трагедиясын бастан кешіп, бүгін де көзіміз көріп отырған соң, айтуға мәжбүрміз.

Қазір көптеген адамдар тіл туралы заң қабылдасақ, латын әліпбиіне көшсек болды, дереу қазақша сөйлеп кетеміз деп шолақ ойлайды. Және Тіл мәселесі деген өз алдына дербес тұрған жеке проблема деп біледі. Ол тіпті олай емес. Тіл мәселесі қоғамдағы – әлеуметтік қорғау, мемлекеттік қызмет, білім беру, көші-қон, құқық қорғау, ақпарат тарату, қызмет көрсету, жұмыспен қамту т.б. толып жатқан салалармен тығыз байланысты. Егер осы салалардың бірінен көмек болмаса, тіл ақсайды. Ал бізде қазір бұлардың ешбірінен де тілге деген қолдау жоқ.

Сондықтан тілді түзеу үшін ең әуелі заң емес, мемлекеттік деңгейде арнайы кешенді бағдарлама қабылдау қажет!

Енді осыны таратып айтайық. Әрине, бұның барлығы үкіметтік деңгейде шешілетін мәселелер. Және сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ қолға алынатын шаруалар еді. Егер сол кезде бұның бәрі ескерілгенде, бүгінде тілге қатысты мәселелер дәл осылай қиындамас еді. Сондықтан бұл ұсынысымыз орындалмаса да, ойларыңызда жүрсін деп, құлаққағыс қылып отырмыз.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Тарих өзі дәлелдеген бір шындық бар: кім көп болса, соның тілі жеңеді. Жоғарыдағы патша шенеуніктерінің еріксіз қазақша үйренуі, осы көптіктің жеңуінің бір мысалы. Тағы бір мысал келтірейін. Кеңес уақытында біздің жақта неміс совхоздары болды. Арасында шамалы қазақ, орыс отбасылары бар. Бір ғажабы, сол ауылдағы қазақтың кемпірлері орысша дұрыс білмесе де, немісшеге судай болатын. Бұл жерде де көптік жеңіп тұр. Олардың азаннан кешке дейін еститіндері немісше, көршілермен отыра қалып сөйлесе – немісше, сосын амалсыздан үйренген. Бұдан шығатын қорытынды, егер қазақша сөйлейтін қазақтың қатары көбейсе, тіліміз де түзелер еді деген сөз.

Ал қатарымыз көбею үшін, бала тууымыз керек. Ол үшін мемлекет тарапынан дұрыс әлеуметтік қолдау қажет. Бірақ ол бізде жоқ. Сондықтан халық бала тууға қорқады. Міне, тіл мәселесінің бір ұшы әлеуметтік қорғау қызметіне тәуелді деп отырғанымыз осыдан. Егер мемлекет тарапынан

тым болмаса көршілес Ресейдегідей қолдау болса, қазақ баланы төгейін деп-ақ отыр.

Тағы бір мысал, кеңес уақытында осы өңірде қазақ тілін жоюға ашықтан-ашық саясат жүргізілді. Қала түгілі, ауылдардың өзінде қазақ мектептері жабылып, ауыл балаларына дейін орысша сөйлейтін халге жеттік. Қалалы жерлерде көшеде, не болмаса қоғамдық орындарда қазақша сөйлесең, кез келген орыстілді адам саған ескерту жасап, балағаттайтын.

Бірақ солай бола тұрса да, бұл жақта қазақ тілі жойылып кетпей, сақталып қалды. Оған не себеп дейсіз ғой? Оған себеп болған осы өңірлердегі қазақ ауылдары. Мысалы, орыс аудандары болып саналатын кейбір аудандарда төртеу-бесеуден қазақ ауылы болса, қазағы көп аудандарда 10-15-тен қазақ ауылдары болды. Бұлардың кейбірінде сирек болса да сегізжылдық, кейбірінде онжылдық қазақ мектептері сақталып қалды. Осы қазақ ауылдарындағы әр отбасында кем дегенде бесеуден әйтпесе, 10-12-ден балалар өсіп-өнді. Осылар қазақша оқып, қазақ тәрбиесін алып, кейін қоғам жұмысына араласты. Міне, солардың арқасында солтүстік аймақтарда қазақ тілі жойылып кетпей сақталып қалды.

Ал қазір ұлттың генофонды болып саналатын ауылдар азып-тозып кеткен. Халық жан сақтау үшін қалаға жылжып, қолдары жеткендер баспана алып, жетпегендері жетім бұрыш жалдап тұрып жатыр. Ауыл қазақтары қалаға келіп, орыстілді ортаға енгесін, олардың балалары да қазақ тілінен күн санап ажырап барады. Яғни жас ұрпақты өзіміз орыстандырып жатырмыз деген сөз.

Тіл проблемасының әлеуметтік салаға тәуелді тағы бір ұшы – жұмыссыздық. Жұмыссыз жүрген адамда дұрыс отбасы, бала-шаға болмасы белгілі. Қараңыз, бұл жақта қазақ ұлтының өкілдерін мақсатты түрде жұмысқа алмайтын кәсіпорындар бар. Мысалы, мен 2011 жылы бұл жөнінде «Жас Алаш» газетіне жазып, осыдан соң Екібастұз қаласының әкімі амалсыздан ел ақсақалдарынан арнайы комиссия шығарған еді. Сонда мыңдаған адамы бар «Богатырь» көмір кенішінде он-ақ пайыз қазақ азаматары жұмыс істейді екен (қазір қалай екенін білмеймін). Кәсіпорынның кадрлар бөлімінде отырған кілең орыс әйелдері. Мысалы, бірі қазақ, бірі славян ұлтты екі жас жігіт жұмыс сұрап барса, қазақ азаматына сен бара бер деп, ал орыстілді жігітке қала тұр дейді екен. Бұл кәдімгі дискриминация бұл. Бірақ оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Міне, осының себебінен тепсе темір үзетін талай қазақ азаматтары такси айдап немесе 60-70 мың айлықпен күзет жұмысында жүр. Ал әкімдер бұндай ұлтаралық мәселелерден ат-төндарын ала қашады. Қара



басын қалай асыраймын деп дал болып жүрген қазаққа тіл де, басқа да керегі жоғы белгілі.

Сондықтан, қазақ боламыз, тілді сақтаймыз десек, ең әуелі осындай әлеуметтік мәселелер жөнінде үкіметтің алдына ұсыныс қойылып, одан дұрыс нәтиже шықса, қатармыз көбейер еді, ел еңсесін көтерер еді. Әрине, бұл ұзық мерзімді процесс. Егер бұл іс тоқсаныншы жылдары қолға алынса, бүгінде бәрі басқаша болар еді.

БІЛІМ БЕРУ

Бұл енді тілге тікелей жауап беретін сала екені белгілі. Кез келген сәби балабақша мен мектепте қазақ тілін қалай оқып үйренсе, қалған ғұмырында оны қайтсе де есінде сақтайды, ұмытпайды

Сәбиді қазақ етіп тәрбиелейтін ең бірінші – балабақша. Адам сәби шағында үйренген тілді мәңгілік жадында сақтайды. Бірақ өкінішке орай, қазір үйден қазақша сөйлеп кеткен баламыз, балабақшадан орысша сөйлеп оралады. Яғни балабақшаларда сәбилерді қалай тәрбиелеп жатыр, қандай тілде сөйлейді, онда ешкімнің жұмысы жоқ деген сөз. Тек әйтеуір «**қазақша балабақша**» деген аты ғана. Облыстық, аудандық, қалалық білім басқармалары бұған әзірше мән беріп отырған жоқ. Әйтеуір «**қазақ балабақшасы**» деген атау есепте тұрса болғаны. Басқа емес, өзімнің екі немеремнің тілі балабақшаға барып бұзылды. Бұған қазірден бастап басшылық тарапынан қатаң бақылау жүргізіліп, тәрбиешілер мен балабақша басшылары жазаланбаса, онда қазақ балабақшасы дегеннің бариынан жоғы жақсы. Көптеген балабақшаларда әлі де орыс халқының ертегі кейіпкерлері: **Баба яга, Колобок, Репка** т.б. қатысты ойындар ойналады. Ал өзіміздің халықтық фольклор кейіпкерлері **Алдар көсе, Қожанасыр, Тазша бала** т.б. бағдарламада жоқ секілді. Бұған қазірден бастап назар аудармаса, келер ұрпақ тілден біржола қол үзеді деген сөз.

Енді мектептерге келейік. Қазақ мектептерінде үзіліс үстінде балалар тек қана орыс тілінде сөйлейтіні жайлы сан мәрте жазылып жүр. Бұл да мұғалімдердің жауапсыздығы. Оқушы сынып бөлмесінен шыққан соң, мұғалімдердің баламен жұмысы жоқ деген сөз. Оның үстіне, біздің өңірлерде мектеп пен институтты орысша бітірген мұғалімдер қазақ сыныптарында сабақ беріп жүр. Күнделікке мұғалім жазатын қазақ тіліндегі ескертпелердің бәрі қате болатынын талай ата-аналардан естіп жүрміз. Бұл да ескерілетін жайт.

Ол ол ма, қазір кез келген қалада университеттердің филиалдары жұмыс істейді. Ақшасы бар адамдар сол жерде оқыған болып, диплом сатып алады.

Және көбі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері. Осылардан оқыған балалар не болады сосын? Өзі бір сөйлемді дұрыс жаза алмайтын мұғалім балаға не үйрете алады? Осыған қарап, тілімізді сақтау үшін, қазақ мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдер арнайы сынақтан өту керек сияқты.

Тағы бір байқағанымыз, қазір қазақ мектебін «Алтын белгімен» бітірген балалардың кейбірімен сөйлесе қалсаң, қазақ тілін шала біледі. Сонда ол қалай үздік атанған? Бұдан шығатын қорытынды, мектептерде қазақ тілі пәніне аса көп мән берілмейді деген сөз. Оқушы негізгі деп саналатын сабақтарды игерсе болды, ал қазақ тілінен еңбек пен дене шынықтыру сабағы сияқты автоматты түрде бес деген баға қойыла салатын секілді. Осылай мектеп қабырғасынан туған тілге деген немқұрайлылықты көріп өскен бала қалған ғұмырында оны ешқашан құрметтемейді. Сондықтан «Алтын белгі» алған балаға міндетті түрде қазақ тілінен жеке диктант жаздыратын тәртіп енгізсе дейсің.

Бұл да көзіміз көріп жүрген жайттар. Әйтпесе жазбаймын ғой. Бұны да түзету биліктің қолында, сосын жазып отырмын.

КӨШІ-ҚОН

Жыл санап аз-аздан болсын қандас бауырларымыз шет мемлекеттерден қоныс аударып келіп жатыр. Бұлардың қатарына арнайы бағдарламамен оңтүстік өңірлерден көшіп келіп жатқан туыстарды да қосуға болады. Әрине, ойлаймыз ғой, қандас бауырларымыз келіп жатса, тілімізге демеу болар еді деп. Бірақ олай емес. Айталық, біздің жақта қоныс аударып келген бес-алты отбасын қиырдағы бір ауылға апарып орналастырады. Бұл былайша айтқанда, құмға құйған су секілді. Себебі екі-үш жылдан кейін қарасаң, әлгі үйдің балалары орысша сөйлеп жүреді. Бұл жерде ол балалар кінәлі емес. Олар да өзінің жүрген ортасына бейімделеді. Жергілікті балалардан кем болғысы келмейді. Сосын амалсыздан орысша сөйлеуге мәжбүр.

Жасыратыны жоқ, қазір қазақ тілін сақтап қалу үшін, басқа мемлекетке кету керек деп жазып жүрміз. Себебі шет елдердегі диаспора тіл мен салт-дәстүрді қатаң сақтайды. Ана бір жылы бір апай айтады: «1997 жылы **Омбыдан Павлодарға қоныс аударып келдік. Немерелерімнің бәрі қазақша сөйлейтін еді. Бұл жақта екі-үш жыл тұрғасын, қазақшаны бір-жола ұмытты**» – деп. Міне, солтүстік аймақтардағы қазақ тілінің қолдану деңгейін осы бір мысалдан-ақ байқауға болады.

Көші-қон жөніндегі біздің ойымыз: Шет мемлекеттен қандастарымызды



молынан әкеліп, Ресеймен шекаралас аудандарға көптеп қоныстандырып, барлық жағдайын жасап, оларға өте көтеріңкі көмекқаржы бөліп, жұмыспен қамтамасыз етіп, осы арадан 10-15 жылға дейін ешқақайда көшпейсің, тек бала туындар деген шарт жасаса, туған балаға өте қомақты жәрдемақы бөлінсе дейсің. Сол 10-15 жылда әр отбасында ота есеппен 4 баладан туғанда, қатарымыз біршама көбейіп қала еді.

Бұл да мемлекеттік деңгейде шешілетін шаруа. Біздікі тек осылай болса деген арман ғана...

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызметшілердің тіл білмейтіні жайлы сан мәрте жазылып жүр. Қазір өзім көріп жүрген әкімдердің көбі қазақша сөйлемек түгілі, қағазға жазып берген жарты бет мәтінді ежелеп әрең оқиды. Елдің алдына жүрген адамдардың қазақ тіліне деген көзқарасы осындай болғасын, қарамағындағы қызметкерлері тілді құрметтей ме?

Қазір әкімдіктер бір тоқсан немесе бір жыл ішінде «мемлекеттік тілде пәленбай мың дана кіріс-шығыс құжаттарын өткіздік» деп есеп беріп жатады. Бәрі өтірік. Көзіміз көріп жүр, кез келген құжат екі тілде – орыс және қазақ тілінде жүреді. Ал қызмет барысында тек орыс тіліндегі құжаттар ғана пайдаланылады. Ал қазақ тіліндегі құжат жай ғана қосымша, көз алдау ғана, оған оқымай-ақ қол қоя салады. Сосын пәленбай мың қазақша құжатты пайдаландық деген есеп береді.

Ал егер құжаттар тек қазақ тілінде ғана жүрер болса, онда Қазақстандағы бүкіл министрліктер мен департаменттердің, әкімдіктердің жұмысы біржола тоқтап қалар еді. Өйткені ол жерлерде қазақшаны түсініп пайдаланатын адамдар санаулы ғана. Жағдай осындай болғасын, тіл оңа ма? Мысалы, әкімдіктің лездеме, басқосуларында отырған елдің 90-95 пайызы жергілікті ұлт өкілдері болса да, жиналыс көбінесе орыс тілінде жүреді.

Өзім газетші болғасын, мемлекеттік қызмет жүйелерінен түрлі хабарландырулар, конкурстар, басқадай құжаттар келіп түседі. Барлығы қатеге толы, қалай болса солай жазылған немесе орысшадан сауатсыз аударылған. Бірақ ол үшін кіммен айқайласып жатасың, амалсыздан түзетіп береміз.

Тағы бір айта кететін жайт, республикалық Тіл комитеті деген бар. Аудандар мен облыстарда тілдерді дамыту деген бөлімдер бар. Кәдімгі мемлекеттік мекемелер. Бірақ немен айналысатыны белгісіз. Тіпті көшедегі қатеге толы жарнаманы түзеттіруге шамалары келмей жатады. Сонда бұл бөлімдер не үшін керек? Ана бір жылдары осындай бөлімді басқарып жүрген бір азамат-

тан «жарнаманы қате жазатын кәсіпкерлерді неге жауапқа тартпайсыздар?» деп сұрап едік, бізде ондай өкілеттік жоқ, жай ғана барып ескертеміз деді.

Тілдерді дамыту бөлімдерінің бүгінгі күнгі жұмысы – қазақ тілі курсын жүргізу. Осылар қыркүйек айының басында тілдер күні деп ұлты басқа үш-төрт адамға ұлттық киім кигізіп, бірер ауыз қазақша сөйлетіп, кермет болды деп ақпарат құралдарына беріп жатады. Бұндай курстардан тілге келер пайда жоқ екенін, мемлекеттің қаржысын босқа шашу екенін талай мәрте жазып жүрміз. Оның себебі, біз өзіміз сөйлемейтін тілді, басқа халық ешқашанда үйренбейді. Ол аюға намаз үйреткенмен бірдей. Соны біле тұра, солай істейміз.

Бүгінде тілді түзеймін десек, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тілге деген көз-қаасты түбегейлі өзгерту керек. Бұл да мемлекеттік деңгейде жасалатын шаруа.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Солтүстік аймақтарда халыққа қызмет көрсету орындарында: емханалар, халыққа қызмет көрсету орталығы (ЦОН), монша, шаштараз, автокөлік жөндеу, дүкендер, түрлі шеберханалар т.б. тіл орысша. Осының себебінен қызмет алушы мен көрсетушінің арасында түсінбеушілік пен жанжалдар туып, ол әлеуметтік желілердің бетіне шығып жатады. Бірақ осы кәсіпкерлерге «мемлекеттік тіл – қазақ тілі, сондықтан екі тілде бірдей қызмет көрсету керек» дегенді ешкім ескертпей тұр әзірше.

Бұнымен әзірше көпке белгілі керекулік тіл жанашыры Руза Бейсенбайтегі деген құрбым ғана күресіп жүр. Рузаны осы әрекеті үшін бүгінде жақтайтындар да, даттайтындар да бар. Мен өз басым оны қолдаймын. Себебі әр адамның тіл үшін күресуде өзінің таңдап алған құралы, әдісі бар. Руза осындай әдісті таңдаған екен, оған неге қарсы боламыз? Ол басқа емес, тіл үшін күресіп жүр ғой. Сотталса да, мақталса да, датталса да, бәрін бір өзі көріп жатыр. Басқаға тиіп жатқан зияны жоқ.

Бірақ шынымды айтайын, Рузаны аяймын. Оның қазіргі тірлігі қолына екі граната алып, жиырма танкіге қарсы шыққан солдат секілді. Неге дейсіз ғой? Себебі қазағы қазақша сөйлемейтін Керекуде орыстілді адамға барып, сен қазақша сөйле деп талап қойғанмен, одан нәтиже болуы екіталай.

Осы тіл тақырыбы турасында кейде орыстілді ағайындармен пікірталас болып қалады. Сонда олар: «Сендер қызық халықсыңдар, ең әуелі өздерің өз тілдерінде сөйлеп, оны құрметтеп үйреніңдерші, сонда біздер ешқандай заң қабылдамай-ақ, өзіміз үйреніп аламыз. Ал сендер қазір өздерің сөйлемейтін тілде басқалар сөйлесін деген талап қоясыңдар. Бұл адамзат тарихында болмаған нәрсе» – дейді. Рас қой?



Таңқаларлығы, ана бір жылдары Павлодар қаласының атауын және Павлодардың түбіндегі Ленинский кентінің атауын қазақшалайық деген бастама көтердік. Сонда осы ұсынысқа қарсы болғандардың жартысынан көбі өзіміздің қазақ ұлтының өкілдері. Ойланып көріңіздерші, жағдай осылай болып тұрғанда, бұл жақта Тіл туралы Заң жұмыс істеп кете ме?

АҚПАРАТ ТАРАТУ

Тіл насихаттаудағы басты құралдың бірі – баспасөз. Өкінішке орай, жығылған үстіне жұдырық дегендей, кейінгі жылдары өмірімізге электронды ақпарат құралдары, қалта телефоны келіп енді. Қазір іздеген жаңалық, ақпаратын халық осы әлеуметтік желілерден табады. Бұрынғыдай жаппай газет-журнал оқу деген күн санап қалып барады. Енді бізден кейінгі ұрпақ тіпті оқымасы белгілі.

Қараңыз! Қазір солтүстік облыстардағы әр аудан бір-бірден орысша газет ұстайды (кейбір аудандарда екеуден). Олар мемлекеттік сатып алу арқылы, мемлекеттік атқарушы ұйымдардың тапсырысын орындайды. Қазір солтүстік өңірлерде қазақ тілінің аяғына тұсау болып отырған осы орыс тіліндегі газеттер. Себебі, түрлі мемлекеттік құжаттар, әкімдіктің қаулы-қарарлары, мемлекеттік жарнама, хабарландырулар т.б. осы орыс тіліндегі газеттерде жарияланады. Әрине, қазақша газетке де басылады. Бірақ оны ешкім қарап жатқан жоқ. Құжат орыс тілінде шықса болды, оны оқып, түсіну мемқызметтегілердің бәріне оңай. Ал қазақша басылғанды көбі түсініп оқи бермейді. Осы себептен, аудан, қала әкімдіктері орысша газетке иек сүйеп алған.

Біздің ұсынысымыз, егер аудандарда, қалаларда орыс тілінде шығатын газеттер жабылар болса, әкімдіктер мен мемлекеттік ұйымдар амалсыздан қазақшаға көшер еді. Барлық құжаттар тек қана қазақ тілінде жүрер еді. Сөйтіп ақырындап болсын қазақшаға көшіп кетер едік. Сондықтан аудандарда орыс тіліндегі газеттердің шығуын тоқтату керек. Әрине, бұл да мемлекеттік деңгейде шешілетін мәселе. Себебі, оның артында үлкен саясат тұр. Сол газетті оқымаса да, «неге жаптындар?» деп шулайтын орыстілді қауым бар.

Сонымен тіл турасында қозғай берсек, сөз көп. Өзімізше ойымызда жүрген біраз нәрсені айтқан болдық. Халқымызда «батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» деген сөз бар. Кеңес билігі құрылған кезеңнен бастап есептесек, біздерге тілдің дерті жабысқалы бір ғасыр болған екен. Сондықтан бұл дерттен құр ғана заң қабылдаумен айыға алмаймыз. Оған жоғарыдағыдай мемлекеттік деңгейде жасалатын кешенді бағдарлама керек деп ойлаймын.

БӘРІНЕН ДЕ МАҢЫЗДЫСЫ – ТІЛДІК ОРТА

Серік ЕРҒАЛИ,

Педагогика ғылымдарының магистрі

Ең әуелі – тілдік орта

Мемлекеттік тілдің 30 жыл бойы өз тұғырына қона алмауына қатысты алуан себеп пен факторларды атауға болады. Бірақ бүгінгі маңызды шаруа – осылардың ішіндегі ең өзекті де маңыздысын таңдап, соны нәтижелі іске асыру. Бұған дейінгі мемлекеттік тараптан да, қоғамдық тараптан да тіл саясатына қатысты шаралар мен әрекеттердің бәріне ортақ бір осалдық барын атап өтейік, ол – бұл мәселеге ғылыми зерттеу мен талдауға жол берілмей, түйсікке ғана иек артқанымыздың кесірінде жатыр.

Тілдің қарапайым әрі басты анықтамасы мынау: тіл – белгілі бір қоғам мен қауымға бірігетін адамдардың өзара қарым-қатынас (коммуникация) құралы. Одан әрі тереңдесек, тіл: адамдардың бір бірімен ақпарат бөлісу және ақпарат алу мүмкіндігін жүзеге асыру үдерісі. Ал бұны қысқаша ғана «тілдік орта» аталатын тіл ғылымының бір басты саласы қамтиды. Бұны зерделеп, зерттейтін және мәселесін ашып әрі шешетін социолингвистика деген ғылым саласы бар. Басты өкініштісі сол – бұл сала әлі қазақ тіліне қатысты елімізде байыпты қолға алынып, дамыған жоқ. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап бұл ғылым саласын алға тартқан филология ғылымдарының докторы, социолингвист Бақытжан Хасановтың дауысы мен уәжі тиісті орындар мен органдарға жетпеді, соған сәйкес шешім болмады.

Ал тілдік ортаға не жатады? Тілдік орта дегеніміз: тірілей ауызекі және жазбаша тілді қолданатын белгілі бір адамдар қауымы. Қоғамдық-саяси жағынан алғанда бұл орта өзінше «үш жүзден» құралады: мемлекеттік, коммерциялық және қоғамдық секторлар, қысқасы қоғамдағы адамдардың күнделікті тұрмысынан бастап, бизнес пен қоғамдағы араластық және елді билеуге дейінгі барлық ақпарат алу, тарату, өндіру аясы мен үдерістері осы тілдік ортаны қамтиды. Ал бұл секторлардың әрқайсысы өз кезегінде әралуан форматтағы коммуникациялық-ақпараттық ресурстардан, атап айтқанда аудио-видео жазбалар, әлеуметтік желі мен әлемжелі арналары, телеарналар мен радиотолқындар, басқа да ақпарат алу мен жазу технологиясы, бүкіл өнер саласы – кино, театр, кітапхана, білім беру саласы, ресми билік органдары мен ұйымдарының барлық ақпарат контенттері, өндіру,



тарату саласы (бұны қысқаша – ресми тіл атайды), секілді ресурстардың әлеуетінен тұрады. Қысқасы, тілді тіл қылатын да, тұл қылатын да – тілдік орта! Егер бизнес клиент үшін таласу майданына түсіп жатса, ал әр тіл аман қалу мен даму үшін тілдік ортаға таласады! Осыдан тіл саясатының мазмұны өзінен өзі шығады.

Енді «электрон тілдік орта» ұғымын енгізуге мәжбүрміз, өйткені бұл сала бүгінді әрбір тілдің қауқарын айқындайтын көрсеткіш болып кетті. Бұрын сәбидің тілі ата-анасы мен жанұясында шығатын болса, қазіргі баланың тілі гаджетпен шығып жатыр. Жуырда ғана Ақтөбе облысының Ырғыз кентіндегі бір отбасыдағы 3-5 жасар екі сәбидің тілі орысша шыққандықтан амалсыз орыс мектебіне беруге тура келген. Ал, Ырғыз ауданы 99,99 қазақтілді орта! Демек, «тілге ие болғың келсе, гаджетіңді түзе!» деген жаңа мәтел шықты. Ал жуырда ғана «BALAPAN» телеарнасының бас продюсері Сандуғаш Кенжебаева Президентке телеарналардағы жас-өспірімдер контентіне қатысты ұсынысын білдіріп, мемлекеттік арналар бұған кем дегенде апталық эфир уақытының 2 сағатын бөлуі керек екенін жеткізді. Бұған алып-қосарымыз аз, бұл жағдай тіл саясатына қатысты әлдеқашан қолға алынуы керек еді.

Тіл саясаты дегеніміз – елдегі, қоғамдағы аталмыш салалар бойынша тілдердің дәрежесі мен ара салмағына орай заңға негізделген, мейлінше қолданылу, пайдаланылуды әділ үйлестіру, қайшылықтарды жойып, дамытуды қолға алумен анықталады. Тіл саясатын қазіргі заманда жүзеге асыруға қажет басты сайман – социолінгвистика! Бұл – тілдік ортаның ғылыми атауы әрі зерттеу мен зерделеу пәні. Ол болмаса, бұл үдеріске қатыспаса, онда тіл саясаты соқыр деген сөз, бұл ғылым аталмыш сала бойынша барлық мәселені орнына қойып, шешімдердің жобасын әзірлеуге бірден бір керек ғылыми тетік болып табылады. Бұл ғылым тілдік ортаның әрбір жігі мен тобындағы жағдайды барынша объектив түрде көрсетіп, соған сәйкес қандай шара мен жобаны атқаруды ұсынар еді. Міне осы болмағасын, 30 жыл бойы не істеп, не қойғанымызды және қалай істейтінімізді білмей, Уақыт пен басқа да материалдық ресурстарды рәсуә етіп келдік. Тіл саясатының деңгейі «жанашырлық» сипаттан арыға баспады. Қисынды шешімдер болмады, нәтижелі әрекеттерге жол ашылмады.

Билік – басты тілдік орта

Тілдік ортаның ішіндегі жетеккүш/локомотив не? Ол ресми орта – елді билейтін мемлекеттік сектор. Егер бұл сектор мемтілге деген көзқарасын

біржолата алаңдамастан, манипуляциясыз кірісетін болса, онда қалған екі сектор: коммерциялық және қоғамдық орта да басқа тілге қарай жамбастауды доғарады және сылтау іздемейді, тіл саясатына кедергі жасап машқатақа бара қоймайды. Мемсаясатты айдалаға ала қашпайды, сыртқы күштерді елдің ішкі саясатына қарсы айтақтамайды.

Бұған дейін мемсектор тіл саясатын қалай жүзеге асырып отыр? Ресми ортада конституцияның 7-бабының 2-тармағы бұрмаланып, «орыс тілі – ресми тіл» деген жалған тұжырыммен, орыс тілінде ғана мемлекеттік іс жүргізілуде. Бұл үдерісте бір емес, екі құқық бұзылып отыр: біреуі Ата Заңның «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген 7-бабының 1-тармағы, яғни мемлекеттік құзыр мен құқық бұзылса, тағы біреуі – мемлекеттік қызметтегі қазақтілді қызметкерлердің құқығы бұзылып келеді. Қазақтілді қызметшілер аудармашының рөлінде және олар өздерінің құзыреттілігін/компетенциясын толық мемлекеттік тілді қолдануға пайдалана алмай, монотілді қызметшілердің ыңғайына жығылумен келеді. Ал бұл – обал ғана емес, қылмыс. Осы жерде мемлекет неге осы екі тарапты біріктіретіндей саясат жасай алмай отыр?

30 жылдың ішінде бұл сала бойынша алға басу неге жоқ?

Бұның шешімін бірден айта кетейік. Осыдан кемі 20 жылдай бұрын елде қостілділік деген сырттай қарағанда күлкілі болғанымен дұрыс саясаттың сұлбасы басталған еді. Бірақ бұл ішкі мазмұны анықталмаған жалаң идеологияға айналып, дабыра күйінде қалды. Шын мәнінде жоғары мемлекеттік органдардағы мемқызметшілерден қос тілділік құзыреттілік талап етіліп, оны бірте-бірте мемтіл пайдасына қарай бұрғанда, қазіргідей қайшылық қалыптаспаған болар еді. Оны қалай ұйымдастыруға болар еді? Мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік мемқызметшілерді ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы қазақ және орыс тілдері бойынша сынақтан өткізеді де, мемлекеттік қызметтің дәлізінде кім қай тілге жүйрік болса, сол тілде қызмет ете бастайды. Бірақ қостілді қызметшіге сәйкесінше ерекше жағдай жасалады, өйткені ол - елдің тіл саясатын қолдаушы әрі дамытушы фактордың тиегі! Екі тілді қызметші мансап бойынша жоғарылауға барынша мүмкіндігі болуы тиіс. Және де мемлекеттік қызметте құжатты бір тілден екіншісіне аударып, артық шығын мен жалған «қостілділік» жүргізудің мүлдем керегі жоқ. Ал біртілді/монотілді адам дегеніміз кім? Ол – орыстілді қызметші. Әдетте қазақтілді қызметкердің кемінде 80 пайызы екі тілге жүйрік. Кім ұтты? Мемлекеттің саясаты ұтты және оның саясатын алға бастырып отырған кез келген қостілді этнос өкілі ұтты! Бұндай саясатқа кім шағымданады? Біртілді және мемлекетті менсінбейтін



өзімшіл, кездейсоқ монотілді «қызметші» ғана шағымданады. Шағымдана берсін... тіпті кездейсоқ адам ретінде өзіне жұмысты басқа сектордан іздесін! Бұл жерде кездейсоқ қызметшілердің мүддесіне мемлекеттік мүддесі мен құзырын қор қылуға неге жол беріледі? Міне, осылайша басталған дұрыс саясаттың аяғы болмады, мазмұны ашылмады, саясатқа айналмады. Бірақ аса мықты орыстілді маманды да мемлекеттік салада қызметке алуға болады, бірақ оны мемлекеттік қызметкер ретінде емес, белгілі бір сала бойынша сарапшы-маман ретінде! Тіпті ондай маманды шетелден де тартуға болады. Яғни мемлекеттік мүддені алға бастыру үшін барлық жағынан да заң мен қисын жеткілікті.

Мемлекеттік ұйымның/мекеменің отырысын қай тілде жүргіземіз? Екі тілде бірдей. Қалай сонда? Қазақтілді қызметкер мемтілде сөйлесе, орыстілді қызметкер орыс тілінде ойын айта береді, бірақ екі тарапқа да бірдей талап қойылады: қызметші толық меңгермеген тілді ауызекі түсінуге тиіс. Егер де мақұрым болса, ондай адамды «көпұлтты» Қазақстан мемлекетіне қызметші етіп алуға әсте болмайды!!! Бұл базар емес, әркім өз тілімен түсінісіп, сауда жасай беретін, бұл – мемлекет!

Бірақ бұл саясат жалғаса бермейді. Мерзім жағынан бес жылды ғана қамтуы мүмкін, бұл уақыт ішінде нағыз қостілді, тіпті мемтілді өте жақсы меңгерген келесі ұрпақ әлгі дүбәрә буынды ығыстырып шығады болмаса бес жылында мемқызметшілердің барлығы дерлік меңгеріп шығар еді. Болды!!! Осылайша мемлекеттік сектордағы тіл мәселесін бас аяғы 5 жылда шешіп тастауға әбден болады.

Мемлекеттік дәліздегі тілдің қандай екендігі көшедегі яғни қоғамдық сектордағы адамға қандай қатысы бар? Ешқандай да. Көшеде шемішке сататын болмаса зейнетке шыққан, тіпті студентке де мемлекеттің қай тілде қызмет ететіні ешбір кедергі етпейді, ал мемлекет тарапынан керек құжат пен хат-хабар екі тілде бірдей беріле береді. Ендеше бұған қоғамдық пікір мен демографияның қандай қатысы бар?! Мемлекеттің өз қызметін мемтілде атқаруына ешбір демографиялық жағдайдың әсері жоқ. Ол заңды да, шешімдерді де, отырыстарды да қазақ тілінде атқара алады және солай болуы тиіс. Бірақ қоғамдық орта болмаса тіл саясаты үшін ол жерде демократиялық сайман – ілеспе аударма болса жеткілікті, сосын қазақша түсінбейтін қарапайым азаматтың хаты мен тілегіне орысша нұсқасын/аудармасын беруге адам құқығын бұзбау жағы қарастырылса болғаны. Бұл мемлекеттің мәдениетін де қалыптастырады, мемлекет пен азаматтық қоғам арасын да жақындатады. Бірақ аудармамен бірге мемтілдегі түпнұсқа



міндетті түрде қоса жүруі керек. Керісінше, түпнұсқа орысша болып, оған қазақшасы қосақталмауы тиіс. Негізінде дұрыс болғанда, қазақстандық тіл саясатының идеалы осылай болар еді!

Ал біз бұның орнына не істедік? Қазақтілді қызметкерді аудармашы етіп қойып, орыстілді құжаттарды архив үшін соған аудартып отырдық, ал нағыз тілдік орта тек қана орыстілді болып қала берді, қазақ тілінің ресми саласы аударма-калькалық сипатқа көшті. Бұл шын мәніндегі қылмыс еді. Ақырында қазақтілді қызметкерлер орыс тілдене бастады. Қазақ тілінің ресми саласы дамымай кері кетті. Ал тілдік ортаның бастысы – мемлекеттік дәлізде.

Осы жерде қоғамда әбден тізесі шыққан қисынсыз тіркестерге қатысты ой өрбіту керек болып отыр. Мысалы көптеген өңірлерде «тілдерді дамыту» деген жалпақшешей тіркес ресми басқармалар мен департаменттің, тіпті комитеттің де атауына кірістірілген. Бұл жосығы жоқ қисынсыз нәрсе: елде 100-ден аса этнос болатын болса, Қазақстан соншама тілдерді дамытуды мойнына алуы – абсурдтың абсурды. Шын мәнінде әлгі мүсәпір ресми атаулар «тіл саясаты жөніндегі» бөлім, департамент, басқарма, комитет сықылды болып келуі керек еді.

Жіктей айтатын болсақ, орыс тілі онсыз да дамыған халықаралық тіл және оны одан әрі дамытатын Ресей федерациясы бар, бұл туралы өзбек, украин, поляк, неміс, түрікпен, қырғыз, шешен-ингуш, түрік тағы басқа тілдер туралы да айтқан қисынды болмақ. Ал ұйғыр, дұңған, курд секілді тілдерді дамыту үшін бұл этностардың алдында тарихи әрі заңдық күші бар халықаралық құзыр мен құзыреттілікке ие болуы керек, яғни БҰҰ болмаса ЮНЕСКО алдында міндеттеме алып, соған сәйкес талап пен қолдау болса ғана оларды дамытуға міндетті болмақ. Ал елдегі этносаралық татулық нығайтудың бұл салаға ешбір қатысы жоқ. Сондықтан мемлекеттік тіл саясатының берекесін кетіріп келген жалпақшешейлік пен жалған бастаманың құйрығы бір тұтам болғандықтан да бұл салада нәтижесізбіз. Алайда, қоғамдық деңгейде жергіліктенген тілдік саясат үшін бұларды ішкі саясаттың бір көрінісі ретінде назар аударуға әбден болады, бірақ ол тарихи даму міндетін мойынға алу деген сөз емес. Ал халықаралық деңгейде әлгі ұйғыр, дұңған, курд тілдерін дамыту үшін сол этностардың тарихи жерін ұстап отырған мемлекеттерге қарата бастама көтеру – Қазақстанның халықаралық аренадағы міндеті ғана емес, өзіміздегі әлгі диаспораларды рухани қолдау болмақ. Тұжыра айтқанда, ұйғыр мен дұңғанның тілін дамытуға тиісті мемлекет – Қытай, курдтардың тіліне Ирак пен Түркия міндетті. Ал түркілердің қара шаңырағын ұстаушы басты ел ретінде



ноғай, тыва, қарақалпақ, құмық, қарашай-балқар, ғағауыз тағы басқа түркі жұрттарының тілдерін ғылыми әрі араластық үшін тілбілім саласы бойынша дамытуға үлес қосу қай жағынан да жарасымды әрі қисынды. Сол үшін де тарихи-рухани миссиясы Түркістан қаласында жалпытүркілік тілбілім институты құрылса, ол қазақ тілінің де дами түсуіне ықпалы зор болмақ.

Ал қазақ тілін дамыту керек пе? Әлбетте. Мемлекеттік мәртебесі бар тіл үшін бүгінде терминология мен лексикология, аударма саласы мейлінше даму үдерісін қажетсінуде. Тіпті, бұл салаларға арнайы институт құру қажеттігі бар.

Қоғамдық орта неге қыр көрсетті?

Жоғарыда аталған басты тілдік орта мемтілге қатысты «менсінбеу» саясатын қолға алғасын, қазақтілді қауым не істеді? Белсенді азаматтар арқылы орыстілді адамдарға, түрлі қызметшілерге тиісе бастады. Оны қазақы қауым батырлық пен іскерлік әрі отаншылдық санады!? Бұл бір жағынан – қылмыс, біреудің құқығына, абыройына қол сұғу, басбұзарлық дейік. Ал мемлекеттік тілдің құзыры мен қазақтілді адамдардың құқығына қол сұғып отырған мемлекеттің рөлі қайда? Бұл қылмыстың артында тіл саясатын жеткілікті жүргізбей отырған тиісті органдар неге аталмайды? Кеше ғана елден кетірілген Қуат Ахметовтың жазығы не? Жазығы тіл саясатын желеу етіп, адамдарға тиіскендігінде, дәлірегі - басбұзарлық жасағанында. Ал ондай отаншыл жастарға басқаша қалай қимылдау қалып еді? Әрине, басқаша заң жүзінде ішкі саясат құрылымдарымен бірігіп, қайшылықсыз, даурықпасыз, популизмсіз, заңды қоғамдық жобаларды атқаруға болар еді! Ол неге атқармады? Себебі, Ішкі саясат құрылымдары ондай жобаларды атқаруға жағдай жасамайды және қолдамайды! Неліктен Қуаттардың отаншыл әлеуетін ішкі саясатты алға бастыруға қолданудан сәйкес құрылымдар қашады?! Олардың сауаты мен әрекетін неліктен заңға сәйкестендірумен, оқытумен, тәрбиелеумен, көзін ашумен айналыспайды?! Бар мәселе осында.

Демек, Қуаттардың осындай басбұзарлыққа баруы – тіл саясатын жүргізуде және елдің ішкі саясатын үйлестіруде тиісті органдардың өз қызметтерін жеткіліксіз атқаруынан туындап отыр деген сөз. Ал монотілді орталарға мемлекеттің толерант саясатын алға бастыру, сіңіру, насихаттау шаралары қайда қалды? Ол мемлекеттік тілді тежеу арқылы ғана «іске асырылып» жатыр ма, сонда?!



Ішкі саясат арқылы жыл сайын миллиардтаған қаржы жұмсалатын болса, соның кемінде 20 пайызы тіл саясатын дамытуға жұмсалуды керек! Неге? Себебі, көптілді, көпжұртты Қазақстан үшін ішкі саясаттың мәйегі – тіл саясатының негізінде жатыр. Ал біз соны көрер көзге көрмегендей болып отырмыз! Тіпті, барлық өңірлердегі Ішкі саясат құрылымдарының басты жұмыс көрсеткіші тілге қатысты болуы керек. Өйткені, ішкі саясатты түлететінде, бүлдіретін де сол – тіл саясаты.

Бүгінде елімізде соңғы 30 жылдың демографиялық жарқын жемістері бар, ол – отаншыл қазақтан басқа қазақтілді қазақ емес этнос өкілдерінің, әсіресе жастардың қаптап өсіп шығуы. Бірақ сол үлкен әлеуетті қаншалықты пайдаланып отырмыз? Оларды кіші мемқызметке неліктен тартпасқа? Неліктен Президенттің кадр резервінде осы жайт қаралмайды? Неліктен біз Қазақстан халқының 30 жыл бойғы қалыптасқан жаңа әлеуетін мойындамай отырмыз? Бұған не кедергі?



АНА ТІЛІМІЗДІ ҚАСТЕРЛЕЙІК

Әсемгүл ИБРАГИМҚЫЗЫ,

*Монғолия Баян-Өлгий аймақтық білім басқармасының
қазақ тілі мен әдебиеті пәніне жауапты маман*

Қасиетті ана сүтімен бойымызға даритын ана тілінің туын биік ұстап, бойтұмардай сақтап келер ұрпаққа жеткізу – азаматтық борышымыз.

Бойға біткен қандай бір дарынды, ақыл ойды, білімді ғажап өсіруге де немесе мүлдем өшіруге де болады. Ерінбей ебін тауып күтсе өнеді, өседі өйтпесе семіп қалады. Осының бәрінің қозғалтқыш күші, қатынас құралы тіл болып табылады.

Олай болса, ана тілін, ұлт тілін бойына сіңіріп, ана тілінде жетік сөйлеп, ойын толық түсінікті бейнелі етіп жеткізу үшін балалардың кішкентай кезінен бастап, өлең жырлар жаттатып, шешендік үлгілерді, неше түрлі тәмсіл сөздерді жаттап өсуі, өзінің де жаңа тақпақ, өлең жазуға талпынып, үй ішінде, мектеп, жиындарда тартынбай сөйлеп машықтанулары ата-ана тәрбиесі мен ұстаздардың құзырында. Бұл ретте бүлдіршіндерге ертегі айтып беру, өздеріне де айтқызу, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш жаттату аса пайдалы болмақ. Сөйлеудегі ең жақсы қасиет ой-пікірін қысқа әрі түсінікті айтып жеткізу.

Қазіргі таңда қоғам талабына сай сауатты, өз маманын жетік меңгерген білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеу мәселесі туындап отыр. Ендеше, осындай тұлғаны қалай қалыптастыра аламыз.

Кімде кім өз ана тілінде сауаты толық ашылып, ана тілін терең, жетік меңгерсе, өзге ғылымды еш қиындықсыз оңай меңгереді деген тұжырым бар.

Жүрегіңді тербеп ойға қалдыратын, мейіріңді қандыратын мөлдір таза тілдер тек мөлдір таза көңілден шығады. Мөлдір таза тілдерді ойы шұбар тілдерден немесе ана тілін менсінбеген адамдардан іздеу – лай судан балық іздеумен бірдей.

Сонымен қатар мемлекеттік тіл – монғол тілін де өз ана тілі, ұлт тілімен қатар меңгеру талабы туындайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей өз ана тілінде сауаты толық ашылып, ана тілін терең, жетік меңгерген адам өзге тілді, ғылымды да тез меңгеретінін мойындамай, мектепте қазақ тілі пәнінің сағаты көп болудың пайдасы қанша, онысызда қазақша сөйлеп тұрмыз, өзге тіл – ағылшын тілінің, монғол тілінің сағаты неғұрлым көп болса соғырлым сол тілдерді керемет меңгеріп кетеміз деген жаңсақ пікірдің аясында жүргендер қаншама.



Біздің ана тіліміз – қазақ тілі сөздік қоры аса бай, әсерлі, әуенді қасиетті тіл. Қай халық үшін де өз ана тілі қасиетті, баға жетпес асыл қазынасы, ұлттық нышаны. Өкінішке орай, кейбір ұрпағымыз ана тілінен жатырқап, аяқ асты етіп менсінбеушілікке бой алдырып бара жатқаны жасырын емес.

«Тілі жоғалған халықтың, ұлттың өзі де жоғалады». Олай болса осы аса құнды баға жетпес асыл қазынамызға «мен қазақпын!» дейтін әрбір азамат немқұрайлы, бейжай қарамауы керек.

Заманымыздың заңғар жазушысы, ұлтын сүйген ұлы тұлғалардың бірі болса да ірі әрі бірегейі Қабдеш Жұмаділов: *«Қазақ тілі-өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымтырылып, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат. Қазақ нені айтса да ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы – домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқақ әуенділігі – шырқап салар әніндей. Шешендерден шыққан қара сөздің өзінде өлеңге бергісіз келісіп, іштей үйлескен ырғақ болады. Сөзбен сөз, дыбыспен дыбыс өзара ұйқасып, жымдасып жатады. Тыңдаушысын бірден ұйытып әкететін осы үндестік пен әсем ырғақ құлақ түбінде хрустальдай сыңғырлап, қазақ тілін сұлу да сиқырлы етіп көрсетеді. Кейде қазақ болып туғаның үшін және әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлейтінің үшін өзіңді бақытты сезінесің», – деп тамаша да салиқалы тұжырым жасады.*

Осы орайда ағаларға, жастарға айтарым, тіл күшіне өлшеу жоқ, тіл көркемдігіне теңеу жоқ, тіл өткенді тірілтіп, келешекті көз алдына әкелетін құрал.

Адамдардың көпшілік алдында сөйлеу, сөзді саптау мәдениеті, болмысына қарап қорытынды жасасаңыз қандай бір басталған жақсы істің, әдемі ойдың сиқын олақ тіл бұзып тұратынын байқайсыз. Ал, шебер, көркем, сұлу тіл – сиқынсыз ойға шырай енгізеді. Осының бәрі тілдің құдіреті. *«Тілі бар халық – халық, тілі жоқ халық – балық»* деп халқымыз бекер айтпаған.

Міне, осындай қасиетті тілімізді сақтамасқа, қорғамасқа, насихаттамасқа, келер ұрпаққа ұдайы саф алтындай, таза күйінде жеткізіп отырмасқа болама?!

Біздің ұлтын сүйер ұлдарымыз бен халқын сүйер қыздарымыздың саны арта берсін, ана тілінің туын, биік, тік, нық ұстар азаматтарымыз көп болып, ана тіліміз – қазақ тілінің мәртебесі жоғарылай берсін демекпін!



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МАМАНДЫҒЫНЫҢ РӨЛІ

Жантас ЖАҚЫПОВ,

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Тұңғыш Президентіміз Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан бастау алған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер» (Бұл жоба «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани Қазына», «Ақпарат толқыны» атты төрт қосымша бағдарламадан тұрады), «Мемлекеттік тілді латынға көшіру», «Қазақстанның киелі жерлері», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» сияқты жобалардың қай-қайсының болсын жүзеге асуында мемлекеттік тілді оқытушы мамандардың алар орны зор. Сондай-ақ «Ұлттық рухани жаңғыру ұлттық жобасының» да 1-бағыты «Рухани жаңғыру» құндылықтарын ілгерілету және мемлекеттік тілді дамытуды» көздейді. Елбасының бұл бастамасы мемлекеттік тілді дамыту ісін де серпілтті.

Мемлекет басшысы, Президент Қ.К. Тоқаев 2021 жылғы Жолдауында мемлекеттік тіл мәселесіне арнайы тоқталды: «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс». Мемлекеттік тілді дамытудағы тіл мен әдебиет мұғалімінің рөліне осы бір тұрғыдан келген жөн. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаттарының бірі – білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру. Демек, мемлекеттік тілді дамытуда ең бір қажетті істі қазақ тілі мен әдебиетінің маманы атқаратыны сөзсіз.

2021 жылғы Жолдауында Президент тағы да: «Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн» екенін айтты. Бұл жобадан қазақ тілі мамандары да тыс қалмауы қажет.

Әлемдегі дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу болса керек. Сауатты ұрпақ деп қазақ тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген, құрметтейтін ұрпақты тани-



мыз. Осындай сауатты ұрпақты қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері даярлап шығарады, қалыптастырады. Университетімізде мемлекеттік тілді дамытуға тікелей ықпал ететін, яғни қазақ тілі мен әдебиетін оқытатын екі мамандық бар: бірі – «Қазақ тілі мен әдебиеті», екіншісі – «Қазақ филологиясы». Осы мамандықтар бойынша бакалавр, магистр, доктор Ph даярлаймыз. Бұларға, негізінен, үш кафедра білім береді: қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеті, қазақ тілінің практикалық курсы кафедралары.

Мемлекеттік тілді үйренгісі, қолданғысы келмейтіндер әлі де баршылық екенін жасыра алмаймыз. Олардың сылтауларын айтсақ, кәсіби білікті мамандардың мемлекеттік тілді білмеуіне олардың өздері кінәлі емес, мемлекеттік тілді үйренуге арналған әдістемелік құралдардың сапасы төмен; қазақ тілінің термин қоры қалыптаспаған; қазір қазақ мектептері көп, солардың түлектерінен талап ету керек т.с.с. болып келеді. Мемлекеттік тілді дамытудың бұған дейінгі бағдарламасында нысаналы индикаторлар қатарында 2019 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген ел тұрғындарының үлесін 90 пайызға, ал мектеп түлектерінің үлесін 100 пайызға жеткізу бар. Бұл орындалмай қалды. Орындалмай қалуына, ең алдымен тілді тұтынушылар кінәлі, десек те қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының да үлесі бар.

Ал әдістеме жеткіліксіз дегенге сенуге болмайды. Қазіргі уақытта Қазақстанға шетел тілін оқытудың, екінші тілді оқытудың Еуропа мен Америкадағы озық әдістері жетіп үлгерді. Ендігі іс мұғалімдердің қолында. Осыған орай бір қадағаланбай жүрген жайт – қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренудің бастапқы, орта деңгейін студенттер орта мектептен меңгеріп келуі керек. Шын мәнінде жағдай олай емес. Соның салдарынан университеттерде аталмыш деңгейлерді айналып өте алмай жүр. Университеттерде қазақ тілі кәсіби деңгейде оқытылғаны жөн болар еді. Сонда түлек қазақша сөйлеуден прагматикон деңгейіне дейін көтерілуі де мүмкін ғой.

Тәуелсіздік жылдарындағы қарқынды демографиялық өсімнің арқасында халқымыздың жартысын жастар құрап отыр. 1991 жылы бірінші сыныпқа барған баланың жасы қазір орда бұзар отыздың ортасына келді. Яғни, еліміздің мектептерін, одан кейін жоғары оқу орындарын қазақша оқып, бітірген білікті жастар миллиондап саналады, олардың қатарында инженерлер, технологтар, экономистер, т.б. кәсіби деңгейі жоғары мамандар қаншама. Солай бола тұра түрлі деңгейдегі ұйымдарда қызмет істейтіндердің арасында мемлекеттік тілді қолданбайтындар жеткілікті, тіпті басым. Мәселе мамандар жетіспеушілігінен емес, керісінше, жеке қамын мемлекеттік тіл мүддесінен



жоғары қоятындарды мейлінше әлпештеуден туындағандай. Жалпы алғанда, мемлекеттік тілді білетін мамандарға сұраныс мәселесін мемлекет деңгейінде көтеру қажет сияқты.

Біздің Университетте барлық мамандық бойынша қазақ бөлімдері бар. Мемлекеттік тілді дамыту үшін, нақтырақ айтқанда түлектер өз мамандығына орай қазақ тілінде қызмет атқару үшін барлық мамандыққы арнап «Салалық терминология» дейтін пән енгізу жоспарда бар. Демек, қазақ тілі оқытушыларының құзыреті сала-салаға лайық болатындай қам жасау қажет.

Кейінгі үш жылғы статистикаға қарасам, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлауға бағалавриатқа 80 студент, магистратурасына – 96, докторантурасына 32 адам қабылдапмыз. Демек, орта есеппен жылына 80-дей маман дайындайды екенбіз. Осы мамандардың білім алу траекториясын әрбір уақыт талабына қарай өзгертіп отыруға болар еді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» дейтін мамандықты бітіргендерді басқа тілде білім беретін орта мектептерге, колледждерге қызметке қабылдамау сияқты оқиғалар кездесіп қалады. Меніңше, ол түлектің білім алу траекториясында қазақ тілін екінші тіл я шетел тілі ретінде оқытуға байланысты айғақтар болса, басқа тілде оқытатын мектептер мен колледждер мұғалім қылып алатындай шарт қажет.

Аталмыш мақаласында Елбасы: «Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді», – деп ескерткен. Осыған орай және қозғап отырған тақырыпқа қатысты тағы бір шетін жайт келіп шығады. Филологиялық білім беру ісіне реформа жасау қажет екендігі ара-тұра айтылып қалады. Егер реформа жасалатын болса, бұл мамандықты әртараптандыру (диверсификация) жайын ойластырған жөн. Қазіргі тіл білімінің бағдарларын байқасақ, заңгерлік лингвистика, саяси лингвистика, контентология, спичрайтинг, копирайтинг деген бағдарларды көруге болады. Бұлардың әрқайсын мамандық етіп дербестеу оңайға түспес. Сондықтан филологиялық білім беруде бұларды пән ретінде енгізген артық болмайды. Жалғыз бұлар емес, қоғамдағы қай сала болсын мәтінтүзім жұмысынан айналып өте алмайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында мемлекеттік тілдің дамуы мен қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне тікелей тиесілі жоба «Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне ауыстыру» екені айқын. Осы жобаны жүзеге асыратын басты тұлға – қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Қазіргі кездің өзінде бұл мұғалімдер



қазақ-латын әліпбиін оқытудың бағдарламаларын даярлап, курстарын жүргізіп жүрген жайы бар. Емленің жобасын әзірлеген де осы мамандар. Бұл істің жүріміне әліпбидің нақты бекімеуі бөгесін болып тұрғанын жасырмау қажет.

Мемлекеттік тілді ана тілім деп есептейтіндер үшін қазақ әдебиеті пәнінің ықпалы өте күшті екенін ескерте кету артық болмас.

Қазір қазақ тілі мен әдебиетінен маман даярлаудың педагогикалық бағытында «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» деген мамандық аталымы шықты. «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогы» деген тіркес дұрыс емес, қисынға келмейді. Педагогика ғылымының үш саласы бар екені белгілі: педагогика тарихы, дидактика, тәрбие теориясы. Ал қазақ тілі мен әдебиетінің педагогикасы деген жоқ. Орыс тілінде де «педагог русского языка и литературы» деген сөзді естіген де, көрген де жоқпыз.

«Мемлекеттік тілді дамытудағы қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының рөлі» дегенге орай біржолғы айтарымыз – осындай жайттар.



«УСУЛ СУТИЕ ЖОЛЫ» ҚАНДАЙ ӘДІС?

Гүлфар МАМЫРБЕК,

Назарбаев зияткерлік мектептері

«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының аға менеджері

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ баласын оқыту әдістемесін жүйелеуді неден бастады, сауаттау әдісін қалай қалыптастырды деген мәселе төңірегінде сөз қозғасақ. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі төте оқу, төте жазу және усул сутие деген ұғымдармен тығыз байланысты екендігі мәлім. Бәрімізге белгілі, VIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейін түркі халықтарының барлығы араб әліпбиін қолданды. Ол қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне лайықталмаған, құрамында артық әріптері көп өте күрделі әліпби болатын.

Бұл әліпбимен қазақ баласы сауатын ашқанда, көпке дейін ежіктеп оқып, қиналатын. Осыны түсінген Ахмет Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап ұлттық әліпби жасауды қолға алды. Араб әліпбиінің құрамындағы қазақ тіліне қажет емес артық әріптерді шығарып тастап, 28 дыбысқа лайықталған 24 таңбадан тұратын ұлттық әліпбиді құрастырды. Ұлт ұстазының бұл әліпбиі жылдам үйренуге қолайлы болғандықтан «төте оқу, төте жазу», деген атпен тарихта қалды. Ахмет Байтұрсынұлының өзі бұл жайында: «Ежіктеп қадымша оқытудың жанында бұл әдіс анағұрлым төте еді. Сондықтан да «төте оқу» деп аталып еді» деп сипаттай отырып: «Төте жазу – әріптерді бірден қосып сөз қылып жазу. Төте оқу – дыбыстарды бірден қосып сөз қылып оқу», деп түсіндірген.

Ахмет Байтұрсынұлының ең алғашқы «Әліппесі» 1912-1925 жылдар аралығында жеті рет басылып шықты. Барлығының сыртында «Усул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе» деген жазу болды. Бұл сөз парсы тілінен қазақшаға аударғанда «дыбыс принциптері» деген мағынаны білдіреді. Яғни дыбыспен оқыту әдісі. Бұл әдісті Ахмет Байтұрсынұлы басқа елдердің әдістемесін мұқият саралап барып, қазақ тіліне лайықты деп таңдаған.

Усул сутиенің ең басты қағидасын Ахмет Байтұрсынұлы үшке бөліп көрсеткен: «бірінші балаларға әртүрлі дыбыс бар екенін ұғындыру керек, екінші балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішінде қандай дыбыстар барын айырытып үйрету керек, үшінші бөлек-бөлек дыбыстарды қостырып сөз айтуға дағдыландыру керек. Мұны білмей тұрғанда балаларға әріп көрсету жарамайды», – дейді ұлт ұстазы.

Ахмет Байтұрсынұлы сол кезеңдегі әлем елдерінің әдістемесін зерделей



отырып, қазақ баласының сауатын «усул сутие жолымен» ашу қажеттілігін мұғалімдерге үйретіп, жол көрсетіп берді және француз, неміс, ағылшын, итальян, қытай және орыс тілдерінде басшылыққа алынған әдіс-тәсілдерді талдай отырып, әр тілдің жазу ерекшелігіне қарай әр елдің оқытуда қолданатын әдістері де әртүрлі болатындығына назар аудару қажеттігін ескерткен.

«Жазу үшін әріп алмай, таңба алған жұрттың бірі қытай. Ауыз бен ит таңбасы қатар тұрса «үреді» деген сөз болады. Мұғалім бұл жазумен сауаттағанда дыбыспен де, әріппен де жұмысы жоқ», дейді А.Байтұрсынұлы. Ал тілінің жазылуы мен айтылуы бөлектенген жұрттың мысалына орыс халқын жатқызған. «Алған әріптері дыбыстарына сәйкес келмейтін ағылшын тілі, олардың сөздерінің жазылуы мен айтылуы алыс кеткендігі сонша, «ит деп жазып, шошқа деп оқиды», деп көрсетеді ғалым. Ал алған әріптері мен дыбыстары мейлінше сәйкесетін, сөз дыбыстарын естілуінше жазатын тілдер қатарына итальян, неміс және қазақ тілдерін жатқызған. Тілдердің осындай ерекшелігіне сәйкес сауаттау әдісі де әртүрлі болатынын мұғалімдерге талдап көрсете отырып: «Бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі, екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды», деп ескерткен. Мұқият зерделей отырып қазақ баласының сауатын «усул сутие жолы» арқылы әуелі дыбыспен жаттықтыру, одан кейін буынмен жаттықтыру, одан кейін сөзбен жаттықтыру ретін ұсынған. Осыдан кейін ғана, әріпті көрсету керек дейді. Ал әріпті үйреткен кезде әуелі сол жаңа әрпі бар қысқа-қысқа сөздерден дыбысын айырттып барып қана, тақтаға жазып көрсету керек деген.

Ахмет Байтұрсынұлы тек «Әліппеде» ғана емес, «Тіл құрал», «Тілжұмсар» оқулықтарында да түрлі тапсырмалар жүйесін беру арқылы ана тілін үйретудің әдістемесін қалыптастырды. Бастауыш мектепке арналған «Тілжұмсар» оқулығы балаға ана тілін құрал ретінде жұмсаудың, сол құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, меңгертудің тәсілдерін ұсынған. Ахмет Байтұрсынұлы бұл оқулықта балаға ана тілін ең бірінші тәжірибе арқылы үйрету, екінші балалар қиналмай, оңай үйрену үшін тапсырманы әліне қарай шағындап беру, үшінші белгіленген мақсат бойынша балаға бағыт беріп отыру мәселесін жүйелеп көрсеткен. «Тілжұмсардағы» тапсырма түрлері: буындау, көшіру, сұрау, жауап жазу, айтқаннан жазу, жатқа жазу, құрастыру, жалғаулау түрінде берілген.

Ал «Тіл құралдың» бірінші бөліміндегі тапсырмалар дағдыландыру



және сынау деп аталады. Мәселен, дағдыландыру деген тапсырмада бала мұғалімнің көмегімен тақырыпты меңгеруі керек, ал сынау деген тапсырма бойынша сол меңгерген тақырыбын жаттығу арқылы орындайды. Ұлт ұстазы балаға тақырыпты меңгерту үшін әуелі дағдыландырып, сонан кейін сынау арқылы жаттығулар жасатуды қажет деп тапқан.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі және оқулықтарындағы тапсырмалар жүйесі қазіргі айтылып жүрген сөйлеу әрекеттерінің, атап айтқанда тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым түрлерінің барлығын қамтыған. Яғни баланың оқу және жазу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, оқыған сайын қызығады», деп тұжырымдаған ұлт ұстазы сауаттау әдісін ғана емес, ана тілін оқытудың тұтас әдістемесін қалыптастырып кетті.



ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚТІЛДІ ЕМЕС СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жанат ҚАЖЫҒАЛИЕВА,

Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ

«Білім беру орталығы» филиалының аға менеджері

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін әр азаматтың меңгеруі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселені шешудің оңтайлы жолы – балабақшадан бастап үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың әдістемесін жүйелі түрде зерделеп, әдіснамалық негіздерін айқындау.

Қазақтілді емес мектептің бастауыш сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін оқыту мемлекеттік тілдің қоғамдық мәнін түсінетін әрі қазақ тілін қарым-қатынас және **таным құралы** ретінде қолдана алатын тұлға қалыптастыруды көздейді. Қазақ тілін меңгеру арқылы оқушы қазақ халқының ұлттық рухани құндылығын, салт-дәстүрін құрметтеуге, әрі алған білім, білік және дағдысын өмірде қолдана білуге үйренеді.

Бастауыш сынып оқушысына қазақ тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту, оқушының сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру, оның тұрмыста, қоғамдық орында, мәдени ортада тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу қазақ тілін оқытудың негізгі ұстанымы болып табылады.

Назарбаев Зияткерлік мектептері еліміздің жетекші ғалымдары мен озық тәжірибелі ұстаздарымен бірлесе отырып, білім беру мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілін меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау бойынша үздіксіз әдіснамалық-тәжірибелік жұмыстар жүргізіп келеді.

Қазақтілді емес сыныптарда қазақ тілін оқытудың дәстүрлі әдістемесі мен жаңа технологиялар мен стратегияларды сабақтастыра отырып, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Қазақтілді емес бастауыш сыныптардағы қазақ тілі пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын» жүзеге асыруда қазақ тілін оқытудың мынадай ерекшеліктерін ескеруді ұсынамыз.

1. Оқыту қазақ тілінде емес мектептің бастауыш сыныптарында қазақ тілін тек қарым-қатынас құралы ғана емес, таным құралы ретінде оқыту. Белгілі бір ақпаратты қазақ тілінде алу арқылы оқушы «айналадағы болмысты ойлау нәтижесінде елестету арқылы қол жеткізетін әлем туралы ақпаратты



жеке әрі әлеуметтік тәжірибесімен сабақтастыратын танымның белсенді субъектісі» ретінде қарастырылады (Сулейменова Э. Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. 1996).

Оқушы қазақ тілінде танымдық ақпарат ала отырып, қазақ халқының дүниетанымы, ділі, сөйлеу әдебін түсінеді; қазақтың рухани мұраларын, тарихи-мәдени ескерткіштерін біледі. Өзге ұлт өкілдерінің санасында өз ұлтының мәдениеті мен қазақ халқының мәдениетін сабақтастыру, салыстыру үдерістері жүреді.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан меңгеру оқушының, әсіресе қазақ баласының қазақ тілін түрлі жағдаяттарда еркін қолдану білігі мен дағдысын қалыптастыруға септігін тигізеді.

2. Бастауыш мектепке арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша үлігілік оқу бағдарламасының (оқыту қазақ тілінде емес) мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктеліп алынған **ортақ тақырыптар** аясында жүзеге асырылады. Пәндердің мазмұны өзара сабақтасып, тығыз байланыста оқытылады да, пәнаралық мазмұндық байланыста құрастырылған тапсырмалар беріледі. Пән мұғалімдері сабақты өзара бірлесіп жоспарлап, оқу материалдарын, оның көлемін, үй тапсырмасын өзара келісе отырып анықтаса, оқушылар үшін жүктемені азайтуға болады. Жүсіпбек Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» (1929 жылғы) атты еңбегінде: «Пәндерді бөлшектеп оқыту баланың жан жүйесіне қарсы. Бала нәрсені тұтас түрінде іске пайдалы жағынан қарап, ұғып біледі, бөлшегін, тарауын, қимылын елемейді. Комплекс тұтас, түйдек түрде ұқтырады» – деп, тақырыптар мен пәнаралық байланыстың рөлін ашып көрсетеді.

Ортақ тақырыптар қоршаған ортадағы құбылыстар мен үдерістерді оқушының тұтастай қабылдауына, пәнаралық байланыстың жүзеге асуына, коммуникативтік дағдының дамуына, оқу жүктемесінің азаюына ықпал етеді. Ортақ тақырыптар оқу үдерісінде нақты пәндердің оқу мақсаттарын өмірмен байланыстырып, оқушының өз тілінде меңгерген ұғымдарын қазақ тілінде айтып, сөйлеп үйренуге дағдыландырады. Бұл орайда қазақ тілі «ортақ тақырыптар» аясында жүзеге асырылатын таным құралы ретінде жүргізіледі.

3. Оқу бағдарламаларының мазмұны бұрынғыдай бір тақырыптан ғана тұрмайды, оқушы нені біледі, түсінеді, қолданады, талдайды, бағалайды, жасайтыны нақты белгіленіп, күтілетін нәтижелер **оқу мақсаттары түрінде** жүйеленіп берілді. Қазақ тілі пәнінің мазмұны жүйелі түрде бірізді құрылған әрі өзара сабақтастықта қарастырылған оқу мақсаттары арқылы меңгертіледі. Оқу бағдарламасының негізі болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесі



оқу пәнінің мазмұнын және пән бойынша күтілетін нәтижелерді анықтайды. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушының жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді. Оқыту мақсатының жүйесі бірізді болып, жеңілден ауырға қарай шиыршық қағидатымен жасалған.

4. Оқушының сөздік қорын кеңейту Білім және ғылым министрлігі бекіткен **лексикалық-грамматикалық минимумға негізделеді**. Лексикалық минимумда ортақ тақырыптар бойынша сонымен қатар күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әлеуметтік ортада жиі қолданылатын сөздер сұрыпталады. Лексикалық минимум сөздік қордың кеңеюіне, белсенді және пассивті сөздік қордың қалыптасуына ықпал ететін, қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес келетін (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер) шектеулі сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығын қамтиды. Қазір қолданылып жүрген «Лексика-грамматикалық минимум» А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Жалпы әліпбилі жиілік сөздігі» негізінде әзірленді. ЛГМ-ды меңгеруде берілген сөз түрлі грамматикалық формада қолданылады. Әр сабаққа белгіленген лексикалық минимумды кем дегенде 5-6 рет қайталап, түрлі грамматикалық тұлғада қолданып дағдылану оқушының жаңа сөзді саналы түрде меңгеруіне көмектеседі.

5. Бастауыш мектептегі «Қазақ тілі Т2» пәні **деңгейлік жүйемен оқытылады**. «Деңгей бойынша оқытудың ең негізгі бағыты – сөйлеудің ең қарапайым түрінен күрделіге жету жолдары, яғни, дайын үлгідегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестері арқылы ойын айтудан бастап, өзі мәтін құрып, өз сөзімен белгілі бір тақырыпты кеңейтіп, дамытып айтуға жеткізу» (Қ. Қадашева. Мемлекеттік тілді үйрету жолдары: теориясы мен тәжірибесі. Қазақ тілін деңгейлік оқыту мәселелері. 2004). Деңгейлік жүйе бойынша оқушының білім, білік дағдысына қойылатын талаптар «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2) негізге алып айқындалған.

6. Қазақ тілін **грамматикасыз оқыту** тәсілі басшылыққа алынады. Грамматикасыз оқыту әдісін қолдау Ы. Алтынсарин кезеңінен басталады. Ағартушы өзінің Н.И. Ильминскийге 1876 жыл 3 желтоқсанда жазған хатында: «Грамматиканы оқушылар орыс кітаптарын еркін түсініп, оқитын кезде ғана тереңдей үйренуі керек» деп, екінші тілді оқытудағы ауызекі сөйлеу тілінің дамытудың маңыздылығына тоқталып өтеді. Көрнекті ғалым, профессор Ә. Жүнісбеков тілді грамматикасыз оқыту әдістемесі бойынша әзірлеген арнайы семинар бағдарламасында қазақ тілін екінші тіл ретінде



үйретудің ерекшеліктеріне тоқталып, әдістемелік тұрғыдан сипаттап берген. «Қазақ тілін екінші тіл (ана тілі емес) ретінде үйретудің бір амалы грамматикасыз оқыту деп білемін. Себебі грамматикалық атаулар табиғатынан ойтөкті (абстрактілі) болып келеді де, оны түсіну үшін арнайы ереже керек болады. Ал арнайы ереже жаттау мен оны есте сақтау, ең бастысы оны пайдалана білу екінші бірінің қолынан келе бермейді. Және де өзінің ана тілінің грамматикасын зорға меңгеріп жатқан балаға қазақ тілінің грамматикасын үстемелейміз. Сондықтан, грамматикалық атау-ұғымдарды мотивациясы айқын, яғни, атауынан мағынасы аңғарылып тұратын сөздер және сөз оралымдарымен алмастыру керек. Басқаша айтқанда, грамматикалық ережені білмейтін, тіптен грамматикалық дайындығы жоқ кез келген адам атаудың қандай мағынаны білдіріп тұрғанын түсініп кете беретіндей деңгейге түсіру керек (Ә.Жүнісбеков. Әдістеме әлемінде / Ғылыми-әдістемелік жинақ. 2008).

Грамматика – қазақтілді емес сыныптардағы қазақ тілін үйрету объектісі емес. Жаңартылған бағдарлама бойынша қазақ тілін меңгерту кезінде грамматикалық терминдер қолданылмайды. Мәселен, лексикалық минимумды меңгеру кезінде грамматикалық минимум коммуникативтік дағдының астарында өтіледі.

Оқушының ауызекі сөйлеу тілін дамыту, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдысын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері оқу мақсаттарын ашу барысында жеке-жеке қарастырылады.

7. Оқушыларға тілді меңгертуде **мәтінді бейімдеп** ұсынудың рөлі ерекше. «Мәтін қойылған тақырыбы мен ішкі мазмұны біртұтас, синтаксистік, композициялық және логикалық құрылымы жағынан жүйелі бірлік дегенді білдіреді» (А.Алдашева. Әдістеме әлемінде / Ғылыми-әдістемелік жинақ. 2008). Оқулықтағы мәтіндер **оқу мәтіні** деп аталады, оған түрлі көркем, танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндер жатады. Оқу мәтіндерін оқушының жас ерекшеліктеріне сай бейімдеудің тіл дамыту үдерісінде маңызы зор. Белгілі бір тақырыпқа қатысты мәтінді бейімдеудің өзі мұғалімнен жан-жақты дайындықты, қосымша материалдарды дер кезінде жинап, оқушының білім деңгейіне сәйкес бейімдеуді, сұрыптауды қажет етеді. Осыған байланысты мұғалім әр тақырып бойынша мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, оқушының тыңдап-түсінуін, өзара қазақша тілдесе алатын қабілетін қалыптастыру және дамыту үшін қажетті сөздер мен сөз орамдарын қолданады.

Оқу мәтіндерін іріктеуде мәтінді үйренушілердің білім деңгейіне қарай нақты өлшемдер болуға тиіс.

Мұғалім оқу мәтінін бейімдеу кезінде:



- оқушының қызығушылығын оятатын, танымдық қабілетін арттыратын мәтіндер таңдау немесе әсерлі оқиғалар желісімен мәтін құрастыру;
- мәтіннің түпнұсқасының мазмұнынан ауытқымау;
- тақырыпқа қатысты лексика-грамматикалық минимумның бірнеше рет қайталануын қамтамасыз ету;
- оқушының сөздік қорын ескеру;
- оқу мазмұнына сәйкес грамматикалық формаларды қамту;
- ауыспалы, көп мағыналы сөздерді, сол сияқты тұрақты сөз тіркестерін қолданбау;
- сөздердің орын тәртібін қатаң сақтау талаптарын ескеруі керек.

8. **Бір педагог – бір тіл**, яғни тілдік ортаға енгізу сыныбында жұмыс істейтін педагог орыс тілін білсе де, балалармен тек қазақ тілінде сөйлеседі. Мұғалім балаларға материалды орыс тіліне аудармайды, орыс тілінде мүлдем сөйлемейді. Өйткені балалар аудармаға арқа сүйеп кетуі мүмкін. Бала педагогтің тіл қолданысына еліктейтін болады. Сондықтан да педагог эмоционалды болып, тілді үйретуде шығармашылық танытуы керек (М.Жадрина М.Ж. Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық/ Халықаралық конференция материалдары. 2013).

9. **Мұғалімнің қолдауы** (скаффолдинг) оқушының жалпы түсінігі мен ұғымы болған кезде айтарлықтай көмектесетін әдіс-тәсілдер арқылы оқу үдерісіне тартады, ынталандырады, қызығушылығын арттырады әрі сыни ойлау дағдысын дамытуға әсер етеді. Скаффолдинг дегеніміз – ересектердің бала дамуының жақын аймағын құратын іс-әрекеттері» деп таниды (Наоми Штайнер, Сьюзан Хейз. Иностранний как родной: помогите вашему ребенку освоить сразу два языка. 2015). Скаффолдинг оқушының өздері істей алатын іс-әрекеттерінен артық іс-әрекеттерді істеуге көмектеседі.

Мұғалім ресурстар әзірлеу, оқушының деңгейіне сәйкес келетін тапсырмалар беру, мысалдар, үлгілер, нұсқаулар беру арқылы оқушыға қолдау көрсетеді. Мұғалім күнделікті қолданған көрнекі құралдарды сынып қабырғасына іліп, «сөйлейтін қабырға» ұйымдастыру арқылы оқушыларға қолдау көрсете алады. Онда өткен материалды бекіту үшін сыныптың қабырғаларына сабақта қолданылған жеке парақшалар, постерлер, плакаттар мен түрлі көрнекі құралдар ілініп тұрады (И.Корепанова. Культурно-историческая психология: Три понятия о реальности детского развития: обучаемость, зона ближайшего развития и скаффолдинг. 2011, № 2).

10. Сабақ барысында оқушының **психологиялық қауіпсіздігін** қамтамасыз етудің маңызы зор. «Тілдік қатынастың психологиялық негізі – тілді



оқыту барысында оқушының сана-сезіміне әсер етіп, пәнге деген оң көзқарасын, қызығушылығын арттыру өте маңызды» (С.Жұманова. Әдістеме әлемінде / Ғылыми-әдістемелік жинақ. 2008). Психологтердің ойынша, тіл дамыту әрекетінің барлық сатысында бала тілді үйренгенде ойын еркін айтып, жасқанбау керек, яғни қазақ тілінде жасқанбай сөйлеуге мүмкіндік жасау – өті тиімді стратегия. Балалар сөйлегенде қателіктер жіберсе, сөйлемнің мағынасы түсінікті болса, жіберген қатесін түзетпеуге болады. Ең бастысы – оқушының тілді түсінуі, одан кейін біртіндеп сөйлеуге дағдыланады. Оқушының қатесін түзете берсе, оның бойында қателесу үрейі туындайды да, баланың сөйлегісі келмей қалады. Мұндай қателер күнделікті тіл дамыту арқылы біртіндеп түзетіледі. Ал жазылым дағдысын қалыптастыру кезінде қатені түзету – қалыпты құбылыс, әрі тілді дұрыс меңгеруге көмектеседі. Ең бастысы – баланың қазақша сөйлей алатынына деген сенімін ояту.

11. Оқыту үдерісіндегі **кері байланыс** білім мазмұнын игеру үдерісіндегі оқушының оны меңгеру әрекеті мен нәтижелер барысы туралы ақпарат болып табылады. Мұғалім мен оқушыға қатысты кері байланыс сыртқы және ішкі кері байланыс түрінде көрініс тауып, білім беру мен оны меңгеру барысы және нәтижелері туралы мәлімет алдын ала межелеген нормативтік ақпаратпен салыстырыла қарастырылады. Бұл әрекет мұғалім үшін білім беруде бағалау мен түзету жасауға, ал оқушы үшін өзінің оқу әрекетін сезіну мен жетілдіруге, жалпы оқу үдерісін қарқынды етіп бекітуге негіз болады. Сондықтан оқыту үдерісіндегі кері байланыстың қолданысы білім мазмұнын меңгеру мен тиімді басқарудың бірегей шарты болып табылады.



ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

Мәншүк ҚҰЛМАНОВА,

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің
аға оқытушысы, магистр*

Қазіргі кезеңде қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістерге қатысты білім берілуі қажет. Осыған орай орта білім беретін және ЖОО-да оқушыны, студентті ойлануға үйрету, қай жаста болмасын болашақта кездесетін түрлі мәселелерді шешуге қажетті іс-әрекет түрлерін қабылдау, дұрыс бағытта ойлау, мәселелерді шешуге үйрету барша оқытушылар үшін басты мақсат екенін есте сақтауымыз керек.

«Қазіргі мектеп тәжірибесінде оқушыны тапсырманы айнытпай орындаушы ретінде тәрбиелеу басым бағыт алып отырғаны жасырын емес. Бұл оқушының, студенттің өз бетімен ойлануына, өзіндік пікірін білдіруіне кері ықпал етіп, білім алуға деген қызығуларын төмендетеді. Жалпы орта білім берудің жалпыұлттық деңгейдегі басты мақсаты - ҚР әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуға дайын күзиретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету» [1, 27] болып табылады.

«Кәсіби білім берудің мақсаты – кәсіби білімді терең меңгерген, мамандығында, еңбек ету барасында алған білімін іс жүзінде еркін бағдарлай білетін, қоршаған орта мен табиғи құндылықтарды бағалауға көзқарастары қалыптасқан, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті, бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Сөйлеу мәдениетінің талаптары білім алушыларды көпшілік алдында сөйлеуге баулиды. Көпшілік алдында болашақ маман иелерінің белсенділігін арттырып, жауапты, батыл сөйлеуге жаттықтырады» [2, 35].

Г.Амандықова, Ш.Мұхтарова, Б.Баймұханова, А.Бисенғалиевалар оқуға үйретудің мына жоспарын ұсынады:

- Оқу - сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінің бірі
- Дауыстап оқуға үйрету
- Оқуға үйрету әдістері
- Оқуға қойылатын негізгі талаптар

Оқу сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлеріне жатады. Себебі, ол графикалық белгілерді қабылдаудан, түсінуден тұрады. Оқу, сөйлеу әрекетінің тыңдау,




жазу сияқты түрлерімен тығыз байланысты. Оқу мен жазу дағдыларының шет тілін үйретудің бастапқы кездегі алатын орны ерекше. Оқу мен сөйлеу тығыз байланысты. Оқытудың екі түрі бар. Олар:

- 1) дауыстап оқу
- 2) іштей оқу [3. 77].

Ал, ауызша сөйлеуге қалай үйретуге болады? Жоғарыда берілген авторлардың сөйлеуге үйрету әдістерін меңгертудегі сызбасын ұсынып отырмыз:

Сөйлеуге үйрету әдістері



[3. 66]

Сөйлеудің екі түрі бар: монолог және диалог.

Диалогты сөйлеуде қысқа сөйлемдерді пайдаланған орынды. Сөйлеу жасанды болмауы үшін сөйлеу тілінің ерекшеліктерімен таныстыру қажет.

1) Қысқа жауапты пайдалану (Бұл толық жауап беруге үйретпеу керек деген мағынада емес).

- 2) Қысқартылған формаларды пайдалануға үйрету.
- 3) Кейбір қысқартылған сөздерді пайдалану.
- 4) Әңгімелесу тіркестерін үйрету.

Диалогтық құрылымды әр түрлі. Олардың 4 негізгі түрі бар:

- 1) Сұрақ - жауап
- 2) Сұрақ - сұрақ
- 3) Хабарлама - хабарлама
- 4) Хабарлама - сұрақ.

Диалогтық сөйлеуге үйретуде осы 4 түрін де қолдану керек» [3, 64].

Оқытушы жаңа сабақтың мазмұнын ашу мақсатында «оқуды бітірген соң, олар қандай оқу орнын таңдайды, қайда барады? деген сұрақтар беріліп, сту-



денттер тарапынан пікір тыңдалады. Қабырға газетіндегі нақыл сөздердің («Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе- білім» М.Әуезов.) мәні түсіндіріліп, төмендегі сұрақтар қойылады:

А) Әрбір бітіруші жас түлектің басты арманы не?

Ә) Оқушылар не мақсат пен студент болуды армандайды?

Б) Оқушы кезінде мамандық тандауға кімнің әсері көп болды?

В) Мектеп пен жоғары оқу орнынан айырмашылығы қандай?

Берілген сұрақтарға студенттердің жауаптары тыңдалады. Бұл жерде студенттер қысқа не толық жауап немесе іс-қимыл арқылы жауап беруі мүмкін. Себебі, тіл үйренуші жауапты өзі білетін сөздік қорды пайлана отырып, жауап береді. Бүгін үлгі ретінде «Бүгінгі студент, кешегі оқушы» деген тақырып төңірегінде талқылауды жөн көрдім.

Сұрақтарға дауап тыңдалғаннан кейін сөздікпен жұмыс жүргізіледі. Оқытушы сөздік жұмысында әр түрлі әдістерді пайдалана отырып, топтық немесе ұжымдық формасында жүргізуге болады. Осы жаңа сөздерді тіл үйренуші есте сақтап, сұраққа жауап беру кезінде еркін қолдануы үшін, жана сөздерге қатысты бірнеше тапсырманың түрін беруге болады.

Тақырып мазмұнын ашу мақсатында төмендегі тапсырмаларды ұсынамыз.

1-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Сөздердің аудармасын жазыңыздар.

Оқушы –

Кішкентай кез –

Биыл –

Жоғары балл –

Қосымша дәріс –

Қызығушылық –

Икемді болу –

Армандау –

Болашақ –

Жоғары оқу орны(ЖОО) –

Таңдау –

2-тапсырма. Суреттерге сйкес келетін сөздерді белгілеп шығыңыздар.

1. Таңдау

4. Болашақ

7. Қызығушылық

2. Студент


5. ЖОО

8. Армандау

3. Дәріс - ...

6. Оқушы

9. Кішкентай кез



3-тапсырма. Оқушымен байланысты сөздерді айтыңыздар.

Соңғы қоңырау

Саяхаттау

Мұғалім

ЖОО

Теледидар



Тест тапсыру

ҰБТ

Кітап

Лекция

Лекция

Мамандық таңдау


Тағы қандай сөздер қалып қойды? Сіз тағы қандай сөздерді қосар едіңіз?



4-тапсырма. Берілген әріптердің ішінен сөздерді табыңыздар.

ХЗЩШГНҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚФЫВАП
 ЮБЪТИМССЧУБТФЫВАПРОЛДЖЭ
 ЪХЗЦШГАРМАНДАУЙЦУКЕНШГНК
 АПРОЫЛДВЯДӘРІСЮБЪТИМЦУКЕН
 ЯЧСМИТВАПБИЫЛУКЕНГШГШЗЦ
 ЪХЗЦШГИКЕМДІБОЛУПРОЛДЮБЪТ

5-тапсырма. «Оқушы» сөзіне ассоциациограмма құрастыру.



6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Мәтін бойынша тапсырманы орындаңыз.

Зере сіз сияқты ЖОО-ның студенті. Оның сізбен ұқсас жақтарын, айырмашылықтарын салыстырыңыз. Салыстыру барысында кестені толтырыңыз.

Мысалы: Мен - филологпын. Зере де филолог.

Менім атым – Зере. Жасым – 18-де. Мектепті биыл бітіргенмін. Мен Қызылорда қаласындағы орта мектептің түлегімін. Жоғары балл жинау үшін бір жыл бойы қосымша дәріс алдым. Биыл бірыңғай ұлттық тестілеуден жоғары балл жинадым.

Мен кішкентай кезімнен филолог болуды армандадым, сондықтан осы факультетті таңдадым. Қазір менің арманым орындалды.

Менің қызығушылығым көп. Мектепте музыкалық аспаптарда ойнаумен, спортпен, шет тілдерін оқумен айналыстым. Мәдениет үйлерінде болатын концерттерге жиі қатысатынымын. Мен кішкентай кезімнен өнер саласына



икемді болдым, бірақ өнермен тек өзім үшін айналысатынмын. Ал болашақта жақсы филолог болуды армандаймын.

7-тапсырма. Екінші қатардан мағынасы жуық сөздерді сәйкестендіріңіз.

Бейімді	→	қиын
Бітіру		мектеп бітіру
Түлек		икемді
Ауыр		аудармашы
Өткен жыл		аяқтау
Кішкентай кез		былтыр
Тілмаш		болашақ
Келешек		балалық шақ

8-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын белгілеңіз.

1. Зеренің жасы он сегізде.	Бұрыс	Дұрыс
2. Зере лингвистикалық гимназияның түлегі.		
3. Талапкерлер бірыңғай ұлттық тест тапсырады.		
4. Зере бірыңғай ұлттық тесттен төмен балл жинаған.		
5. Зере бір жыл дайындық курсына оқыған.		
6. Зере мектепті Қызылорда қаласында оқыды.		
7. Зере кішкентай кезінен оркесторда ойнауды армандаған.		

9-тапсырма. Ақпарат қағазын толтырыңыздар. Топтағы студенттердің есімдері толық жазылып, мектеп қабырғасына ортақ сұрақтар қойылған (Ақпарат қағазында топтағы студенттердің есімдері жазылған мектеп қабырғасына ортақ сұрақтар қойылады. Бұл ақпарат қағазы ЖОО-нын мектеп қабырғасынан кеше ғана келіп жатқан студенттерге бір-бірін жақын тануға т.б. ақпарат алуға әсерін тигізеді.)

Досыңыз туралы кестені толтырыңыз

	Жомарт	Әлия	Айсұлу	Әйгерім	Гауһар	Мақпал	Гүлмира
Мектеп бітірген жыл							



Сүйікті пәні							
Мектепте қалай оқыды?							
Мектептегі қызығушылықтары							
Мектепте қиын болған пән							
Мектепте жеңіл болған пән							
Ұнатпаған пәні							
Қай қаладан мектеп бітірді?							
Қандай тілдерге ерекше көңіл бөлді?							
Сүйікті ұстазының берген сабағы							

10-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Сөз тіркесі: мектеп өмірі, ҰБТ тапсыру, білім беру, бал жинау, адал еңбек, адал білім

Негізгі бөлім: Ойланайық!

11-тапсырма. Жағдаят.

«Кешегі оқушы» тақырыбында сұхбат. (Сұхбатты кеше ғана мектепті тәмамдаған оқушы, бүгінгі студент өздері дайындайды. ҰБТ уақытында кездескен кыйындықтар мен кедергілерді ескеріп, оқытушы тарапынан берілген тұрақты тіркесті сұхбат барысында пайдаланулары қажет.)

Тұрақты тіркестер: *Бет моншағы үзілу, көпке топырақ шашу, көзді ашып, жұмғанша, кір келтіру, төбелері көкке жету*

- Ой, Жомарт салем. Қалың қалай? Қалада не істеп жүрсің?

- Салем, жақсы. Оқуға тапсыруға келгенмін.

Өзің қалайсың? Қай университетте, қай мамандық бойынша білім алып жатырсың?



- Мен, өзiм армандаған, ойымдағы ЖОО-ы ҚазХҚжӘТУ-ге, аударма мамандығында оқып жатырмын. Сен ше?

- Мектеп... Оқушы кез... Көзді ашып, жұмғанша өтті де, кетті. Мен оқуға түсе алмадым. ҰБТ-дан төмен балл жинадым. Мұғалімдер дұрыс дайындамады ғой.

- Жомарт! Неге олай айтасың?

- 11 сыныпқа көшкен уақыттан бастап, сабақты үшке оқитындар ҰБТ-ға кірмейді. Не үшін? деп сұрағанымызда мұғалімдер былай жауап берді: «Тесті дұрыс тапсыра алмайды, мектептің атына кір келеді». Біздерге дұрыс көңіл бөлмеді. Өздері дұрыс білім бермегендіктен, білімсіз оқушы тәрбиелейді және жастардың өмір жолына зиянын тигізіп отыр. Менің оқуға түспегеніме мұғалім кінәлі. Ал, біреулер білімді сатып алып, мен оқуға түстім деп, төбелері көкке бір елі жетпей жүргендер де аз емес.

- Жомарт, бұл не дегенің?! Сен көпке топырақ шашпа! Мен өзiмнің адал еңбегiмнің, 11 жыл бойы оқыған білімімнің арқасында қалаған оқу орныма, мамандығыма түстім. Жатпай-тұрмай дайындалдым.

- Гүлмира сенің бұл ойыңмен келіспеймін. Мұғалім қазіргі кезде, мына оқушы мүлдем оқымайды деп жай көңіл бөледі. Ұстаздың міндеті сабақ оқымайтын оқушымен бөлек жұмыс жасап, одан білімді тұлға тәрбиелеу.

- М, уақыт келе түсінерсің. Өткен іске өкінбе. Енді жақсылап дайындалып, оқуға түсіп кетуіңе тілектеспін. Көмек қажет болса, бет моншағың үзілмей, көмек сұра. Жомарт сен ренжіме, сабағымның уақыты болып қалды. Сау бол!

12-тапсырма. Жағдаят ішінен тұрақты тіркесті теріп жазып, мағынасын ашыңыз.

Мысалы: Жұмған аузын ашпау – үндемеу.

13-тапсырма. Берілген сұрақтар төңірегінде пікір білдіріңіздер.

1. Сізге орта мектептегі білім беру жүйесі ұнай ма?
2. Жастардың білімсіз болуы ата-ананың осалдығы ма? немесе мектеп мұғалімдерінің білімінің төмендігі ме? Мүмкін басқада себептері бар шығар?... т.б.

Сабақ қорытындысы мына өлең жолымен бекітіледі.

Сабыр деген- әр іске шыдамдылық,
Қатты керек адамға бұл бір қылық.
Қолы жетпей талай жан ызданады,
Осыдан, көп шығады адамшылық.

Қ. Шәкәрім



Студенттер өздерінің сабақ барысында түйген ойлары мен пікірлерін қорытынды тақтасында көрсетеді.



*Гүлмираның пікірін
қолдаушылар!!*

*Жомарттың пікірін
қолдаушылар!*

Қорыта келгенде, еркін сөйлеу әрекетіне қол жеткізу үшін оқытушы жаңа сабаққа қатысты сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізіп, әртүрлі әдістерді пайдалана отырып, топтық немесе жұптық формасында жүргізуге болады. Себебі, жаңа сабақ барысында сөздікпен жұмыс тіл үйренушінің сөздік қорын молайтып қана қоймайды, сонымен қатар есте сақтауын дамытады, тиімді әдістердің көмегімен сөздерді қоғамдық ортада пайдаланау қабілетін дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байғараева Р. «Заман талабына сай оқыту – міндетіміз» // Қазақстан мектебі. №3, 2009.
2. Жұмашева М. «Тілдік жаттығулар» // Қазақстан мектебі. №10.2010.
3. Амандықова Г., Мұхтарова Ш., Баймұханова Б., Бисенғалиева А. Шет тілін оқыту әдістемесі. Астана, 2010.



СӨЗ ДЕГЕНІМІЗ АДАМ, АДАМНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,

филология ғылымдарының докторы, профессор

Адамның бүкіл физиономиясы, нақтылай айтқанда, бет әлпеті, ішкі дыбыс жолдарының құрылымы адамның қандай сөзді айтуымен, қандай тілде сөйлеуімен тікелей байланысты. Ауыз, мұрын қуыстары сөзді айтқанда, қандай дыбыстардың шығатындығына орай орналасқан. Мысалы, қазақ тіліндегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз, дауыстылардың жуан, жіңішке, дауыссыздардың қатаң, ұяң, үнді болып жіктелуі дыбыстардың шығуы барысында олардың түрліше айтылуына қарай негізделген. Барлық тілдерде де осылай. Демек, барлық халықтардың сөйлеу, дыбыстау ерекшеліктеріне орай, олардың тыныс алу, өкпе қуысы, ішкі ауа жүру жолдарының орналасу, дыбыс шығару өзгешеліктері пайда болады. Әріппен таңбаланатын дыбыстар сол адамдар тұратын табиғи ортаның ырғағымен тікелей байланысты болады. Ол орта дала, немесе таулы, орманды, не болмаса, суық, не жылы аймақ болуы, адамдардың қалада, не ауылда тұруы мүмкін. Түрлі ортаның өмір ағыны да түрліше. Әртүрлі дауыс ырғағымен сөйлейтін ұлт тілдері сол халықтардың өмір сүру ортасының ыңғайымен ғасырлар бойы қалыптасқан. Әр адамның биологиялық ырғағы сол өзі өскен ұлтының, ортасының ұзақ уақыттар бойы жетіліп, ұлттық ерекшелігі болып қалыптасқан ырғағына сәйкес келеді. Адамның тілі ауысса, оның организмінде ырғақтық сәйкессіздіктер пайда болып, денсаулығына нұқсан келуі мүмкін. Жалпы, адамзат баласының тыныс алу, дыбыс шығару органдары сырттай қарағанда, бірдей сияқты көрінгенімен де байқап қарағанға әр ұлттың өзіндік бет-әлпеттері байқалмай қалмайды. Моңғол тектестер домалақ бет, еуропалықтардың көбіне атжақты, кәрістердің қысық көзді келетініндей, қазақтардың қазіргі физиономиялық бітімі, бет әлпеті ғасырлар бойы сөйлеп келген осы ұлттық тіліне байланысты болса керек.

Бұл физиономиялық өзгешеліктер тек сол ұлтқа ғана тән дыбыстарға қатысты. Мысалы, *ә, ө, і, ұ, ү, қ, з, ң, һ* секілді дыбыстар тек қазақ тіліне ғана тән болғандықтан да оның ұлттық сыпатын белгілейді. Сондықтан бұл дыбыстар басқа ұлт өкілдерінің айтуына едәуір қиындықтар туғызады. Осы сияқты басқа тілді үйренген кезде сол тілге ғана тән дыбыстарды айту барысында қиналып қалатындығымыз да бар. Орыс тілінің *е, в, э, щ, ч, ц, ф, ь, я, ю* сияқты дыбыстары бар сөздерін айтқанда, алғашында тілі бұралмаған қазақ жоқ шығар, сірә.

Демек, әріптің де ұлттық сипаты басым екен. «Әріп дегеніміз, тіл де емес, білім де емес, салт-дәстүр де емес, бар болғаны белгілі бір ұлттың дыбыстық белгісі (знак) ғана екеніне мән беруіміз керек. Бұл орайда төл әрпін тұтынып отырған қытай, жапон, араб елдері, грузин, армян сияқты елдердің ешкімнен сорлы емес екеніне, керісінше сол елдерде ғана ұлттық төлтума мәдениет пен ана тілінің мөлдір таза күйінде сақтала шындалып отырғанына мән беруіміз керек. Түбі бізді әрісі америкалық, берісі еуропалық рухани экспансиядан қорғайтын бір тетік болса, ол ең алдымен, руника сияқты төл әрпіміз болу керек.

...Төл графика дегеніміз, ұлттың ең жарқын мәдени айғағы ғана емес, сонымен бірге, сол ұлтты ешқашан ассимиляцияға түсіртпейтін, тілін ұмыттыртпайтын ұлы қорғаны, қамқор анасындай рухани панасы болып табылады.

...Түркілік мәдени тұтастықтың бүкіл түркі халықтары үшін стратегиялық мәні бар. Көптеген түркі тілдес елдер бүгінгі таңда еуропалық, арабтық, қытайлық және орыстық даму үлгісінің ықпалында отыр. Адамзаттық дамудың алдағы ұзақ жолын ой көзімен шолғанда, түркілік мәдениеттің өз жолы, өз арнасы болуға тиіс. Ондай жолға бастайтын соқпақ сүрлеу ісі түркі халықтарына ортақ төл әрпі болмақ» (А.Сейдімбек. Шығармалар. 2-том, Астана, «Фолиант», 2010, 758-бет).

Әріп дегеніміз – таңба. Адам жазу жазғанда әріптерінің қалай таңбалануынан-ақ оның мінез-құлқы анық көрінеді екен. Дамыған елдерде адамның жұмысқа алуды сұрап жазған өтінішінен-ақ ондағы жазуда әріптердің қалай таңбалануынан оның қандай адам екендігін біліп отырады. Израиль қылмыстық іс барынша тез ашылатын, тіпті ашылмайтын қылмыс жоқ ел саналады. Мұның бар құпиясы жергілікті полиция бөлімдерінде елде тұратын азаматтардың барлығының қолтаңбасы сақталып, олардың ішінде қайсысының қылмыс жасауға бейімі бар екендігі әріпті қалай таңбалауына орай алдын ала болжанып, ерекше бақылауда болады.

«Графология – адамның жазуы арқылы оның мінез-құлқын, ерекшеліктерін анықтайтын психология саласы. Әр адамның жазуы әртүрлі. Сіздің жазуыңыз нені сипаттайтынын білгіңіз келсе, төменге назар салыңыз.

Графология ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін бүтін бір ғылым ретінде қарастырылған. Ал қазір психологиядағы ойлау әдісі деп саналады. Кей америкалық компаниялар жұмысқа аларда жазуға мән береді екен. Ол әріптің көлеміне, азат жол салуына, қаламды ұстауына, қол қоюына байланысты бірнеше түрге бөлінеді.

Қандай жазу нені білдіреді?



Әріптерді үлкен-кішкентай қылып жазу оның қаншалықты көпшіл екенін көрсетеді.

Ірі жазатындар досшыл болып келеді. Ал ұсақ жазу керісінше тұйық адамдарға тән.

Әріптерді дөңгелетіп салатындар – мейірімді әрі жайдарлы адамдар. Ал бұрышы көп әріптер өзімшілдік, амбиция дегенді білдіреді.

Әріптерді бөліп, жалғамай жазатындардың түйсігі мықты болады.

Әдемі жазасыз ба?

Кей адамдардың жазуы әдемі болады. Оны каллиграфиялық жазу дейді. Ондай адамдар ұқыпты, тәртіпке тез үйренеді. Бірақ өз ойы, пікірі дұрыс қалыптаспаған. Ал жазуы нашар адамдар шығармашыл болып келеді.

Бас әрпін басқа әріптен өзгешелеп салатындар романтикаға жақын болады. Өзгені таңғалдырып, назар аудартқысы келеді.

Қаламды қатты ұстау.

Қаламды жай ұстап жазу әлсіз, ынжық адамдарға тән. Басып жазбайды. Ал қатты басып жазатындар табанды. Олар өз-өздерін басқара алады.

Жазу қай бағытқа қисайған?

Сөздердің бір бағытқа қисаюы да бір мәнді береді. Оңға қисайтып жазу: сезімтал, махаббатқа адал, қызғаншақ. Солға қисайтып жазу: тұйық, сақ. Тіке жазу: тұрақты, өзгеріске бейімделе алмайды, мүмкіндіктерін саралай алады. Жоғарыдан төменге қарай жазу: оптимист, ұсақ-түйекке қуанады. Төменнен жоғарыға қарай жазу: пессимист. Толқын тәрізді жазу: қулық, арамдық.

Әріп салу.

Бұл ілмектері бар в, д, з, у, ц, щ әріптеріне қатысты. Кей адамдар әріптің төменгі ілмектерін салмай кетеді немесе аяқтамайды. Мұндай жазу еркіндік, еркін ойлауды көрсетеді. Ал төменгі ілмекті жіңішке етіп салсаңыз, отбасыны бірінші орынға қоятын, сақ адамсыз. Төменгі ілмекті үлкен қылып салуға бейім адам көпшіліктің алды, ортаның гүлі болуға ұмтылады.

Қол қоюдың ерекшеліктері:

Сыртынан сызылып тастаған қол – энергия, күш-жігер;

Асты сызылған қол – пысық, кәсіп ашуға бейім;

Қоршалған қол – таныс емес жан-дардан тартыншақтайтын, жабық;

Соңы зигзакталған қол – ашуланшақ;

Соңы кескінделген, сызықшасы бар қол – эмоционалды;

Еш кескін, сызықсыз қол – ақылды;

Соңына нүкте қойылған қол – қырсық» (Н. Үсенова. Графология – жазу арқылы мінезді анықтау. «balbal.kz». 10.05.2020).

Өмір көрсетіп жүргеніндей, «тиянақты адамдардың жазуы өте ұсақ болса, жазуы аса ірі адамдар аңқау, әріптері бірі-бірімен сығылысып тұрса икемді, әріптің өлшемі кішкентай әріптерден анағұрлым үлкен болса, ол адамның өзіне де, өзгеге де талапшыл, ал керісінше, бас әріп басқа әріптерден айтарлықтай үлкен болмаса, оның қарапайым, жазулары оңға қарай еңкіш болса, оның иесінің мақсатты жұмыс істейтінін, солға қарай еңкіш болса, ол қара басын ғана ойлайтын өзімшілдің бет-бейнесін көрсетпек. Бірбеткейлер тік жазса, оптимистердің жазуы жолдан сәл көтеріліп шығып тұрады, олар жазуы толқынды, неғұрлым тік әрі тура жазатындар объективті, әр істі өзінше саралап-саралағыш болып келеді» (А. Сахариева. Графология немесе жазудағы жасырын сыр. «Жас алаш», 16.01.2021, №2).

Ең бастысы таңбалардың жазу болып ақ қағазға түсуінің барлығы дерлік адамның ойлау қабілеті, білімі, сана-сезімі, жан жүйесі, мінез типі, ата-бабаларынан тұқым қуалап келе жатқан тегі секілді көптеген қасиеттерінен туындап жатады. Сонымен бірге, кез келген адамның жазуына қандай қаламмен, қандай сиямен, қай жерде, қандай уақытта, қандай көңіл-күйде деген секілді сол сәттік көптеген факторлар тікелей әсер етеді.

Мектепте оқушыларға көркем жазуды үйретеді. Дұрыс жазудың оқушы тәртібінің дұрыс қалыптасуына, сабақты дұрыс оқуына тікелей әсері бар. Әдетте, баланың жазуы өзгертін болса, оның мінез-құлқында, жан дүниесінде де өзгерістер болады. Десек те әр адамның бойындағы тек қуалап келе жатқан қасиеттерінен хабар беретін белгілер қалып қояды.

«Сондай-ақ темпераменті жағынан холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик болып бөлінетін адамдар типінің әрқайсысының жазу мәнеріндегі ерекшеліктер де олардың табиғатын айналып өтпейді. Оның жарқын мысалы – орыс поэзиясының атасы А. Пушкин шығармаларын бала жасынан көз ілеспес жылдамдықпен жазған. Бұл – оның тумысынан холерик екенінің дәлелі. Қалай десек те, тірі тіршілік иелерінің ішінде тек жұмыр басты пенденің ғана қолынан келетін жазу машығы күнделікті өмірде үлкен- кішінің ойын қағазға түсіруінің бір формасы болып қала бермек» (сонда).

Адамның бүкіл тұрмыс-тіршілігі, тағдыры осы тілге байланысты. Сенің сөзің дұрыс па, өзің де – дұрыссың. Тілің шатақ болса, өзің де – шатақсың. Бұл жалғанда көрер бүкіл қызығың да, қиыншылықтарың да, бақытты-бақытсыз болуың да, бір сөзбен айтқанда, бүкіл тағдырың осы сенің аузыңнан шыққан әрбір дыбысқа, сөзге тікелей байланысты. Бұл туралы белгілі этнограф-ғалым, этнограф-жазушы Ақселеу Сейдімбек бақыт туралы толғанысында былай деп жазыпты:



«Бақыт қонды екен деп, өзінді зор, өзгені қор тұтпағанға не жетсін. Бақытынды өзгемен бөліскен сайын бақытты бола түсесің. Мұндайда кеудедегі Бақыттың да мәртебесі асып, мерейі тасып, кісінің бойы өрлеп, жоғары қарай көтеріле бермек. Көтеріліп барып, бір тоқтайтын жері тіл көрінеді.

Бақыт тілге байлана бермейді, байланып, байырқалады дегенше, ондай жанның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болады. Көп ішінде сөйлеп, көсем атанады, көпке сөзі ұнап, шешен атанады, айтқаны келіп, «аузы дуалы» атанады. Қаһарланып сөйлесе, қамал алады, небір қисынның қисынын келтіріп, амал табады. Қылышынан қан тамған батырды тілінен бал тамған ақын алады. Халықтың «Өнер алды – қызыл тіл» дегені де сондықтан.

Мидың тайқазанында әбден қорытылып, сайланып шыққан сөз жүйке жүйесі арқылы адамның бүкіл денесін билеп-төстеп, іс-әрекетін айқындап отырады. Сөздің құдіреттілігі соншалық, жай әншейін айтыла салған сөздің өзі-ақ адам организміне бақылауын жүргізіп отырады. Мысалы, сіз бір істі атқарудан жалтарып, «ауырып отырмын» деп, сылтау айтсаңыз, сол заматта ми жүйке жүйесі арқылы «ауыруға дайындалыңдар» деп, орындалуға тиісті бұйрық береді. Сол сияқты, ауыру адам «менің денім сау» дегенді айтып, ауыруды мойындамаса, ондай адамдардың сауығып жатқан жағдайлары өмірде жиі кездеседі. Сондықтан да әрбір адамның ойын, сөзін қатаң бақылауда ұстап, өзі туралы жақсы ойлап, өзгелерге жақсы сөздер айтып, көңілді жүруі – бақытты өмір сүрудің бірден-бір жолы.

Алайда «Басқа пәле – тілден» дегендей, тілге байланған Бақытқа ие болу екінің бірінің қолынан келмейді. Адам көңілінен азады, тілінен жазады. Өйткені, бал тамған тілден у да тамады, қысыр сөздің қырсығы көп болады, орынсыз сөзін өзінді орға жығады, омақаса құлатады. Ең тәтті де тіл, ең ащы да тіл, ең жұмсақ та тіл, ең қатты да тіл. Сондықтан сөйлер сөзінді түйеден түскендей емес, өлшеп, пішкендей етіп жеткізбесең, «айтылған сөз атылған оқ» сияқты қайтара алмайсың. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деп, сондықтан айтылған. «Ауыздан шыққанша, сөз сенің тұтқының, ауыздан шыққан соң, сен сөздің тұтқынысың». Сайып келгенде, сөздің қадірін білмеген, өзінің қадірін білмейді. Тіл қылыштан өткір, қылдан нәзік, байқамаған кесіп те, үзіп те алады. Ал тілдің кескені жазылмайды, үзгені жалғанбайды. Әдетте мұндай зауалдың кесірі көпке тиеді. «Аяғы жаман төрді былғайды, аузы жаман елді былғайды» дегендей, байқап сөйлемей, шайқап сөйлеген жан тіліндегі Бақытты оп-оңай шашып-төгіп алады. Ауыздан шыққан дауасыз, пәтуәсіз сөзбен бірге Бақыт та желге ұшып, із-түзсіз, зым-зия жоғалады» (А. Сейдімбек. Шығармалары. Алматы, «Қаламгер», 2017, 413-414 беттер).

«Сөзде де «жан» бар. Оның «қанын тамшылатып» жылатуға хақымыз жоқ. Оған нәр берсек, тамырына қан жүгіріп, бүлкілдеп ала жөнеледі. Кейде соның «тамыршаларын» қиып алып, қансыратып жүрген өзіміз ғой...

Сөздің зіл батпан салмағы болады. Жақсы сөз болсын, жаман сөз болсын, адам соған иланады, сенеді. Ғылым тілінде бұл «суггестия» деп аталады. «Сөз сүйектен өтеді» деп, қазақ бекер айтпапты. Қазір сөздің адам тәнінің ДНК және РНК деңгейіне дейін өтетінін ғылым анықтап отыр» (А. Тымбол. Көңіл күнделігі. Алматы, «Елтаным» баспасы, 2017, 9, 48-беттер).

«Адамдардың өмір сүруінің, тіршілігін жүзеге асыруының құралы – тіл. Адам – тілімен адам. Тіл – жеке адамның туындысы емес, қоғамның жемісі, қоғамның нәтижесі. Тіл – қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы. Сондықтан да тіл – қоғамдық құбылыс, қоғамдық қызметімен өмір сүретін құбылыс. Адамзат қоғамы даму, жетілу үстінде болады. Осы өзгерістердің бәрі тіл арқылы көрінеді, тіл арқылы басқаға жетеді.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани әдебиетті жасаудың, ұлттық ұжымдық тәжірибесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Тіл – қысқасы, өмірдің ұлы қаруы» (Д. Еруланова).

Сөз дегеніміз – мінез, ал мінез – адамның тағдыры. Адам сөзімен танылады; сөзімен – адам. Адамның ішінде небір ойлар жатады. Солардың ішінен ойлану барысында жақсы ойлар сөз болып сыртқа шықса, ол адам – жақсы, жаман сөздер айтылса, ол адамның психикасында ақаулық бар. Өйткені, барлық ауру стрестен, адамның тәні мен жанындағы сәл ауытқушылықтың өзі алдымен, оның ойына, сосын сөзіне әсер ететін болады. Дені мен жаны сау адам барлық уақытта дұрыс сөз айтады.

Әр адам сөзін ойланып айтып, сөзінде тұрғысы келеді; айтқанын іске асырады. Айтқанын іске асыру барысында оның адами болмысы, яғни мінезі барынша көрінеді. Адамдар айтқан сөзімен, сол сөзді атқарған ісімен танылады. Мінезді адамдар айтқанында тұрады; ал мінезі қалыптаспаған немесе әлсіз жандар сөзінде тұра алмай, солқылдақтық көрсетіп жатады.

«Әдетте адамдар біреулер туралы «мінезі жаман» деп жатады. Жақсы мен жаманның бәрін мінезге саятын сияқты. Дұрысында мінез деп шектен шықпаған нәрсені ғана айтуға болады. Мысалы, біреу түкке тұрғысызға күле салады. Біреу қарқылдап, сыңқылдап, енді біреу жымыып күледі. Тіпті осылардың өзі де орнын, мөлшерін тапса ғана мінез болады. Ал өлшемсіз, мөлшерсіз шектен шыққандық – мінез емес, олардың әрқайсысының басқа бір себебі болмақ.



Мысалға, ашуланбайтын адам жоқ, бірақ шектен тыс ашушаңдық – мінез емес, психикалық кемістік. Мұны ешкімнің де мойындағысы келмейді, бірақ солай.

Осыған керісінше, эмоциясыздық та – адамға тән емес. Эмоциясын сыртқа шығармай, іште тежеп ұстап отыру – жасанды мінез. Кейде осылай ету керек те. Бұл – ұстамдылықтың бір түрі. Алайда барлық уақытта үнемі «ұстамдылық» көрсетуді ақтауға болмайды. Мәселен, үйге келген адамға бет бұрып қарамау, оған дағдылы ілтипат білдірмеу – осындай қылық. Бұл – ұнатпағандықтың белгісі. Егер бұл – ол адамның өзгермейтін тұрақты «мінезі» болса, онда бұл – табиғи мінез емес, «саяси мінез» болмақ. Байыптай білсек, әртүрлі ситуацияларда көрініс беретін адамның сәттік әрекеттерін мінезге жатқызу қиын. Мұны олардың пенделік қарекеттері деп түсінсек лазым.

Адам мінезіне баға бергенде, көптің сөзіне ере беру де – қате. «Жұрт айтса – болды, көп айтса – көнді, Әдеті надан адамның» (Абай). Шындықты бетке айтқанды, әсіресе өзінің кемшілігін айтқанды ұнататын адам сирек. Көптің сөзіне сайсаң, шындықты айту – нашар мінез. Жақсы, жаман мінезге баға бергенде мұны да есте ұстамақ керек. Сол Абайдың өзі де кезінде оразбайлардың көзінде «мінезі жаман адам» атанды емес пе. Ендеше, адам мінезіне баға берем деген кісінің бас қаруы – қара қылды қақ жарған әділдік болмақ керек. Ал әділдікті ұстанған адамның жақсы атануы – қиын нәрсе... Осыдан келіп, адам мінезі туралы кесіп-пішіп бір нәрсе айтудың өзі де оңай емес...

Адам мінезінің жағымдысы да, жағымсызы да жетерлік. Оны әркім өз безбенімен бағалайды, өз талғамымен танып біледі. Қанша адам болса – сонша мінездің барлығы да ақиқат. Мұның бәрін саралау, сараптау философтардың, психологтардың еншісі. Ал біздің көріп жүргеніміз күнбе-күн кездесетін, білетін мінездердің әралуандығы. Адам мінезінің тез өзгеріп, тез құбылатын түрлерінің өмірдегі көріністері, бетпе-бет ұшырасулары түрлі ойларға қалдырады. Мінез құбылмалы дейін десең де, мінезінен айнымайтындардың да барына күәгерміз.

Демек, Мінез – адамның жаратылысы. Жаратылыс – жүрекке жүгінеді, жүрекке бағынышты» (Ж.Дәуренбеков. Мінез туралы миниатюралар. «Ана тілі», 15.04. 2021).

«Тіл – жанды нәрсе сияқты: тіріледі, өседі, жоғалады. Өнер-ғылымға аяқ басқан жұрттың тілі өсіп, көбеймек, тілі күшейген жұрт – өнерлі де болмақ. Тілі жоғалған жұрт – әдет-ғұрпынан, мінезінен айырылып, ақырында жұрттығы да жойылмақ. Тілін тірілту, жоғалту – халықтың өзінен һәм оқымысты, білімді адамдарынан» (Жүсіпбек Аймауытұлы).

«Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен, ата-ана – кінәлі» (Бауыржан Момышұлы).

«Өмірімнің 43 жылын қазақтардың арасында, қазақ тіліне құлағымның құрышын қандырумен келген екем. Менің ұғым-түйсігімде қазақ тілі құдды қазақтың осынау кеңпейіл, мейірбан дархан даласы сияқты ғажайып ұшан-теңіз бай, шешен де көркем тіл» (Герольд Бельгер).

Ана тілінің адам өміріндегі маңызы, қадір-қасиеті жайлы ұлыларымыз не бір ойлы сөздер айтқан. Бар мәселе осы қасиетті тілімізді бақытты болу жолындағы күнделікті тіршілігімізде орынымен пайдалана білуде жатқан сияқты.

Адамның қалыпты өмір сүруіне тіршілікте көп кездесетін түрлі келеңсіздіктерден сақтандыратын қазақтың тыйым сөздері де көмектеседі. Тыйым сөздер ғасырлар бойы халқымыздың рухани жағынан жетіліп, ұлттық болмысымыздың сақталуына қызмет етіп келе жатқан қасиетті ұғымдарға айналған. «Ұлтымыздың ұлы ұғымдары, қастерлі қасиеттері аз емес. Соның бірегейі – қазағымның тыйымдары. Жақсыға жақын жүр, пенделік қылықтан бойынды да, ойынды да аулақ ұста, адамдықтан кетпе, адалдықты сақта, соны серік ет, одан кетсең надандықты қойып, айуандықтың күйін кешесің дейтін үлкендер. Осындай кісілік пен кішілікті ұқтырар ұғымның арғы жағында кемел бол, кең бол, кем болмайсың, үлкенді танып, кішіге қарайлассаң, теріс мінезден аулақ жүрсең қарғаға тән күйкілік қалып, ертең-ақ қыран тірлікпен самғайсың деген ғаламат ғақлия жатқанын кейін білдік.

Қазақ тыйымдары – асыл қасиеттерді танып-білуге арналған бабалар өсиеті, тәрбие құралы деуге тұратын құндылық. Әр сөздің астарында том-том кітапқа татитын керемет қағидалар бар. Тереңдеп барсаң, дүние танымыңды тарау-тарау жолға бастайтын ой қайнарлары бастау суындай шымырлап жатады. Мысалға жүгінелік: «Бос бесікті тербетуге болмайды; жаңа туған баланың кіндігі қатқанша, күн батқаннан кейін оттың күлін шығармайды; басты шайқауға, тісті қайрауға болмайды; отпен ойнама, от басын сабама; құс ұясын бұзба; таңдайынды қақпа; басыңды шайқама; көкке, желге қарап түкірме...» – осылай кете береді...

Шынына келсек, тыйымдардың түп-тамырында тәрбиелік қағидалармен қатар, темірдей тәртіп те жатыр. Ол заңмен, оның сан тарау бабымен емес, қысқа да нұсқа түйінімен түйінделген. Оны бұрынғы жақсыларымыз баласы ес кіргеннен санасына сіңіріп, айталық бос бесікті тербетудің жақсы ырым еместігін, басты шайқау, тісті қайрау жүйке сыр бергендігінің белгісі екендігін, көкке, желге қарап түкіру – түкірігің өз бетіңе келіп тиеді деп, тәртіп бұзбай жүруге үйреткен.



Осы күні бұл тәртіпті әлсіреттік. Әр үйдегі бір-екі бала не айтса соны орындап, заң қағидасындай қалыптастырып алғанымыз да рас. Өзім білемдік осыдан шығып жатыр. Ертең ұрпақты жат қылыққа ұрындырып алмас үшін бүгін бүтін іс істемей, жартыкештікпен «жарылқасақ», ертең өкіну былай тұрсын, опынып қалуымыз мүмкін. Қанында, жанында, ділінде бар ұлттық тәрбие ғана халық қабырғасын қатайтады. Кімнің де болса сүйегімен бірге жаралған қасиет жыл ғана емес, ғасырлар өтсе де жойылмайды, бір түйіршігі сәтін салғанда көрінбей тұрмайды.

Иә, заманның өзгеруіне байланысты кейінгі болмыс уақытша желпінгенмен – түптің түбінде тек тамырына тартпай, тіпті таппай қоймайды. Оны айтасыз, өзге ұлттың өкілі саналып кеткен атақтылардың арғы жағына үңілгенде, тамырындағы бір қасиет бабаларында бар жаратылыс пен ұштасып жататынын тарих таразысы екшеп, ақиқатын алға тартып келеді.

«Қызға қырық үйден, қала берсе қара күңнен тыйым» дегенді елемей, оны айтатын ана мен әке күнкөрістің қамымен кетіп, біраз қыздарымыз жаман атқа ілінді. Бұл үшін олардан бұрын өзімізді жазғыруымыз керек секілді. Алдыңғы толқын өзінің айбынымен көрініп, ұлттық тыйыммен тәрбие беріп, тәртіпті жолға сала алмаса, жас шыбықтың бір жағына қарай бұрала өсуі табиғи құбылыс демеске шараң қайсы?

Біз көбінде еркіндікті желеу етіп, өзіміз де, ұрпағымыз да еркелікке ұрынып, тәртіптен ауытқып, тәрбиеден көз жазып қала беретініміз жасырын емес. Әркім өзі біледі деген «қағиданы» желбегей жамылып, ұл-қызды бетімен жіберуден тапқан пайдамыздан гөрі, зиянымыз көп. Оның салдарынан құтыла алмай әлек болып жүргенімізді де жоққа шығара алмаймыз. Мұндай жүйесіздік жүйкені тоздырары да сөзсіз. Егер ұлт тағылымы әр қазақтың бойында тұрса, тыйымдар көңіліне орнықса, жат қылықтар тыйыларына иманымыз кәміл. Оған арғы бүтін қазақтың тірлік-тынысы мысал бола алады. Иә, заманды көлденең тартып, бірімізді біріміздің жазғыратын, басқаларға кінә артатын тұстарымыз да жоқ емес. Бүгінгі таңда әлемді уысында ұстап отырған дерт жағаға ұмтылып жағаласып жатқан тұста бізге кінәласу мен күнәласу күпірліктей көрінеді. Бір болу, бекем болу ғана сын сағаттан алып шығатыны күмәнсіз. Бұл сынақ алдында ұзынды-қысқалы бес саусақ емес, білек, жылы жүрек керек болып тұр. Бұрында қазақ көп сұмдықты көрген. Бізге бүгін оны айту міндет емес, елдің бірлігін көрсету, сол арқылы сыннан сүрінбей өту – парыздың парызы. Бұл – кейінгі ұрпақ үлгі етер ұмытылмас тірлік. Осымен тарих бетінде, ұрпақ есінде қалуға болар.

Осы жерде қазақ тыйымдарындағы тәрбие мен тәртіпке шақырған қағи-

даларды көкейімізде жаңғыртып, онда кие мен құттың барын ұқсақ ұтылмас едік.

Қай-қайсымыз да: «Үйге оң аяғыңмен кір, құт қонады; ұрлық, зорлық қылма, құрдымға кетесің; баланы шошытпа, атқа теріс отырма; адамға қарап қолды шошайту әдепсіздік болып табылады; ас ішіп болған соң «тойдым» деме, қанағат де; босағаны керме, табалдырықты баспа...» басқа да халықтық қағидатқа ден қойсақ, ұлтты ұлт ететін өзгенің өзімшілдігі, әлем-жәлемі емес, өз құндылығымыз десек, қане. Тыйымға тыйылған, құндылықты құнттаған ұлт адаспайды, жолынан ауытқымайды». (С.Мәмет, «Егемен Қазақстан», 14.04.2020).

Адамның денсаулығы мен қоғамдағы орны оның өзін қалай ұстап, қалай сөйлейтіндігіне тікелей байланысты. Тілі жақсы «жылы-жылы сөйлеп, жыланды да інінен шығарады», сөйтіп жақсы сөздің жақсы энергиясы айналасындағыларға позитив әсер етіп, оның алдындағы жол ашылады. Ал айтар сөзге мән бермей, қалай болса, солай былапыт сөйлейтіндер, басқасын былай қойғанда, байқамай аузынан шығып кеткен бір ауыз сөзі үшін жанында жүрген жан жолдасынан ажырап қалуы мүмкін.

Демалыссыз еңбек етіп, тыным таппаған актриса Әсел Сәдуақасова әлеуметтік желіде денсаулығының сыр бере бастағанын айта келіп, қазіргі таңда өзіне көңіл бөліп, өмірлік құндылықтарын қайта қарағандығы жайлы ағынан жарылыпты:

«Менің бұлай өзгеруіме не себеп? Күнде маған оқырмандардан осындай сұрақтар келеді. Неліктен ерте тұрамын? Психологияны неге зерттей бастадым? Қазіргі күйіме қалай келдім? Алдымен, бұған дейін не болғанын, мені өзгеріске не итермелегенін айта кетейін. Мен, шынымды айтсам, тыным таппай еңбек еттім. Кинотуындыларға түсіп, өз тындармандарыма ән айтудан жалықпайтынмын. Бірақ күн өткен сайын жағдайым нашарлап кеткенін сездім. Ұйқым бұзыла бастады. Тіпті, мүлдем ұйықтамайтын болдым. Етеккірім де бұзылды. Нәтижесінде, күйзелістен 12 келі салмақ қостым. Ештеңеге зауқым соққан жоқ. Әдемі киім кию, өзіме қарау мүлдем көмектескен жоқ. Тіпті, айнаға қарағым келмейтін еді», – дейді актриса.

Оның айтуынша, «Дәрігерімнің: «Бұл түріңізбен әрі кетсе, бір жарым жылға шыдайсыз», – деген сөзі барлығын өзгертті», – деп, дәрігердің бір ауыз сөзі оны тәубесіне келтіріп, өміріне үлкен өзгерістер әкелген («Алаш айнасы», 09.09.2021).

Психологтар аз сөйлеудің, тіпті үндемей қалудың адамның өзінің де, өзгенің де денсаулығына, тағдырына пайдалы екендігін, нені болса да ойланып айтуды



ескертеді. Көп сөйлейтін мақтаншақтар мұнысы арқылы жетістіктерге жете алмайды, керісінше бір сөзінде болмаса, екіншісінен артық-кем сөздер кетіп қалып, бірдеңені бүлдіріп алып, абыройынан жұрдай болуы әбден мүмкін; оның үстіне ұзақ сөйлеумен бірге бойдағы күш-қуат та әлсіреп, қалжырап қалатыны тағы бар.

Сөйлеу мәдениеті адамның ғана емес, ұлттың, мемлекеттің де даму деңгейін аңғартады. Жапония, Оңтүстік Корея, Германия сияқты экономикасы дамыған елдердің халқы да – мәдениетті.

Өмір дегеніміз тура жүріп өтетін асфальт жол емес. Адам қарама-қайшылығы мол қоғамда өмір сүретіндіктен де түрлі жағдайларға душар болып қалуы – өмір заңы. Қандай жағдай болмасын, адам ашу үстінде артық-кем сөздер айтып қалмауы жөн. Өйткені, ашу үстінде адам ойланып үлгермейді; ойланбай айтылған сөздің артық-кемі болып, ол өз кезегінде бірдеңелерге тиіп кетіп, басты шатып жатады.

Өмірде сөзден құдіретті ешнәрсе жоқ. Өйткені, ең тәтті де – тіл, ең ащы да – тіл, ең жұмсақ та – тіл, ең қатты да – тіл. Қызыл тілден қан да тамады, бал да тамады.

Ақын Мұхтар Шаханов тілдің адам өмірін анықтаушылық қасиетін өлең жолдарымен төмендегіше өрнектепті:

«Қарсы пікір айтылса да, сан алап, сан тараптан,
Жер бетінде ұлт пен тілді Құдай ғана жаратқан..
Болса-дағы жан-жағында жағымпаз бен қосшы көп,
Тіл мен ұлтты жасай алған әлемде бір басшы жоқ.
Өз тіліне тас ататын қазақ бізде аз емес,
Тек олардың тағдыры мен болашағы мәз емес..
Ұлтын, тілін менсінбесе, ұмытып бас міндетін,
Ұлтқа, тілге ашық түрде қарсы тұрса кімде-кім,
Мейлі, тіпті шіріген бай атанса да дағдылы,
Қасіретпен бітеді екен сол адамның тағдыры.
Өз тіліне қарсылардың жаны – жалғақ, сөзі – уақ,
Жазалайды екен Алла, тіпті тірі кезінде-ақ.
Ұлтқа, тілге сатқындықтан болашағы тұсалған,
Біреу жайлы айта жүрер аянышты мысал бар:
«Ықыласы билік сүйген тілге ғана құлаған,
Туған тілін менсінбейтін болды басшы бір адам.
Қартайғанда кезікті ол қасіретті түйінге,
Баласы мен әйелі өліп, жалғыз қапты үйінде.

Құдайдың бұл қасіреті бостан-босқа төне ме?
Екі көзі тұманданып, көрмей қапты және де...»

Елімізде ұлтқа, тілге тас лақтырса қанша адам,
Барлығын да осы іспетті қасірет, мұң қоршаған...
Шетке ысырып, тілге, дінге қарсыларды өр кеуде,
Мұсылмандық діннің даңқы күллі әлемде өрлеуде.
Шындық парқы биік ұшып, рухсызға ес берсін!
Мейлі ол күш біреуге ерте, ал біреуге кеш келсін.
Дін де, тіл де – ұлт мұраты ең ірі!
Бірақ тілге, ұлтқа қарсы шыққандардың өмірі,
Қасіретпен бітетінін әрбір адам ескерсін!».

Сонымен, сөз дегеніміз – адам, адамның тағдыры. Сөз адамды да, бүкіл әлемді де билеп тұр. Сондықтан да әрбір адам аузынан шыққан әр сөзін ой-ланып барып, толғанып барып, айтылатын кезінде барып айта білсе, ол оған бақыт сыйлайды



ДУЛАТ ИСАБЕКОВТИҢ ТІЛІ

Айгүл ӘМІРБЕКОВА,

А.Байтұрсынұлы атындағы

*Тіл білімі институты Лексикология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты*

«Театр сахналарында жиі қойылатын туындылардың авторы Дулат Исабековтің тілі – тапжылмай әрі көз алмай бір деммен оқылатын тіл» деп бағалар едім. Себебі, оның шығармаларындағы тіршілік пен өмір де, шытырман оқиғалар да шынайы, күнделікті қазақтың тұрмысынан алынған. Ал тілі – қазіргі қазақи қоғамның сөзсаптамы. Сондықтан болса керек, Д.Исабековтің повестері мен әңгімелері мектеп қабырғасында оқытылады, драмалары театрда сахналанады, шығармалары қазіргі оқырманның қолында жүреді.

Д.Исабековтің бір ғана кітабын, повестер жинағын оқығанның өзінде-ақ, жазушының көркем сөзіне, ойды бейнелі жеткізуіне, әрбір кейіпкерді сөйлеткенде тілмен оның мінезін дәл сомдауына, айтылмақ ойдың афоризмделуіне тәнті болдым. Оқи отырып, жинағандарымды, Д.Исабековтің авторлық қолданысындағы тіл ерекшеліктерін ұсынғым келеді:

ОЙ ТОЛҒАМДАРЫ:

- ӨМІР деген сол! Бесік пен молаға дейінгі қас қағым сәт.
- ӨМІР деген – үлкен мектептің барлық «пәнінен» сабақ алу. Күресу, жеңілу, қорлану, көнуді жиі көру.
- ҚАЛАММЕН жазғанды қылышпен шаба алмайсың.
- АДАМ – мына өмірге құдайы қонақ.
- ҚАЗАҚТЫҢ қарны саусағының басында дейтінім – оның саусағы ыстық ет пен қамырға күймей қарны ешқашан тоймайды.
- ҚАЗАҚ – піскен асты көпсінбейді. Ол – жаман ырым. Асты көпсіну – арғы тегінің жарымағандығын көрсетеді.
- ӘЙЕЛ – танылмаған планета. Ешқандай данышпан қарапайым әйел жанының құпиясын аша алмайды. Өйткені ол таза да нәзік жаралған.
- ЖАМАН әйел болмайды, оны біз қолдан жасаймыз.
- ӨЛІМ – топырақ көрпесін қымтай жауып, жалғанның құшағында үнсіз жату.
- УАҚЫТ – диірмен, адам – бидай.
- БЕРІЛІП істеген іс қашан да ауыр болады.

- ӘЙЕЛ адам қашан да сұлу болу керек.
- МӘДЕНИЕТТІЛІК пен ізгілік – адам бойындағы ең бір асыл қасиет.

ТЕҢЕУЛЕР:

- Тай тұсаудай қысқа
- Жазғы жаңбырдай ызғарсыз
- Тал күбідей
- Шарасы таусылған адамдай
- Түнгі судай
- Жай оғындай
- Бөденедей бұғып отыру
- Мұзға жығылған түйедей
- Сиырға ер салғандай ерсі
- Көңіл көзімен шалып өткендей
- Таусылмайтын тарихтай
- Ыстық ботқадай жабыса кету
- Аш қозының дауысындай ащы
- Жуасыған асаудай
- Көленкенің жүгерісіндей сидиып
- Адасып қалған жетім киіктей
- Шашылып қалған асықтай
- Күректтей алақан
- Қолға түскен көжектей

МЕТОНИМИЯЛАР:

- Адалдықты аттап, тазалықпен аяқ сүртіп күн көргендер.
- Ауылдың бас көрерлері.

МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР:

- Адам қысылса – күледі, ит қысылса – үреді.
- Бір шалды бір шал жезде дейді.
- Тойған үйге тоғыз кел.
- Үйден қырық қадам ұзаса, жігіт мүсәпір.
- Бір күнге қоян терісі де шыдайды.
- Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?!
- Бірде – мүйіз, бірде – киіз.
- Жазым болса, быламыққа тіс сынады.



ЭПИТЕТТЕР:

- Тентек су
- Сан-сапалақ өмір
- Өлі тыныштық
- Қорғасын тыныштық
- Сыздауық сезім
- Ит тіршілік
- Қатын ұрыс
- Күлкіге сараң, мұңға жомарт қысталаң шақ
- Жер үстіндегі алдамшы тірлік
- Немісше дәлдік
- Кесе түбіне көз құлату – ұзақ ойланып қалу, үнсіз бір затқа көз қадау
- Қиямпұрыс көлденең әңгіме.

Материалдар белгілі жазушы, драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығы лауреаты «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «ПЕН-клубы» және платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты Дулат Исабековтің «Ай-Петри ақиқаты» атты повестер жинағынан алынды.

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР

Бағдан МОМЫНОВА,

филология ғылымдарының докторы, профессор

Соңғы уақытта Ұлы Абайдың айнымас әрі кемел шәкірті, «кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбекті» шығармаларының лейтмотивіне айналдырған Шәкәрім мұралары тілдік зерттеу нысанына бірте-бірте ілігіп, ғылыми айналымға түсе бастады. Яғни әдеби тіл тарихындағы өткен мен бүгіннің арасында әлдебір жағдайлардың салдарынан пайда болған кемшін тұстар біртіндеп толығады деген сөз.

Қазақ әдеби тілінің тарихындағы ұлттық жазба әдеби тілдің позициясын нығайтқан Дулат пен жазба әдеби тілдің іргетасын қалаушы Абай қалыптастырған жазба дәстүрді ілгерілетуші Шәкәрім Құдайбердіұлы – тілдік тұлға. Шәкәрім тілін зерттеудегі мақсат – ойшыл ақынды қазақ әдеби тіліндегі жазба дәстүрді алға апарып, әдеби тілдегі функционалды стильдік тармақтарды дамытып, әдеби тіл нормаларының қалыптануына атсалысқан шығармашылық иесі ретінде және өзіндік идиостилі бар тілдік тұлға ретінде тану және таныту. Ол үшін Шәкәрім тілінің лексикалық ерекшеліктері функционалды тұрғыдан сөз болып, ақын жиі қолданған лексикалық бірліктер анықталды, лексикалық бірліктердің функционалды-семантикалық өрісі қарастырылды, семантикалық өзгеріске түскен жекелеген сөздердің қолданыстық мағыналары ашылды, ақынның сөздік қорындағы сөздер лексика-семантикалық бөлініске салынды, кейбір концепт-ұғымдар талданды, өлең мәтіндеріне лингвистикалық талдаулар жүргізілді.

Шәкәрім шығармаларында кездесетін кірме сөздер екіге бөлінеді:

1) араб-парсы сөздері. Бұл сөздердің өздерін қалыптасқан дәстүрге сай іштей бірнеше топқа жіктейміз: а) бұрыннан енген, тілімізге сіңісіп кеткен сөздер; ә) діни әдебиет арқылы енген сөздер. Діни әдебиет арқылы енген сөздерді: 1) шархи фәләк, Інжіл, фәни дене, ифрат, тафрит, аят, ғибадат, сахаба, кәрәмат, мархабат, фәни, хадис т.б. – жазу үлгісін сақтай енген кірме элементтер және 2) Құран, молда, молдеке, бейіс, хор, хор қыздары, тәпсір, тәпсірлеу, ғаршы (жоғары ғаршы), сәлде, тасбиық, пайғамбар, әулие, дозақ, патса, дін, дінші т.б. – ауызекі сөйлеу үлгісін қабылдап, қазақ тілінің заңдылықтарына икемделген сөздер деп бөлеміз.

2) орыс әдебиетімен таныс болуына байланысты Шәкәрім қолданған орыс сөздері және орыс тілі арқылы енген өзге шет тілдік: пароход, орган,

телеграф, философ, мәшине, радиий, электр, спирт, гипноз, телепат, хроноскоп т.б.

Шәкәрім бұл сөздерді өлең мәтіндерінде әдейі, мақсатты түрде қолданған. Себебі, осындай жаңа ұғымдарды білуі арқылы жаңалық атаулының барлығына өзі тәнті болған, өзі тәнті болғанға өзгені де тәнті етпек оймен, көптеген кірме сөздерді сол күйінде шығармаларында қолданып отырған.

Ал аудармаларындағы, әсіресе, «Дубровскийдегі» отарба, пароход, шар, динамит, бомба, пушка, заграница, молда қыз (учительница, преподаватель), қышлақ (поместье), закон, задатка, почта, конвой, секретарь, член, стена, чемодан, почтовой, станса, доктор, тарантас, чиновник, уезной, приказной, справник, заседатель, протокол, дознание, әкті, разбойник, учитель т.б. сөздердің аударылмай, өзгеріссіз қолданылуын тудырған себеп басқа. Шәкәрім бұл сөздердің дәл баламасын бере алмаған, аудару қажет екенін білгенмен, бәрін аударуға сол кездегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік, мәдени ортада ондай ұғымдардың жоқтығы, тіпті ұқсас ұғымдардың, түсініктердің болмауы кедергі болған, сондықтан сол күйінде алуды жөн деп тапқан. Ал аударуға әлеуеті жеткен кейбір сөздердің сәтті баламаларын келтірген, мысалы, апелляция (наразы арыз – түсінік Шәкәрімдікі), махкеме (контора), сүт ене (няня), т.б. Ал саудасаттық пен тұрмыстық деңгейдегі қарым-қатынастың арқасында тілге еніп, қолданыла бастаған көптеген сөздерді халықтың сөйлеу тілінде қалыптасқан вариантымен жұмсай берген: божы (вожжи), жәмшік т.б.

Шәкәрімнің орыс сөздерін, ұғымдарын оқырманға жеткізуде үшінші бір тапқан амалы бар. Ол – қазақы өмір салтында жоқ көшпелі тұрмысқа сай келмейтін ұғымдарды ерте отырықшылыққа көшкен өзге түркі тілдерінде бар сөздермен беру тәсілі. Мысалы: помещье – қышлақ (өзбекше). Жаз жайлауда, қыс қыстауда өмірін өткізетін қазақтар үшін помещье ұғымы мүлде болмағаны белгілі. Енді соны қарапайым халық ұғынуы үшін өзбек тілінің сөзімен бергендегі ойы қыстайтын жайдан, яғни қыстаудан қышлақтың күйі бөлектігін өзі білгендіктен, соны басқаларға ұғындыру мақсатымен, өзгелер де көрші жұрттың салт-дәстүрінен хабардар деген үміттен туындаған болса керек. Ал учительницаны молда қыз баламасымен беруі – бала оқытқан адамның бәрін ол кезде қазақ даласында молда деп атау дәстүрі қалыптасқандықтан деп түсінген дұрыс.

Кірме сөздерді Шәкәрім өз өлеңдерінде кез келген ситуацияға байланысты қолданады. Мысалы:

Қаз ілген лашын ем көлден,

Жас өтті төрт пенен нольден (И., 137-б.).

Бұрыннан келе жатқан дәстүрге салар болса, Шәкәрім Жасым қырыққа келгенде, Қырық жасқа толғанда, Мен қырыққа толғанда т.б. дер еді. Бұл (төрт пен ноль) адам өмірін, жас кезеңдерін дәстүрлі сипаттаудан бөлек, ақынның жат сөзді ұйқас ішіне енгізіп, қиюластыруы өзгеше, бұрын-соңды өлең мәтіндерінен ұшырастыра қоймаған тосын қолданыс. Төрт пен нольді бірге жазса, қырық шығатынын сауатты адам ғана білетіні түсінікті жайт және ерсілеу болғанымен, төрт пен нольдің ұйқасқа зияны тиіп тұрған жоқ. Өзге тіл және өзге мәдениетпен таныстығы, жазудың әсері осылайша өлеңдерінен көрініс тапқан.

Ойымызды түйіндесек, Шәкәрім тілдік тұлға ретінде жазба дәстүрді шын мәнінде ілгері апарды, дамытты. Оны бірнеше тілдік жағдайдан байқап көруге болады:

1. Абстрактілі сөздердің қолданыс аясын кеңейтті;
2. Абстрактілі сөздерді пайдаланып, жаңа сарынды, ойлы толғаныстарды дүниеге келтіріп, шығарма авторы ретінде өзіндік интеллектісі саралана түсті;
3. Тілдік тұлға ретінде әлемнің тілдік бейнесін толықтырған образдарымен ерекшеленді;

4. Автор ретіндегі Шәкәрімнің тұлғасы, әдеби тілдің көркем әдеби стильдік тармағын дамытудағы қызметі өз ерекшелігімен көрінді;

5. Өзіндік қолтаңбасын айшықтайтын кейбір тілдік және тілден тыс факторлар анықталды:

а) ерекше тіркестері, атап айтқанда, жүрекке хат жазу, жүрекке тат түсірмеу, үмітін үзген қорқақ ой, бетін топырақ жасырған ар, құлаған үміттің үйі, жүректі ағарту т.б. қолданыстар жасады.

ә) абстрактілі мағыналы сөздерді және діни сөздерді де адамша сөйлетіп, қаратпа сөзге айналдыруы да ерекшелік тудырды: Дін айтты: «Маған нан», – деді, Сабыр айтты, т.б.

б. Белгілі бір дәуірдің тілдік сипатының айқындалуына сол дәуірдің ірі тұлғасы ретінде Шәкәрім өз шығармалары арқылы үлесін қосып, әдеби тілдің дамуына, оның эволюциялық қырымен танылуына қызмет етті.

(«Шәкәрім шығармаларының тілі» монографиясынан)



БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН БІРІЗДЕНДІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Сәрсен ҚҰЛМАНОВ,

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология
орталығының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты*

Қазіргі жаһандану дәуірінде күн санап қарыштап дамып отырған ғылым мен техникадағы жаңалықтар, оның ішінде терминдік бірліктер білім беру процесіне, атап айтқанда, мектеп оқулықтарына да енуі – заңды құбылыс. Осы орайда жас ұрпақтың санасына ғылым жолындағы түсініктерді терминдер арқылы қалыптастыру үшін ғылым салаларына, жалпы тұрмысқа еніп отырған терминдерді игертуге тиіспіз. Өкінішке қарай, мектепке арналған бірде-бір терминологиялық сөздік жоқ, оның үстіне күні бүгінге дейін мектеп терминологиясы қазақ терминолог ғалымдарының зерттеу нысаны болған емес.

Қазіргі кезде қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық мәселелері біршама зерттеліп, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіліп отыр. Алайда термин мәселесі тек қана ғылыми зерттеумен шектелмей, практикалық қолданбалы тұрғыдан қоғамның әртүрлі салаларына, өндіріске енгізуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ терминологиясында қалыптасқан қағидаттарға сүйене отырып, мемлекеттік тілде білім берудің терминологиялық жүйесін біріздендіріп, мектептің терминологиялық қорын қалыптастыру бүгінгі күні тілшілердің де, сала мамандарының да, оқытушылардың да, әдістемешілердің де, жалпы қоғамның алдында тұрған «күн тәртібіндегі» шұғыл міндет деп білеміз.

Осы ретте білім беру жүйесінің терминологиясына арналған пікірлерге тоқтала кеткенді жөн санап отырмыз.

Қазіргі кезде білім беру жүйесіне «100 оқулық» бағдарламасы бойынша аударылған кітаптар енгізілгені белгілі. Осы орайда «100 жаңа оқулық»: тарихи еңбектерді қазақ тіліне аударған ғалым аударма кезіндегі қиындықтар туралы айтты» атты мақалада аталмыш бағдарлама бойынша тарих саласындағы оқулықтарды аудару ісіне қатысқан ғалым негізгі қиындықтың бірі терминдер мен түсініктерді аудару екенін айта келіп, аудармада ұстанған қағидаттарды былайша көрсетеді: «егер термин орыс тіліндегі нұсқасының калькасы болса, оны таза қазақшаға аударып

береміз; егер термин латын, грек немесе басқа ежелгі және ортағасырлық тілден алынып, халықаралық түсінікке айналып кетсе, оны аудармай қалдырамыз. Сондай-ақ, кейбір терминдер мен түсініктердің мектеп оқулықтарына және тексеру тестеріне еніп кеткенін де ескердік. Осының барлығын ғылыми-категориялық аппаратқа қойылатын жалпы талаптарды сақтай отырып, сонымен қатар қазақ тіліне бейімдей отырып, аудару керек болды. Біз, авторлар ұйымы, осы тұрғыдан алғанда өте ауқымды жұмыс істедік – терминдер мен түсініктердің ескісін жаңарттық, дұрысын сақтадық та мазмұнын байыттық, жаңа терминдерді енгіздік» [1].

А.Нұрлан «Математика саласындағы терминдерді аудару ерекшеліктері» атты мақаласында математика саласындағы терминдерді дұрыс, жартылай дұрыс, бейтарап және бұрыс терминдер деп бөліп, оларға төмендегіше түсініктеме береді. «**Дұрыс терминдер.** Ұғым туралы толық мағлұмат бере алатын терминдерді дұрыс терминдер дейміз. Жазықтық (плоскость), доға (дуга), жанама (касательная), жанасу нүктесі (точка касания) терминдері – дұрыс терминдер. Олар көбіне төл сөзімізді тура не ауыспалы мағынада қолданудан жасалады. **Жартылай дұрыс терминдер.** Евклидтік емес геометрия (геометрия Лобачевского), шаршы, текше, үшбұрыш, көпбұрыш (многоугольник), куб теңдеу (кубическое уравнение) сияқты терминдерді жартылай дұрыс терминдерге жатқызуға болады, себебі олар өздері белгілейтін ұғым мазмұны мен көлеміне толық сәйкес келмейді. **Бейтарап терминдер.** Матрица рангі (ранг матрицы), сайтан сатысы (чертова лестница), алидада, вронскиан, интеграл терминдері ұғымның негізгі қасиеттері туралы ешбір мәлімет бермейді. Терминдердің мұндай тобын бейтарап терминдер дейміз. Әрине, мұндай терминдер математиктерден басқаға бейтарап болғанымен, олардың қасиеттерімен таныстарға бейтарап бола алмайды. Өйткені, термин еске түссе, оның қасиеті, ал қасиеті айтылса, терминнің өзі еске түседі. **Бұрыс терминдер.** Қазіргі қолданып жүрген сөздіктерімізде, математикалық әдебиетіміз бен ғылыми методикалық журналымызда *жорамал сан* (мнимое число), *қиялдағы геометрия* (воображаемая геометрия), *бөлгіш группа* (подгруппа), терминдері кездеседі. Бұл топтағы терминдердің элементтері артық немесе терминнің өзі терминделіп отырған ұғым мазмұнына қайшы болып келгендіктен, немесе ұғым реляциясын сипаттамайтындықтан бұрыс терминдер дейміз. Бұрыс терминдердің оқу процессінде қолданылуы оқушыларда бұлыңғыр және теріс түсінік беруі мүмкін. Әрі терминнің тұрақсыздығына соқтырады [2]. Автордың көрсетуінше, математика терминдерін қолдануда біркәнділік



қағидаты ұстанылғанымен, практикада бір ұғымды екі не бірнеше термин арқылы беру сөздіктерде, оқулықтарда, баспасөз бетерінде кездесіп жатады. Мысалы, *система, жүйе – система; есептеуіш, есептегіш – счетчик* терминдері бір ғана ұғымды сипаттап, синонимдік қатарды тудырып отыр. Синонимдік терминдердің бірқатарының түпкі мағынасы нақты мағынасына сәйкес келсе, екіншілеріне бұлар жартылай сәйкес келуі мүмкін. Мысалы, *текше – куб, шаршы – квадрат* синонимдері мазмұны жағынан бере алмайды. Ал *шешу* (процесс), *шешім* (нәтиже) синонимдері ұғымның мағынасын дәлме-дәл жеткізеді [2].

Т.Қ. Зайсанбаев пен Г.У. Ахметалиеваның «Аударма медициналық оқулықтар тілі туралы» атты мақаласында С.Т.Қизатованың «Жаңа туған нәрестелердің сарғаюы» («Желтухи новорожденных») (учебно-методическое пособие (М. Изд. «Литтера», 272 стр. 2015 г. Мәскеу «Литтера» б. 2015 ж. 272 б.) атты оқу-әдістемелік құралында кеткен кемшіліктер былайша санамалап көрсетілген:

1. Екі тілде жазылған оқу құралы алдымен орысша жазылып, кейін қазақшаға аударылған. Оқу құралдарын екі тілде бір кітап қылып шығару дұрыс емес деп ойлаймыз, себебі орыс бөлімінің студенті оқу құралын алса, оған қазақша нұсқасының қажеті қанша. Керісінше қазақ бөлімінің студенті үшін де сондай. Ал қажеті жоқ беттер саны оқулықтың өзіндік құнын қымбаттатады.

2. Оқу-әдістемелік құралда терминологиялық комиссия бекіткен, сондай-ақ медициналық терминдер сөздігінде бар терминдер толық қолданылмаған. Мысалы, оқу құралында *новорожденный* деген термин *жаңа туған нәресте* деп аударылыпты. «Қазақпарат» баспасынан 2014-жылы шыққан «Қазақша-орысша, орысша-қазақша медициналық сөздікте» ((медицина) XIV Т.) бұл термин *нәресте* деп аударылған [4, 165]. Сондай-ақ әлдеқашан қазақ тіліне аударылып қойған *емишара, дәрумен, жылауық, дене қызуы, аспаптық зерттеу* сияқты терминдер мен терминдік сөз тіркестері оқу құралында *процедура, витамин, киста, дене температура-сы, инструментальды зерттеу* деп орысша, немесе орыс сөзімен тіркесу арқылы қолданылған. Бекітілген терминдерді қолданбау автордың да, оқу құралын талқылаған комиссия мүшелерінің де жауапсыздығын көрсетеді. Терминологиялық сөздіктер жасаумен іс бітпейді. Жасалған терминдер ғылыми мәтіндерде қолданысқа түсу арқылы бекиді, сондықтан бұл мәселеге салғырт қарауға болмайды.

3. Оқу-әдістемелік құралдағы *микросферацитарлы эритроцитар-*

лы функциональдық сияқты терминдер орыс тілінің сын есім тудырушы жұрнағы арқылы жасалып тұрған терминдер. Мұны ескермеген автор оған үстемелеп қазақ тілінің сын есім тудырушы жұрнағын жалғапты. Бұл терминдерге қазақ тіліндегі сын есім тудырушы жұрнақтар *микросферацитті, эритроцитті, функциялық* болып зат есім тұлғасына жалғануы керек еді. Мұндай кемшіліктер қазақша медициналық оқулықтар мен оқу құралдарында көптеп кездеседі.

4. Оқу-әдістемелік құралдың атында *туу* сөзі қазақ тілінің заңдылығына сай қолданылған, бірақ ішіндегі сөйлемдердің барлығында, мысалы *шала туылған, мерзіміне жетіп туылған* т.б. сияқты *туу* етістігі ырықсыз етіс жұрнағы (-ыл) арқылы қолданылған. Орыс тілінің грамматикалық заңдылығы бойынша солай болғанымен, қазақ тілінде мұндай сөз тіркестерінде ырықсыз етіс жұрнағы жалғанбайды. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша *шала туған, мерзіміне жетіп туған* болып қолданылуы тиіс. Қазақ тілінде *туған күн, туған жер, туған ел* сияқты сөз қолданыстары біздің ойымызды дәлелдей түседі деп ойламыз. Қазақ тіліндегі дәстүрлі сөз қолданысын орыс тілінің үлгісіне салып өзгерту белең алып барады. Тіпті радио, теледидарларда да «үлкен рахмет», «мен ойлаймын», «полиция қызметкерлерімен құрықталды» деп орыс тілінің лексикалық, грамматикалық құрылымымен сөйлейтін жорналшылар көбейіп кетті.

5. Оқу-әдістемелік құралда грамматикалық құрылымдары қазақ тілінің заңдылығына сәйкес келмейтіндіктен, түсінуге қиындық келтіретін сөйлемдер біршама. Мысалы: *Осы мәселенің ерекше маңыздылығын мына деректер айқындайды: гипербилирубинемия нәрестелердегі орталық жүйке жүйесінің кейіннен зақымдалуымен қосарланып жүреді және кейін IQ-дің төмендеуі, нейросенсорлық кереңдік, балалардың церебралды салдануы сияқты асқынулармен дамиды.*

Бұл сөйлемді: *Гипербилирубинемияның нәрестелердегі орталық жүйке жүйесінің кейіннен зақымдалуымен қосарланып жүруі, кейін IQ-дің төмендеуі, нейросенсорлық кереңдік пен балалардың церебралды салдануы сияқты асқынулардың дамуы бұл мәселенің маңыздылығын айқындайды* деп қолданса, әлдеқайда қазақы және түсінікті болар еді.

Сөйлем дұрыс құрылмағандықтан, әрі автордың не айтқысы келгені түсініксіз болғандықтан, орысша нұсқасына жүгінуге тура келген тағы бір сөйлемге тоқталайық. Орысшасы: *Ввиду снижения функции захвата печеночных клеток часть уробилиногена попадает в общий кровоток и выделяется с мочой.* Қазақшасы: *Бауыр жасушаларының қармап алу қызметінің*



төмендеуін ескере отырып, уробилиногеннің бір бөлігі жалпы қан айналымына түсіп, зәрмен бірге бөлінеді деп аударылыпты. Бұл сөйлемдегі Виду снижения функции захвата печеночных клеток деген сөз тіркесі дұрыс аударылмаған. Бұл сөйлем қазақша былай құрылуы тиіс деп есептейміз: Бауыр жасушаларының қармап алу қызметінің төмендеуі салдарынан уробилиногеннің бір бөлігі жалпы қан айналымына түседі де, зәр арқылы сыртқа шығарылады.

Кейде жұрнақтың дұрыс жалғанбауынан сөйлем түсініксіз болып шығады. Мысалы: ... мұнда кейіннен билирубин диглокуронидке айналуы мына кесте бойынша жүреді. Бұл сөйлемдегі жатыс септігіндегі сілтеу есімдігіне (мұнда) **-ғы** жұрнағы жалғануы тиіс еді. Яғни, ... мұндағы билирубиннің кейіннен диглокуронидке айналу мына кесте бойынша жүреді болуы тиіс. Ал ... өтпен ішекке түседі деген сөз тіркесінде көмектес септігінің жалғауы емес емес, атау септігінің шылауы қолдануы керек еді, яғни өт арқылы ішекке түседі болуы керек.

6. Кейбір сөздердің орыс тілінде ауыспалы мағынада тұрғанын ескермеуден туған қателікке мына сөйлемді келтіруге болады. Орысшасы: *Практически у всех новорожденных на 2-5-й день жизни отмечается транзиторные повышение концентрации билирубина в сыворотке крови.* Оқу-әдістемелік құралдағы қазақша нұсқасы: *Қандағы билирубиннің транзиторлы жоғарылауы тәжірибе жүзінде барлық нәрестелердің өмір сүруінің 2-5 күнінде байқалады.* Орысша нұсқасындағы *практически* сөзі бұл сөйлемде *тәжірибе жүзінде* деген мағынада емес, *бәрінде (барлығында)* деген мағынада қолданылып тұр. Яғни, сөйлем былай құрылуы тиіс: *Нәрестелердің барлығының дерлік өмірлерінің 2-5-күндерінде қан сарысуларында билирубин шоғырлануының (концентрациясының) өткінші (уақытша) жоғарылауы байқалады.*

7. Оқу-әдістемелік құралда тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауы жиі кездеседі. Мысалы: *Гемолиздік саргаюдың негізгі себебі эритроциттердің қарқынды гемолізі.* Бұл сөйлемде бастауыштан кейін қойылатын сызықша ескерілмеген. Дұрысы: *Гемолиздік саргаюдың негізгі себебі – эритроциттердің қарқынды гемолізі.* Сондай-ақ реттік сан есімнен кейін дефис қойылса да, оған үстемелеп реттік сын есім жұрнағын жалғаған. Мысалы: *өмірінің 1-ші күнінде* т.б. Бұл жерде Ф.Мұсабекованың: «Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді оқу да, ұғынуда жеңіл. Тыныс белгісін дұрыс қою арқылы жазушы өз ойын, сезімін жазбаша түрде дәл жеткізеді және айтпақ ойын екінші адамдардың сондай дәрежеде дұрыс түсінуіне жәрдемші болады. Олай болса, тыныс белгілерін

қалай қолдануды білу керек, әрбір тыныс белгілерін орын-орнына қоя білу керек» [5, 22],-деген пікірін келтіре кетуді жөн көріп отырмыз.

8. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы және сөйлемнің баяндауышының орнында тұрмауы сияқты кемшіліктерге тоқталайық. Мысалы: *Нәрестелердегі әрбір сарғаюдың жағдайларында анамнезді анықтау маңызды болып келеді: анасындағы резус-сәйкестік пен қан тобы, жүктілік пен босану кезіндегі инфекциялардың болуы не болмауы.* Қазақ тілінде анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады. Бұл сөйлемде *әрбір* сөзі *жағдай* сөзінің анықтауышы, яғни жағдай сөзінің алдында тұруы тиіс, сондай-ақ сөйлемнің баяндауышы да орнында тұрған жоқ. Осы қателіктерді ескерсек, сөйлемді былай құрған дұрыс болар еді: *Нәрестелердегі сарғаюдың әрбір жағдайларында анасындағы резус-сәйкестік пен қан тобы, жүктілік пен босану кезіндегі инфекциялардың болуы не болмауы, ... сияқты анамнездерді анықтау маңызды болып есептеледі.*

Орыс тілінің үлгісімен құрылған, яғни баяндауышы сөйлемнің соңында келмеген тағы бір сөйлемге тоқталайық.

Қауіпті сарғаюдың» ерте белгілерін анықтау үшін нәрестені мұқият бақылап отыру керек:

- баланың сыртқы келбетін және белсенділігін бағалау;
- сору рефлексі мен төспен емізудің нәтижелілігін бағалау;
- нәжіс пен зәрдің сипаты мен түсін бағалау;
- бауыр мен көкбауырдың өлшемін анықтау;

қанталаулар мен кефалогематомалардың бар-жоғын қарау. Дұрысы:

Қауіпті сарғаюдың белгілерін ерте анықтау үшін:

- баланың сыртқы келбетін және белсенділігін;
- сору рефлексі мен емшекпен қоректендірудің нәтижелілігін;
- нәжіс пен зәрдің сипаты мен түсін;
- бауыр мен көкбауырдың өлшемін;

қанталаулар мен кефалогематомалардың бар-жоғын бақылап отыру керек. [3].

Біз <https://termincom.kz/> сайтының «Мектеп терминологиясы» айдарын қарастыра отырып, мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданысына талдау жасадық.

1. Мектеп оқулықтарындағы терминдер негізінен оқу бағдарламасына, оқушылардың жас ерекшелігіне және т.б. факторларға сай келетінін айтуға болады.

2. Жас ерекшелігіне қарай қиындық тудыратын терминдер:



Диминуэндо – музыкалық термин: дыбыс күшінің бірте-бірте әлсірегенін көрсетеді, белгісі «>» (музыка, 2 сынып)

Крещендо – музыкалық термин: дыбыс күшінің бірте-бірте күшейгенін көрсетеді, белгісі – «<» (музыка, 2 сынып)

Ксилофон – ұрмалы музыкалық аспап, ол дыбыстары әртүрлі биіктікте қатар-қатар тізілген ағаш пластиналардан құралған, дыбысы балғашықпен соғу арқылы шығады (музыка, 2 сынып)

Сюита – бірнеше қысқаша музыкалық шығармалардан тұратын аспаптық музыканың түрі (музыка, 2 сынып)

Террариум – қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушы жануарларды ұстауға арналған орын (жаратылыстану, 2-сынып)

Пуантилизм – әртүрлі түстегі нүктелер мен ұсақ дақтарды пайдалану арқылы жасалатын кескіндеме өнерінің бағыты (көркем еңбек, 3-сынып)

Хлорофилл – өсімдік жапырақтарын жасыл түске ендіретін пигмент. Онсыз фотосинтез үдерісі жүзеге аспайды (жаратылыстану, 3-сынып)

Импрессионизм – түс пен жарықтың құбылуы басты назарға алынатын, 19 ғасырдың аяғында пайда болған өнердегі жаңа бағыт (көркем еңбек, 4-сынып).

Реактейбл – (reactable) сенсорлық беткейі бар дөңгелек үстел пішіндес аспап. Бетіне арнаулы дыбыс генераторлары орналасқан. Бұл аспапта бір адам немесе бірнеше адам қатар ойнай алады (музыка, 4-сынып).

Террикон – пайдалы қазбаларды өндіруден қалған бос тау жыныстарының үйіндісі (жаратылыстану, 4-сынып)

Импрессионизм (французша *impressionnisme*, *impression* – әсер) – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өнерде пайда болған ағым (музыка, 6-сынып)

Консументтер – (лат. *сопито* – тұтынамын) тұтынушылар қоректік тізбекте фотосинтез жүргізетін өндіргіштер (продуценттер) түзетін дайын органикалық заттарды пайдаланатын ағзалар. Консументтер тобына барлық адам, жануарлар түрі, микроағзалардың біраз тобы, паразит және жәндік жегіш өсімдіктер жатады (жаратылыстану, 6-сынып)

Митохондрия – (грек. *митос* – жіп және *хондрион* – түйіршік) жіпше және түйіршік тәрізді органоид. Митохондриялардың көлемі тұрақсыз, сондықтан да олардың сыртқы пішіні өзгермелі келеді. Көп жасушаларда олардың қалыңдығы тұрақты (0,5 мкм), ал ұзындығы тұрақсыз (жіпше тәрізді митохондриялар) 7-10 мкм-ге дейін жетеді.

Фенолфталеин – химиялық индикатор. Бейтарап және қышқылды орта-

да түссіз, ал сілтілі ортада қоңыр қызыл түске өзгереді. Сонымен бірге бояу ретінде де қолданылады (жартылыстану, 6-сынып)

3. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдердің қолданылмауы:

Суверенитет – мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттағы саяси тәуелсіздігі (Дүниежүзі тарихы, 11-сынып) – бекітілгені «егемендік».

Этникалық репрессиялар – (КСРО-да) күштеп қоныс аударуды (депортацияны), жала жабуды, геноцидті, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарын жоюды, арнаулы қоныстану жерлерінде террор мен күш көрсету режимін орнатуды қосқанда, жекелеген этникалық топтарға қатысты саяси қуғын-сүргіндер (Қазақстан тарихы, 11-сынып) – бекітілгені «қуғын-сүргін».

4. Қазақ тілінің заңдылығы сақталмаған терминдер:

Этникалық репрессиялар - (КСРО-да) күштеп қоныс аударуды (депортацияны), жала жабуды, геноцидті, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарын жоюды, арнаулы қоныстану жерлерінде террор мен күш көрсету режимін орнатуды қосқанда, жекелеген этникалық топтарға қатысты саяси қуғын-сүргіндер (Қазақстан тарихы, 11-сынып) – дұрысы «этностық қуғын-сүргін». [4].

5. Мектеп оқулықтарында терминдердің қолданысында жарыспалылық байқалады. Мысалы, *ағза – организм, ағза – орган* және т.б.

Қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарындағы қолданылатын терминдерді қарастыра келе, білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің төмендегідей мәселелеріне көңіл бөлеміз:

- **біріншіден**, білім беру, оның ішінде мектеп терминологиясының ғылыми-теориялық, қолданбалы-практикалық, әдістемелік және үйлестірушілік негізін қалыптастыру қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін қажет, өйткені қоғамдағы ғылым салаларының, оның ішінде мектепте оқылатын пәндерді қазақ тілінде «сөйлеуін» қамтамасыз ету мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудың алғышарттарының бірі болып табылады;

- **екіншіден**, білім беру жүйесінің, оның ішінде мектеп терминологиясының ғылыми-теориялық, қолданбалы-практикалық, әдістемелік және үйлестірушілік негізін қалыптастыру қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде сапалы оқыту үшін қажет, өйткені білім беру, оның ішінде мектеп терминологиясының ғылыми-практикалық негізін қалыптастыру ортақ мәдениетті, біртұтас халықты қалыптастырудың қазіргі заманғы қуатты инновациялық құралдарының болып табылады;

Мектеп терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың негізгі тәсілдері:



1) ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру:

- мемлекеттік тілде білім беру терминологиясының ғылыми-практикалық негізін қалыптастыру мен дамыту бойынша арнаулы ғылыми-теориялық зерттеулер жүргізу;

- мектеп оқулықтарын мемлекеттік тілге аударудың ғылыми негізін дамыту бойынша ғылыми-теориялық зерттеулер жүргізу;

- мектеп терминографиясын қалыптастыру мен дамыту бойынша ғылыми-теориялық зерттеулер жүргізу;

2) қолданбалы-практикалық негізін қалыптастыру:

- мектепке оқулықтарында кездесетін (бастауыш, орта және жоғарғы сыныптар) терминдер кешенін жинақтау, іріктеу және жүйелеу; эмпирикалық қорға қажетті талдау жасау;

- мектепке оқулықтарында кездесетін пәнаралық полисемиялар мен ғылымаралық терминологиялық омонимдердің аражігін ажырату;

- мектепке оқулықтарында кездесетін салалық терминдердің варианттылығын анықтау;

- мектепке оқулықтарында кездесетін терминдерді біріздендіру;

- мектепке арналған сыныпаралық және пәнаралық терминологиялық сөздіктер әзірлеу;

- мектеп терминологиясына арналған жеке дербес сайт ашу,

3) әдістемелік негізін қалыптастыру:

- мектепке терминологиясын оқытудың әдіснамасы мен әдістемесін зерделеу;

жоғары оқу орындарына терминология пәнін міндетті пән ретінде енгізу;

4) үйлестірушілік негізін қалыптастыру:

- мектеп мұғалімдерінің терминологиялық біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;

- мемлекеттік тілде білім беру терминологиясының ғылыми-практикалық, әдістемелік негізін қалыптастыру бойынша іс-шаралар, атап айтқанда, халықаралық семинарлар, конференциялар, басқосулар, онлайн конференциялар және т.б. ұйымдастыру;

- мектеп терминологиясын ретке келтіру және оларға терминологиялық сараптамалар жасау бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «100 жаңа оқулық»: тарихи еңбектерді қазақ тіліне аударған ғалым аударма кезіндегі қиындықтар туралы айтты // <https://100kitap.kz/kz/mass-media/126>



2. Нұрлан А. Альбина Математика саласындағы терминдерді аудару ерекшеліктері // <https://melimde.com/matematika-salasindafi-terminderdi-audaru-erekshelikteri.html?page=3>
3. Зайсанбаев Т.Қ., Ахметалиева Г.У. Аударма медициналық оқулықтар тілі туралы // <https://kaznmu.kz/press/en/>
4. https://termincom.kz/school_terminology



ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ХИМИЯ ПӘНІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ,

Нұр-Сұлтан қаласы

Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназияның директоры,

PhD химик, шебер-педагог

«Термин» ұғымын екі бағытта қарастырған жөн. Біріншіден, ол – ғылымның нақты ұғымы. Сәтті жасалған термин ғылымның мәнін ашады, түсініктілігін арттырады. Ғылыми түсінікті қалыптастырады. Екінші бағыты – тілдің даму кеңістігі. Ол – бір тілдің ғылым тілінің қалыптасуына негіз болатын басты ұғым. Терминнің дұрыс қалыптасуы тілді дамытады, кеңістігін ұлғайтады. Ал бұрыс қалыптасуы түбінде сол тілді жоюға қызмет етеді.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Қазақ тілі ғылым тіліне айналмай, өмір бәйгесінен өз орнын ала алмайды», – дейді. Иә, бүгін қазақ тілі ғылым тіліне айналмаса, ғылым қазақша сөйлемесе, онда қазақ тілі ешқашан шынайы мемлекет тілі болмақ емес. Ал дұрыс термин жасау – тілдің ғылым тіліне айналуының алғашқы баспалдағы.

Педагогика ғылымының докторы, профессор Иманмәлік Нұғыманов "Химия тілі және оның оқу процесіндегі қызмет етуінің дидактикалық негіздері" атты диссертациясында қазақ тіліндегі химиялық терминдердің қалыптасуын шартты түрде үшке бөледі:

- 1) 1920-1933 жылдарды қамтитын алғашқы кезең;
- 2) 1934-1949 жылдар аралығындағы кезең;
- 3) 1950-1964 жылдар аралығындағы кезең. Зерттеуші әр кезеңге тән ерекшелікті төмендегідей сипаттайды.

Бірінші кезең қазақ мектебін ана тіліндегі оқулықтармен қамтамасыз ету міндетін жүзеге асырумен байланысты сипатталады. Бұл кезеңде қазақша химия оқулықтарын жазумен қоса, орыс тіліндегі химия оқу құралдарын қазақшаға аудару ісі белең алды. Терминдер жасалуының мынадай тәсілдері байқалды:

1. Заттардың бұрыннан келе жатқан тұрмыстағы атауларын пайдалану: *алтын, күміс, қорғасын, күкірт, сынап, темір, мыс, қалайы*. Бұл терминдер жаңа мағынаға ие болып, заттармен бірге оларды құрайтын химиялық элементтерді және олардың қосылыстарын атау үшін қолданылды.

2. Қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген атауларды пайдалану.

3. Біраз химиялық элементтер мен олардың қосылыстарының аттары калька жасау арқылы алынған, бұлар орыс тіліне де осы тәсілмен келген терминдер: гидrogenиум – водород – сутек, карбонеум – углерод – көміртек, оксигениум – кислород – оттег, известковое молоко – ізбес сүті, белильная известь – ағартқыш ізбес және т.б.

4. Қазақша баламасы табылмаған химиялық элементтердің және заттардың орыс тіліндегі атаулары фонетикалық жағынан өзгертіліп алынған: кальций – кальций, магний – магнез, иод – ыйод, каучук – қаушық, амальгама – әмелгем.

5. Номенклатуралық терминдер жасауда сөз қосымшалары -ты, -ті, -лы, -лі, -лау, -лылау және т.б. кеңінен іске жаратылды.

Бұл кезеңде қазақтың химиялық номенклатурасының негізі қаланды. Олардың көпшілігі осы кезеңге дейін пайдаланылады. Алайда бұл кезде химиялық терминдер саны жағынан аз, мектеп көлеміндегі материалдарды ғана қамтыды.

Екінші кезеңде, яғни 1933-1949 жылдарда қазақ тіліндегі химиялық терминдердің молаюы және әрі қарай жетілуі жүзеге асты, оларға әсер еткен жағдайлар мыналар болды:

1) Әдеби тілдегі ғылыми терминологияның орнын, маңызын, жасалу принциптері мен даму перспективаларын анықтау мақсатымен республика көлемінде бірсыпыра шаралар іске асты. Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылды. 1935 жылы мәдени құрылыс қайраткерлерінің бірінші съезінде қазақ тілі және оның терминологиясы жөнінде арнайы мәселе қаралды. Съезд қарсаңында Мемлекеттік терминология комиссиясының төрт бюллетені жарық көрді. Бұларда және бұдан кейін жарияланған тіл мамандарының мақалаларында термин сөздердің ерекшелігі, оларды жасаудың және орыс тілінен аударудың принциптері талданды.

2) Терминологияның теориялық мәселелерімен бірге іс жүзінде қажет екі тілді сөздіктер құрастыру қолға алынды.

3) Химия терминдерін жасау – химия мамандарының ісі. Сөз болып отырған кезеңде химиядан ғылыми дәрежесі және жоғары білімі бар мамандар шықты.

4) Қазақ тілінде химияның тұрақты оқу құралдары жазылды.

Үшінші кезеңде, яғни 1950-1964 жылдарда химиялық терминдер саны молайып, жоғары мектеп көлемін және химия ғылымын толық қамтитын дәрежеге жетті [21, 6–9 б.], – деп көрсетеді ғалым өз ғылыми еңбегінде.

Біздің бұған қосарымыз екі дүние, Химияның дербес пән болғанына ұзақ уақыт болмаса да, химия терминдерінің қалыптасуының алғашқы кезеңі –



ауыз әдебиетімен күнделікті өмірде қалыптасуы. Ол алтын, қола, жез секілді мындаған терминдердің бүгінгі химия ғылымындағы орны үлесі аз емес. Қазақ дүниетанымында ежелден ондай сансыз химиялық түсініктер болды, күнделікті тұрмыста қолданды. Мысалы, қышқыл. Қышқыл деген сонау көшпенді дәуірде сүт және дәнді дақылдар арқылы жасайтын сусын ретінде ішетін астың атауы ретінде қолданылды. Дәміне байланысты қышқыл деп аталған.

Дәл сол секілді сонау алғашқы қазақ ұлтын құраған түркітілдес тайпалардың мәдениетпен бірге қалыптасқан химиялық терминдері өте көп. Өкінішке қарай, солардың көбі бүгінде ұмыт болып, орнына өзге тілден енген сөздер басуда. Бұны зерттеп, ежелгі қазақ тілін зерттеп, көнерген сөздерді тірілту – болашақ алдындағы ең үлкен парыз. Бұны тіл мамандары мен салалық ғалымдар бірлесе отырып зерттеп жасағанда мындаған терминдер мен ұғымдар табылар еді һәм тіліміздің өркендеуі үшін үлкен еңбек еді.

Екінші қосарымыз, қазір термин үш түрлі жолмен қалыптасып жатыр.

Біріншісі – халықаралық термин деген түсінікпен аударусыз, өзгеріссіз әкеліп ғылымға енгізу. Бұл дұрыс дейтіндер өте көп, қазір осы бағытпен қалыптасып жатқан терминдер өте көп. Өкінішке қарай, бұл тілдің табиғатын өте үлкен деңгейде өзгертеді. Үндестік, дыбыстық заңдылықтарды бұзады, тілдің қалыптасқан грамматикалық, фонетикалық ережелеріне соққы жасайды. Оның үстіне ұлттың ойлау жүйесіне жасалған үлкен соққы һәм қастандық дер едім.

Екіншісі – тіке бір тілден қазақ тіліне аудару. Бұл жерде кейде сәтті, кейде сәтсіз аудармалар өте көп. Сәтті аудармалар, әрине, жақсы, тілдік қорға, қазақ тілінің ғылым тіліне айналуына үлкен көмек. Ал сәтсіз аудармалар – термин қалыптастырудың жауы. Себебі сәтсіз аудармалардың кесірінен жоғарыдағы бірінші нұсқада қолданған дұрыс дейтіндер тым көп.

Үшіншісі – ойлау жүйесі қазақ тілінде толық қалыптасқан, ғылым мен тілдің заңдылықтарын толық білетін адамдардың термин жасауы. Бұл – өте үлкен, өте ауыр еңбек. Бірақ ең дұрыс жол осы, әрине, шамамыз келсе.

Қазақ тіліндегі алғашқы химия оқулығын 1926 жылы Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан шыққан «Химияның бірінші тәжірибе сабақтары» деп аталатын 3000 тиражбен таратылған Арыстанбайұлы Жүсіпбектің аударма оқулығы еді. Одан кейін Химияны орыс ғалымы Лебедевтен Қошке Кемеңгерұлы да аударған. Іркес тіркес алғашқы қазақ тілінде мектеп оқулығын жазуға кіріскен Алаш қайраткерлерінің химия ғылымына қосқан терминдері өте көп. Солардың негізінде Батырбек Ахметұлы Бірімжановтың «Алғашқы жалпы және бейорганикалық химия» еңбегі жарық көрді. Бүгінгі орта мектептегі химия пәнінің қайнар бұлақ көзі осы еңбектен бастау алады.

Енді бүгінгі химияға келсек, өте ауыр күрсініп, қатты ойлансақ, көзден жас парлап кетуі мүмкін. Соңғы жарты ғасырда химия пәні терминологиясы кері шегінді. Бұрынғы қалыптасып кеткен сөздер бұзылуда.

Біраз мысал келтірейін, салыстырмалы негізде бұрын оттегі, сутегі, көміртегі еді, қазір оттеқ, сутек, көміртеқ. Тілдің үндестігін түсінбейтіндер келте қайырып өзгертті. Бүгін тіпті осы терминдер сіңіп кетті, қате деп те дәлелдеу тым қиын.

Тағы бір мысал, бұрын екі ұдайлы (элемент, оксид, негіз) еді, ол кейін екідайлы болды. Қазақта екідай деген сөз жоқ, екі ұдай деген сөз бар, мысалы, «бүгін екі ұдай боп тұрмын, барамын ба, бармаймын ба білмеймін» деген секілді. Кәдімгі екі жақты қасиетті де көрсететін ұғым еді. Бұл дыбыс үндестігі мен орфоэпиялық заңдылықтардың әсерінен туындаса керек, сірә.

Яғни айтылуда қатар келген екі (екі дауысты немесе екі дауыссыз) дыбыс бірін не бір-бірін өзгеріске ұшыратады. Тек мұның орфографиялық заңдылыққа қайшы екенін жазуда ескергеніміз жөн болар. «Сарарқа» емес «Сарыарқа» күйінде жазатынымыз секілді «екі ұдайлы» болып қалуы керек. Сонда ғана термин әрі түсінікті, әрі тіл табиғатына сай болмақ.

Тағы сондай бір мысал, бұрын «гальвани элементі» еді, қазір «гальваникалық элемент». Бұндай -лық деген ауру оқулықта лық толы, шыны керек. Бұны тізе беруге болады, бірақ бір мысал да жеткілікті болар.

Ал енді мына терминді түсініп көріңіз: «Кристалдық торы кубтық көлемді орталықтанған атом немесе кубты қырлы-центрлі кристалдық тор, кубты көлемді-центрлі кристалдық тор түзеді» (Химия. 10-сынып. I бөлім. Алматы-кітап, 2019 жыл). Ал енді дұрыстайық, «кристалл торы куб тәрізді», «кристалл торы шар тәрізді» ақылға қонымды, әлдеқайда түсінікті.

Дәл осылай бүгінгі оқулықтың терминдерін тізсек, қазақшаны қазақшаға аударып шығуға тура келеді. Сол үшін де біз оқулық жазу кезінде терминдердің дұрыс алынуы үшін «қай пәннің оқулығын жазатын болсақ та, оқулық авторларының ішінде тіл маманы болуы керек» деген ұстанымды үнемі айтып келеміз. Жоғарыдағы сөзіміз бұны тағы бір рет дәлелдеп тұр.

«Химия қиын, ашиды миың» болмас үшін, химия қазақ тілінде сөйлеуі үшін, ең алдымен, термин сапалы жасалуы керек. Калька аударма немесе тікелей сөзбе-сөз жасалған аудармамен қазақтың баласы ешқашан химия ғылымын қазақ ұғымында түсіне алмайды. Бұл – трагедия. Жалпы термин мәселесі тек бір пәннің мәселесі емес, ол – күллі пәннің ауыр күйі.

Термин жасау үшін ұлттың тілін терең біліп, ғылымға терең бойлағанымыз абзал.

Мазмұны

Алғысөз. Ұлт ұлыларын ұлықтайды.....	3
Ахметтану	
Ә.Қаба. Реформатор.....	4
Ж.Смағұл. Ғылыми мектептің негізін қалаушы.....	9
Е.Тілешов. Қазақ ұлттық ренессансы және Ахмет Байтұрсынұлы.....	13
Ш.Жалмаханов. Телжан Шонанұлының лингвистикалық және әдістемелік мұрасы.....	21
М.Ермұхамет. Ахметтанудың жаңа көкжиегі.....	45
А.Салқынбай. А.Байтұрсынұлы және әлемдік тіл білімі.....	50
А.Қыдыршаев. Ахаңның әдістемелік мұрасы.....	62
З.Тайшыбай. Қарқаралы кезеңі.....	77
Т.Шаңбай. Еркіндік фәлсафасы: Абай және Алаш алыптары.....	80
А.Махамбет. Алаш зиялылары және ана тілінің тағдыры.....	95
С.Байбосын. Тіл тағдыры заң қабылдаумен ғана шешіле ме?.....	99
Рухани жаңғыру	
С.Ергали. Бәрінен де маңыздысы – тілдік орта.....	108
Ә.Ибрагимқызы. Ана тілімізді қастерлейік.....	115
Әдістеме	
Ж.Жақыпов. Мемлекеттік тілді дамытудағы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының рөлі.....	117
Г.Мамырбек. «Усул сутие жолы» қандай әдіс?.....	121
Ж.Қажығалиева. Жаңартылған білім мазмұны аясында қазақтілді емес сыныптарда қазақ тілін оқыту ерекшеліктері.....	124
М.Құлманова. Қазақ тілі сабағында ауызекі сөйлеу тілін дамыту.....	130
Сөз сыры	
Д.Ысқақұлы. Сөз дегеніміз адам, адамның тағдыры.....	139
А.Әмірбекова. Дулат Исабековтің тілі.....	151
Талқы	
Б.Момынова. Шәкәрім өлеңдеріндегі кірме сөздер.....	154

Терминология

С.Құлманов. Білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелері (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде).....157

А.Ахметжанұлы. Қазақ тіліндегі химия пәні терминдерінің қалыптасуы және оның қазақ тілі заңдылықтарымен байланысы.....167

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ә.Қаба**
Жауапты редактор **Қ.Есентаев**
Корректор **М.Шіменбай**
Дизайнын жасап, электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Сығанақ көшесі, 43,
Тел.: 8 (7172) 44-19-81
Tilortalyk@mail.ru

Беттеуге берілген күні 8.06.2022 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 22.06.2022 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 14.0